

*Өзгерістер жолындағы репортаждар:
Дағдарыс аймақтарындағы жергілікті
журналистерге арналған жетекшілік*

**Соғыс пен бейбітшілікті
жариялау жөніндегі институт**



***Өзгерістер жолындағы репортаждар:
Дағдарыс аймақтарындағы жергілікті
журналистерге арналған нұсқаулық***

**Соғыс пен бейбітшілікті
жариялау жөніндегі Институт**

УДК 070
ББК 76.12
О-99

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR) дағдарыс және қақтығыс аймақтарындағы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсетеді. Ұйымның бағдарламалық қызметі жария ету, тренингтер өткізу және институционалды жобалар арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының потенциалын арттырады. Сондай-ақ, IWPR коммерциялық емес ұйымдардың халықаралық желісін ұсынады.

Жекелеген бөлімдердің авторлары мен редакторлары: Колин Биклет, Энтони Борден, Йигал Дэвис, Штефан Жукес, Джон МакЛеод, Эндрю Штроляйн, Стэйси Салливан, Джон Валти, Джон Вест.

Беттелуі мен дизайны: Кэти Смит. Мұқабадағы сурет: Панос. Мұқаба ішіндегі сурет: Соғыс пен бейбітшілікті жариялау институты (IWPR)

Қазақ тіліне аударылған. Аударған Ақбота Жылысова. Редакторы – Жұлдыз Әбділда.

2004 Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт

Нөмірі: 978-9967-25-947-8

О-99 Өзгерістер жолындағы репортаждар: Дағдарыс аймақтарындағы жергілікті журналистерге арналған жетекшілік. – Б.: 2010. – 270 б.



О 4502020000-10

ISBN 978-9967-25-947-8

УДК 070
ББК 76.12
© IWPR 2007

IWPR Ұлыбританияның халықаралық даму министрлігіне, осы басылымды жарыққа шығаруға, өзге де оқытуға және бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыруға жәрдем жасаған басқа да ұйымдарға үлкен алғыс білдіреді.

МАЗМҰНЫ

1. Не үшін журналист болу керек?	6
2. Халықаралық стандарттар	10
3. Мақалалардың құрылымы	22
4. Ақпарат көздері	45
5. Сұхбат алу техникасы	62
6. Мәліметтерді пайдалана отырып, мәселенің мән-жайын ашу	80
7. Дәйексөздер келтіру	92
8. Жаңалықтарды бағалау және мақалалардың стилі	103
9. Баспа стильдері	130
10. Жала жабу жөнінде	137
11. Оқиғаны жауапкершілікпен баяндау	166
12. Адам құқығы және журналистика	211
13. Экономикалық журналистика	224
14. Журналистердің қауіпсіздігі	241
15. IWPR үшін қалай жазу керек?	260

КІРІСПЕ



Оқырманға жаңалықты жеткізу үшін журналист шенеуніктердің бақылау әрекеттерін, әртүрлі шектеулер мен цензураны жеңуге мәжбүр

АҚПАРАТ АЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ПРОЦЕСІ ҚАШАННАН КҮРДЕЛІ, басқаша айтқанда, ешқашан журналистиканың алтын дәуірі болған емес. Бүгінгі күні де айтарлықтай өзгеріп кеткен ештеңе жоқ.

Қырым соғысының барысын баяндаған алғашқы әскери корреспонденттен бастап, Вьетнамдағы қақтығыс кезіндегі журналистерге дейін, тіпті күні бүгінгі Таяу Шығыстағы таусылмайтын қақтығыстарды жария етіп жүрген журналистердің өзі де мемлекеттік шенеуніктердің қырағы бақылауына алынып, түрлі шектеулер мен цензураны жеңуге мәжбүр болған.

Сондай-ақ, журналистердің көп жағдайда шабуыл құрбаны болып жататыны да жасырын емес. Журналистерді қорғау жөніндегі Комитеттің келтірген мәліметтеріне қарағанда, соңғы он жыл ішінде 346 журналист өздерінің кәсіби міндетін атқару барысында қаза болған (журналистер құқығын қорғайтын өзге ұйымдардың мәліметі бұдан да жоғары).

Өлім көрсеткіші өте жоғары Ирак сияқты қақтығыс аймақтарында журналистер тіптен қорғансыз, онда олар от пен оқтың ортасында жүреді. Репрессивті режим жағдайларында журналистерге шабуыл жасап, түрмеге қамайтын болса, тұрақты әрі демократиялық қоғамның өзінде де кәсіби міндеттерін орындағаны үшін және қылмыстық оқиғалар мен коррупция жағдайларын жазғаны үшін журналистерді өлтіріп кетіп жатады.

Журналист жұмысындағы қиындық тікелей дене жарақатын салумен шектелмейді. Әрине, мұндай жағдай журналистің тағдырына әсер етеді. Алайда, бүгінгідей экономиканың глобализациялануы жағдайында көпұлтты корпорациялар бұқаралық ақпарат құралдарын өз монополияларына айналдырып, байыпты журналистиканың «аузына құм құюға» әрекет етуде. Репортерлік қызметті жүзеге асыруға бөлінетін бюджет те қысқарып, шетелдік тілшілер қосыны жабылып қалып жатыр. Халықаралық жаңалықтар жергілікті жердің ыңғайымен шектеліп, «құрбан» болып кетуде. Оқиғаларды баяндау кезінде де саясаттағы өткір мәселелер екінші кезекке ысырылып, жекелеген тұлғалар мен ұсақ-түйек сенсацияға негізделген журналистика алға шығып кетіп отыратыны байқалады.

Бұл тенденциялар аса қауіпті болғанына қарамастан, оның оң әсері бар екенін де естен шығармаған жөн. Мұндай жағдайлар жергілікті журналистердің жарқын болашағына ықпал етеді. Кейбір негізгі бұқаралық ақпарат құралдары маңызды халықаралық жаңалықтардан бас тартқанымен, бұл жағдай жергілікті журналистердің мемлекет ішінде оң өзгерістердің енуіне үлес қосып, халықаралық дәрежеде кеңею мүмкіндігін арттырады. Қазіргі коммуникациялық құралдардың мүмкіншілігіне қарай, бүкіл әлем бізге жақындай түседі. Бұл өз кезегінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына халықаралық күн тәртібіне әсер етуге мүмкіндік береді.

Бұл аралықта жекеменшік қорлар мен батыстық үкіметтік ұйымдардың қолдауына сүйенген бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуды көздейтін халықаралық ұйымдар өз қызметін жандандыра түседі. Ондай ұйымдар бейбітшілікті сақтап, даму мен демократияны қамтамасыз етуге көмек көрсету мақсатында қаржыландырылады. Ал ол қаржы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарын нығайтуға жұмсалуды тиіс.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR) сондай ұйымдардың бірі. Қазіргі кезде институт оңтүстік-шығыс Еуропадағы, Еуразия, Таяу Шығыс және Африкадағы жиырмаға жуық мемлекетте жұмыс істейді. Оның міндеті – жергілікті журналистердің медиа ұйымдарда қызмет етуіне жағдай туғызып, оларды оқытуға және жазғандарын жариялауға қолдау көрсету.

Біздің тәжірибеміз жергілікті репортерлердің толып жатқан кедергілерге төтеп беруге мәжбүр екенін көрсетеді. Көп жағдайда оларға тікелей қысым көрсетеді, ол аз болса журналистер ресурс тапшылығын және кәсіби қолдаудың жоқтығын сезінеді.

Соған да қарамастан, біз жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өздеріне көрсетіліп жатқан көмекке арқа сүйей отырып, бар мүмкіншіліктерін көрсететінін де байқаймыз. Мұндайда журналистер қауымы ерекше батылдық танытып, халықаралық нақтылық стандарттарын толыққанды сақтай отырып, объективті әрі бейтарап ақпарат таратады.

*Демократияның
дамуы бүкіл әлемдегі
журналистер қауымы
үшін үлкен әрі маңызды
рөл атқарып отыр*

IWPR жеңіп алған көптеген халықаралық сыйлықтар біздің жүйемізде жұмыс істейтін жергілікті журналистердің жетістіктерінің мойындалуы деп білеміз.

БҰҰ ДБ деректеріне сүйенсек, соңғы жиырма жыл ішінде «81 мемлекет демократиялық бағытқа айтарлықтай қадам жасаған, бүгінгі күні әлемдегі 200 мемлекеттің 140-ында көппартиялы сайлау өткізеді. Бұл бұрынғыдан әлдеқайда көп». Дамушы демократия әлемнің түкпір-түкпіріндегі жергілікті журналистер үшін маңызды рөл атқарады. Ол журналистердің толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғыза отырып, өте үлкен жауапкершілікті де жүктейді.

Жаңа коммуникациялық технологиялар болса, бірыңғай ойын ережесін қалыптастыруға ықпал етіп, тең мүмкіндіктер жасайды. Бүгінгі күні ақпаратты алу да, тарату да бұрынғыдан әлдеқайда оңай. Бір-бірінен алшақтап кеткен бұқаралық ақпарат құралдарының түрлі салалары қазір жақындасып келеді. Бұл әрекеттер мәтінге де, желіге қосылған аудио және бейнематериалдарға да қатысты (соңғысы, әрине, интернетке қосылған компьютердің болуына және арнаның мүмкіншіліктеріне де байланысты).

Бұл жаңалық журналистер үшін ғана емес, тұтастай қоғам үшін үлкен қолдау болып отыр.

Бірақ, жаңа мүмкіндіктер кәсіби біліктілікті арттыру мен оқиғаны жауапкершілікпен баяндауды алдыңғы шепке шығарып отыр. Қолдарыңыздағы тәжірибелік нұсқаулық ретінде жазылған осы кітапта дәл осы мәселе туралы сөз болады. Мақсат – айтарлықтай дағдарыс аймағындағы елдерде жұмыс жасап жатқан жергілікті журналистерге көмек көрсету.

Бұл оқу құралы журналистиканың халықаралық дәрежеде мойындалған негізгі стандарттарын көрсетіп қана қоймай, журналистік материалдар дайындаудың негізгі тәсілдеріне байланысты құнды, пайдалы кеңестер береді.

Кітапта жалпы мәселелерге, саяси, экономикалық және гуманитарлық салаларға байланысты ақпараттарды қалай беру керектігі сипатталған. Сондай-ақ, басылым қорғаныс пен қауіпсіздік турасынан кеңес беріп, қақтығыс аймақтарындағы оқиғаны анық-қанық суреттеуге мүмкіншілік ашады. Жала жабу мәселесіне қатысты да құнды деректер бар. Біздің оқытушы бағдарламаларымыздың бір бөлігі ретінде жазылып шыққан оқу құралы Соғыс пен бейбітшілікті баяндау жөніндегі институтқа мақала жазудың шарттары мен талаптарын да қарастырады. Өр бөлімде жаттығулар мен пікірталас тудыратын бөлімдер бар, сонымен қатар қосымша анықтамалық ақпараттар берілген. Тәжірибелік нұсқаулық халықаралық жаттықтырушымен бірге ғана емес, әркімнің өз бетінше қолдануына да ыңғайлы етіп құрастырылған.

Оқу құралы бірнеше тілге аударылған (толығырақ мәлімет алу үшін www.iwpr.net сайтына кіруге болады). Беттерді бөлу бірнеше тілде өткізілетін оқыту семинарлары үшін де қолайлы.

Журналистердің құқықтарымен қатар міндеттері де бар. Көптеген қоғамда бүтін бір буынның ғұмырына тең немесе тіпті одан көп уақыттан бері журналистердің алғаш рет өздері тұрып жатқан елдегі оқиғалар туралы еркін ақпарат таратуына мүмкіндігі туып отыр. Егер олар өздерінің кәсіби стандарттары мен жұмыс істеу сапасын дұрыс белгілейтін болса, ол болашақ ұрпақтың дамуына жол сілтеумен ғана шектелмейді. Журналистердің сапалы жұмысы қоғамның көшбасшыларын сүт бетіне шығарып, түрлі қоғамдық топтардың арасындағы келіспеушілікті жойып, тұрақты және демократиялық дамудың іргетасын қалайды. Нұсқаулық журналистерге осы маңызды міндеттерді орындау барысындағы көмекші құрал ретінде пайдалануға арналған.

Энтони Борден,
атқарушы директор

*Бүтін бір буынның
ғұмырына тең немесе
тіпті одан көп уақыттан
бері журналистердің алғаш
рет өздері тұрып жатқан
елдегі оқиғалар туралы
еркін ақпарат таратуына
мүмкіндігі туып отыр*

НЕ ҮШІН ЖУРНАЛИСТ БОЛУ КЕРЕК?



*Американдық
актер Шон Пенн
Белградтағы
IWPR-дың оқыту
семинарына қатысуда*

ЕГЕР ҚОЛЫҢЫЗҒА ОСЫ КІТАПТЫ АЛҒАН БОЛСАҢЫЗ, онда сіз не журналистсіз, не осы салаға қызығушылық тудырып жүрген азаматтардың бірісіз деп үлкен сеніммен айтуға болады. IWPR-дың оқыту семинарларын өткізу барысында біз әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған журналистерден олардың не үшін журналист болғанын сұрадық. Әрине, жауаптар әртүрлі болды. Мұнда дұрыс немесе бұрыс жауап деген болмайды. Бірақ, әңгіме-дүкен барысында кейбір жайттар қайта-қайта қайталана береді. Әлбетте, кейбір дилеммалардың жалпыға ортақ екені де байқалады.

Бұл тарауда біз жұртшылықтың неліктен журналист болуға құмар болатынына бірнеше негізгі себепті алға тартып, осы орайда алдарынан шығатын қауіп-қатер мен кейбір жаңылыс қадамдарды талқылаймыз. Алдағы берілетін жаттығуларды орындай отырып, өз көзқарастарыңызды айқындай аласыздар.

Қоғамға қызмет ету

Көптеген адамдар қоғамға қызмет ету үшін, әділетсіздікпен күресіп, саяси тұлғаларды халық алдында жауапкершілікке тартып, дағдарыс кезінде мемлекетке көмек көрсету үшін журналист болғылары келетінін айтады. Шынымен де, жақсы журналистика қоғамға қызмет етеді. Бірақ, басқа саланың адамдары да қоғамға қызмет етеді ғой: мысалы, дәрігерлер мен ұстаздар немесе саясаткерлер (өздерінің айтуы бойынша). Қоғамға қызмет ету мақсаты сіздің не себептен журналист болғыңыз келгенін барынша анық-қанық түсіндіріп бере алмайды.

Ақиқатты жариялау

Атаққұмар журналистер өздерінің шындықты іздеп жүргендері туралы көп мәлімдейді. Кітапта сипатталған стандарттар бойынша деректерді тауып оны көрсету қашаннан-ақ журналистиканың күрделі міндеттерінің бірі. Бірақ, «ақиқат» деген де күрделі түсінік. Әрине, халықаралық журналистиканың негізгі қағидасы оқырманға екі тараптың да өз «шындығын» беру. Журналистің ақиқатты анықтауға құқығы бар ма? Журналист ретінде сізге «шындықты бұрмалаған» деген айып тағылса, не істеуге болады?

*Журналистің ақиқатты анықтауға құқығы бар ма?
Журналист ретінде сізге «шындықты бұрмалаған» деген айып тағылса, не істеуге болады?*

Өз Отаныңызды таныстыру

Көптеген репортерлер үлкен патриоттық сезімге ие. Бұл табиғи жағдай. Әрі басын қатерге тігіп жүрген журналистің патриот болуы түсінікті де. Журналист деген де адам. Көп жағдайда олар да өздерін қандай да бір қоғамдастықтарға теңестіреді. Ол қоғамдастықтар аймақпен, тілмен, дінмен, этникалық құраммен немесе азаматтықпен байланысты болуы мүмкін. Алайда, патриоттық сезімнен туындайтын осындай бөлінушілік журналистиканың негізгі принципіне, яғни объективтілік пен тепе-теңдікті қамтамасыз етуге қайшы келмей ме? Журналистика қызық әрі оқылымды болуы керек. Жазылуы ауыр, біржақты және менторлық стиль тартымсыз әрі жиіркенішті болуы мүмкін. Онсыз да әсірерақымшылықтан шаршаған қоғам үшін бұл тіптен қызықсыз.

Күн тәртібін анықтау

Журналистика билік басындағыларға мемлекетте шын мәнінде не болып жатқаны туралы ақпаратты жеткізуге көмектеседі. Саясаткерлер мен жоғары лауазымды шенеуніктер ниеттерінің түзу екеніне қарамастан, шынайы жағдайдан бейхабар болып жатады. Айналасындағылар жоғарыдағы басшыларға қалайда жағуды көздеп, оларға тек кейбір жайттарды ғана жеткізіп, көп нәрсені жасырып қалуы мүмкін. Және олар мұны сол шенеуніктер үшін дұрыс шешім деп қабылдауы да ғажап емес. Ал журналистика билік басындағыларға ақпарат тарататын тікелей ақпарат көзі бола алады. Бірақ, бұл арада белгілі бір қауіп-қатер де болмай қалмайды. Оны мойындау керек. Журналист басшыларына ақпаратты жеткізуге талпына отырып, жетекшісіне жағу үшін, сол топта қолдау табу үшін жалған ақпарат жеткізуі мүмкін.

Қоғам мүддесін көздеу

Кез келген азаматтық қоғамның негізі – ақпаратпен жан-жақты қамтылған қоғам. Батыл әрі әділетті баспасөздің қоғам алдында салмағы болады. Соны пайдалана отырып олар өзгерістер әкеліп, жағдайды жақсарту алатын қоғамдық күштердің ұйымдасу әрекеті етуіне жәрдемдеседі. Бұл саяси жетекшілер мен үкіметтегі басшылардың әрекеті туралы сенімді ақпаратқа қол жеткізуге болатынын білдіреді. Мемлекеттік саясат әділ және тиімді ме? Уәделі жоспарлар мен жобалар орындалып жатыр ма? Азаматтардың

құқығы сақтала ма? Сақталмайтын болса, неге олай? Қалай болғанда да, журналистиканың осы бір классикалық рөлінің өзі тәуекелге бел бууға мәжбүрлейді. Шенеуніктер ғана емес, оппозиционер саясаткерлер мен бейресми топтар да, оның ішінде үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйымдар да бар, өздерінің арыз-шағымын айтып, сіздерден әділетті және байыпты болуды талап етеді. Әкімшілік құқық бұзушылықтар мен саяси махинацияларды зерттеу жауыңыздың қатарын көбейтпесе, досыңызды арттырмайтыны анық (бұл табысты жұмыс та емес). Журналистер арасындағы көне мәтелге сүйенсек, «тәуелсіздік деген – айналадағылардың сені жаппай жек көруі».

*Тәуелсіздік дегеніміз –
айналадағылардың сені
жаппай жек көруі*

Әуесқойлық

Тойымсыз әуесқойлық – бір қарағанда әдеттегі нәрсе сияқты болғанымен, журналист үшін баға жетпес қасиеттердің бірі. Жақсы журналистке табиғи сезімталдық тән. Олар күнделікті жұмысының өзін жақсы атқарады және содан ләззат алады. Олар «жаңалықтың жоқшысы» болып табылады және қолына түскеннің бәрін оқиды. Өздерінің ұстанымына қайшы, қарсы тараптағы басылымдарды да қалт жібермейді. Олар ұдайы мәселенің мән-жайын ашуға талпынады және әрқашан «неге?» деген сұраққа жауап тапқылары келеді. Ал бұл сұрақтың жауабын тапқан уақытта тез арада оны басқалармен бөлісуге асығады. Бірақ, жанұшыра жаңалық іздей жүріп, журналистер көптеген қиындықтарға кезігеді. Жаңалық тізбегінен адасып қалмау біраз тер төгуді қажет

етеді. Кәсіби деңгейді жоғары дәрежеде сақтап қалу үшін өз жұмысыңа адалдықпен қарау қажет. Көптеген репортерлер өздері бейхабар тақырыптағы жаңа мақаланы жазуға кіріскен уақытта білімсіздіктерінің кесірінен тақырыпты түсіну үшін басынан бастап зерттеп, уақыттарын кетіріп, азап шегеді. Кейбір журналистер дер шағында белгілі бір салаға мамандануды көздесе, енді біреулері сол салада терең білім алуға талпынып, ойға қонымды дүниелер жазуға тырысады. Енді біреулері тек қана жазып шығады.

Ықпал

Журналистер үлкен ықпалға ие болуы мүмкін, көпшілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істеуге итермелейтін негізгі жайттардың бірі де осы. Аудиторияны қалыптастыру сіздің мансабыңыз үшін пайдалы болуы мүмкін. Немесе сіздің белгілі жұмысыңыз жағдайды түбегейлі өзгертуі мүмкін. Оның қауіпті болуы да ғажап емес. Мансапқұмарлық объективтілік пен бейтараптылық принциптеріне кедергі келтіреді. Ал билік басындағылармен немесе оппозиционерлермен бірігіп кеткен репортер елдің сенімінен шығады. Тоқмейілсушілік оқиғаны баяндау ісіне бей-жай қарауға алып келеді. Ал өзіңізге ықпал еткісі келетін топтар сізді қырағы назарда ұстайтын болса, мұның ақыры жеке өміріңізді қатерге тігуге әкеліп соқтыруы да мүмкін.

Танымалдылық

Көптеген журналистер танымал болуға ұмтылады, бұл кейбір журналистер үшін ынталандыру іспетті. Жас репортерлер CNN-дегі Кристиан Аманпур, ABC-дегі Петер Дженнингс немесе BBC-дағы Джереми Паксман сияқты бүкіл әлемге танымал журналист болғылары келеді. Олар күндердің күнінде өздерін теледидар экранынан көруді армандап жүреді. BBC-дің Бағдаттағы бір тілшісі Парсы шығанағындағы екінші соғыстың кезінде аты шығып, артынша кітап жазу жөніндегі келісім-шартқа қол қойды. Алайда, танымалдылықтың пайдасы жағымен қатар, бір-ақ сәтте абыройсыз ететін екінші жағы болуы да мүмкін. Қалай болғанда да, журналистік қызметтен маңызды ештеңе жоқ. Ең мықты журналист қандай да бір оқиғаны елге жеткізу кезінде ұсақ-түйекке дейін мән беріп, соның егжей-тегжейін анықтау арқылы ғана танымал болады. Шын журналистке одан өзге әдістің де, айланың да керегі жоқ.

Ақша

Журналистика – кәсіп әрі ақша табудың бір тәсілі. Жоғарыда есімдері аталған танымал журналистердің жалақысы, әрине, өте жоғары. Қақтығыс аймақтарында жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралдары көп болған жағдайда, жоба үйлестірушісі, аудармашы немесе журналистің көмекшісі ретінде қызмет ете жүріп те көп-көрім ақша табуыңыз мүмкін. Әрине, ол үшін тек қана ақылды болу аздық етеді. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарау және ағылшын тілін жетік меңгеру де маңызды. Бірақ, жоғары жалақы алатындардың арасында журналистер аз. Дағдарысты жағдайдың түйіні шешілгеннен кейін ақша ағымы да азаяды әрі бұқаралық ақпарат құралдарының назары басқа қақтығысты аймақтарға ауады. Масс-медиа өте сенімсіз бизнес, көптеген баспагерлер отставкадан бұрын банкроттыққа душар болып жатады.

Ең мықты журналист қандай да бір оқиғаны елге жеткізу кезінде ұсақ-түйекке дейін мән беріп, соның егжей-тегжейін анықтау арқылы ғана танымал болады. Шын журналистке одан өзге әдістің де, айланың да керегі жоқ.

*Егер көп ақша
табуды көздейтін
болсаңыз, басқа жұмыс
іздегеніңіз дұрыс болады*

Егер сіз журналистика саласында ақша үшін жұмыс істейтін болсаңыз, бұл тіптен жаман. Мұндай мақсат пара алуға, қызмет көрсеткеніңіз үшін марапат күтуге және лайықсыз сыйлық алуға итермелеуі мүмкін. Әділ журналистикада мұндай лас әрекетке жол жоқ, осындай жағымсыз жайттың кесірінен небір мықты журналистердің өз карьерасына өзі нүкте қойғанын да естен шығармаған жөн. Егер көп ақша табуды көздейтін болсаңыз, басқа жұмыс іздегеніңіз дұрыс болады.

Шытырман оқиғаның иесі

Шытырман оқиғаға деген құмарлық, әр нәрсеге әуестене қарау және жаңалыққа құштарлық көптеген адамдарды журналистикаға алып келеді. Өртүрлі топтағы адамдармен араласу мүмкіндігі және оларға өртүрлі сұрақтар қою (кейде сұрақты төтесінен, өткір қоя білу) оларға қызықты кәсіп болып көрінеді. Шетелдерге сапарлар мен саяхаттау да қызығушылық тудырмай қоймайды. Әсіресе, адамның төзімін таразыға тартатын табиғи апат болған аудандар мен әскери аймақтар қызықтырады. Ондай жерлерде жұмыс істей жүріп адам жолдасын жолда тастамауды үйренеді. Осы бір мамандыққа тән өткір бәсеке де мұндайда бәсеңсіп қалады. Көптеген журналистерге әдеттегі, яғни қалыпты әрі адамды зеріктіретін жұмысты атқаруға тура келеді. Баспасөз мәслихаттары туралы хабардар етіп, бизнес саласындағы жетістіктерді жазу немесе таусылмайтын сот процестері ту-

ралы ақпарат дайындау төзімділікті тексеруге арналған сынақ болуы да мүмкін. Ал жиі-жиі қайталанатын жолсапарлар шаршатпай қоймайды. Кейде репортерлер түннің бір жарымында оянып кетіп, қай қалада жүргендерін еске түсіре алмай қалатын жағдайлар да болады. Көп жағдайда олардың жеке өмірі мен отбасының шырқы бұзылады, алкоголь, дәрі-дәрмектер және темекі жағдайды қиындата түседі. Журналистердің басым бөлігі көбіне-көп күйзеліс жағдайында жұмыс істеуге тура келетінін мойындайды. Сөйте тұра олар қоршаған ортаның агрессиясынан арылуға көмектесетін тренингтерге қатысып, күйзелістен және жүйке жүйесінің бұзылуынан азап шегушілерге ақыл-кеңес айтады. Және, екіншіше қарай, соғыс кезінде қайтыс болған әріптестеріне арналған акцияларға да жиі қатысып тұрады.

Мамандыққа деген махаббат

Көптеген журналистер өз жұмыстарын еш ренішсіз атқарады, өйткені жақсы көреді. Радио мен телевидениедегі жүргізушілер өздеріне жүктелген міндетті мінсіз атқару арқылы ләззат алады (ойламаған жерден болатын жайттар қорқыныш та тудырады). Ең жақсы репортерлер ұдайы ой үстінде жүреді, олар қалайда сәтті репортаж жасауды ойлайды, ақпарат көзінің артынан қалмайды. Олар осылай еткенде ғана белгілі бір жетістікке жете алатындарын біледі. Ал бас редакторлар кәсіби деңгейде дайындалған материалдармен рахаттанып отырып жұмыс істейді. Өздерінің мақтауға

тұрарлық жұмыс жасағанын сезінген журналистер қауымы да кәсібіне үлкен қанағаттанушылықпен қарайды. Алайда, ең маңыздысы, журналистика деген не болуы мүмкін және не болмауы мүмкін деген сұрақтарға жауап іздеп, өз-өзіңе есеп беруге қабілетті болу. Журналистиканың мәңгілікке емес, қысқа уақытқа ғана қатысты екенін түсінген маңызды. Журналистика әдебиет емес, ол – теледидардан берілетін жаңалық қана. Журналистика – көркем фильм емес. Қиыннан қиыстыру және әсіредрамаландыру – журналистік шикіліктің белгісі. Ол мәселеге объективті қарауға кедергі келтіреді. Фразеологиялық тіркестерді тізіп отырған журналист оқиғаны баяндау ісін екінші кезекке ысырып тастауы мүмкін. Жылдамдық тереңдіктен гөрі маңызды. Элвис Костелло айтпақшы, «Кешегі жаңалық дегеніміз – макулатура немесе балық орайтын қағаз ғана».

ЖАТТЫҒУЛАР

Алдыңғы тақырыптық бөлімшелерді қайта қарап шығып, неліктен журналист болғыңыз келетінін шешіп алыңыз. Өз-өзіңізді алдамаңыз, осы тақырыпты достарыңызбен, әріптестеріңізбен ашық түрде талқылап, сосын төмендегі сауалдардың жауабын салыстырыңыз. Қандай жауаптар жиі кездеседі?

Өзіңізге бірнеше жаттанды сұрақты қойыңыз:

- Жаңалықтар мен болып жатқан оқиғаларды ықыласпен бақылайсыз ба?
- Сіз әрекет етуші субъектісіз бе, әлде бақылаушысыз ба?
- Не оқығыңыз келеді? Жалпы, газетті көп оқисыз ба?
- Сізді саясат қызықтыра ма? Немесе қандай да бір партияның мүшесісіз бе?
- Сіз сұқтана қараушылардың қатарында жазушылар немесе журналистер бар ма?

ҚОСЫМША ОҚУҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Көптеген веб-сайттарда журналистикаға арналған ғылыми шолулардан бастап, журналистикадағы бағыттар мен соңғы қауесеттерге дейін бар. Төменде АҚШ мен Ұлыбританияның көптеген журналистері күнделікті жұмыстарында қолданатын жетекші сайттар көрсетілген:

- Медиа Гардиан: media.guardian.co.uk
- Пойнтер Институты: www.poynter.org
- Джим Роменеско Poynter сайтында медиа жаңалықтарымен (басқа да журналистік сайттарға линктер бар) www.poynter.org/column.asp?id=45
- Columbian Journalism Review: www.cjr.org
- American Journalism Review: www.arj.org
- Ұлыбританияның журналистерін оқытуға арналған Ұлттық Кеңес: www.nctj.com/index.html
- Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институты (тренингтік бағдарламалар) www.iwpr.net

Бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистік этика қызығушылық тудырған құрылымдар үшін зерттеу нысаны болып табылады. Сонымен қатар көркем әдебиеттегі және киноөнердегі сюжет ретінде қолданылуы мүмкін. Әркімнің өз қалауы бар, төменде сол саладағы жетекші тақырыптардың мысалдары келтіріліп отыр:

Соғысты баяндауды сыни және тарихи жағынан зерттеу және сақтандыратын мемуарлар:

- *Алғашқы жоғалту: Әскери корреспондент – батыр немесе аңыз құраушы, Қырымдағы соғыстан Косоводағы соғысқа дейін.* Филипп Найтли (Johns Hopkins)
- *Соғыс – бізге мән беретін күш.* Крис Хеджс (Public Affairs)

Әскери корреспонденттер туралы екі классикалық әдебиеттің мысалы:

- *Сенсациялық жаңалық (Scoop).* Эвелин Вау
- *Сабырлы американдық (The Quiet American).* Грэм Грин

Сондай-ақ, газет журналистикасы жайлы екі маңызды фильм:

- *Бүкіл президенттік әскер* (Дастин Хоффман мен Роберт Редфорд), Карл Бернстайн мен Боб Вудвардтың кітабы бойынша
- *Азамат Кейн.* Орсон Веллес

2- тарау

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР



*Кәсіби журналистің
ар-намыс кодекстеріне
назар аударатын болсақ,
мықты журналистиканың
ең негізгі тірегі нақтылық,
объективтілік және
әділдік принциптері
екенін аңғарамыз*

Журналистер баяндайтын өлем қалай әрқилы болса, журналистика да солай әрқилы. Жаңалықтарды жеткізуге қызмет ететін журналистер сенсациялық мақалалар жазып, атақты адамдардан сұхбат алушылардан немесе апталық газеттің шолушыларын өзгеше болып келеді. Американдық репортердің жұмысы көп жағдайда британдық журналистің тәжірибесіне ұқсамайды. Сонымен қатар олардың екеуі де Еуропа елдерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс жасайтын әріптестерінен өзгеше жазады. Ал басқа континенттер мен аймақтардағы жазу стилі одан көп ерекшеленуі мүмкін.

Соған қарамастан, бүкіл әлемнің журналистік ұйымдары барлық ерекшеліктерді ескере отырып, кәсіби этика принциптерін ретке келтіруге талпыныс жасады.

Журналистік ұйымдардың басым бөлігі нақтылық, объективтілік және әділдік жақсы журналистиканың негізгі принциптері деген пікірмен келіседі. Бұл принциптер IWPR-дың журналистерді кәсіби тұрғыдан дайындаудағы негізгі қағидаларына да тән.

Бұл тарауда халықаралық стандарттарға шолу жасалып, жақсы журналистиканың тірегі болып табылатын негізгі элементтер қарастырылады. Әрине, өзгешеліктер де жоқ емес. Бірақ, олар көбінесе сөйлеу мәнері мен екпін беруге қатысты.

Төмендегі тұжырымдарға назар аударыңыздар:

- Азғырушылық пен кемсітушіліктен сақтану – босниялық баспасөздегі Журналистік Кодекстің айрықша белгісі.
- BBC репортерлерінің жұмысындағы басты қағида – объективтілік пен нақтылық принципі.
- Жапония баспагерлер мен редакторлар қауымдастығының журналистика жарғысы газеттерді «гүлденген және бейбіт болашақпен қамтамасыз етуге күш салуға» міндеттейді.
- Қырғызстанның журналистер қауымдастығы өздерінің этикалық Кодексінде ең басты нәрсені атап көрсетеді: «Журналистер шындыққа қызмет етуі керек. Бұқаралық ақпарат құралының рөлі шындықты іздеумен тұжырым далады».

Барлық ар-намыс кодекстері бірауыздан журналистер төмендегі жайттардан аулақ болуы керек деп есептейді:

- жала жабу және ар-намысты қорлау
- плагиаттық (басқалардың жазғанын өз атынан пайдалану)
- пара алу
- ойдан шығару (бұрмалау және таза ойдан шығару)

*«Журналист
шындыққа қызмет
етуге міндетті»
деп есептейді
Қырғызстанның
журналистер
қауымдастығы*

*Оқиганы нақтылы
дерекке сүйене
отырып суреттеу –
журналистиканың ең
негізгі принципі*

Журналистикадағы кәсіби әдістемелерді қолданудың көптеген тәсілдері бар. Мысалы, әскери қылмысты қалай баяндау керек? Құрбан болғандар мен жарақат алушылар туралы қалай айту керек? «Бұқаралық журналистикамен» айналысу деген не? «Жауапты репортаж» қалай жасалады? – деген сауалдарға жауап іздеу керек. Жауапты репортаж жасау кейде аса күрделі болуы мүмкін. Олай болатыны, қақтығысты жариялау өз алдына да, қақтығыстың болашақтағы салдары мүлдем басқа болуы мүмкін. Бұл тақырыптардың кейбірі осы оқу құралында қарастырылған. Бірақ, бұлардың және масс-медианың негізінде нақтылы деректерге негізделген оқиғаларды жария ете отырып, қоғамның дамуы мен демократияның орнығуына ықпал ету жатады.

Демократиялық қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі міндеттері – жауапкершілікті қоғамдық пікірталас тудыру мақсатында сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету, шенеуніктердің қоғамның алдындағы есеп беру деңгейін жоғарылату және электоратты ақпаратпен қамтамасыз ету.

Көптеген кәсіби кодекстердің бұқаралық ақпарат құралдарының жетекші рөлі ретінде сенімді ақпаратпен қамтамасыз етуді айтуы тегіннен-тегін емес.

Негізгі элементтер

Журналистердің ар-намыс кодекстерін қарап отырсақ, журналистік тәжірибеде кездесетін ең негізгі деген үш факторды көреміз. Олар: бейтараптық, нақтылық және әділдік. Бұл үш факторды жалпыға ортақ стандарт ретінде қарастыруға болады.

Этикалық критерийлердің өзі де жаңалық жинау барысында әділдік пен адамгершілік керектігін жоққа шығармайды. Көптеген кодекстер ақпарат көзін де мәлімет жинау барысындағы маңызды құрамдас бөлік ретінде қарастырып, оны қорғауға алуға баса назар аударады.

1. Бейтараптық немесе бұра тартпау

Журналистік ар-намыс кодекстері мен мінез-құлық ережелерінің көпшілігі «бейтараптықты» немесе оқиғаны баяндау барысындағы «тәуелсіздікті» алдыңғы планға шығарады. Бірақ, бұл тұжырымдама анықтама беруде қиындық тудыруы мүмкін.

Бейтараптық дегеніміз – репортаж белгілі бір саяси партияны, дінді, халықты немесе этникалық топты қолдай отырып, екінші топқа зиян келтірмеу деген сөз. Бейтараптық саясат туралы немесе тараптардың мәлімдемелері жөнінде шындыққа жанасатын ақпаратты ұсынуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, белгілі бір саяси партияның немесе топтың келесісіне қатысты комментарийлерін беруге де болады. Бірақ, мұндағы ең негізгі принципті естен шығармаған жөн: журналистің өзінің жеке пікірін ашық білдіруіне, өз түсініктемесін беруіне немесе өзінің саяси ұстанымдарын таңуына тыйым салынады. Тепе-теңдікке қызмет ететін журналистика дерек пен пікірдің ара-жігін анық ашып береді.

Көптеген мемлекеттерде басылым редакциялары қандай да бір қаржылық қолдаусыз тіршілік ету қиын деп есептейді. Ал саяси партиялар, саясатқа ықпал ете алатын топтар немесе саяси амбициясы бар ықпалды бизнесмендер осы қаржылық көмекті көрсете алатын кандидаттар қатарында. Бұндай жағдайда басылым өзінің қаржы көздері туралы баяндап отыруы керек, сол арқылы оқырман оның қаншалықты бейтарап екенін біліп отырады.

Жауапты басылымдар жарияланатын жаңалықтар мен редакция пікірінің ара-жігін нақтылы ашып көрсетеді. Жаңалықтар бірінші бетте жарияланса, бас мақалалар мен пікірлер ішкі беттерге беріледі және олар нақты көрсетіледі. Кейбір басылымдар сараптамалық мақалаларды басады, ол жерде міндетті түрде журналистің пікірі болады. Сараптаманы басқа жаңалықтармен шатастырмау үшін оны «жаңалықтарға сараптама» деп белгілейді. Көптеген басылымдардағы жаңалықтармен жұмыс жасайтын редакциялық топ пен бөлімдерге мақалалар мен комментарий дайындайтындар бір-бірінен оқшау жұмыс істейді. Кейде тіпті олардың бір-бірімен байланысуына тыйым салынады.

Батыста көптеген масс-медиа мен басылымдар жеке компаниялардың иелігінде, сондықтан олар коммерциялық тақырыптағы объективті материалдарға үлкен сақтықпен қарауды талап етеді. Редакциялық және коммерциялық немесе жарнамалық бөлімдер бір-бірінен тәуелсіз, оқшау жұмыс жасайды. Баспагер немесе БАҚ қожайыны жарияланым мазмұнына ықпал етуге тырысқаны үшін басылым редакторының өз еркімен қызметтен кеткен жағдайлары да бар. Ал егер мұндай жағдайдан кейін де редактор өз орнын

да қалатын болса, бұл басылымдардың беделін түсіруге алып келетін еді. Көп жағдайда қақтығысты жағдайдың тууына газет редакциясына немесе телерадиохабар таратушы компанияға ақпарат құралының қожайынын немесе ақпарат құралына берілетін жарнаманың басым бөлігін қамтамасыз етіп отырған компания жетекшілерін тығырыққа тірейтін материалдардың келіп түсуі себепкер болып жатады. Егер сыни материалды жарыққа шығарса, кіріс көзінен айырылуы мүмкін. Ал егер табысты ойлап, болған жағдайды жасырып қалатын болса, мұндай ақпарат құралы объективті ақпарат таратуға қауқарсыз деп танылып, беделіне нұқсан келтіретіні сөзсіз.

Саяси объективтілікті ұстану өте қиын. Оның көптеген себептері бар. Кейбір мемлекеттерде бұқаралық ақпарат құралдары үкіметті сынға алғаны үшін тікелей қыспаққа алынып, кейде тәуелсіз тарап болып қалғысы келгені үшін ғана «шетел үкіметіне қызмет етуші» болып шығады. Қоғамда кереғар пікір шектен тыс көбейіп кетсе, өз көзқарасыңнан таймау тіптен үлкен қиындық тудырады.

Объективті болу кейде қарапайым себептерге орай да қиындық тудырып жатады. Мемлекет басшысының аузынан шыққан сөздің салмағы қарапайым ауыл тұрғынының пікірінен әлдеқайда салмақты болады. Тіпті, мемлекет басшысы ашықтан-ашық насихат жүргізіп, ал ауыл тұрғыны мемлекеттік саясаттың негізіне қатысты қалтарыс қалған сәт туралы шындықты айтқан болса да.

2. Нақтылық

Әрбір журналистік кодекс нақтылықтың аса қажет екенін ерекше атап көрсетеді. Кез келген нәрсені дұрыс жасауға талпыну асығыстықтың алдын алады. Асығыс-үсігіс, жұмысын дұрыс жасай алмайтын журналистер алғыс алмайтыны айдан анық. Журналистің жаза білуі деген – оның ақпаратты нақты, ықшам және тиімді елестете білуі. Ол нақты деректерге сүйенуі керек; сайып келгенде, ол сенімді ақпаратты қалай және қайдан табу керектігін білуі қажет. Демек, журналистің аса байқампаз болуы, тыңдай білуі, эрудициялық қасиеттерінің болуы және сенімді ақпаратты іздеу барысында қажетті адамдармен әңгіме-дүкен құра алуы маңызды.

Ең жақсы журналист – өте жақсы жеке байланыстары бар журналист. Бұл – журналист үшін аксиома. Сол себепті де, журналист қажетті адамдармен қарым-қатынас құра білуді меңгеріп, берілген ақпаратты бағалай алуға қабілетті болуы керек. Яғни, сенімді адамдарды да (өзіңіздің сеніміңізге кіргізу арқылы), сенімсіз адамдарды да тап басып тани алу аса маңызды. Нақтылы бір оқиға туралы бір-біріне қарама-қайшы пікірлердің арасындағы тепе-теңдікті сақтай білу – аса күрделі міндеттердің бірі.

Журналистік ұйымдардың көпшілігі «екі дерек көзі ережесін» сақтауды талап етеді. Басқаша айтсақ, қандай да бір мәліметті нақтылы мәлімет деп қабылдау үшін оны екі бірдей тәуелсіз дерек көзі нақтылауы тиіс.

Журналистерге мүмкіндігінше қолмен көп жазба жасау керек немесе ақпараттың маңыздылығы мен нақтылығына нық сенімді болу үшін сұхбатты диктофонға жазып отыру керек. Жалпы көпшілікпен мойындалған осы принципке жүгіну журналистік әділдік пен сенімділікті нықтай түседі. Кейде ол адамның аты-жөнінің дұрыс жазылуы үшін ғана қажет болады. Нақтылық мақаланың әрбір бөлшегіне барынша мұқият назар аударуды талап етеді, кейде кішкентай ғана ағаттық бүтін бір мақалаға деген сенімге селкеу түсіруі мүмкін. Демек, алынған дәйектерді тексеру керек, мүмкін болса екі рет қарап шыққан жөн және көпке мәлім жайттардың өзін де екі қайтара қарап шыққан жөн.

*Кез келген нәрсені
дұрыс жасауға
талпыну
асығыстықтың
алдын алады*

Материалды дұрыс дайындаймын десеңіз, ақпарат берушілерге қайта хабарласып, олардың айтқанының дұрыс жазылғанына көз жеткізіңіз. Әсіресе, ақпарат берушінің бірі екіншісінің пікірін жоққа шығарған жағдайда аса мұқият болу керек. Бұл дәйектерді тексеру деп аталады. Кейбір беделді басылымдарда жазылған материалды арнайы зерттеуші маман немесе жаңадан келген журналист алып, ондағы деректерді тағы бір нақтылап шығады. Әсіресе, келешекте қарсылық тудыруы мүмкін болса, сенсациялық немесе күрделі мақалалар болса, бірнеше рет тексеріледі. Егер қандай да бір күмән тудыратын жайт болса, қателіктердің алдын алу мақсатында ол мақаланы кейінге алып қалады.

Ақпаратты дұрыс бермеу ақпарат құралының беделіне нұқсан келтіреді. Кей жағдайларда үлкен зардабын тигізіп, сотқа сүйреуі де мүмкін.

Нақтылық тек деректерге ғана қатысты емес, оның контекстке де қатысы бар

Нақтылық тек деректерге ғана қатысты емес, оның контекстке де қатысы бар. Сайлау алдында қандай да бір кандидатқа немесе қандай да бір компанияның әрекетіне зиянын тигізетін ақпараттың салдары тым ауыр болуы мүмкін. Оқырман ақпараттың қайдан шыққанын және қандай да бір көздеген астыртын мақсаттарының бар-жоғын білуі тиіс. Ақпаратты берушілердің астыртын мүддесі жоқ па, аудиторияның қандай да бір көзқарасқа тоқтауына ықпал етпей ме, оны білу керек. Тұтынушы қандай да бір өнімді сын тезіне алатын болса немесе мұндай сынды сол өніммен бәсекелес зат шығаратын компания айтып отырса, мұның арасында үлкен айырмашылық бар.

Көпшілік мұндай жарияланымдардың объективті емес екенін айтып, наразылық білдіреді. Егер журналист белгілі бір мақсатты көздеген болса, мұндай сынның айтылуы орынды да. Немесе бұл мақаланың өз көзқарастарына сай келмейтінін осылайша айқайлатып беру тәсілі болуы да мүмкін.

Тәжірибелі журналистердің көпшілігі жаңалықты шынайы объективті жеткізе білудің өте қиын екенін мойындайды. Кейбіреулері тіпті мүмкін емес деп есептейді. Журналистің жеке тәжірибесі мен жеке көзқарасы шынайы жағдаймен мүлдем сай болмауы да мүмкін. Журналист мұны ешқашан естен шығармауы тиіс және қандай жағдайда болмасын оқиғаны баяндағанда объективті болуға тырысуы керек.

Кез келген журналист дерекке сүйенеді және деректердің сенімділігіне назар аударады. Кейде журналистің жақсы мақала жазуына оның алаңдаушылығын тудырған немесе ашуына тиген мәселелер ықпал етуі мүмкін. Соған қарамастан, журналист мақаласын негіздейтін ақпарат іздеу барысында өте әділ болуы керек. Деректерді жинау және оны бейнелеп суреттеу тәсілдері объективті екені көрініп тұруы керек. Басқаша айтсақ, тым болмағанда журналистің объективті жазуға тырысқаны байқалуы маңызды.

3. Әділдік

Сұхбат беруші адамға қатысты адал көзқарас дегеннің астарында ақпарат жинау кезінде де және оны беру барысында да адамгершіліктен аттамау жатады.

Сізбен әңгімелесетін адамдар мақаланың немесе бағдарламаның не туралы болатынын, олардың қатысуынан не өзге ретінін; радио немесе телехабардың алдын ала жазылатынын немесе тікелей эфирде жүретінін; оның қандай негізде редакцияланатынын білуге құқылы. Олар өздерін бейнетаспаға түсіріп жатқанын да білуге хақылы, егер түсіріп жатқан болса, өзгерту енгізуге де мүмкіндіктері бар. Алайда, тараптар арасындағы әділдік пен адамгершілік принципі және оқиғаны баяндаудағы әділдік пен адамгершілік ең негізгі қағида болуы тиіс.

Халықаралық Журналистер федерациясының баяндауы бойынша, «журналист жаңалықтарды, суреттерді және құжаттарды алуда тек әділ тәсілдерге жүгінуі керек». Бұл сіздің өзіңізді журналист ретінде таныстыруыңызды талап етеді және ақпаратты қорқыту, күш қолдану әдісімен алуға болмайтынын білдіреді.

*Бір нәрсені біледі
екенмін деп, жазып
отырған мақалаңызда
пайдалануға
міндетті емессіз*

Бір нәрсені біледі екенмін деп, жазып отырған мақалаңызда пайдалануға міндетті емессіз. Жариялайтын ақпаратыңызға сенімді болмасаңыз, қолыңызда ешқандай да ақпарат жоқ деп есептеңіз. Немесе әділ әрі таза жолмен алған дерек көзі болмаса да, «жазуға болатын» мәліметіңіз жоқ деген сөз. Тек айрықша жағдайларда ғана, оның өзінде де таразы басында қоғам мүддесі тұрып, басқа амалыңыз болмағанда ғана ақпаратты алу үшін заңсыз тәсілдерге жүгінуіңізге рұқсат етіледі.

Әділдік өзіңіз сынап отырған кез келген тұлғаның комментарийге жауап беруіне, өз пікірін білдіруіне мүмкіншілік жасасаңыз, содан көрінеді. Кез келген адам өзі туралы сыни материалды оқыған уақытта ренжуі мүмкін, бірақ ол сыни мақала дәл сол тұлға үшін күтпеген жағдай болмауы тиіс. Олай болатыны, мақаланы жарияламас бұрын онда аты аталатын және мақалаға қатысы бар тараптардың барлығын дерлік сыни пікірмен таныстыру журналистің міндеті (Ескерту: бұл ол адамға мақаланы тұтас оқып беру керек дегенді білдірмейді, бірақ сол тұлғаның атына айтылып отырған сынның түпкі мәнін ескертуге міндеттісіз).

Егер сыни мәселені мақала субъектісімен талқылауды ыңғайсыз деп тапсаңыз, ол материал жарыққа шыққаннан кейін де өзіңізді дәл солай сезінетініңізді ұмытпаңыз. Қандай да бір тұлғаның атына сын айтатын болсаңыз, мақалаңыздың салмағы арта түседі. Ал егер сыналып отырған азаматтың қарсы дәйектерін келтіріп, оған қоса артықшылықтарын да көрсететін болсаңыз, мақалаңыз жан-жақты болып шығады әрі сыныңыз да әлдеқайда салмақтана түседі.

4. Шыншылдық пен әдептілік

Журналистердің өз жұмысын орындауы мен оның қорытындысын көрсетуі қоғамдық сенімді қалыптастыруда өмірлік мәнге ие. Ал журналист жұмысын орындаудың негізінде этикалық нормалар мен тәжірибе жатады. Журналистердің тасқа басылған ар-намыс кодекстері де, жазылмаған заңдары да ақпаратты жинау, тексеру және тарату кезінде ойын ережесін бұзбауға үндейді. Қазіргі кезде журналистика тәжірибесінде бар қиындықтар мен дилеммаларды ескере отырып, рұқсат етілген шеңберден шықпау керек және жеке этиканы да сақтаған жөн.

Жаңалықтарды жазу барысында нақтылық пен әділдік керектігі түсінікті. Ал кодекстердің көпшілігі жаңалық жазу кезінде шыншылдық, ашықтық және парасаттылық та маңызды деп есептейді. Қандай жолмен болса да ақпарат алу деген әдептен аттауға болатынын білдірмейді. Мысалы, репортерлер жұмыс барысында табандылығымен танылады, бірақ олардың адамның ар-намысына тиюіне немесе қорқытуына жол жоқ. Журналист ақпаратты ашық түрде жинауы керек, тек шарасыз болғанда ғана (онда да редактордың рұқсатымен) жасырын жазба жасауына болады. Баспасөз бетінде сыналған кез келген адамның оған жауап беруге құқығы бар.

Журналистер рұқсат етілмеген жағдайда түрлі жарақат немесе зақым алған, өртүрлі жағдайлардың әсерінен шок алған адамдардың өміріне араласа алмайды. Олар әр адамның жеке өміріне қол сұғуға болмайтынын білуге міндетті. Зәбір көрген балаларға және сексуалдық қылмыстың құрбаны

болғандарға барынша мұқият қарау керек, көптеген мемлекеттердің заңнамасы ондай құрбандарды суретке түсіруге, есімдерін атауға рұқсат етпейді. Бизнеске қызмет ететін журналистер өздерінің қаржылық мүддесін жасырмауы тиіс, мысалы, қандай да бір компанияда акциялары болған жағдайда, оны жария түрде мәлімдеуі тиіс. Көптеген медиа ұйымдардың бағалы қағаздар мен сауда операцияларына жекеменшік құқықтарын реттейтін нақты ережелері бар.

Этикалық мәселелердің күрделілігіне орай, журналистердің ар-намыс және мінез-құлық ережелерін реттейтін көптеген кодекстер толып жатқан абсолютті ережелерді ресми мәлімдеуден бас тартып отыр. Айрықша немесе төтенше жағдайларда, мәселен, қоғамның қызығушылығы күрт артқан жағдайларда тәжірибелік жаңалықтар журналистикасының нақтылы белгіленген ережелері қайта қарауға жататын кездер болады. Журналистердің кәсіби кодекстері әдетте оларға өздерінің орнын білуді үйретеді. Егер өзі таза болмаса, ол журналист өтіріктің бетін қалай ашады? Дегенмен де, кей жағдайларда шенеуніктердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар екенін анықтап, оларды тұзаққа түсіру үшін қулыққа немесе айлаға баруға тура келетінін де жасыруға болмайды. Мұндай жағдайда редактормен немесе өзге журналистермен ақылдасқан маңызды. Өлбетте, өзінің жеке этикалық принциптеріне жүгінген де дұрыс.

Этикалық ереженің тағы бірі – ешқашан плагиаттықпен шұғылданбау. Әрине, әрбір жаңа мақала бұрын жазылған жарияланымдардың негізінде құрылады. Бірақ, әріптестеріңіздің немесе бәсекелестеріңіздің материалдарынан қандай да бір мәліметтерді алатын болсаңыз, оған сілтеме жасауға міндеттісіз. Өзге авторлардың жұмысын ұрлап, оны өзіңдікі етіп көрсетуге үзілді-кесілді болмайды. Мұндай жағдайда өз мансабыңызға өзіңіз балта шабасыз.

Этикалық мәселеге қатысты екіұшты болған уақытта әрдайым төмендегі сауалдарға жауап іздеп көріңіз:

- Дәл осындай ақпаратты алудың басқа амалы не тәсілі бар ма?
- Өзіңіз зиян келтірген адамның алдында арыңыз таза ма, басқаша айтсақ өзіңіздің әрекетіңізді түсіндіріп бере аласыз ба?
- Егер осыған ұқсас жағдай тағы да туындаса, алдыңғы әрекетіңізді қайталар ма едіңіз?
- Егер репортер болмасаңыз, керісінше кейіпкеріңіздің орнында болсаңыз, не істер едіңіз?
- Нақтылықты қамтамасыз ету үшін және әділетті болу үшін қолыңыздан келгеннің бәрін істедіңіз бе?
- Мақаланың барлық маңызды аспектілерін ашуға талпыныс жасадыңыз ба?
- Сіздің шешіміңіз сыртқы және өзіңіздің ішкі жеке ықпалыңыздан азат па?

5. Ақпарат көздерін қорғау

Журналистердің ар-намыс кодексі ақпарат көздерін қорғауға ерекше мән береді. Тіпті, кей сәттерде заңға ашық қайшы келетін болса да, осындай қадамға барып жатады. Енді біреулер ақпарат көзін ашпау үшін «моральдық міндеттемелерге» сілтеме жасайды.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау институты да ақпарат көздерінің қорғанысын журналистің басты міндеті деп есептейді. Бірақ, мұндай құпиялық дүниежүзі бойынша халықаралық стандарт ретінде қабылданды деп айту өте қиын. Кейде мұндай құпияны ашуға тура келіп, соның салдарынан көп жағдайда журналист пен ақпарат беруші зиян шегіп жатады. Журналистік ұйымдар, соның ішінде Халықаралық журналистер федерациясы, АҚШ-та орналасқан Журналистерді қорғау комитеті және Парижде орналасқан «Шекарасыз репортерлер» ұйымы көптеген сот процестеріне қатысып, журналистерге ақпарат берушінің аты-жөнін айту үшін үлкен қысым жасалатынына куә болды.

Тәжірибе жүзінде журналистердің ақпарат көзін құпия сақтаймын деп алып, жеме-жемге келгенде оны жариялап жіберетін жағдайлары көп кездеседі. Бұл ақпарат көздерінің журналистерге деген сеніміне селкеу түсіреді. Бұқаралық ақпарат құралдарына қандай да бір мәлімет берген ақпарат көзі немесе саяси оппонент батыл әрі әшкерелеуші

мәлімдеме жасаған жағдайда, қарсы тарап ақпарат берушіні анықтауға күш салады. Сол арқылы олар әлгі адамнан өшін алады немесе басқаларға келешекте сабақ болуы үшін сес көрсетеді.

Көп жағдайда мәселе заң шарттарымен шектеледі. Егер журналист анонимді дерек көзінен қандай да бір мәлімет алып, оны көпшілікке тарататын болса, үкімет ақпарат берушіні сотқа беруі мүмкін. Бұл әрекетін үкімет ақпараттың қолдан шығып кетуі құпия ақпараттар туралы заңнаманың бұзылуына алып келді деп түсіндіруі ықтимал.

Мәселенің негізгі мәні ақпарат бостандығына қатысты дауға алып келеді. Оның үстіне, көптеген мемлекеттерде журналистердің ақпарат көзін қорғау құқығына кепілдік берілмейді, кейде осындай жағдайлардың салдарынан журналистердің бас бостандығынан айырылу оқиғалары да кездеседі (мысалы, Америка Құрама Штаттары мен Австралияда). Кейбір судьялар адамгершілікке салып, ақпарат көзін қорғау барысындағы қоғамдық мүддеге жүгінеді. Мысалы, Еуропалық сот журналистерге көмек көрсететін кейбір шешімдерді қабылдады.

*Шындықты
монополиялап
алуға ешкімнің
хақысы жоқ*

Төмендегі жайттарға әрдайым назар аударыңыз:

- Процеске қатысушылардың бәрінің пікірін жариялау. Дау туған жағдайда екі жақпен де сөйлескен жөн. Кейде соның өзі жеткіліксіз болуы мүмкін. Қақтығыста «мәмілеге келмейтін топтар» да болады. Ресми халықаралық бақылаушылар немесе дипломаттар, тәуелсіз үкіметтік емес тараптар және жекелеген азаматтар болуы мүмкін. Шындыққа монополия жасауға ешкімнің хақысы жоқ. Ешқандай да мүддесі жоқ топтың ақпараты, ережеге сай, ең сенімді ақпарат болып табылады.
- Қандай да бір азаматқа айып тағылған кезде, мәселенің әділетті қойылып отырғанына көз жеткізіңіз. Мұндайда барлық тараптың өз пікірін білдіруіне хақысы бар. Сондай-ақ, кез келген айыпты жоққа шығаруға болатынын да естен шығармаған жөн.
- Журналистік жұмысты ашық жүргізу. Қоғамға қызмет етуші журналист болғаннан кейін өз ісіңіздің ішінде болуыңыз керек. Істеп жүрген тірлігіңіздің жай-жапсарын неғұрлым анық-қанық білсеңіз, соғұрлым ақпарат көзінен барынша қажетті мәлімет алуда табысты боласыз.
- Мүдделер қақтығысынан немесе қақтығыс жағдайын туғызатын жағдайлардан аулақ жүру. Объективті журналист өз қызметін атқара жүріп мемлекеттік қызмет істей алмайды, сондай-ақ, саяси партияларда үлкен лауазымды қызмет атқаруына, қоғамдық шерулерге қатысып, сол

туралы репортаждар дайындауына болмайды. Қоғам журналистердің қызметі осы оқиғалардың ықпалымен болады деп ойламауы тиіс.

- Қаржылық қақтығыстардан аулақ болу. Қандай да бір мақаланың жарыққа шығуына қаламақыздан басқа ешқандай сыйақы себепкер болмауы тиіс. Қандай да бір оқиғаны жазуға ықпал етіп, сол үшін ақы алу этикалық тұрғыдан дұрыс емес. Журналистің жеке мүддесі бар компания туралы материал жазуы да этикаға қайшы. Соған қарамастан, фуршеттерге қатысуға ешқандай кедергі жоқ. Қандай да бір компанияның түскі асқа шақыруын қабыл алу ол компания туралы тек қана жағымды нәрселер жарияланады немесе сын мүлдем болмайды дегенді білдірмейді. Сондай-ақ, айрықша жағдайлардан бөлек уақытта ақпарат үшін ақы төлемеген жөн. Ақы төлеген күннің өзінде де мұны редактормен алдын ала келісіп алу керек.
- Журналистерге күрделі сұрақтар қою керек болады. Журналист қоғамды ақпаратпен қамтамасыз етуге және қоғамдық құқықтың сақталуына қызмет етеді, сол себепті ол зерттеу қорытындысына жауапты. Бірақ, бұл журналистің дәрекі мінез танытып, тәрбиесіздігін көрсетуіне мүмкіндік бермейді. ВВС-дің редакциялық шарттарында «ізденімпаз, күмәншіл, байсалды әрі мерген» болу керек, бірақ «дәрекі болуға, эмоцияға берілуге, қандай да бір тараптың дәйектеріне құлай сенуге» болмайды деп көрсетілген.

*Өзіңіздің жеке
пікіріңізге қарамастан,
ақпарат көзіне
құрметпен қарауды
ұмытпаңыз*

- Адамдар өздерінің сөздері немесе суреті қалай қолданылатынын білуі керек (дегенмен, құпия тапсырмалар мен журналистік зерттеу кезінде жасырып қалуға да болады). Сұхбаттың негізгі ережелерін мұқият сақтаңыз, суретке және бейнетаспаға түсіргенде алдын ала рұқсат сұраңыз. Бұл, әсіресе қарулы қақтығыстар туралы жариялағанда маңызды болуы мүмкін. Өкінішке қарай, әскерилер мұндай жағдайларда өздерінің ережелерін бекітеді. Жеке пікіріңізге қарамастан, ақпарат көзіне құрметпен қараңыз.
- Аты аталмаған ақпарат көздерін аса сақтықпен пайдаланыңыз. Кейде журналистер «жетекші дипломаттардың» және «жоғары лауазымды шенеуніктердің» немесе басқа да жасырын куәгерлердің ақпараттарына сүйенуі мүмкін, бірақ олар аты-жөнін көрсетпеді сұрайды. Мұндай тәсіл негізсіз айыптауға жол бермейді, сондай-ақ, журналистің ақпарат көзін ойдан шығаруына да болмайды (бұл да қызметіне балта шабудың бір түрі). Аты-жөні көрсетілмеген күннің өзінде де ақпарат көзіне сенуге болатынын дәлелдеу үшін барынша жан-жақты сипаттауға тырысыңыз. Барлық жағдайларда ашық болыңыз, әсіресе редактордың алдында ашық болу аса маңызды.

Егер сіз жариялағалы отырған ақпарат шындыққа үйлеспейтіндей болып көрінсе, онда оған күмәнмен қарауыңызға негіз бар. Мұндайда төмендегі сауалдарға жауап алып көріңіз:

- Ақпаратты сенімді жолмен алдыңыз ба, адамгершіліктен аттап кеткен жоқсыз ба?
- Барынша нақты болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасадыңыз ба? Келтіріп отырған деректеріңізді дәлелдей аласыз ба?
- Сіздің қабылдаған шешіміңіз әділетсіз ықпалдан және теріс ұғымнан ада ма?
- Мақалаңызда сынға алынған адамдарға жауап беруге және түсініктеме беруіне мүмкіншілік жасадыңыз ба? Басқаша айтсақ, тепе-теңдік принципін қаншалықты сақтадыңыз?
- Ақпарат алудың басқа көзі жоқ па? Әсіресе, ақпарат көзі аты-жөнін айтуды құп көрмеген жағдайда?
- Сіз сүйенген ақпарат көздері сенімді ме және мақалаңызға қатысы бар адамдармен сөйлестіңіз бе?
- Мақала қаншалықты сенімді және оның маңызы қаншалық?
- Ең бастысы, өз мақалаңыз үшін жауап бере аласыз ба?

ЖАТТЫҒУЛАР

Бұл тарауда төмендегі мәселелер туралы сөз болды:

- Бейтараптықтың, нақтылықтың және объективтіліктің жалпыға ортақ тұжырымдамасы.
- Журналистің ақпарат көзін қорғауға міндетті екендігі.
- Ар-намыс кодекстері мен кәсіби қызметтің жалпы принциптері.
- Оқиғаны баяндау кезінде және мақаланы жазу кезінде назар аударатын кей мәселелер.

1-жаттығу

Сізге полициядан хабарласып, қайырымдылық шараларымен және қоғамдық жұмыспен айналысатын беделді жергілікті бизнесменді қамауға алғалы жатқандарын айтады. Бірақ, «жазу үшін емес». Полиция қызметкерлерінің айтуына қарағанда, бизнесменнің алаяқтыққа және пара алу оқиғасына қатысы бар не жоқ екені тексерілмек. Кешкі мезгіл, ешқандай да ресми мәлімет жоқ.

Сіз дереу бизнесменге хабарластыңыз. Ол ауызша тағылған айып бар екенін айтып, қамауға ертең алынатынын мәлімдейді. Тағылып отырған айыпқа қатысты нақтылы жауап беруден бас тартады. Отбасына ескертуі үшін мақалаңызды бір күн кешіктіріп жариялауды өтінеді. Егер мақаланың жарыққа шықпауына ықпал етсеңіз, сізді ренжітпейтінін яки «қамқорлығына алатынын» айтады.

- Мұнда этикалық дилемма неге негізделген?
- Бұл жағдайда іс жүзінде өзге проблемалар бар ма?
- Бұл мәселе туралы басқалармен ақылдасудың қаншалықты қажеті бар?
- Сізге бұдан гөрі көбірек мәлімет қажет пе?
- Ақпаратты басуға дайындаған дұрыс па?
- Қолыңызда дерек аз, ақпаратты қалай жазар едіңіз? Барынша толыққанды материал дайындау үшін сізге тағы не қажет?

2-жаттығу

Сіз әскери қылмыс туралы материал дайындап, маңызды ақпаратты жарияладыңыз. Сол арқылы қоғамдық пікірді зұлымдыққа аударттыңыз. Бұндай қадамға бармас бұрын журналистік этиканың барлық классикалық ережелерін сақтадыңыз: ақпарат көздеріне барынша құрметпен қарадыңыз, жазбаларды мұқият сақтап қойдыңыз. Тек қана өзіңіз дәлелдей алатын нәрселерді ғана жарияладыңыз.

Арада бірнеше жыл өткенде халықаралық трибунал сізді куәгер ретінде сотта жауап беруге шақырып отыр. Сіздің қойын кітапшаңыз да сотта көрсетілуі тиіс. Сізден журналист ретінде ант еткен уәдеңізді бұзып, ақпарат көздерінің аты-жөнін атауды және журналист ретінде кезінде жасырып қалған мәліметтерді жария түрде айтуды сұрап отыр. Сіз жобаланған әскери қылмысқа қатысты айыпты қолдап, трибуналдың жұмысына қатысасыз ба? Әлде одан бас тартып, журналистің ар-намыс кодексін қорғап қаласыз ба? Егер бұл жағдай жеке өміріңізге қауіп төндірсе ше?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Көптеген веб-сайттарда журналистердің ар-намыс кодексіне байланысты анықтамалық материалдар бар. Мысалы:

www.uta.fi/ethicnet

www.presswise.org.uk

www.ifj.org

Сонымен қатар, Журналистік үздік сапа жобасына да назар аударыңыз:

www.journalism.org

Тізім үшін және мәтіндер үшін журналистика кодекстері:

www.asne.org/index.cfm?id=387

Қосымша: **www.poynter.org/column.asp?id=32&aid=16997**

Нью-Йорк Таймс үшін:

www.nytc.com/pdf/NYT_Ethical_Journalism_042904.pdf

Ассошиэйтед Пресс үшін: **www.apme.com/index.shtml**

Рейтер үшін: **about/reuters.com/aboutus/editorial**

3-тарау

Мақаланың құрылымы

Көсіби мақалалар жазғанда әдетте жалпыға ортақ халықаралық стандарттар негізіндегі құрылымдар пайдаланылады. Ол ақпаратты ашық, қысқа және түсінікті етіп ұсыну үшін қажет. Әр мемлекеттің дәстүрі әртүрлі, сол себепті қандай да бір стильді екіншісіне қарағанда жақсырақ деудің қисыны жоқ. Бірақ, төменде көрсетілген жаңалық жазу стилі жалпыға ортақ халықаралық масштабта, соның ішінде ағылшын тілді мемлекеттерде кеңінен қолданылады.

Негізгі принцип – оқырманға артықшылық берілуі. Яғни, ақпарат жазылған уақытта оны халықтың оқитыны ескерілуі тиіс дегенді білдіреді. Болған оқиғаны ашық баяндау керек, жазылған жайт қоғамның назарын аудартып, сол ақпаратты оқуға деген ынталарын оятуы тиіс. Жақсы жазылған жаңалық сонысымен ерекшеленеді. Оқырман нені оқығысы келеді немесе олар нені білуі керек? Неге олар дәл осы жаңалықты оқып жатыр?

Әдебиет пен кинода көпшілік көңілдерінің көтеріңкі болғанын қалайды. Жазушы оқырманның көңілін көтеру үшін жазу шеберлігін пайдалана отырып, сюжет құрады. Біртіндеп дамып, оқырманды еліте түсетін сюжеттің міндетті түрде шарықтау шегі болады. Аудитория туындының сапасын бағалау үшін арнайы уақытын сарп етеді. Ал жаңалықтың жөні бөлек. Мұнда адам ақпарат алғысы келеді және негізгі ойды бірден білгісі келеді.



Газет жинақталғанға дейін (біздегідей, яғни Кабулдағыдай) мақалалар өте мұқият жинақталуы тиіс

*Жаңалық жазудың
басты мақсаты –
ақпарат тарату*

Жаңалықты оқуға деген тәуелділік сезімі мен адамның өзінің қатысы аудитория үшін оң көрсеткіш және бұл тележаңалықтардағы жағымды фактор болып есептеледі. Дегенмен, басты мақсат – ақпаратты тарату. Басылымдар мен веб-сайттарда жаңалықтарды оқырманның соңына дейін оқитынына немесе мақаланы басынан аяғына дейін қарап шығатынына кепілдік жоқ. Автор мұны ескеруі керек. Басылымды немесе веб-сайттағы материалды оқып отырған адамды сыртынан бақылап көріңіз. Бұл жердегі принцип кітап оқығандағыдан ерекше. Басылымды қолына алған оқырман бетті, мақалалардың тақырыбын және өзіне ұнаған жаңалықтың алғашқы сөйлемін тез қарап шығады. Оқырман басылымды бірінші бетінен бастап соңғысына дейін қарап отырып, өзін қызықтырған мақалалардың бірін соңына дейін оқиды. Немесе көз жүгіртіп қарап шығады. Басылымда немесе веб-сайттарда оқырманның көзіне түсетін, оның назарын аудартатын мақалалар көп болады. Дегенмен, басылымдардың саны көп екенін, ал веб-сайттардың санында есеп жоқ екенін де естен шығармаған жөн. Он-лайн мақалаларды көз жүгірте жылдам-жылдам қарап шығуды меңзейтін «серфинг» деген сөз тегіннен-тегін айтыла салмаған.

Оқырмандардың назарын аудару деген міндеттің үдесінен шығу үшін мақаланың құрылымына қатысты ережені сақтау керек. Халықаралық журналистиканың жазылмаған заңы бойынша, ең маңызды нәрсе – кульминация, яғни шарықтау шегі. Ол мақаланың ең басында немесе кіріспеде көрсетілуі керек. Мұны «мақаланың кіріспе сөйлемі» деп те атайды. Ең

маңызды деректер алғашқы абзацта қысқа әрі нұсқа түрде, түсінікті тілмен баяндалады. Осыдан кейін ғана материалды баяндау басталады. Ол жерде автор азат жолдарға бөлу арқылы тақырыпты ашып, маңыздылығына қарай дәйектерді орын-орнымен хабарлайды.

Төңкерілген пирамида

Жаңалықты баяндаудың танымал формасы «төңкерілген пирамида» деген атаумен белгілі. Олай деп аталатын себебі, сызбаға түсірген уақытта төңкерілген пирамидаға ұқсайтынын көресіз, яғни маңызды ақпарат жоғарыда болып, маңыздылығы одан кейінгі жайттар ретімен төменге түседі. Мұндай принцип оқырманның да, редактордың да талабына сәйкес келеді. Бұл стиль оқырмандардың уақытын үнемдейді. Ақпараттың басына көз жүгірте отырып, оқырман оны ары қарай оқу қажет пе, жоқ па, соны түсінеді. Кіріспе сөйлемде ең маңызды мәселе айтылады. Сәтті шыққан кіріспе сөйлем 25-40 сөзден тұрады, ол мақаладағы негізгі оймен таныстырып, оқырмандардың қызығушылығын тудыруға арналады. Егер бұл сөйлем өзіндік жаңалығы бар ақпарат болған жағдайда оны сәтті деп есептеуге болады. Қысқаша баяндаудан кейін журналист мақаладағы негізгі деректерді келтіріп, көтеріліп отырған мәселеге қатысы бар тұлғалар мен ұйымдар туралы мәлімет беріп, түпкілікті ойын түсіндіруге кіріседі. Талқылау тудыратын сұрақтарын қояды.

Мақалаға үңілген сайын журналист түпкі мүдделерді тереңірек қарастырып, мәселенің мән-жайын барынша ашып, алғашқы перспективаны егжей-тегжейлі екшейді. Мақаланың салмағын арттыру үшін қатысушылардың ойларын кеңейтіп келтіреді.

Баяндаудың түрлі тізбектері жинақтала келіп, мақала қорытындыланады. Көп жағдайда мақала белгілі бір адамның айтқанын сөзбе-сөз келтіре отырып, екіұшты сұрақ тастаумен тәмамдалады. Алайда, қорытынды сөйлем жаңа ақпарат немесе жаңа тақырыпқа кіріспе болып кетпеуі керек. Қысқасы, соңғы сөйлемде қорытынды ой жеңіл ғана жеткізілуі тиіс. Дегенмен, көп жағдайда соңғы сөйлемнің қысқартуға душар болатынын, кейде тіпті тұтасымен алынып тасталатынын да естен шығаруға болмайды.

Мақаланың құрылымы



Мақала құрылымының бұл түрі формальды түрде мақаланың мақсаты оқырманға жұмбақ жасыру еместігін мойындайды. Керісінше, деректерді жылдам, объективті, нақты және жеңіл түрде жеткізуді көздейді. Тәжірибелік тұрғыдан қарастыратын болсақ, мақала құрылымының бұл түрі редакциялауды жеңілдетіп, мақалаға берілген орын шектеулі болған жағдайда оны қысқартуға да мүрсат береді. Қысқасы, мұндай мақала кез келген жағдайға бейімдеуге ыңғайлы болады.

*Алты сұраққа
толыққанды жауап
берген журналистика –
жақсы журналистика*

Редактор сізге 800 сөзден тұратын материал дайындауға тапсырма берді делік. Алайда, тосыннан күтпеген жағдай болып қалды. Мәселен, мемлекет басшысына қастандық жасалды немесе үлкен жарылыс болды. Редактор мұндай атышулы оқиғаны тез арада нөмірге дайындау үшін жылдам әрекет етеді. Ал бұл сол нөмірде шығатын басқа материалдар үшін басылым бетінде орын аз болатынын білдіреді (кейде мүлдем болмай қалуы да мүмкін).

Егер баяндау төңкерілген пирамида әдісімен берілген болса, онда мақаланы соңынан жоғары қарай қысқарту қиындық тудырмайды. Тұтас бір абзац қысқарып кетсе де, одан мәтінге зиян тимейді. Қанша қысқарса да, материал түсінікті болады және мазмұнын жоғалтпайды.

Мәтіннің дұрыс құралғанына көз жеткізгіңіз келе ме? Ондай мәтін алты сұраққа жауап беруі керек.

Алты сұрақ

Туындаған сұрақтарға анық-қанық жауап берілсе, журналистиканың жақсы болғаны. Сұрақтың қойылып, бірақ жауапсыз қалуынан асқан қателік жоқ. Материалдың қысқаша мазмұнын баяндайтын абзацта барлық сұрақты түсінікті тілмен қойып кетуге үнемі мүмкіндік бола бермейді. Бірақ, журналистиканың міндеттері бар емес пе? Расында да, шын мәнінде басты сұрақтар ең алғашқы бірнеше абзацта көрсетілуі керек. Қысқаша баяндаудың сәтті үлгісі әдетте 25-40 сөзден аспайды.

Кім, Не, Қайда, Қашан, Неге, Қалай?

Жоғарыда қойылып отырған сұрақтардың белсенділігіне назар аударыңыздар. Қалай болғанда да, журналистика әлемде болып жатқан оқиғаларды аудиторияға жеткізумен айналысады. Айрықша жайттар бола ма, қалыпты тенденциялар бола ма, журналистің міндеті-болған жағдайды аудиторияға жеңіл әрі түсінікті етіп жеткізу.

Мысалды мұқият оқып шығыңыз:

**ОППОЗИЦИЯ МЕН ҮКІМЕТ ЧЕРНОГОРИЯНЫ
ДҮР СІЛКІНДІРГЕН КІСІ ӨЛІМІНЕ
ҚАТЫСТЫ БІР-БІРІНЕ АЙЫП ТАҒУДА**

Авторы: Неделко Рудович, Подгорица

Көрнекті журналистің өліміне қатысты екі күдікті тұтқындалғанына қарамастан, бұл осы оқиғаға орай Черногория үкіметі мен оппозицияның арасында туындаған ақпараттық қақтығысқа нүкте қоя алмады. 27 мамыр күні болған Дуско Йовановичтың өлімі ел ішінде қорқыныш пен қорғансыздық сезімін ұялатып, оппозициялық партиялар мен үкімет арасындағы жікті тереңдете түсті. Оқиганы тергеп-тексеру барысында өткен түні жекпе-жекпен әлемге аты мәшһүр спортшы Дамир Мандич пен оның бауыры Альмир қамауға алынды.

40 жастағы Йованович Подгорицадағы ДАН апталық газетінің редакторы. Тәуелсіздікті қолдайтын коалицияны сынға алып жүрген журналист түн жарымда өз кеңсесінің алдында өлтірілген.

Йованович өзінің көлігіне отыра бергенде терезелері қараңғыланған бір көлік алдын кес-кестеп, көлік ішіндегі белгісіз біреу журналистке оқ жаудырған. Бұл көлік кейін із жасырып үлгерген.

Журналистің өлімі ел премьер-министрі Мило Джуканичтің мазасын қашырып отыр. Себебі, оппозиция журналистің арнайы тапсырыспен өлтірілгенін алға тарта келіп, мұны

премьердің адамдарды жасаған деген мәлімдеме таратты. Оппозиция бұған үкімет мүшелерінің қатысы бар екенін айтуда. 29 мамыр күні оппозицияның ұйымдастыруымен Йовановичті еске алуға арналған қаралы шеру өтті. Шеруге қатысушылар Подгорицадағы үкімет үйінің жанынан өтіп бара жатып, «Мило – қанішер!» деп ұрандатты.

Басқарушы коалиция болса, журналистің өлімі биліктің тұрақтылығын шайқалту үшін арнайы тапсырыспен жасалғанын айтады.

Көпшілік көкейіндегі «үкімет кісі өлтірді ме?» деген күмәнді қайткенде де сейілтпек болған елдің ішкі істер министрі Драган Джурович қылмыстық іс ашылмайтын болса, отставкаға кететінін мәлімдеді. Сондай-ақ, кісі өліміне тапсырыс берген және қылмысты жасаған адамдар туралы ақпарат бергендерге 1 миллион еуро көлемінде сыйақы берілетінін жеткізді.

Джуканович кісі өлімін «Черногориядағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл» деп бағалады. «Мұны қылмысты жасап алып, жауапкершілікті басқаларға аударғысы келгендердің әрекеті деп бағалау керек. Бұлай болғаны кімге тиімді? Осы мәселені таразылап алған жөн» деді ол. Ішкі істер министрі Франция, Британия, Германия және Америка полициясына осы істі ашу үшін арнайы сарапшылар жіберу жөнінде өтініш жасады.

(Бұл мақаланың қысқартылған түрі)

Бұл «жаңалық» та, «көңіл көтеретін» мақала да емес, түн ішіндегі өлімге қатысты екі күдіктінің қамауға алынуы туралы жаңалықтарға жасалған анализ ғана. Бірақ, соның өзі де нақты құрылымды қажет етеді. Осы мақаланы мысалға ала отырып, төңкерілген пирамида ережелерінің қаншалықты орындалғанын сарапқа салып көрейік. Оқиға болған орын алғашқы абзацта көрсетілген. Кейін баяндау кеңейтіліп, мақалада аты-жөні аталған азаматтардың лауазымы көрсетілген, ақпаратта тепе-теңдікті қамтамасыз ету принципі сақталған. Байқасаңыздар, қысқаша баяндаудан мақаланың қысқаша мазмұны көрініп тұр.

Қысқаша баяндаманың басқа түрлері

Қысқаша баяндау қарапайым және қауіпсіз болса да, кейде мақалаңызды түрлендіріп, жаңалық енгізгіңіз келеді. Мұндағы мақсат – назар аударту немесе еліктіру. Ал алты сұрақтың жауабы кейіннен беріледі. Таза жаңалықтың кіріспе сөйлемі очерк немесе көркем-публицистикалық мақала үшін онша қолайлы болмауы мүмкін. Бірақ, солай екен деп шешіміңізді көп соза берсеңіз, аудиториядан айырылып қаласыз. Бұл тәсіл кейде «шегерілген соққы» деп аталады.

Мысалы:

Соңғы бес жылда Ослабскінің халқы үрей құшағында өмір сүрген еді. Ақырында үкімет аймақтың халқын қорғауға бағытталған әрекеттерді қолға алды.

«Үрей» деген сөз аудиторияны елітуі мүмкін. Бірақ, алты негізгі сұрақ жауап беруді қажет етіп отыр. Демек, жаңағыдан кейін мынадай сөйлем құрауға болады:

Алғашқы эвакуациялау кезінде бес жүздеі ауыл тұрғыны қауіпсіз аймаққа көшірілген болатын. Кеше әскери бөлімше жарты жыл бұрынғы қақтығыстан кейін жарылмай қалған миналар мен снарядтарды жойды.

Мұндай авторлық жаңалықты да орнымен пайдаланған жөн. Онда да қысқаша баяндаудан гөрі әлдеқайда қызықты болса ғана.

Кейде қалыпты жағдайды өзгертіп, қысқаша баяндауға бөлекше атмосфера бергіңіз келуі мүмкін. Ондайда мынадай сөйлем құрауыңызға болады:

Қирап қалған көшелерден өлім иісі сезіледі, қою қара түтін де сейілмеген. Түндегі жаппай атыстан қалған көрініс бұл. Өткен түні басталған қарулы қақтығыс үздіксіз он екі сағатқа созылды.

Кейде елдің назарын аударта түскіңіз келеді:

«Бұлай болуы мүмкін емес», – деді генерал айдың-күннің аманында болған бүлінішіліктен ес жия алмаған күйі.

Ол жау снарядының соққысынан аман қалған қаланың қирандысын аралап шығып, жүздеген адамның жараланып, оншақтысының қаза болғанын өз көзімен көрді. Қала орталығындағы қирап қалған ғимараттарға да назарын аударды.

Кез келген жағдайда ақпарат тез және түсінікті түрде таратылуы керек, ал балама кіріспе сөйлемнің құрылымы қысқа және тайға таңба басқандай болғаны дұрыс. Қысқа жаза білу – үлкен талант.

Мәселенің мән-жайын аша түскен сайын мақала шынайы әрі шындыққа жанасымды болып шығады. Бірақ, бұл ұсақ-түйектің бәрін тергіштей беру керек дегенді білдірмейді. Егер ерекше бірдеңені түсіндіру қажет болмаса, әншейін әдемі суреттеу үшін ғана анықтама берудің қажеті жоқ. Оқиғаны суреттеуден гөрі іс-әрекеттің негізінде жазған әсерлі. Кейде мінездеме беріп, сипаттау әдісі объективтілік пен бейтараптықты тасада қалдырып қояды.

Төмендегі екі сөйлемді салыстырыңыз:

Делегаттардың айқай-шуы намысына тиген төраға ашу-ызаға мініп, дереу бұйрық беріп, залды босатты.

Төраға қолындағы балғасымен үстелді қойып қалды да, делегаттардан айқайды доғарып, мәжіліс залынан шығып кетуді талап етті.

Екінші сөйлем шын мәнінде мәселенің қалай болғанын айтып беріп тұр.

Анықтама бермес бұрын ойланыңыз. Шынымен қажет пе, әлде жеке пікіріңізді білдіру үшін керек пе? Материалды жазу барысында шектен тыс толықтырулар жасамаңыз. Ереже бойынша, материалды түсінікті және қызықты етіп дайындаған дұрыс. Аздап драматизмді де қосуға болады, бірақ аудитория әңгіменің не туралы болып жатқанынан жаңылып қалмауы үшін тым беріліп кетпеу керек. Егер титтей күмәніңіз болса, мақаланың салмағын арттыра түседі-ау деген жайттарды енгізіңіз. Қажет деп таппаған жағдайда немесе қысқарту қажет болса, редактор оны алып тастауы мүмкін. Ал егер жоқ болса, редактор оны өз ойынан қоса алмайды.

*Егер сенімсіз
болсаңыз, бәрін
басынан бастап,
сұрақты қайтадан
қойып көріңіз*

Бекграунд (Тарихи анықтама)

Журналист мақаланы түсініп жазу үшін жеткілікті материалы бар екеніне сенімді болуы керек. Егер өзіңіз бірдеңені түсінбей қалсаңыз, оны аудиторияның түсінуі тіптен мүмкін емес. Егер күмәнданып тұрсаңыз, сұрақты қайтадан қойыңыз.

Аудитория да автордың өзі сияқты мәселенің мән-жайын жете түсіне бермеуі мүмкін екенін репортер әрдайым есінде сақтауы керек. Сол себепті аудиторияға контекст түсінікті болу үшін әңгімеде жеткілікті ақпарат бар екеніне көз жеткізу керек.

Адамдардың аты-жөнін толығымен көрсетіңіз және мүмкіндік болған жағдайда барлық акронимдердің толық атауын беріңіз. Белгілі бір мемлекетте жұмыс істейтін болғандықтан, репортер ел премьер-министрінің аты-жөнін жатқа білуге міндетті. Бірақ, мақаланы интернеттен немесе бұқаралық ақпарат құралынан (тарату немесе газет қосымшасын сату) оқуға кіріскен басқа мемлекеттің оқырманы оны білмеуі

мүмкін. Қандай да бір тұлғаның белгілі бір партияның мүшесі екенін де оқырман шатаспай білуі керек. Ол үшін алғашқы сөйлемдерден-ақ партияның толық атауы, оның оңшыл не солшыл екені, діни немесе этникалық бағыттағы ұйым екені, социал-демократиялық немесе консервативтік бағытты ұстанатыны анық-қанық көрсетілуі керек.

Мұндай нақтылық аудиторияның Али Бегтің қалаға сырттан келген тігінші емес, ерлер көйлегін сататын саудагер екенін тап басып білуге; оның бизнесмен екенін немесе біреуге қызмет жасайтынын түсінуге көмектеседі. Оның жас шамасы қаншалық? Отбасы бар ма? Осының барлығы жеткілікті ме немесе оқырманға мақаланы жақсы түсінуіне көмектесе ме? Мүмкін аудиторияның есіне кейбір жайттарды салып отыру керек шығар. Мысалы, «сол қолымен соққы жасаудың шебері, атақты баскетболист...», «полиция қызметкерін ұрғаны үшін сотталып, түрмеден бір жыл бұрын ғана босап шыққан депутат» деген сияқты.

Кез келген сұрақтың алдыңыздан шығуы мүмкін екенін біліп, оларға жауап беруге дайын болыңыз. Бір мақаладағы екі адамның аты-жөні бірдей болса, олардың арасында туыстық қатынас бар ма, жоқ па, оны көрсетіңіз. Егер оқиға ауылдық

жерде болса, астанадан қаншалықты алыс екенін көрсетуге, солтүстікте, оңтүстікте немесе батыста орналасқаны туралы да мәлімет беруге тырысыңыз. Егер оппозициялық партия мәлімдеме жасаса, оппозициялық партияның ықпалды саяси партия екенін немесе ұсақ топтардың бірі екенін ескертіңіз.

Кейде мақала жазу барысында «шөлде орналасқан қалашық» (көпшілік оның қайда орналасқанын білмеуі мүмкін), «өнер-кәсіптік қалашық» немесе «оңтүстіктегі қала» деп көрсеткеннің артықтығы жоқ. «Қайткенде аудиторияға түсінікті етіп жасаймын?» деген сұрақтың жауабы – мақсатқа жетудің кілті. Қызықсыз немесе қажетсіз толықтырулардан аулақ болыңыз. Бірақ, оқырманға сюжеттің дамуын бақылауына мүмкіндік беріңіз. Ақпаратты аз да емес, көп те емес, бастысы оқырманға қажет мөлшерде толығымен беріңіз.

«Қайткенде аудиторияға түсінікті етіп жасаймын?» деген сұрақтың жауабы – мақсатқа жетудің кілті

ЖАТТЫҒУЛАР

Газетті оқып шығып, мақалалардың қысқаша баяндауын қарап шығыңыз да, түрлі бағыттағы мақалаларға қатысты төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Журналист мақаланы бастап-аяқ жазып шығу үшін қанша сөз немесе абзац пайдаланған?

- Бұл жаңалық кіріспесінің классикалық үлгісі ме, болған жағдайды суреттейтін кіріспе сөйлем бе, әлде басқа ма?
- Кіріспе сөйлемде алты негізгі сұраққа жауап бар ма?

Интернеттен өзіңіз қызмет ететін басылымды және өзіңіздің мақалаңызды бақылап отырыңыз. Түрлі мақалаларды не үшін оқитыныңызды саралап көріңіз. Неліктен қайсыбір мақала сізді қатты қызықтырғаны соншалық, соңына дейін оқып шығасыз да, ал енді бірін көз жүгірте қарай саласыз? Қандай жағдайда ұсақ-түйек детальдар мақаланы қызғылықты етеді немесе керісінше, қай кезде олар жалықтырып жібереді?

Өзіңіз жасаған қорытынды мен әріптестеріңіздің қорытындысын салыстырыңыз. Ойларыңыз бір жерден шықты ма, жоқ па, соны анықтаңыз.

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Пойнтер институтының сайтында мақаланы жазу, дұрыс құрау және редакциялауға қатысты көптеген «көмекші» материалдар бар:

www.pointer.org/subject/asp?id=2

Ақпарат көздері



*Жақсы ақпарат
көзін тапсаңыз, мақала
өзінен-өзі жазылады*

АҚПАРАТ КӨЗІ дегеніміз – мақалаңызды құру элементтері. Жақсы ақпарат көзін тапсаңыз, мақала өзінен-өзі жазылады.

Ал егер жақсы ақпарат көзін жоғалтып алсаңыз, материалыңыздың қалай баяндалғанына, тақырыптың маңыздылығына немесе батыл берілуіне қарамастан, жариялауға жарамсыз болып қалады.

Ақпарат көзін бағалау кезінде аса сергек болыңыз әрі өзіңізге сын көзімен қарауды да ұмытпаңыз. Сізге беріп отырған ақпараттың анық-қанығын жақсы білетіндей ақпарат көзі лауазымды қызмет атқара ма, сенімді ме, әлде әншейін қауесетке сүйеніп жүргендер ме? Сіздің оқиғаны баяндау барысында келтірген дәлелдеріңіз қатал тексерістен немесе тәуелсіз тексеруден өте ме? Нақтылайтын ақпарат көздері бір-бірінен тәуелсіз бе? Егер сіздің мақалаңыз белгілі бір құжаттарға негізделіп жазылса, ол құжаттар сізде бар ма? Әлде ауызша естігеніңізге сүйеніп жаздыңыз ба?

Ақпарат көзінің сенімді болуы өз алдына, жақсы журналист ақпарат көздерінің ашықтығына да иек арта алады. Ақпарат көздеріне сүйене отырып салмақты материал жазып шығатын болсаңыз, аудитория оның сенімділігі мен объективтілігі жөнінде өзіндік пікір қалыптастыра алатын болады. Қақтығыстар, дау-дамай және айтыс-тартыс туралы материал дайындағанда ақпарат көзіне нақты анықтама беру өте маңызды. Журналист басынан бастап-ақ материалды барынша сенімді етіп дайындап, өзін «бейтараптықты сақтамады» деген айыптан қорғауы тиіс.

Ақпарат көзін анықтау үшін «Оны біз қайдан білеміз?» деген сауал туындайтыны заңдылық. Осы сауалды қою арқылы қарсы тарап ақпараттың сенімді екенін дәлелдеуді талап ете алады. Мысалы, біз «төбелес кезінде 12 адамның қайтыс болғанын» білеміз, оны бізге біреу айтты немесе өзіміз мүрделерді санап шықтық дейік. Ал егер ақпарат көзі қарсыласушы екі тараптың бірі болса, біз оның шынайылығына қалай көз жеткіземіз? Үкіметтің есебіне сүйенсек, биылғы жылы пісте өндірісі өскен. Алайда, үкіметтің есебіне құлай сенуге бола ма? Әлде басқа да ақпарат көздерімен салыстыру керек пе? Ең басты міндет – ақпарат көздерін оқырман өзі шешім қабылдай алатындай етіп көрсету.

Ақпарат көздерін орнымен көрсете білудің маңызы үлкен, басқаша айтсақ, оқырман өзінше түйін жасай алатындай болуы керек

Репортаждарыңызды жоспарлау

Кез келген мақаланы дайындамас бұрын ақпарат көздерін сарапқа сала отырып, соған сай жоспар құру керек. Мақалада айтылатын жалпы ойды қарапайым бөлшектерге бөліп, аса маңызды және оңтайлы ақпарат көздерін, материалды жазу үшін қажетті құжаттарды, оқиғаның куәгерлерін және өзге де пікірлерді кесте жасап, соған орналастырыңыз.

Ақпарат көздерімен жұмыс істеу барысында журналистиканың негізгі принциптерін басшылыққа алумен қатар, ұдайы ақылға салуға тырысыңыз. Алайда, көп ретте уақыттың тапшылығынан, мүмкіншіліктің жоқтығынан немесе сыртқы қысым салдарынан негізгі ережелер елеусіз қалып қояды.

- Егер биографиялық очерк жазып жатсаңыз, әсіресе оның ішінде сынның элементтері бар болса, онда міндетті түрде сол адаммен сөйлесу керек. Немесе, тым болмағанда, сөйлесуге тырысу керек. Белгілі себептерге орай кездесе алмасаңыз немесе ол адам сізбен кездесуден бас тартқан жағдайда, мақалада ол туралы айтып кетіңіз.
- Егер қақтығысты жағдай туралы жазсаңыз, екі тараппен де сөйлесуге бар ынтаңызды салыңыз және сырттан тәуелсіз баға беретін ақпарат көзін табыңыз.
- Егер белгілі бір қоғамдық оқиғадан алған әсеріңіз туралы мақала жазып жатсаңыз, онда көшедегі кездейсоқ адамдармен және сарапшылармен сөйлескен жөн.
- Егер сіз белгілі бір аймақтан мақала жазған болсаңыз, жеке өз атыңыздан қосымша толықтырулар енгізіп, оқырманды ойша сол жаққа «алып кетіңіз». Оқырманды журналист ретінде оқиға орнында жүргеніңізге сендіріңіз.
- Егер мақала қорытынды есепке немесе құжатқа негізделсе, қолыңыздан келгеннің бәрін жасап, ол құжаттың түпнұсқасын алуға тырысыңыз немесе оның ресми құжат екенін дәлелдейтін ақпарат көздерін сайлап алыңыз. Құжатқа қалай қол жеткізгеніңіз туралы шындықты оқырманнан жасырмаңыз: мысалы, «репортердің қолындағы мына құжатқа сәйкес» немесе «басылым қол жеткізген құжатқа сәйкес».

Халықаралық журналистиканың негізгі принциптері әділдік, бейтараптық және объективтілік екенін есте сақтаңыз. Бұл міндеттерді орындауға ақпарат көздерін мұқият таңдаған жағдайда ғана қол жеткізе алатыныңызды ұмытпаңыз.

Қосымша ұсыныс ретінде айтатынымыз, өз уақытыңызды алдын ала жоспарлаумен қатар, ақпарат берушілердің уақытын да үнемдеу қажет. Кез келген ақпарат көзімен кездесуге жақсы дайындықпен бару керек. Ең маңызды деген ақпарат көзін ең соңына қалдырмаңыз. Деректі нақтылау үшін немесе қосымша комментарий алу үшін хабарласқан уақытта ол жерде ешқандай да дерек көзі болмайтын болса, ең қиыны осы. Материалды өткізетін уақытыңызды тиімді пайдаланумен қатар, байланысуыңыз тиіс тұлғалардың тұрақсыз болып келетінін де естен шығармаңыз.

*Бұра тартпау,
әділ болу және
объективтілік
– халықаралық
журналистиканың
негізгі принциптері*

Ақпаратты екі дереккөзден алу ережесі

Ақпарат көздеріне қатысты ең құнды ереже – қандай да бір мәліметтің басуға жарамды екенін анықтау үшін оны кем дегенде екі сенімді және дербес ақпарат көзімен нақтылап алған жөн. Бұл бір ақпарат көзінің мәліметті екіншісінен алмағанын немесе екеуінің қажетті ақпаратты бір жерден алмағанын аңғартады.

Жалпы алғанда, «екі дереккөзден алу» ережесіне сай келмесе, ол мәліметті нақтыланған ақпарат ретінде жарияламаған дұрыс. Қолыңызда бір ғана ақпарат көзі болған жағдайда, бірақ өзіңіз ол ақпаратты беру маңызды деп шешсеңіз немесе оның сенімділігіне күмәніңіз болмаса, онда «А ақпарат көзінің айтуынша» немесе «А ақпарат көзі нақтылауынша» деп сілтеме жасай отырып хабарлаңыз. Дерек дау тудыруы мүмкін екенін байқасаңыз, мұны жасырмаңыз. Керісінше, бұл мәселеге қатысты әр адамның пікірі әртүрлі болуы мүмкін екенін айтыңыз.

Жалғыз ақпарат көзін қолдану үшін алдымен ақпараттың сенімділігіне және деректердің дұрыстығына көз жеткізіңіз. Мұндай жағдайда ақпарат көзі міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Әрине, бір адам ақпаратты толық білуі де мүмкін, бірақ толық сенімді болыңыз. Себебі, кейде олай болмауы да мүмкін. Ең дұрыс шешім – екі немесе одан да көп ақпарат көзін қолдану.

Дерек көздерін сәйкестендіру

Ақпарат көздерін сәйкестендірген уақытта барынша жан-жақты мінездеме беруге тырысыңыз, оқырман дерек көзінің сенімді екеніне өзі көз жеткізе алатындай болсын. Бұл дерек көзінің білікті маманның қолынан шыққанына негіз бар екенін анықтап, оның объективтіліктен ауытқуына себептің бар-жоғын да біліп алу керек деген сөз.

Бұл мәселеге неғұрлым мұқият қарасаңыз, жазған мақалаңыз соғұрлым шындыққа жанасымды болып шығады. Кейбір жағдайларда жекелеген мән-жайды ашып көрсетуге тура келеді. Мәселен, дерек көзінің дәл осы мәселеге қатысты қаржылық немесе кәсіби мүддесі бар ма, сынға алынып отырған адам мен дерек көзінің арасында көп уақыттан бері шешілмей келе жатқан кикілжіңдер жоқ па, өзге де түсініксіз жайттар жоқ па, міне, осының барлығын оқырман үшін түсінікті етіп көрсету керек.

Егер үкіметтің саясатын сынға алған болсаңыз, «комментатор Хасан Али айтты» деген дәйексөз «...деді «Трибун» басылымының жетекші шолушысы Хасан Али» дегенге қарағанда әлдеқайда нақты болып келеді. Немесе үкіметті жақтайтын пікірде «...деді осы аймақ бойынша тәуелсіз сарапшы Рэндэл Брейтвейт» деп берілсе, бұл екіұшты ойға қалдыруы мүмкін. Ал егер «Рэндэл Брейтвейт – үкіметті аймақтағы мәселелер жөнінен ұдайы хабардар етіп отыратын кеңесші» деп берілсе, оның салмағы басқа болады.

Ақпарат ресми көзқарасты білдіретін болса, оны тексермей-ақ қоюға болады деген түсінік тумауы тиіс

Сенімге лайық дерек көздері

Ресми құрылымда жұмыс істейтін, нақтылы оқиға бойынша жан-жақты хабардар адамның пікірі жақсы дерек көзі болып есептеледі. Мысалы, Қорғаныс министрі қорғаныс саясатына қатысты жайттарды жақсы білетін ең беделді дерек көзі болса, сол министрлікте жетекші шенеунік болып жұмыс жасайтын азамат туралы да осыны айтуға болады. Әрине, ол адамның аты-жөні көрсетілуі тиіс. Алайда, дәл сол сарапшы қаржылық қиындықтар мен халықаралық қатынастар жөнінде пікір айта алмауы мүмкін. Сол себептен, мүмкіндігінше түсініктеме берген адамның аты-жөні мен лауазымын атап көрсетіңіз. Мысалы, қорғаныс министрі Стенли Смит деген сияқты.

Ресми мәлімдеме мен беделді азаматтардың аузынан шыққан сөздің бәрі маңызды деректерге құрылмауы мүмкін, кейде тіпті мұндай мәлімдемелер қайсыбір жайттарды бүркемелеу үшін берілуі де мүмкін. Ақпарат ресми көзқарасты білдіретін болса, оны тексермей-ақ қоюға болады деген түсінік тумауы тиіс. Бұл арада материал объективті және сенімді болу үшін ғана қарама-қарсы пікір іздеуге болмайды. Мәселен, қорғаныс министріне оның жақтаушылары жүзеге асырып жатқан әскери науқанның барысы туралы сауал қоятын болсаңыз, бұл аса сенімді емес дерек көзі болып табылады. Өйткені, ресми қызметіне орай ол шындықты айта алмауы мүмкін немесе үкіметтің мүддесін көздеу тұрғысында тек жағымды тұстарын сөз етуі мүмкін.

Репортер немесе куәгер

Репортердің өзі немесе баяндалып жатқан оқиғаны өз көзімен көрген немесе құлағымен естіген куәгер де маңызды дерек көзі бола алады. Хабарламадан репортердің тікелей куәгер болғаны анық көрініп тұруы керек. Олай болмаса, дерек көзі туралы айту керек: «IWPR тілшісі жарылыс болған орынға 20 минуттан кейін келген. Корреспондент Саид Джамал бес адамның мүрдесі жатқанын және оншақты полицейдің жиналғандарды орнынан қозғалтуға тырысып жатқанын хабарлады».

Дерек көзіне сілтеме жасалмаған хабарлама

Ақпарат ешқандай талас тудырмайтын жағдайда дерек көзін көрсету міндетті емес. Мысалы, тарихи дерек берілген жағдайда: «1654 жылы Миталистан тәуелсіз мемлекетке айналды». Бірақ, көптеген тарихи деректердің даулы болып келетінін де естен шығармаған абзал.

Ресми дерек көздері

Тікелей атқаратын міндетінің негізінде қолында ақпарат қоры бар, бірақ лауазымды қызмет атқармайтын адам да ресми ақпарат көзі бола алады. Полицейді қауіпсіздік туралы мақалаға орай, мемлекеттік азаматтық қызметкерді мемлекеттік саясат туралы жазылған мақалада, БҰҰ немесе ҰЕҰ қызметкерін сол бағытта жұмыс істеп жүрген гуманитарлық сұрақтар бойынша ресми ақпарат көзі деп атауға болады. Кейбір жағдайларда дерек көзін көрсетпеуге уәде беруге тура келеді, дегенмен басқа уақытта ресми дерек көзінің толық аты-жөні мен лауазымды тұлғаның қызметін атап көрсету керек. Мұндайда шатасуға да, шатастыруға да жол бермеңіз.

Ең бастысы, дерек көзінің ақпаратты толық білетініне негіз болуы керек. Мысалы, «Экономика министрінің орынбасары Абдель Бассер Мохаммади баға өткен жылға қарағанда 20%-ға төмендеген деп хабарлады» деп жазсаңыз, бұл жай ғана «шенеунік былай деді» дегенге қарағанда салмақтырақ. Егер шенеуніктер аты-жөнін атамаса, олардың атқаратын қызметі туралы толығырақ жазыңыз. Егер жоғарыдағы мысалда келтірілген министрдің орынбасары да аты-жөнін айтудан бас тартса, онда «Экономика министрлігіндегі жоғарғы шендегі лауазымды тұлға» деп алған жөн, бұл «лауазымды тұлға...» деп жай ғана атап өткенге қарағанда салмақты. Егер дерек көзі біреу болса, ешқашан оны көпше түрде жазбаңыз.

Бір полицей «полициядағы дерек көздері» бола алмайды, ол тек «полицей» деп алынады. Егер қандай да бір дипломат әлденені баяндаса, ол тек бір «дипломат» болып қалады, «дипломатиялық дерек көздері» бола алмайды. Сондай-ақ, «Батыс дипломаттары» деген анықталмаған терминнен аулақ болған жөн.

Дерек көздерін көрсеткенде селқостықтан аулақ болыңыздар

Дерек көздерін көрсеткен уақытта селқос сөздерден аулақ болған жөн. Мәселен, «бұл түсінікті еді», «хабарланған» немесе «есептеледі» деген терминдер халықаралық журналистикаға тән термин емес. Ақпараттан кімнің «түсінгені» немесе «сенгені» айқын көрінуі керек. «Хабарланған» деген сөз адамды тіксінтіп тастайды, себебі оны сіз жеткізуіңіз керек. Бұл үнемі қолданылатын «хабарлауынша» деген терминге де қатысты. Бірақ, «Қабыл радиосының хабарлауынша» деген сөйлем өте жақсы, бұл нағыз дерек көзінің өзі. Ал «барлығына мәлім...» деген сөйлем ешқандай да дереккөз бола алмайды.

Дерек көзінің мақаладағы орны

Ақпараттың қайдан шыққаны туралы мақаланың басында айтылуы керек. Ал нақты орны материалдың қандай шиеленісте өрбитініне байланысты. Егер мақала президенттің ресми іссапары жайлы болса (егер ол құпия іссапар болмаса), онда ол талассыз дәйек, сол себепті дерек көзін алғашқы абзацта еске салмауға да болады. Ал құпия болған жағдайда, ма-

*Оқырманға ақпаратты
қалай және қайдан
алғаныңызды ескертіп
отыруды естен
шығармаңыз*

териалда репортер ақпаратты қайдан алғанын көрсетуі керек және бұл жерде дереккөз сенімді болуы керек. Егер сапар болып жатқаны шын мәнінде көрсетілсе, онда дереккөзді сипаттаудың қажеті жоқ. Ал сапар барысында болып жатқан жайттарды сипаттау сенімді дереккөзді қажет етеді. Кез келген түйткілді немесе күдікті дәйек жағдайдан толық хабардар дереккөзді қажетсінеді. Әсіресе, әлденені ауызша естіген жағдайда міндетті түрде дереккөзді көрсету керек.

Контекст

Әрдайым оқырманыңызға ақпараттың қалай және қайдан алынғанын айтып отырыңыз. Мысалы, «баспасөз мәслихатында хабарланғанындай», «репортерлерге арналған өтініште» немесе «осы басылымға берген сұхбатында». Алдағы күні келіспеушілігін айтады-ау деген жайттар мен «эксклюзивті сұхбат» терминінен де аулақ болыңыз. Бір мақаланың ішінде берілген ақпараттардың кейбірі бұрын шыққан есептен, құжаттан немесе көпшілік алдында жасалған мәлімдемеден алынып, қалғаны сіздің сұхбатыңыздан болса, қайсысының неге жататынын нақты көрсеткен жөн.

Пікірлердің қайнар көзін көрсету

Егер мақала екі немесе бірнеше тараптың арасындағы дау-дамауға қатысты болса, ал мақалада бір ғана жақтың пікірі берілсе, онда пікірлерді емес, мәліметтерді қандай дереккөзден алғаныңызды міндетті түрде көрсетіңіз. Сондай-ақ, материалдың тек бір ғана жақтан алынғаны міндетті түрде білініп тұратын болсын.

Егер болып жатқан дау-дамайға тікелей қатысы болса, онда пікір мен көзқарастың да зор маңызы болуы мүмкін. Мәселен, тараптар арасындағы дау-дамайды көрсеткен уақытта «бүгін миталистандық дипломат Сахестанды зомбылық саясатын жүргізіп отыр деп айыптады» деп берген жөн.

Дегенмен, көзқарастың түп төркіні әрдайым ашық көрсетілуі керек. Анонимді дереккөзден барынша аулақ болуға тырысқан абзал. Кімде-кім өзгелер туралы жағымсыз жайтты жария еткісі келетін болса, онда ол өзінің сөзіне өзі жауап бере алатындай болуы керек және аты-жөнін жасырмауы да маңызды.

Қорыта келгенде, бейтараптық және тепе-теңдік ережесін ешқашан естен шығармаңыз. Репортажыңызда тараптардың ешбіріне жақтаспаңыз, бұра тартпаңыз. Адамдардың пікірі тек көзқарас ретінде берілуі тиіс, оларға дерек деп қарамау керек. Егер сыни мақала жазып отырған болсаңыз, екінші тараптың жауап беруіне мүмкіндік жасауды ұмытпаңыз. Бұл олардың заңдық құқығы.

Пікірлер тек қана ақпарат көзіне сілтемемен берілуі тиіс

Дереккөздерді сөзбе-сөз келтірудің негізгі ережелері

Сұхбат алатын адамдарыңызға қандай ережеге сүйенетінізді мұқият түсіндірген жөн және оны барынша сақтауға міндеттісіз. Әсіресе, қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысынан бейхабар жандар үшін егжей-тегжей түсіндіру қажет. Өзіңізді құшақ жая қарсы алған азаматтардың алдында ашық болғаныңыз жөн. Әсіресе ол адамдарды қайнаркөз ретінде көрсететін болсаңыз, мұны міндетті түрде ескертуге тиіссіз. Қоғам қайраткерлері мен ресми тұлғалар баспасөзбен жұмыс істеуді жақсы біледі, соған қарамастан, кез келген сұхбаттың алдында негізгі ережелерді естен шығармаған абзал.

- *Газетте жариялау үшін:* демек, журналист қолында бар ақпаратты толығымен қолдана алады және сөйлеп отырған адамның аты-жөнін көрсетуі керек. Сұхбат берушіге оның пікірінің қоғамдық маңызы бар екенін ескерте отырып, әрдайым оның келісімін алуға тырысу керек.
- *Дереккөзге сілтеме жасамау:* яғни, ақпаратты және дәйексөзді пайдалана отырып, дереккөздің аты-жөні көрсетілмейді. Журналист сұхбат алушы субъектісінен қызметін қалай көрсету қажеттігін келісіп алуы керек және мұндайда барынша нақтылық қажет (мысалы, «армия бас штабының мүшесі» деген сөз жай ғана «офицер» дегеннен гөрі нақтырақ).

- *Мәліметтер үшін:* мұндайда ақпарат берушінің аты-жөні де, ақпарат пен дәйексөзді келтіруші дереккөз де көрсетілмейді. Бұл журналисті репортаж жасау барысында көмегі тиетін деректермен қамтамасыз етеді. Алайда, басқа дереккөздер нақтыламайынша, оларды қолдануға болмайды.

Дәл осы ереже суреттер мен дауыс жазбаларына да қатысты. Камераны немесе басқа да түсіретін немесе жазатын құрылғыларды қоспастан бұрын рұқсат сұрауға тиіссіз. Сондай-ақ, кімде-кімнің суретін жариялайтын болсаңыз, ол адамнан ашық рұқсат сұрау керек.

Журналист осы ережелер шеңберінде өзіне жүктелетін міндеттемелерді бұзбауы керек. Ал егер сұхбат барысында негізгі шарттар өзгерген жағдайда, оны сілтеме арқылы көрсетуі керек. Кейде «мәлімет үшін» деп берілген ақпаратты «жариялау үшін» пайдалану мүмкіндігі тууы да мүмкін. Атап айтқанда, ол мәліметті өзге де дерек көздері растаған жағдайда, оны жариялағаннан кейін ақпаратты берген адамға ескертіп, түсіндіруге болады. Алайда, ол үшін екінші жақ міндетті түрде келісім беруі тиіс. Журналистикада жиі қолданылатын off the record термині, яғни «жариялауға арналмаған» деген түсінік кейде «мәлімет үшін» деген мағынаны білдіретін болса, енді бірде «дереккөзге сілтеме жасамай жариялау» дегенді аңғартады. Сол себептен ақпарат берушіден қандай мағынада айтқанын анықтап сұрап алу керек.

Сұхбаттың негізгі шарттарын естен шығармаңыз және оны дәлме-дәл сақтауға тырысыңыз

Егер ақпарат беруші құжаттың астына аты-жөнін көрсетуден бас тартса, оның айтып отырғанының шындық екеніне немесе өсек-аяң еместігіне көз жеткізіп алыңыз

Жасырын дерек көздері

Егер ақпарат беруші құжаттың астына аты-жөнін көрсетуден бас тартса, оның айтып отырғанының шындық екеніне немесе өсек-аяң еместігіне көз жеткізіп алыңыз. Кейбіреулер аузынан шыққан сөздің жауапкершілігінен қорқуы мүмкін, яғни кейбір адамдарда ақпаратты жасырын беруге қисынды себеп болуы мүмкін. Соған қарамастан, қандай да бір тұлға жасырын ақпарат бере отырып, өзінің аты-жөнін көрсетпеуді өтінсе, онда сіз де жақсылап ойланыңыз. Біреу ат-тонын ала қашып отырған нәрсені өз атыңыздан беруге бола ма, болмай ма?

«Нью-Йорк Таймс» газетінде соңғы жылдары осындай мәселеге қатысты бірнеше рет даулы жағдай болды. Дегенмен, бұл басылымның медиа-бизнесе өз орны бар және бұл газет барынша жан-жақты қамтылған кодекске бағынады. Өте сапалы журналистика жобасының сайтында экс-редактор Джозеф Леливельд ойлап тапқан тест туралы ақпарат бар. Редактор жасырын дерек көзін пайдаланардың алдында журналист өзіне екі сұрақты қоюы керек деп есептеп, екі-ақ сұрақтан тұратын тест түзген екен. Ол қандай сұрақтар?

1. Дерек көзі оқиға туралы нақты не біледі? Немесе оның осы оқиға туралы білетіні қандай мөлшерде?

2. Дерек көзінің сізді адастырып, болмағанды болды деп айтуына немесе ақпаратқа қатысты маңызды деректі жасырып қалуына себеп бар ма? Болса, ол қандай себептер?

Осы екі сауалға қанағаттанарлық жауап алғаннан кейін ғана газет жасырын дерек көздеріне жүгіне алады. Және мүмкіндігінше бұл ақпаратты дерек көзінің қайдан алғанын

және қайдан білетінін көрсету қажет (мысалы, «дереккөз құжатты өз көзімен көрген»). Сондай-ақ, дереккөздің жеке мүддесі қай тұрғыда екені де көрсетілуі керек (мысалы, «бас штабтағы дерек көзі»).

ЖАТТЫҒУЛАР

Дереккөзді көрсету көп жағдайда журналистерді не кәсібилікті таңдауға, не этикалық нормаға жүгінуге мәжбүрлейді. Төмендегі мысалдар мен сұрақтарды қарап шығып, өз пікіріңізді әріптестеріңізбен бірге талқылаңыз.

1. Дерек көзі сізге мемлекеттік атом реакторларына қатысты өте түйткілді проблемалар бар екенін айғақтайтын құпия үкіметтік құжаттан үзінді оқып берді делік. Сіз қысқаша түртіп алдыңыз. Ақпарат беруші бұл жайтты сіздің мақалаңыздың өзегі етіп алатыныңызды түсіне отырып, «үкіметке жақын ақпарат көздеріне» сілтеме жасауға рұқсат берді.
 - Бұл тұзақ емес пе? Немесе сондай себептер бар ма?
 - Басқа дерек көздеріне жүгіну арқылы материалдың рас-өтірігін тексересіз бе?
 - Егер материалдың рас-өтірігін анықтай алмасаңыз, қолыңызда бар нәрсені жариялар ма едіңіз?
 - Осы мәселе төңірегінде сөйлескіңіз келетін өзге дерек көздері бар ма?

2. Сізге ақпарат беріп отырған адамды аяқ астынан шұғыл түрде телефонға шақырды делік.

- Төзімділік танытып, күтіп отыра бересіз бе, әлде алдыңыздағы үстелдің үстінде ашық күйінде қалған құпия құжатты жылдам қарап шығасыз ба?

3. Бағдаттың орталығында жарылғыш зат орнатылған көлік жарылды. Баспасөз арқылы айтарлықтай шығын келіп, біраз азаматтың қаза тапқаны және тағы біразының жарақаттанғаны туралы ақпарат тарады. Бомба шетелдік журналистер тұрып жатқан қонақүйдің маңында жарылғанға ұқсайды. Алайда, жарылыс болған аймақ тұтастай қоршауға алынған. Ешкім ішке ене алмайды.

- Қандай да бір ақпарат алу үшін кімге хабарласар едіңіз? Осы мәселеге орай өзіңіз байланысқа шыға алатын дерек көздерін ойластырыңыз. Сұрақтарды құрастырған уақытта қаза болғандар мен жарақат алғандардың санына қатысты талассыз деректерден бастап, оқиға орнын толық сипаттауға дейін ойластыру керек.

4. Төмендегі тіркестердің қайсысы дұрыс емес және неліктен?

- Нақтылы дәлелденді...
- Елдің айтуына қарағанда...
- Ел астанасындағы қауесетке сенсек...
- Солай болатыны анық еді...

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚ ТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Сарапшыларды табуға арналған көмекші:

www.ibiblio.org/slanews/internet/exprtss/html

Қоғамдық саясатқа қатысты мәселелерге сілтеме беруші бейтарап сайт:

www.policy.com

Пойнтер институты дерек көздерінің құндылығына қатысты қажетті материалдарды ұсынады:

www.poynter.org/content_view.asp?id=4634

Жоғары сапалы журналистика жобасының веб-сайтындағы (**www.journalism.org**) іздеуге арналған қосымша құралды пайдалана отырып, дерек көздерін келтіруге қатысты көптеген мәліметтер табуға болады.

СҰХБАТ АЛУДЫҢ ТЕХНИКАСЫ



*Кейде адамға
білгенін айтқызудың
өзі өте қиын шаруа
болуы мүмкін*

Сіздің мақалаңызға қатысты қандай да бір мәлімет бере алатын адамды тап басып табудың мақсатқа жетуге пайдасы зор. Ал сұхбат беруші шабуыл құрбаны, тұтқындауға тікелей қатысқан офицер немесе ұйымның жұмысын бақылайтын белгілі бір лауазым иесі болуы мүмкін. Алайда, кейде адамға білгенін айтқызудың өзі қиын шаруа болуы мүмкін.

Адамның білгенін нәрсесін өзгелерге айтпауының толып жатқан себептері болуы мүмкін. Атап айтқанда, зардап шегуші ауыр соққыдан әлі де арылмаған болуы мүмкін; Полиция қызметкерінің уақыты жоқ болуы мүмкін немесе білгенін айтуға да шамасы келместей шаршап тұруы да ғажап емес; Жергілікті тұрғын баспасөзге сенбеуі мүмкін, бәлкім бұрын басына таяқ тиген шығар немесе ресми сұхбат беруден қысылуы да мүмкін; Куәгерлер әдетте келешегінен қауіптенеді, басқаша айтсақ білгенін айту арқылы өз өміріне қауіп төндіріп, қызметінен айырылып қалудан қорқуы мүмкін; Сондай-ақ, көптеген дерек көздері барынша ашыла алмауы мүмкін, себебі олар үшін жасырып қалатын жайттар да болуы мүмкін.

Ең бастысы, өзіңіздің журналист ретінде қоғамда айтарлықтай рөлге ие екеніңізге нық сенімді болуыңыз керек. Өйткені, сіз көтеріп жатқан мәселелердің қоғамдық маңызы бар және сіз ол жөнінде қандай да бір ақпарат алуға құқылысыз. Ал ол үшін жауапкершілік кез келген демократиялық қоғамның

ажырамас бөліктерінің бірі. Онсыз да жұрттың бәріне мәлім жайттарды тәптіштеп жазғыңыз келмеуі мүмкін. Алайда, ол мәселенің қоғамдық маңызы бар екені сізге сенімділік ұялатып, табысты жұмыс істеуіңізге алғышарт болуы тиіс.

Әр журналист алдындағы адамды сөйлете білудің өзіндік әдіс-тәсілдерін қолданады. Кейбір репортерлер ақпарат берушіден нақты әрі түсінікті жауап беруді талап етіп, сұрақты төтесінен қоюы мүмкін де, енді біреулері сұхбат берушінің біртіндеп ашылуына жағдай жасап, емен-жарқын әңгіме-дүкен құруы мүмкін.

Ақпарат көзін сөйлетудің ең қолайлы амалы оған қысылмайтындай жағдай жасау, өзіңіздің оған деген құрметіңізді көрсетіп, бар ынтаңызбен назар аудару. Сыпайы әрі ашық болудың да маңызы зор. Сенім ұялатпайтын адаммен ешкімнің де сөйлескісі келмейтінін естен шығармаңыз.

Алдын ала мұқият дайындалу өте маңызды. Кез келген жерден жауабын табуға болатын сауалдарды жұмыс уақыты тығыз адамға қоюдың қажеті жоқ. Ақпарат берушінің мазасын алу немесе жалықтыру жақсы нәрсе емес. Тақырыпты жақсы білетін болсаңыз, бос әңгімені көбейтпей, мұқият әрі дұрыс ойластырылған сұрақтар дайындауыңыз керек. Сонда ғана лайықты құрметке ие боласыз.

Ақпарат көзін сөйлетудің ең қолайлы амалы оған қысылмайтындай жағдай жасау, өзіңіздің оған деген құрметіңізді көрсетіп, бар ынтаңызбен назар аудару. Сыпайы әрі ашық болудың да маңызы зор

*Сұхбатты жанға
жайлы әңгімеден
бастаған дұрыс, қиын
сұрақтарға көшпес бұрын
ақырын-ақырын сұхбат
берушінің сеніміне
кіру керек*

Сұрақтарыңыз дайын болғаннан кейін оларды белгілі бір тәртіппен орналастырыңыз. Оқиғаның хронологиясымен жүру ең қарапайым және көп жағдайда ең жақсы тәсіл болып есептеледі. Көптеген жағдайларда, әсіресе қысқа мақалалар жазу кезінде мақалаңызды толықтыратын сұрақтар мен жауаптардың үлгісін біліп отыру керек. Сұхбатты дайындау барысында материалдың сіз ойлағаннан мүлдем бөлек болып шыққанына көзіңіз жетсе, бастапқы ойлағаныңыздай ету үшін күшпен өзгертуге тырыспаңыз.

Егер әңгімелесуші адамыңызға ауыр сұрақ қоюыңыз керек болса, оның да өз тәртібі бар. Сұхбатты жанға жайлы әңгімеден бастаған дұрыс, қиын сұрақтарға көшпес бұрын ақырын-ақырын сұхбат берушінің сеніміне кіру керек. Егер қарама-қайшылық туралы сұрақ қою керек болса, әңгімелесушінің қарама-қайшы сұрақты өз аузымен бір рет қайталауына жағдай туғызыңыз, содан кейін ғана түсініктеме беруді сұраңыз. Егер бірден мақсат-мүдделеріңіздің үйлеспейтінін байқатып алсаңыз, сұхбат беруші де жауап беруден бас тартуы мүмкін.

Сіздің қолыңыздағы ақпараттардың құжаттық негізі болуы керек, әсіресе сыни сұрақтар қойған кезде. Негізделмеген, жалаң дәйектерді қолдану жұмыс стилінің нашарлығын көрсетеді. Сондай-ақ мұндай тәсіл құнды мәліметтерді анықтауға кедергі келтіреді немесе лайықты кәдеге жарайтын жауап алуыңызға кедергі жасайды. Мұндайда сұхбат беруші сұрақтарыңыздан оңай құтылып, сұхбатты тез арада аяқтай салуы мүмкін.

Сұхбат алып отырған адамдармен әңгіме барысында ұқыпты және ашық болған өте маңызды. Демек, әр сұхбаттың нақты уақыты туралы жазбаларды сақтап жүру керек және барлық телефон арқылы болған әңгімелерді тіркеп отыратын журнал арнап қою керек. Кез келген хабарлама мен жіберілген факс туралы да жазып жүру керек (электрондық хабарламаларда мұндай ақпараттар бірден көрініп тұрады.) Сыни мақаланы жарияламас бұрын объективті комментарий алу үшін барлық күш-жігеріңізді жұмылдыруға дайын болуыңыз өте маңызды. Әсіресе, заңдық айтыс-тартыс туралы болса, аса абай болған жөн. Егер дереккөз қандай да бір жауапты немесе ақпаратты теріске шығарса немесе соған қатыты дауласып жатса, редактор сізден жасаған жазбаңызды талап етуі мүмкін.

Көптеген дереккөздердің журналистермен тек ақпарат беру үшін ғана емес, өздері де ақпарат алу үшін сөйлесетінін есте сақтаңыздар. Егер дереккөз сіздің қандай да бір мәселеге қатысты тың деректерді білетініңізді сезіп қалса немесе ол жөнінде қайдан білгеніңізді білгісі келсе, өзіңізге қолқа салуы мүмкін. Егер басқа дереккөздер туралы анық-қанық мәлімет бермей, тек қана ақпарат алмасу тұрғысынан айтсаңыз, ол айтарлықтай қиындық тудырмауы тиіс. Қалай болғанда да, әңгімелесуші адамдардың сізді пайдаланып кетпеуін ойлаңыз.

Сыни мақаланы өте мұқият дайындасаңыз, кейіпкеріңіз өзі-ақ сізбен сөйлесуге тура келетінін түсініп, әңгімеге араласады. Егер қолыңызда бұлтартпас деректер тұрса және оның сенімділігін көрсетсеңіз, сынға алып отырған адамыңыздың

*Әр нәрсеге күдікпен
қарау – журналистің
қолындағы ең
жақсы құрал*

өзі алдымен сіздің дәйектеріңізді білгісі келеді. Сөйтіп, сіздегі бар мәліметтерді естігеннен кейін ғана оған қарсы дәлелдерін келтіруі мүмкін. Бірақ бұл мәселеге әділ әрі объективті қарап, мақалаңызда олардың көзқарасын бұрмаламай беретініңізге көздері жеткенде ғана мүмкін болатын жағдай.

Дереккөз шын көңілмен жауап беріп тұрса да, репортер оның объективтілігіне баға беруі керек. Яғни, бұл барынша мұқият тыңдау керектігін білдіреді. Бірақ, бәрін бірдей шындық ретінде қабылдамау деген сөз емес. Кейбіреулер сізді шатастыруы мүмкін, енді біреулер маңызды нәрсені білетініне сенімді болуы мүмкін. Тіпті, қауесет пен өсек-аянды дерек етіп көрсетуге тырысулары да ықтимал.

Әр нәрсеге күдікпен қарау – журналистің қолындағы ең жақсы құрал. Алайда, әлденені әшкерелеуші адамның мәнеріне салмаңыз. Сұрақты дұрыс түсінгісі келетін адамның кейпіне еніңіз. «Оны сіз қайдан білесіз?» деген сұрақ айыптау сияқты естілуі мүмкін. Алдыңыздағы адам сізге білгенін айтуы үшін барынша жұмсақ сөйлеуде тұрған ештеңе жоқ. Дереккөздің мұндай мәліметтерді қайдан және қалай білгеніне қызығушылық танытыңыз. Әңгімелесушіні қорқытып алмай, байыппен сұрасаңыз, өз білгенін айтып отырғанын немесе басқа біреулерден естіп білгені екенін оп-оңай біліп аласыз.

Сұхбат берушіні тығырыққа тірегіңіз келсе, пікірге емес, дәйекке сүйеніңіз.

Басқа хабарламалар мен дерек көздерінде себептері мен нәтижесі жөнінде мүлде басқа қырынан айтылып жатқан уақытта қандай да бір тұлғадан оқиғаның қалай болғанын сұрайтын болсаңыз, ол адамның сөзіне ерекше мән беріп, көз алдында мәртебесін жоғарылатасыз. Әркімнің пікірі әртүрлі болатынын естен шығармаңыз, демек дереккөздің оқиға болған уақытта қайда болғанына назар аудару керек. Бір куәгер ұшақтың жерге сол қанатымен соғылғанын айтса, екіншісі оң қанатымен соғылды деуі мүмкін. Бұл, әрине, ол куәгерлердің ұшақтың алдында тұрғанына немесе арт жағында болғанына байланысты.

Кез келген әділ деген адамның да ақпараттың анық-қанығына жетуге жәрдемесетін деректер мен бір қарағанда елеусіздеу нәрселерді айтуды ұмытып кетуі мүмкін екенін есте сақтаңыз. Бұл толыққанды мәлімет алудың тағы бір тәсілі (әрі ақпарат көзінің әртүрлілігін қамтамасыз ететін нәрсе).

Егер мұқият тыңдап отырсаңыз, бұл да алдыңыздағы адамның әлденені ойдан шығарып отырмағанын аңдауыңызға көмектеседі. Ол үшін басынан бастап, рет-ретімен айтып беруді өтініңіз. Дереккөзге қарапайым әрі дерекке негізделген сауалдар қойыңыз және сұрақты қойып алып, өзіңіз алдымен жауап бермеуге тырысыңыз. Бір сәт үнсіз отыруына мүмкіндік беру арқылы сұхбат берушінің барынша ойластырылған әрі шынайы жауап беруіне қол жеткізуге болады. Егер бір нәрсе түсініксіз болса немесе дұрыс емес секілді көрінсе, онда артынан сол сұрақты тағы да қойып, қайтадан жауап алуға тырысу керек.

*Сұхбат берушіні
тығырыққа тірегіңіз
келсе, пікірге емес,
дәйекке сүйеніңіз*

*Қою шаңның арасына
жасырынған қылаудай
болсын өтірікті көру
үшін сын көзбен қарап,
зеректік таныту
аса маңызды*

Қою шаңның арасына жасырынған қылаудай болсын өтірікті көру үшін сын көзбен қарап, зеректік таныту аса маңызды. Асығыс шешім қабылдамаңыздар. Өмірдің сіз ойлағаннан да күрделі, сонымен бірге әлдеқайда қызық екенін естен шығармаңыз.

Сұхбаттың әдістемесі

- Сұрақты қойғаннан кейін дереккөздің сөйлеуіне мүмкіндік беріңіз. Өзіңіз сөйлей берсеңіз ақпарат ала алмайсыз.
- Сіздің көңіл аударуыңыз ақпарат берушінің өзін маңызды адам етіп сезінуіне жол ашады, кейде тіпті ол өзін бағалы адамдай сезінуі мүмкін. Ал мұндай сезім екінің бірінде болады. Адамдарға ыждағаттылықпен қараңыз (бірақ ол жасанды емес, табиғи болуы тиіс), сондай-ақ алдыңыздағы адамды сөзінен жаңылдырмаңыз.
- Өз өзіңізді қолға ұстай отырып, қайғысына ортақтық білдіріңіз. Әңгімелесуші адамның ұстанымымен келіспеңіз де, оны түсінетіңізді көрсетуіңіз керек.
- Кейбір адамдар ұдайы әңгімеден тыс қалып жатады. Оларға жақтырмай қарап, бар-жоғын елемейді немесе пікірі ескерілмейді. Мұндай адамдарға ерекше назар аударсаңыз, олар ашылып, білгенін айтып, қолдан келген көмегін аямауы мүмкін.

- Журналистика объективтілікті талап етеді. Сұрақ қойып отырған адамыңызға мұқият назар аударсаңыз, қателіктің де алдын аласыз. Түсініксіз жайттарды дереккөзден қайталап сұраудан ұялмаңыз. Өз жазбаларыңыздан шатасып жатқаныңызды мойындау деректерді бұрмалап бергеннен гөрі әлдеқайда дұрыс.
- Сәйкессіздіктер мен маңызды деректерді мұқият қадағалап отырыңыз. Оларды тексеретін мүмкіндік екінші рет болмауы мүмкін екенін естен шығармаңыз.

Егер дереккөз сізбен әңгімелесуден бас тартса, материал жарияланардың алдында мақалаңыздың сипатын көрсетіп, сұрақтарыңызды жазбаша жіберген дұрыс. Олардың көзқарасын білгіңіз келетінін анықтап түсіндіріңіз және жауап беру уақытын таптап тапсырыңыз. Көп жағдайда сұхбат берушілер репортердің қолындағы ақпараттардың ашық әрі объективті екенін білгеннен кейін өздерінің көзқарасын білдіріп, жауап беруі тиіс екендігін сезінеді.

ЖАТТЫҒУЛАР

Осы тараудан оқып-білгендеріңізді есте сақтау үшін берілген:

- Дереккөз де сіз бен біз секілді адам. Олардың әңгімелесуден қашуының толып жатқан себептері бар.
- Әр нәрсеге күмәнмен қараңыз. Бірақ, ұятсыздыққа бармаңыз, жазалаушы рөліне енбеңіз.
- Сөйлемей, үнсіз отырған уақытта көп нәрсені біле аласыз.
- Өзгелердің уайым-қайғысына ортақ болыңыз. Бірақ, сізді қандай да бір тарапқа жақтасып отыр деп ойлауға ешбір себеп болмасын.
- Бірден күрделі сұрақтан бастап кетпей, дайындық жасап, қарапайым сұрақтардан бастаңыз.
- Жауап жүйесіз болса немесе түйткілді тұстары болса, оларды тексеріңіз.
- Әңгімелесушінің сөзінің рас-өтірігін бағамдау үшін сезім мүшелеріңізді қолданыңыз, яғни құлағыңыз түрік, көзіңіз қырағы болсын.
- Сұрақтарыңызды мұқият дайындаңыз және дереккөзді жақсы білетін болыңыз.
- Сұрақты қысқа және нұсқа етіп қойыңыз, тақырыптан ауытқымаңыз. Жауап берушінің ойланып алуына мұрсат беріңіз.
- Жауапты тыңдап отырыңыз, күйгелектенбеңіз, әрдайым ақылға салып, сабырға жүгініңіз.

Төмендегі мысалдарды оқып, әріптестеріңізбен бірге «мұндай жағдайда мен не істер едім?» деген сауалға жауап беріңіз.

1. 4-тарауда келтірілген жаттығуда үкіметтегі жауапты шенеунік мемлекеттік ядролық реакторларға қатысты проблеманы көтеретін ресми баяндаманың бір бөлігін жария еткенін айтқан болатынбыз. Зерттеу жүргізу кезінде ядролық стансаның бас менеджеріне кезіктіңіз. Ол бар білгенін «жайып салайын» деп тұр. Атап айтқанда, қауіпті болғандықтан қоғамнан жасырын ұсталып отырған құпия бағдарлама туралы егжей-тегжейлі айтып бермек.

Құпия жайттарды әшкерелеуші сізге сұхбат беру үшін қонақ-үйде кездесуге келісті. Бірақ, алдын ала төрт шарт қойды:

- a) жалғыз келуіңізді талап етті;
- b) әңгімені таспаға жазуыңызға және қағазға түсіруіңізге тыйым салды;
- c) үкімет артыңыздан түссе-дағы ешқашан өзінің аты-жнін айтпауды талап етті;
- d) мақала шыққаннан кейін соның салдарынан жұмысынан айырылып қалатын болса, редакцияларыңыз қаржылай өтемақы төлеуге міндетті.

Ол телефон арқылы хабарласып, артынан біреудің аңдып жүргенін айтты. Мемлекеттік құпияны ашқаны үшін қамауға алынуы мүмкін екенін және азапқа түсетінін алға тартып, күйгелектеніп тұр.

- Сіз оның барлық шарттарымен келісесіз бе?
 - Сіздің мақалаңыз үшін бұл сұхбаттан келетін пайда мен болуы мүмкін қауіптің арасындағы баланс қандай?
 - Шешім қабылдамастан бұрын редакция мүшелерінің ішінде кіммен сөйлесер едіңіз?
2. Донорлық ұйымнан орта лауазымды шенеунік қоңырау шалып, сізге ұйым ішінде парақорлыққа қатысты шынайы жағдайды ашқысы келетінін айтты. Батыстан келетін көмек сыбайласқан мемлекеттік шенеуніктердің қалтасына кетіп жатқанын айтып тұр. Алайда, «төбе шашты тік тұрғызатын» мәліметтерді жайып салу үшін 10 мың АҚШ долларын төлеуді талап етуде. Мұны ол өткен аптада ғана жұмыстан босап қалғандығымен, отбасын асырау қажеттігімен түсіндірді. Егер сіз талаптарымен келіссеңіз, кездесіп, сұхбат бермекші.
 3. Қандай әрекетке барасыз? Ол адамнан сұхбат аласыз ба және оның шарттарымен келісесіз бе?
 4. Қандай күтпеген жағдайлар болуы мүмкін?
 5. Егер бұл материал қаржылық шығын шығаруға тұрады деп есептесеңіз, қандай жолдарды қарастырар едіңіз?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«Насилие» – құрбандар мен жарақат алғандар туралы мәлімет беретін анықтамалық басылым. Вильям Коте және Роджер Симпсон, Колумбия Университи Престе басылып шыққан.

«Сіздің сұхбатыңыздан қалай барынша мол мағлұмат алуға болады?», Журналистикадағы озық сапаға қол жеткізу атты жобадан:

www.journalism/resources/tools/reporting/interviewing/themost.asp

МӘЛІМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, МӘСЕЛЕНІҢ МӘН-ЖАЙЫН АШУ



Әдетте «Онда тұрған не бар екен?» деп келетін журналистердің қырағы сұрағынан мақалаңыздың аман-есен өтетініне көзіңіз жететін болсын

МАТЕРИАЛДА толыққанды және жан-жақты мәлімет беру өте маңызды. Мұны фотосуретке түсіру кезіндегі бейненің масштабымен салыстыруға болады. Егер сурет ірі болып түсірілсе, онда көптеген бөлшектерді көре аласыз. Бірақ, толық картинаны көре алмайсыз. Ал егер сурет тым кішірейтіліп берілсе, онда сіз ол жерден қызығушылық тудырып, назар аудартатындай нақты ешнәрсені көре алмайсыз.

Мақаладағы маңызды нәрсе жаңалық екенінде дау жоқ. Яғни, саясаткердің сайлауға түсуі, даму бағдарламасының жүзеге асу барысы, қандай да бір оқиғаның салдарынан қаза тапқандар немесе жарақаттанғандар саны. Дегенмен, жаңалықтың өзектілігін айғақтайтын және басылым бетінде жариялауға тұратынына дәлел бола алатын жайттарды мақалаға енгізгеніңізге сенімді болыңыз. Бұл аймақтағы зорлық-зомбылықтың жарылуы ма? Оппозицияның алдағы сайлауда үкіметтің ширақ қимылдауына себепкер болатындай маңызды жеңісі ме? Батыс ұсынған даму стратегиясында ең маңызды деген идея қалып қойған жоқ па?

Осы мысалдардың әрқайсысы бойынша жаңалықтарды бере отырып, олардың не себептен жаңалық екенін айту керек. Әдетте «Онда тұрған не бар екен?» деп келетін журналистердің қырағы сұрағынан мақалаңыздың аман-есен өтетініне көзіңіз жететін болсын.

Кейбір детальдарды орнымен қолдануыңыздың арқасында оқырман мәселенің мән-жайын тез түсініп алатын болады. Алайда, саяси партияның атауы мен идеологиялық бағыты, қандай да бір қаланың орналасқан жері, басшылардың автобиографиялық мәліметтері сияқты мән-жайды тәптіштеп жазудың керегі жоқ. Репортердің міндеті – тек қана ақпаратты жеткізу.

Баяндау барысын сақтай отырып, қандай да бір мәліметтерді қысқа да нұсқа пайдалану, ой салатындай етіп жеткізу жолдарын табуға тырысыңыз. Яғни, бір абзацтан екіншісіне дейін қамту керек деген сөз. Мысалы, елдегі «жетекші оппозициялық партияның» құлдырауын суреттеу жақсы кіріспе сөйлем бола алады. Алайда, үшінші, төртінші абзацқа дейін бұл партияның атын атамауға болады. Бұл жоғарыда айтылған жайтқа оқырманның қызығушылығын ояту тәсілі. Оның үстіне, мұндай тәсіл материалдың басынан бастап барлық мән-жайды үйіп-төгіп, тым қоюлатып жіберуден де сақтандырады.

Мұндай міндеттерді ағылшын тілінде орындаудың өте жеңіл екенін ескеріңіз. Бұл тілде қосымша ойды сызықшадан кейін үтір қою арқылы немесе қысқа ақпараттық сөйлемдер беру арқылы жеткізу мүмкіндігі зор.

*«Оқырман онсыз
да білетін
шығар» деп үстірт
қарауға болмайды*

Негізгі сәйкестендіру

Ең негізгі ереже – мақалаңызда аты-жөні немесе атауы аталатын барлық тұлғалар мен ұйымдар туралы танымдық мағлұмат беру. «Оқырман онсыз да білетін шығар» деп үстірт қарауға болмайды.

Алғаш рет атаған сәтте-ақ лауазым иелерінің толық аты-жөні мен қызметін көрсетіңіз. Мысалы, генерал Джексон емес, генерал-майор Джордж Джексон, Мартин Смит емес, премьер-министрдің орынбасары Мартин Смит.

Негізгі географиялық мәліметтерді беріңіз. Мысалы: Тетово, астананың батысында жатқан, негізінен албандар мекендейтін қалашық; Нахичевань, Арменияның батысындағы әзірбайжан ауданы; Хохенвальд, штат астанасы Нэшвиллден 100 шақырым қашықта жатқан провинциялық қалашық.

Бірінші рет атаған кезде қысқарған түрінде бермей, саяси партиялар мен ұйымдардың атауын толық көрсету керек. Мысалы, ДӨЖҚ деп емес, Демократиялық өзгерістерді жақтайтын қозғалыс деп көрсету қажет. Егер түсініксіз болып жатса, қосымша қысқаша мағлұмат беруге болады. Мысалы, Демократиялық әрекеттер үшін партиясы – мұсылмандардың жетекші ұйымы.

Көптеген халықаралық ұйымдардың атаулары мен жалпыға ортақ негізде қалыптасқан акронимдер талдап жазуды қажет етпейді. Дегенмен, қате жіберіп алмаңыз. ЕО, БҰҰ, АҚШ, НАТО дегенді таратып жазбасаңыз да түсінікті, ал Бас Өкілеттік Кеңесі (БӨК), Бұрынғы Югославиядағы қылмыстар жөніндегі халықаралық трибуналы (БЮҚХТ) деген ұғымдарды ашып жазған дұрыс. Ассошиэйтед Престің стилі бойынша, Құрама Штаттардың атауы (U.S.) арасына нүкте қою арқылы жазылады, бұл «біз» (us) деген есімдіктің көпше түрімен шатастырып алмау үшін қажет.

Қалай болғанда да, акронимдерді шамадан тыс қолданудан қашу керек. Жоғарыда көрсетілгендей, акронимдерді толық атап жазғаннан кейін дөңгелек жақшаның ішіне қысқаша атауын беріп кетуді ұмытпаңыз. Әрине, егер мақаланың өн бойында бұл сөзді тағы да пайдалануға тура келсе немесе қысқарған сөз жергілікті тілдегі аудармасында түсініксіздеу болса, міндетті түрде солай жасаған дұрыс. Мысалы, Демократиялық әрекеттер партиясы СДА деп аталады.

Көлемді мақалаларда адам аттары мен ұйымдардың атаулары көп кездесетін болса, екінші сілтемеден кейін қысқаша «доктор Файзал, оппозиция көшбасшысы» деген анықтамалар беріп отыру керек.

Мақалада аты-жөні аталатын тұлғаның оқиғаға немесе мақалаға қатысы қай дәрежеде екені түсінікті болуы – басты шарттардың бірі

Қосымша ақпарат

Дереккөздер секілді мақалада аты аталатын адамдардың дәл сол материалға қаншалықты қатысы бар екені түсінікті болуы шарт. Мысалы, Кабулда өмір сүрудің қаншалықты қиын екенін жазып отырып, көшедегі саудагерден сұхбат алсаңыз, оны жай ғана «Абдулла, Кабулдың тұрғыны» деп таныстырмай, «Абдулла Карими, 43 жаста, Кабулдың шетіндегі ықшамауданда тұрады, әйелі мен он баласын асырап-бағу үшін базарда CD дискілерді сатумен айналысады» деп берсеңіз, Абдулланың сөзі де нанымдырақ шығады, мақалаңыз да қызғылықты болады.

Дәл сол сияқты жарылыс туралы жазып отырып, полицейдің сөзін келтіретін болсаңыз, «полицияның айтуынша...» дегеннен гөрі, «жарылыстан кейін дереу оқиға болған жерге келген полиция қызметкері Пьер Дюпон былай деді...» деп жазғаныңыз дұрыс.

Контекстік нақтылаулар

Аудитория материалды оқып отырғанда кімнің кім екенін немесе не нәрсенің нені білдіретінін тәптіштеп түсіндіруді қажет ете ме, жоқ па, міндетті түрде ескеріңіз. Контекстің көлемі аудиторияға орай өзгеріп отырады. Дегенмен, кей тұстарда онсыз материалды ұсыну мүмкін емес.

Мысалы, Сербия аудиториясы үшін Зоран Джиндич дегеннің кім екенін айтудың қажеті жоқ, жай ғана «Зоран Джиндич, соңғы премьер-министр» деп жазса жетіп жатыр. Ал егер халықаралық аудиторияға бағыттап жазып отырсаңыз, онда нақтырақ және кеңірек жазған дұрыс. Мысалы: «Зоран Джиндич, 2003 жылдың наурыз айында өлтірілген Сербияның премьер-министрі» .

Кейде оқиғаның орны туралы мәлімет те қосымша мағлұматты қажет етеді. Мысалы, «Бадахшан, Тәжікстанның облысы» деп емес, «Бадахшан, Тәжікстанның Ауғанстанмен және Қытаймен шекараласатын тұсында орналасқан таулы аймақ» деп беру керек болады.

Мақалаңызға негізгі әрі маңызды деген қандай детальдарды қосуға болатынын алдын ала ойлаңыз. Мысалы, апиын өндірісі туралы мақалада ауғанның Гильменд провинциясы аталатын болса, оның әлемдегі ең ірі есірткі өндірушілердің бірі екенін қосу керек. Мысалы, «үкімет әскерлері Гильмендке кіріп, егілген көкнәрдың көзін жойды» деудің орны-

Егер келтіріп отырған дәйектеріңіз мән-жайды жеткізуге жеткілікті екеніне күмәніңіз болса, ойланбастан олардың санын тағы да арттырыңыз

на, «үкіметтің күштік құрылымдары мемлекеттегі ірі апиын өндіруші Гильменд провинциясына кіріп, егілген көкнардың көзін жойды» деп жазған дұрыс.

Егер келтіріп отырған дәйектеріңіз мән-жайды жеткізуге жеткілікті екеніне күмәніңіз болса, ойланбастан олардың санын тағы да арттырыңыз. Бұл редакторыңызға көрсетілген мән-жайдың ішіндегі ең дұрыс дегендерін таңдап алуға мүмкіндік береді. Ал егер оқиға орны мен оған қатысы бар адамдар туралы нақтылайтын мән-жайды жазбаған болсаңыз, сіз үшін мұны редактор жасай алмайды.

Бояу және дауыстар

Материалыңыздың мазмұнын оқырманға жеткізу үшін барлық сезім мүшелеріңізді қолданыңыз. Әдеби туындыны жазудың классикалық ережесі оқиғаны неғұрлым көркем сипаттау болса, журналистика үшін де дәл осылай болып қалып отыр. Яғни, оқиға орнын жандандыру үшін бояуды, адамдардың дауысын және басқа да мән-жайды тегіс суреттеу керек деген сөз.

Жақсы журналист оқиғаны шынайы етіп көрсету үшін болымсыз ғана айқындаушы детальды тауып, қолдана алады, ол деталь көшедегі шу, ауаның иісі, шекара күзетіндегі

жауынгердің маңдайынан сорғалаған тер тамшысы болуы мүмкін. Репортерлік міндетіңізді атқара отырып, материалыңызды тікелей куәгердің сөзімен аяқтау үшін ең оңтайлы дәйексөзді таңдай білуде де жаңылмаңыз.

7-тарауда жан-жақты айтылатын дәйексөздер жай ғана ақпараттан гөрі көбірек мүмкіндік береді; дәйексөз оқырманды ойша оқиға орнына алып барып, сіздің мақалаңызды әсерлі ете түседі.

Көлемді мақалалар, әсіресе американдық газеттерде жарияланатын ауқымды мақалалар бір оқиға арқылы барлық мәселенің әлеуметтік маңыздылығын көрсету үшін көп жағдайда проблеманы суреттейтін кішкентай көріністі сипаттаудан басталады. Бұл тәсіл «кейінге қалдырылған соққы» деп аталады. Мысалы, мерзімінен кешігіп жеткен гуманитарлық көмек туралы мақаланы босқындар лагеріндегі күнкөріс үшін күрестің қалай жүретінінен бастауға болады. Осылайша, құрғақ баяндаудан тұратын бюрократиялық мақаланы оқырман үшін қызығалықты репортажға айналдыруға болады.

ЖАТТЫҒУЛАР

Осы тарауда оқып-білгендеріңізді ойда сақтауға арналады.

- Нақты мән-жай немесе кішкентай бөлшектен оқырманға мақаланың неліктен «жаңалыққа» жататынын түсіндіру үшін керек. Сондай-ақ, ол «Онда тұрған не бар екен?» деген сауалға жауап беруге көмектеседі.
- Материалда қысқарған сөздерді мүмкіндігінше аз пайдалануға тырысыңыз. Бірақ, қандай да бір ұйымның атауы ұзақ болса әрі жиі қайталанатын болса, қысқартылған түрінде беруге тура келетінін естен шығармаңыз.
- Контекстік нақтылаулардың белгілі бір дәрежеде мәні бар. Дегенмен, ондай нақтылаулар әр топтағы оқырманның қажеттілігіне қарай қолданылуы керек. Әр жағдай жеке критерийлер бойынша бағаланады.
- Түрлі бояулар мақаланы жаңдандыруы мүмкін, бірақ оны аса сақтықпен және шеберлікпен қолданған жөн.

Төмендегі мысалды әріптестеріңізбен бірге талқыға салып, мақала құрастырудың ықтимал тәсілдерін ойластырыңыздар.

Сіз Суданда жұмыс жасайтын репортерсіз делік. Гуманитарлық көмектің аштан өлгелі жатқан халыққа жетпеуі наразылық тудырды. Лагерьлерге көмек жетпей жатыр, жағдай жантүршіктірерлік. Өзіңіз де жаңа ғана лагерьлердің біріне барып

келдіңіз, дағдарысты жағдайға қатысты өз пайымдауыңыз бар. Мақаланы қалай жазуды ойластырып отырған кезіңізде Қызыл Кресттен бір шенеунік телефон соғып, осы жағдайға байланысты бұрын жарияланбаған есептің сүйінші данасын ұсынды. Есепте гуманитарлық көмекті бөлу процесі қатаң сынға алынып, жағдайды жолға қоюға қатысты ұсыныстар берілген екен. Енді сіздің қолыңызда өте жақсы есеп бар және шынайы жағдай туралы өз көзіңізбен көріп келгеніңіз тағы бар.

- Мақалаңызды ары қарай қалай құрастырасыз?
- Шынайы жағдайды сипаттау мен есептегі «жаңалық деректерінің» ара-қатынасы қандай болуы керек?
- Мақалаңыздың бір нұсқасы Африканың халқына, ал екіншісі американдық аудиторияға бағытталады. Осы екі нұсқаның қайсысында қандай мән-жайлар толық көрсетілуі керек?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Пойнтер институтының сайтынан алынған жазу және редакциялау үшін қажет көмекші құрал:

www.poynter.org/cjntent/content__view/asp?id=31907&sid=2

«Қалай жақсы жазуға болады?» Әдеби емес туындыларды жазуға жәрдемдесетін классикалық нұсқаулық, Вильям Зинсер (William Zinsser), (Харпер Коллинс баспасы).

7 - тарау

ДӘЙЕКСӨЗДЕР КЕЛТІРУ

ДӘЙЕКСӨЗ ДЕ ТАҒАМҒА ҚОСАТЫН ТҰЗДЫҚ ІСПЕТТЕС. Дәйексөз сөздің мәнін келтіріп, мағынасын аша түседі. Бұған қоса, олардан келетін қауіп те бар. Дәйексөзді шамадан тыс қолдану мақалаңызды «бір-бірінен ажырата алмайтын бірнеше дауыстың бірігуінен тұратын бытыраңқы» дүниеге айналдырады.

Дәйексөздің екі түрі бар: тура және жанама

Тура дәйексөз

Тура дәйексөз дұрыс қолданылған жағдайда қандай да бір көзқарасты тура және батыл жеткізеді. Ол жанама дәйексөзге қарағанда жақсы қабылданады.

«Мистер Смит, сіз неліктен сонша көп адам өлтірдіңіз? Неге сіз біздің қызымызды және оның әпкелерін зорладыңыз?» – Бірнеше тәуелсіз куәгердің айтуынша, делегаттардың бірі Барбара Браун ашуланып тұрып осылай деген.

Мұндай дәйексөз төменде келтірілген жанама дәйексөзге қарағанда әсерлілеу болады:

Тәуелсіз куәгерлердің айтуынша, Барбара Браун мистер Смиттен неге оның көп адамды өлтіріп, көптеген әйелдерді зорлаганын сұраған.



*Дәйексөз сөздің
мәнін келтіріп,
мағынасын
аша түседі*

Тура дәйексөзге өзгеріс енгізіп, өз сөзіңізді қосуға ешқандай да хақыңыз жоқ, оны сол күйінше беру – өзгермейтін ереже

Дегенмен, жанама дәйексөздің артықшылығы – айтылған сөзді қысқаша түрде баяндап беруге болады. Тура дәйексөз бар жерде сөз көбейіп кететіндіктен, ондайда жанама дәйексөзді қолдану тиімдірек болып есептеледі. Сол себепті кейде (егер әңгіме драмалық немесе трагедиялық жағдайға қатысты болмаса) жанама дәйексөз қолайлырақ болуы мүмкін.

Тура дәйексөзге өзгеріс енгізіп, өз сөзіңізді қосуға ешқандай да хақыңыз жоқ, оны сол күйінше беру – өзгермейтін ереже. Тырнақшаға алынған сөйлем сұхбат немесе түсініктеме берушінің айтқанымен дәлме-дәл сәйкес келуі керек. Тура дәйексөзді қолданғанда оқырман бұл сөздердің сол адамның аузынан шыққанына көзі жетуі керек.

Ол сөздерді өзгерту – бұрмалау деген сөз. Егер әңгімелесушінің сөзін толықтай жазып алмаған болсаңыз немесе таспаға түсірмесеңіз, онда тура дәйексөзді қолдана алмайсыз. Бұл ережелерді бұзу дегеніміз – қалыптасқан тәртіп пен этикалық нормаларды бұзумен бірдей; ондай қадамға барған жағдайда келешекте дәл сол дереккөзден ғана емес, басқа ақпарат көздерінен де мәлімет алу мүмкіндігінен айырыласыз.

Тура дәйексөз айрықша жағдайлар мен қайғылы оқиғалар туралы ақпаратты дәл жеткізу үшін пайдаланылуы керек. Егер көлемі ұзақ болса, тура дәйексөзді ресми тұлғалардан, жоғары дәрежелі шенеуніктерден алынғаны үшін ғана толықтай қолданудың қажеті жоқ. Лауазымды тұлғаларға

жағыну үшін де олай жасауға болмайды. Тура дәйексөз келтірмесе болмайтын тұстарда ғана беруге тырысу керек. Онда да негізгі сөздер мен сөйлемдерді келтіре отырып, әсерді күшейту үшін тура дәйексөз бен жанама дәйексөзді қосып жітеруге болады. Тура дәйексөзді мәтінге қатысы жоқ жерде пайдаланбауға тырысыңыз, әйтпесе олардың мағынасы өзгеріп кетуі мүмкін.

Жанама дәйексөз

Дәйексөзді түгел келтірмеу немесе жанама сөз шектеулі кеңістікке көлемді ақпаратты сыйғызу қажет болғанда қолданылады. Тура дәйексөзден ерекшелігі, репортер сұхбат берушінің сөзін өзінің қалауынша жинақтап, топтастыра алады. Осылайша, берілу тәртібін өзгерту арқылы айтылған мәселелердің біріне баса назар аудартуға болады. Кейде сұхбат беруші шашыраңқы сөйлеуі мүмкін, ал жанама дәйексөзде оның ойы жинақталып, қисынға келтіріліп, нақпа-нақ беріледі. Алайда, бұл тәсілді тек сөйлемді түсінікті және қысқа жеткізу үшін ғана қолдануға болады, әңгімелесуші адамның айтқан ойын өзгертуге немесе бұрмалауға болмайды.

Төменде келтіріліп отырған тура дәйексөзге және дәл сол ақпараттың ықшамдалып, жанама сөз ретінде берілген нұсқасына назар аударыңыз:

Тура дәйексөз. Мохаммади былай деді: «Біздің көптеген мамандарымыздың шетелде жұмыс істеу тәжірибесі бар. 300 миллион доллардың он бес пайызы коммерциялық фирмаларға белгілі мөлшерде салым жасап жүрген қорға бөлінген. Олар жол бизнесіне қатысты жобаларға, атап айтқанда жұмыс істеп тұрған жанармай құю стансаларына, жөндеу жасайтын құрал-жабдықтар мен басқа да қажеттіліктерге жұмсалады. Сонымен қатар, донорлар технологиялық комиссиядан өтіп, қаржыландыруды жеңіп алатын болса, жеке секторға инвестицияланатын басқа қаржыға да алғашқы болып қол жеткізеді. Миталистанның мамандары осы жоба бойынша менеджер ретінде жұмыстарына қайта оралатын болса, бірден жаңағы қаржыны игеру құқығына ие болады. Біз бұл жобаны жүздеген миталистандық маманның жарты жыл ішінде жол жобасы бойынша елге отбасыларымен қайта оралып, өз бизнестерін қалыптастыруы үшін пайдаланбақпыз. Ресми түрде 37 жобаны бекіттік, олардың ішінде алтауы бизнесте жұмыс істеп жатқан болуы мүмкін».

Жанама дәйектеу. Мохаммадидің айтуынша, бағдарламаға бөлінген 45 миллион АҚШ долларына иелік етіп отырған бар инвестициялық қор Миталистан тұрғындарының бизнесін жүргізуге бағытталған 37 бірлескен жобаны бекіткен. Жол бағдарламасына, соның ішінде жанармай стансалары мен жөндеуші шеберханаларға арналған алты жоба қазіргі кезде құрылып, өз жұмысын бастап та кеткен.

Дәйексөздің қысқартылған жанама түрі ұзақ және зеріктіретін тура дәйектеуге қарағанда анық және түсінікті. Тура дәйексөзде жанама дәйектеумен салыстырғанда сөз саны үш есеге артық. Көлемді дәйексөздерді шамадан тыс қолдану оқырман үшін түсініксіз болатыны өз алдына, бос орынды толтыра алмай жатқандай әсер қалдыратыны тағы бар.

*Тырнақшаның ішіне
тек қана ақпарат
берушінің сөзі
алынуы керек*

Дәйексөздерді тексеру және редакциялау

Редакциялау кезінде дәйексөздің мағынасын өзгертіп, айтылған сөздің мәнін бұрмалаудан аулақ болыңыз. Дәйексөзді көп түземей, жеңіл қолдануға болатын тұстарда жанама түрде беріңіз. Тырнақшаның ішіне тек қана ақпарат берушінің сөзі алынуы керек.

Егер қандай да бір күмәніңіз болса, дереккөзден қайтадан сұрап алған дұрыс. Алайда, оның да өзіне тән қиындықтары бар. Дайын мәтінді оқып берген уақытта ақпарат беруші бұрынғы берген түсініктемесінен бас тартуы немесе өзге де алаяқтық жасауы мүмкін. Бұл репортерді ыңғайсыз жағдайға қалдырары сөзсіз. Сол себептен, ең дұрысы, ақпарат берушіге редакцияның саясатына орай дәйексөзді сөзбе-сөз келтіре алмайтыныңызды түсіндіріп, негізгі деген деректерді ғана тексеріп алған жөн. Қалай болғанда да, ақпарат беруші сіздің еш қатесіз беруге тырысқаныңызды сезінуі тиіс.

*Авторлық
материалыңызды
әріптестеріңіздің
жазғанымен салыстыру
тәуекелге бас тіккенмен
бірдей: өз мақалаңыздың
жауапкершілігі өзіңіздің
мойныңызда екенін естен
шығармаңыз*

Баспасөз мәслихатынан кейін журналистер топталып тұрып алып, «Қалай деп айтып еді?» деп талқыға салатын жағдайлар жиі болады. Бұл өте қауіпті болуы мүмкін. Түптеп келгенде, «еріншек» репортердің жаман әдетінің кесірінен кеткен қа-телікті басқа бұқаралық ақпарат құралдары қайталап таратып жіберуі ықтимал. Дегенмен, журналистердің бір-біріне бұлайша көмектесуі жиі болып тұрады. Және кейде мұндай жағдай өз жазбаларыңызды басқа әріптестеріңіздікімен салыстыру арқылы тексеруге де көп жәрдемдеседі. Соған қарамастан, абай болғанның айыбы жоқ. Өйткені, авторлық мақаланың жауапкершілігі сіздің мойныңызда. Мұндайда, әрине, баспасөз мәслихатындағы жайттарды таспаға түсіру алу сізді көп проблемадан құтқарады (осы тараудың соңында ол туралы айтатын боламыз).

Егер нақтылы сөздерді өзгерту мүмкін болмаса, көп нүкте, тік жақша және өзге де тәсілдерді қолдану арқылы тура дәйексөзді қысуға болады.

Көп нүкте сөйлемнен кейбір сөздердің алынып тасталғанын білдіреді, мысалы: «Сот шешімі жасалған қылмыстарға сай емес», – деп мәлімдеді прокурор. «Айыпталушы... 20 жыл

бас бостандығынан айыру жазасына лайықты». Нүктенің арасына ашық жер қалдыру керектігін ескеріңіз (Microsoft Word-тағы автоматты түрде қоятын үш нүкте қызметіне жүгінбеген жөн).

Төрт нүкте бір немесе одан да көп сөйлемнің қысқартылғанын білдіреді. Мысалы: «Біздің алдымызда бүгінгі таңда екі күрделі міндет тұр – Иракты қайта жандандыру және Ауғанстанды қалпына келтіру. ...Бірақ, әлі көп жұмыс атқарылуы керек», – деп мойындады Конгресс комитетінде Колин Пауэлл. Төрт нүкте қойылған кезде алғашқысы сөйлемнің аяқталғанын білдіретін тыныс белгісі ретінде қойылады, одан кейінгісі бөлініп жазылады.

Тік жақша түсіндіру мақсатында редакциялық түсініктеме берілген кезде қойылады. Мысалы: «Адам құқығының аяққа тапталғанын куәландырушылар болғанына қарамастан, Батыс Мааренцаға [Миталистанның президенті Шепи] қолдау көрсетуді жалғастыруда», – деп хабарлады мәскеулік шолушы Алексей Барышников.

«sic» (лат. «так») белгісін қолдану оқырманды грамматикалық жағынан дұрыс құралмаған сөйлем мен қолапайсыз сөз тіркесінің жазбада немесе жазбаша берілген мәтінде шын мәнінде болғанын білдіреді. Оған баспаның немесе редактордың қатесі деп қарауға болмайды.

Көп нүктеге балама ретінде сөйлемді былайша да құрауға болады: «Айыпталушы», – деді прокурор, – «20 жыл бас бостандығынан айыру жазасына лайық». Мұндай тәсілді мақаланың құрылымын жақсарту үшін ғана қолдану керек. Ол материалдың мазмұнын өзгертпеуі керек және оны бұрмалауға да болмайды.

Аудио және бейнетаспаға түсіру және заметка жазу

Жеке әңгіменің құпиялылығына диктофон немесе магнитофон бөгет жасауы мүмкін, дегенмен баспасөз мәслихатында бұл құралдардың үлкен көмегі тиеді.

Таспаға басу немесе жазу процесі журналисті алаңдатуы ықтимал. Сұхбат берушінің ойын бөлуі де мүмкін. Егер қолмен жылдам жаза бастасаңыз, әңгімелесуші «көп сөйлеп кеткен жоқпын ба?» деп күдіктеніп қалуы кәдік. Бірақ, қалай болғанда да, нақтылық әңгімені тұтастай жазып отыруды қажет етеді. Әсіресе, тура дәйексөз келтіретін болсаңыз, бәрінен мұқият жазуға тиіссіз.

Бұл жерде журналистерге стенографияның тәсілдерін білу көп көмектеседі. Стенография – журналистің қолындағы кәсіби құрал, одан сәл хабарыңыз болған күннің өзінде де бұл сіз үшін үлкен артықшылық. Ағылшын тілінде стенографияның Teeline және Pitman деп аталатын өте тиімді жүйелері бар. Интернет және интернет желісі арқылы іздеу де көптеген оқу курстарын табуға көмектеседі.

Стенографияның қарапайым түрі – дауысты дыбыстарсыз жазу. Бұл тәсіл тез жазуға көмектеседі және келешекте жазғаныңызды түсінуге де тигізетін пайдасы зор.

Қандай жүйені қолдансаңыз да, сұхбаттан кейін жазба кітапшаңызды тағы бір рет қарап, жазғаныңызды еске түсіріп, қалт кеткен немесе түсініксіз жерлері болса, оны қайтадан қалпына келтіру керек.

Ең жақсысы, жазу құрылғысын пайдалану. Ақпарат берушіге мұны оның сөзінің нақты және толық болуын қамтамасыз ету үшін қажет деп түсіндіріңіз. Нақтылықтың болуына екі жақ та мүдделі.

Жазатын аппаратураны, микрофон, батареика, таспа және дискі сияқты құралдарды алдын ала екі қайтара тексеру керек, бұл проблеманың алдын алады. Журналист үшін кереметтей сұхбат алып келіп, артынан сұхбат кезінде магнитофонның жұмыс істемей тұрғанын білуден асқан масқара жағдай жоқ.

Сұхбат берушімен кафетерийде немесе қоғамдық орындарда кездесу қалыптасқан дағды. Алайда, жұрттың барлығы бірдей мұндай жерде өзін еркін сезінбейді. Әсіресе, егер сіз ілесіп жазып отыратын болсаңыз немесе магнитофонға жазатын болсаңыз, сұхбат беруші өзін ыңғайсыз сезінуі мүмкін. Әсіресе, мейрамханалар мен кафелерде сұхбаттасу қиын. Ыдыс-аяқтың салдыры сұхбат берушінің дауысын естіртпеуі мүмкін. Сондықтан, микрофонды барынша жақын қоюға тырысу керек.

*Сұхбат дайын
болғаннан кейін қойын
кітапшаңызға тағы
да бір рет мұқият на-
зар аударыңыз. Жазбаға
қарап отырып, мұлт
кеткен жеріңізді түзеп,
түсініксіз тұстары болса,
оны жөнге келтіріңіз*

Маңызды сұхбат дайындау кезінде барлық дыбыстық жазбалардың транскрипциясын жасау қажет. Бұл өте ауқымды жұмыс. Алайда, кейде пікірталастың толық мәтіні мен қызықты дәйексөздер маңыздырақ болып келеді. Ал бір қарағанда олай көрінбеуі мүмкін. Қағазға түсірілген жазбаларды сақтап қойған жөн, ол келешекте мұрағатпен жұмыс істеу барысында қажет болады. Ескі таспаларды жинағаннан гөрі қағазға басылған құжатты жинау жеңілірек, оны қолдану да қолайлы.

Стенограмманың талдаулары мен жазба кітапшаларыңызға міндетті түрде дата қойыңыз, содан кейін ғана оларды сақтап қоюға болады. Өлдеқандай жағдай болып, сіздің мақалаңызға қатысты дау туындаса немесе сот іс қозғаса, алғашқы жазбаларға қайта оралуыңызға тура келеді. Батыстағы көптеген журналистік ұйымдар жазба кітапшаларын үш жылға дейін сақтау керек деген кеңес береді.

ЖАТТЫҒУЛАР

Журналист жұмысында кездесетін төмендегі мысалдар мен дилеммаларды әріптестеріңізбен талқылаңыз.

1. Дамушы елдерге көмек көрсететін агенттіктің жетекшісімен көлемді сұхбат жасадыңыз делік. Сұхбат барысында ол өзінің үстінен қарайтын басшылардың парақорлық пен жемқорлыққа қатысы бар екенін ескертті. Сіз өте салмақты материал жасадыңыз, барынша маңызды дәйексөздерді қолдануға тырыстыңыз. Алайда, материал жарияланардың алдында әлгі азамат қатты алаңдаулы күйде сізге телефон соқты. Осы сұхбат жарияланатын болса, жұмысынан айырылып қалуы мүмкін екенін, ол аз болса жеке өміріне же қауіп төнуі ықтимал екенін айтты. Сол себептен, өзінің алдыңғы айтқандарын сәл жұмсартқысы келетінін алға тартты.
 - Бұл жағдайда кіммен ақылдасар едіңіз?
 - Егер ол азаматтың айтқанына көнсеңіз, неден ұтасыз, неден ұтыласыз?
2. Ел премьер-министрімен «баспасөзде жариялау үшін» деп эксклюзивті сұхбат алдыңыз. Сұхбат барысында премьер бірнеше министрді сынға алды. Дәлірек айтқанда, ол министрлердің үкіметке көзқарасының теріс екенін алға тартып, осы әрекеттері арқылы ел экономикасының қауіпсіздігіне нұқсан келтіргелі жүр дегендей айтты. Кеңсеге қайтып келуіңіз мұң екен, премьер-министрдің

баспасөз хатшысы телефон соғып, басшысының ойлана келе сұхбатты жариялаудан бас тартқанын жеткізді. Премьер өзі айтқан жайттарды тек бейресми түрде таратуға ғана рұқсат етіп отыр. Ал баспасөзде жарияланса, бұл мақаланың ақыры коалициялық үкіметтің отставкасына әкеліп соқтыруы мүмкін деп мазасызданады.

- Баспасөз хатшысының өтінішіне қалай қарайсыз?
- Бұл жағдай туралы кіммен ақылдасар едіңіз?
- Егер оның айтқанына көнсеңіз, неден ұтасыз, неден ұтыласыз?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Пойнтер институтының дәйексөздерді «тәртіпке келтіру» сайты:

www.poynter.org/column/asp?id=1&aid=2912

Дәйексөзге қатысты «Вашингтон Посттың» саясаты:

www.poynter.org/column/asp?id=45&aid=61190

«Диктофонға жазу керек па, керек емес пе?» деген сауалға жауап:

www.poynter.org/column/asp?id=52&aid=15200

8-тарау

ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МАҚАЛАЛАРДЫҢ СТИЛИ

Шын мәнінде «жаңалық» дегеннің не екеніне нақтылы анықтама беру өте қиын. Алайда, мақалаға тақырып таңдай білу журналистік шеберлікті таразыға тартатын ең маңызды мәселе ретінде өмір бойы қала беретін шығар, сірә. Бұл тарауда жаңалықтарды бағалау туралы айтылып, жиі қолданылатын мақалалардың түрлері сарапқа салынады.

Журналистердің басым бөлігі «ит адамды қапса», ол ешқандай да жаңалық емес, ал «адам итті қапса», бұл – жаңалық деген қарама-қайшы пікірмен келіседі. Неліктен? Өйткені, иттің адамды қабуы өмірде жиі кездеседі, ал адамның итті қабуы өте сирек, тіпті мүлдем болмайтын жайт.

Дегенмен, жазылып отырған нәрсенің жаңалық екенін анықтаудың толып жатқан қарапайым тәсілдері бар. Қарапайым тілмен түсіндірсек, жаңа деген – жаңадан болған нәрсе. Ол не кездейсоқ оқиға болуы мүмкін, не жүріп жатқан тенденция болуы мүмкін. Әлдекім әлденені жеңіп алуы мүмкін немесе керісінше, жоғалтып алуы да ықтимал. Кікілжің туындауы немесе ол шешімін табуы мүмкін. Бір нәрсе салынған немесе қиратылған болуы ықтимал. Әлдекім сәтсіздікке душар болуы немесе табысқа жетуі де мүмкін.

Жақсы мақаланың басы, ортасы және соңы болады. Жақсы мақала 3-тарауда қойылған сұрақтарға жауап береді: кім, не, қашан, қайда, неге және қалай? Оқырман туралы және оны сіздің мақалаңызды оқуға не мәжбүр еткені туралы ойлаңыз. Айтарлықтай бір нәрсе болды ма? Ол жаңа нәрсе ме? Қызықты ма?



Мақалаға тақырып таңдай білу журналистік шеберлікті таразыға тартатын ең маңызды мәселе ретінде өмір бойы қала беретін шығар, сірә

*Мақалаңызда көтергелі
отырған идеяның
тың екеніне көз
жеткізгіңіз келсе, барлық
жаңалықтан хабардар
болуға міндеттісіз*

Түйткілді мәселе туралы мақала

Мақалаңызда көтергелі отырған идеяның тың екеніне көз жеткізгіңіз келсе, барлық жаңалықтан хабардар болуға міндеттісіз.

Журналистер қауымы үшін, соның ішінде жас журналистер үшін ең үлкен қиындық қандай да бір проблеманың мақала жазуға тұратынын не тұрмайтынын анықтау. Мақала қандай да бір түйткілді мәселе туралы болуы мүмкін, алайда жеке-дара ол проблема мақала бола алмайды.

Мақаланың айтар ойын талқылаған уақытта көптеген репортерлер қоғам өміріндегі қандай да бір түйткілді мәселенің маза бермей жүргенін алға тартып, сол туралы жазғысы келетінін айтады. Бұл себеп болуы мүмкін, алайда жалғыз ғана себеп жеткіліксіз. Ондай проблемалардың арасында кедейшілік, білім беру, қауіпсіздік ісімен байланысты тақырыптар бар.

Журналист айрықша жайтты суреттейтін оқиға тауып, мақала жазу үшін оның дамуы мен тенденциясын бағамдау үшін терең қазбалай түсуі тиіс.

Жаңалыққа тұрлаулылық және оның соңына түсу

Материалды іріктеу процесіндегі елеулі құрамдас бөліктердің бірі – жаңалықтар туралы хабардар болу. Мақалаңызда көтергелі отырған идеяның тың екеніне көз жеткізгіңіз келсе, барлық жаңалықтан хабардар болуға міндеттісіз.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып қойған материалдарды жазудың маңызы жоқ. Қысқа хабар немесе очерк жаңа бір нәрсені мәлімдеп, жаңа бағытқа жол ашуы тиіс.

Үлкен оқиға болып жатқан жерде жаңалыққа тұрлаулылық болуы заңдылық.

Яғни, қандай да бір жаңа оқиға туралы хабарлауыңыз, бір нәрсені жаңа көзқарас тұрғысынан суреттеуіңіз немесе жарияланған мәліметтерді байыта түсу үшін жаңа дерек көздерін қосуыңыз мүмкін.

«Жаңалыққа тұрлаулылық» деген ұғым қандай жаңалықтың қызығушылық тудыратынын, дәл сол сәтте тақырыптың арнайы талқылауға тұратынын немесе тұрмайтынын анықтау дегенді білдіреді. Редакторыңыз бұрын газетте жарияланып қойған нәрсені тағы да басудан бас тартуы мүмкін, сондай-ақ редакторды жаңалықтар алаңынан тыс проблемалар аса қызықтырмауы да мүмкін.

Дегенмен, біржақты жауап беру қиын, әр редактор жаңалыққа тұрлаулылық мәселесіне қатысты әртүрлі көзқараста. Кейбір журналистер жаңалыққа тұрлаулылық тұжырымдамасының жалпылама көзқарас екенін, мұның бұқаралық ақпарат құралдарын қатты шектейтінін алға тартады. Журналистер тәуелсіз басылымдар жаңалықты өздері анықтауы тиіс деп есептейді. Оқиғаның артына түсе берудің түкке қажеті жоқ дейді ондай журналистер. Алайда, үлкен оқиға болып жатқан жерде жаңалыққа тұрлаулылық болуы заңдылық.

Жаңалыққа тұрлаулылық ережесіне бағыну мақала негізгі мәселелер мен маңызды проблемаларға негізделуі керектігін білдіреді. Мақала ең маңызды жаңалықпен тікелей байланысты болуы мүмкін, мәселен, премьер-министрдің өліміне тікелей байланысты болуы мүмкін. Немесе белгілі бір кезеңде жаңалыққа жатпайтын, бірақ қандай да бір тақырыпты, мәселен, қоғамдағы зорлық-зомбылық пен қару-

*Үлкен оқиға болып
жатқан жерде
жаңалыққа тұрлаулылық
болуы заңдылық*

Өзіңіз қызмет ететін газетпен қатар, міндетті түрде бәсекелестеріңіздің басылымын және өз көзқарастарыңызға қайшы газеттерді де оқыңыз

жарақ қолданудың кеңінен таралуын барынша жан-жақты жариялауға ықпал етуі ықтимал.

Өзіңіз қызмет ететін газетпен қатар, міндетті түрде бәсекелестеріңіздің басылымын және өз көзқарастарыңызға қайшы газеттерді де оқыңыз.

Көп жағдайда мақаланың кіріспе сөйлеміне түзету енгізу арқылы редакторлар материалды өзекті жаңалыққа сәйкестендіруі мүмкін. Алайда, оқиғаның дамуы қарқынды жүретін болса немесе жаңалықтың себебі ескіріп қалса, материалыңыздың нөмірден түсіп қалуы мүмкін екенін естен шығармаңыз.

Қалай болғанда да, кез келген уақытта басты жаңалықтарды білуіңіз қажет. Жаңалыққа тойымсыздық журналистің ең маңызды міндеттерінің бірі. Оқуға мүмкіндігіңіз бар нәрсенің барлығын оқыңыз. Оқи алатыныңыздың бәрін оқыңыз. Өзіңіз қызмет ететін газетпен қатар, міндетті түрде бәсекелестеріңіздің басылымын және өз көзқарастарыңызға қайшы газеттерді де оқыңыз. Басқа елдерден келетін газеттерді де қалт жібермеңіз, интернет желісін кезіңіз. Қадағалап отыруыңызға тиісті бұқаралық ақпарат құралдарының тізімін жасап алып, оларды ұдайы қарап шығуды дағдыға айналдырыңыз. Сонымен қатар, электронды ақпарат құралдарын да қадағалаңыз. Әсіресе, ертеңгі және кешкі басты жаңалықтарды жіберіп алмаңыз.

Әркімнің өз талғамы бар!

Адамдарды қандай типтегі мақала қызықтыруы мүмкін екенін қалай түсінуге болады? Жауап қарапайым: адамның біліміне, кәсіби деңгейіне және қай жерде тұратынына қарай, олардың қызығатын тақырыптары да әртүрлі болып келеді.

Сонымен, бірінші ереже – өз аудиторияңыздың қызығушылығын ескеру. Аудитория сіздің мақалаңызға қызығушылық таныта ма? Елдің ол туралы білуі міндетті ме? Мәселен, халықаралық аудитория үшін жол апаты болып, екі адамның қаза тапқаны туралы оқу түк те қызық емес. Ал егер ол екеудің біреуі шетел азаматы немесе бүкіл әлемге танымал тұлға болса, онда әңгіме басқа.

Дегенмен, кейбір мақалалар халықаралық аудиторияны жергілікті бояуымен баурап алуы мүмкін, керісінше, жергілікті аудитория оған ешбір селт етпеуі мүмкін. Мәселен, Фарер аралдарындағы кит аулау шарасы; туристер үшін тартымды курорт; қызықты археологиялық ерекшелік немесе жергілікті ұлттық фестиваль.

Көлік апаты жол жағдайының нашарлығы туралы очеркті туындатуы мүмкін. Немесе соңғы оқиғадан кейін жолдарды жөндеу мәселесі көтеріліп, өзге де қауіпсіздік шаралары қарастырылып жатқан болуы ықтимал. Очеркке тақырыпты кез келген жерден табуға болады, тек оларды іздеу керек. Жақсы журналист очерк тақырыбын табу үшін көзін, құлағын және өз эрудициясын пайдаланады.

Мақалалардың түрлері

Көптеген ақпарат агенттіктері мақаланың негізгі төрт түрін көрсетеді, IWPR-дың тәжірибесінде де солай. Қалай болғанда да, қандай түрдегі мақала жазу қажеттігін білуіңіз тиіс:

- **Жаңалыққа құрылған мақала** – оқиғалар немесе тенденциялар туралы жаңалық. Мұндай мақала өткір және тепе-теңдікке құрылған болуы тиіс. Салыстырмалы түрде алғанда, көлемі де қысқа болады.
- **Очерк** – оқиғаны, тенденцияны, оқиға болған жер мен оған қатысы бар тұлғаны жан-жақты суреттеуге мүмкіндік беретін кеңейтілген мазмұндама («фичерз» деген атпен де белгілі).
- **Ақпараттық-сараптамалық мақала** – басты кейіпкерлер мен мамандардың аузынан шыққан дәйексөздерге сүйену арқылы оқиғалар мен тенденцияларға талдау жасау; талдау болғаннан кейін пікірлер де болуы мүмкін, алайда олардың жан-жақтылығын қамтамасыз етіп, байсалды және ұстамды болуына назар аудару керек.
- **Комментарий** – оқиға туралы қандай да бір тараптың көзқарасын білдіретін біржақты пікір немесе нақтылы дәйектер. Сондай-ақ, мәселені қайда бағыттауды көрсететін ұсыныстар болуы да мүмкін.

Мақалаға тақырып таңдауда материалдың қандай болатынын журналист өзі міндетті түрде білуі керек, оған қоса редактормен ақылдасқан жөн.

Жаңадан болған оқиға, яғни ұшақ апаты, саясаткерлердің өлімі немесе жаңа тұтанған соғыс қана жаңалық бола алады.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтқа арналған мақалалардың дені – жаңалыққа құрылған мақалалар мен очерктер. Оларда тұрақты талдаулар болады. Комментарийлер сирек шығады. Болған күнде де оны танымал журналистер мен көпшілік мойындайтын сарапшылар ғана жазады.

Бейтараптық қағидасына берік болу үшін түрлі мақалалардың арасында белгілі бір шек болуы керек. Ең бастысы, жаңалықтар мен комментарийлер бөлек-бөлек орналастырылуы тиіс.

Жаңалыққа құрылған мақалалар

Мұндай мақалалар жедел (немесе күтпеген) жаңалықтар және жоспарлы жаңалықтар болып бөлінеді. Соңғысы кейде «күнтізбелік» материал деп те аталады. Өйткені қандай да бір іс-шараның қашан болатынын білетін бұқаралық ақпарат құралдары оларды жариялау үшін алдын ала өз күнтізбесіне енгізеді.

1. Жедел жаңалықтар дегенді көпшілік төтенше жаңалықтар деп түсінеді. Ол көбінесе енді ғана болған оқиға болуы мүмкін: ұшақ апаты, саясаткерлердің өлімі, дауыл салдарынан тұрғын үйлердің қирап қалуы, соғыс өртінің тұтануы, аймақтағы күшті жер сілкіністері, вулканның атылуы және тағы басқалар. Тәулік бойы жұмыс жасайтын жаңалық арналары оларды «тосын жаңалықтар» деп атайды және көрермендердің назарын аудару үшін экранда мәтіннің астынан қызыл жолақ жібереді.

Жаңадан болған оқиға, яғни ұшақ апаты, саясаткерлердің өлімі немесе жаңа тұтанған соғыс қана жаңалық бола алады

2. Жоспарлы жаңалықтар, аты айтып тұрғандай, алдын ала жоспарланады (жоғарыда айтылғандай, олар көбінесе кеңселік күнтізбеде болуы мүмкін). Олар бастапқы жоспарға сәйкес қарастырылған оқиғалар кестесінің төңірегінде өрбиді: мемлекет басшысы жолдау жасайды немесе компаниялар өткен жылғы қаржылық нәтижелер туралы баяндамасын жариялайды. Сондай-ақ, мерейтойлар мен айтулы күндер туралы мақалалар жазу да жақсы сылтау. Мысалы, тарихи оқиға туралы, тәуелсіздіктің 10 жылдығы жөнінде немесе трагедиядан кейінгі онжылдық турасында болуы мүмкін.

Мұндай мақалаларды жазу үшін күнібұрын керекті материалдар жинаған дұрыс. Алайда, кездейсоқ жайттардың көп болатынын есте сақтаған жөн: тосын жаңалықтар жоспарлы жаңалықтарды дайындауға кедергі келтіруі ықтимал. Мысалы, президентке ел алдында сөйлеп тұрған кезінде қастандық жасалуы мүмкін немесе сөз сөйлеуші алдын ала дайындалған баяндамадан ауытқуы мүмкін. Журналист оқиғаның осылайша өрбуіне де дайын болуы керек. Жоспарлы жаңалықты күні бұрын дайындап, тексерместен тапсырған журналистер арасында кенеттен болған өзгерістер туралы бәсекелестерінен біліп, басы дауға қалатын жағдайлар да кездеседі. Мұндай репортаждар оқырманды немесе тыңдарманды шатастырады. Жалпы, жақсы репортер алдын ала күтпеген оқиғаларға дайын болуы тиіс.

Очерктер

1. «Зерттеу» очерктері. Кейде мақаланың өзі жаңалық болып шығады. Мәселен, ешқандай жаңалығы болмаса да, мақалаға орай жүргізілген тексерулердің нәтижесі біздің көзқарасымызды түбегейлі өзгертуі мүмкін. Сондай-ақ, болып кеткен немесе болып жатқан оқиға туралы жаңа деректерді жария етуі ықтимал.

Ірі қақтығысты жағдайлардан кейін журналистер оқиғаға қатысушы саясаткерлерден, елшілерден, генералдардан алынған ақпараттарға негізделген кітаптар шығарып, ауқымды мақалалар жариялайды. Соғыс әлдеқашан аяқталғанына қарамастан, бұл репортерлар оқиға барысын біз бұрын ойламаған аспектіде түсіндіруі мүмкін.

Кейде «зерттеу» очерктері өндірістік қоймалардағы қылмыстық әрекеттерді, әлеуметтік азшылықтардың проблемасын, күннен-күнге қарқынды дамып келе жатқан экологиялық дағдарыс, білім беру ісіндегі оң өзгерістер туралы мәнжайды ашуы мүмкін. Бұндай мақалалардың өзгешелігіне келсек, міндетті түрде шарықтау шегі болады. Сондай-ақ, журналист мәселені тереңдеп қазбалаған сайын мақаласында жаңалық ашады.

Халықтың басқа адамдардың өміріне әрдайым қызығушылықпен қарайтынын естен шығармау керек.

*Халықтың басқа
адамдардың
өміріне әрдайым
қызығушылықпен
қарайтынын естен
шығармау керек*

2. Оқырмандардың кең көлемі үшін танымал және қызықты, өзіндік бояуы бар очерктер. Олар көңіл көтеру бағытында болуы мүмкін. Мұндай очерктерді жазу журналистердің жазу шеберлігін қалыптастырады. Оларда «өзекті жаңалық» болуы міндетті емес. Көпшілік үшін қызықты очерктер ақпараттық болуы да мүмкін; мәселен, саяси көшбасшы, саяхат немесе тағам туралы. Спорттық және көңіл көтеретін іс-шаралар да танымал тақырыптардың қатарында. Ондай материалдар «адамның қызығушылығын оятатын» мақалалар деп те аталады. Сайып келгенде, жақсы мақала атану үшін міндетті түрде терең және маңызды болу міндетті емес. Мерзімді басылымдар үшін очерк жазудағы ең басты қағида жақсы идеяның болуы және мұқият зерттеу жүргізу. Жазуға кіріспес бұрын тақырыпты мұқият талдап алу қажет. Сосын мақаланы шиеленісті әрі тартымды етіп жазып шығуға болады. Очерктің құрылымы қисынды, қорытындысы қызықты болуы шарт.

Очеркте кең ауқымды мәселені суреттеу үшін өзіндік тақырыптан немесе тенденциядан бастауға болады.

Мысалы, халықтың ауылдан қалаға кетіп жатқанын жазбақ болсаңыз, нақтылы бір ауылды тауып, сол ауылдың тұрғындарын сөйлетіңіз. Олар мәселені жандандырып, тығырықтан шығу жолдарын көрсетуі мүмкін. Халықтың басқа адамдардың өміріне әрдайым қызығушылықпен қарайтынын естен шығармау керек.

Егер қандай да бір жоба туралы жазғыңыз келсе, сол жобаға тікелей қатысы бар адамдардың аузымен суреттеуге тырысыңыз. Кез келген тақырыпты жазғанда адамшылықтан аттамауды ойлаңыз.

Кез келген көріністі статистикалық мәліметтермен және жан-жақты ақпаратпен толықтыруға болады. Алайда, олардың адамға әсер-ықпалы қаншалық екенін суреттемейтін болсаңыз, ол өте сұрақсыз болып шығуы мүмкін.

Ақпаратты-сараптамалық мақала

Жаңалыққа құрылған мақаламен салыстырғанда, ақпаратты-сараптамалық мақалада оқырманға көп мағлұмат беріледі. Әдетте журналист мәселенің егжей-тегжейіне терең бойлап, көп түсініктеме беруге тырысады. Дегенмен, оқиғаның дамуы туралы тез арада мақала жазып шығу оңай да емес. Мұндай жағдайда дерек жинау, сәт сайын өзгеріп отырған оқиғадан хабардар болу едәуір қиындық тудыруы мүмкін (мысалы, жарылыс салдарынан қаза табушылардың саны сәт сайын артуы мүмкін). Мұндай мақаланы оқыған уақытта оқырман оның не үшін маңызды екенін аңғаруы шарт (яғни, «онда тұрған не бар екен?» деген тесттен өтуі тиіс). Алайда, мұндай мақалалар алғашқы маңызды деректерден кейін жасалатын талдаумен араласпауы керек.

Оқиға басылып, жаңа жайттар толықтай жарияланғаннан кейін тақырыпқа қайта оралып, жеке сараптамалық мақала жазуға болады. Бірақ, кәдімгі мақаладан көлемі сәл ғана үлкен және көбірек контекстік детальдары бар мақаланы «сараптамалық мақаламен» шатастыруға болмайды.

Талдау болған оқиғаға қатысты пікір білдіре алатын және оқиғаның себептерін ашып көрсететін, оның қазіргі кездегі және болашақтағы маңызын түсіндіре алатын саясаткерлердің, әскери басшылық пен көмекші қызметкерлердің, дипломаттардың көзқарасын іздестіруді қажет етеді. Мұны бұлжытпай орындауға тырысыңыз және тақырыптың тереңіне үңіліңіз.

Комментарий

Ақпараттық басылымдар көбінесе мақала-комментарийлерді жариялайды. Ең бастысы, олар осылай атап көрсетілуі тиіс. Оқырман бейтарап және объективті ақпараттық мақала емес, керісінше болған жағдай немесе болатын жағдай туралы әлдекімнің көзқарасын оқып отырғанын анық түсінуі керек.

Комментарийді журналист өзі жаза алады. Немесе сарапшыларға, дипломаттар мен саясаткерлерге жүгінеді. Журналистер штаты көп кейбір газеттер жаңалықтармен жұмыс жасайтын журналистерді комментарий жазатын командадан толығымен бөліп тастап, «Қытай қамалы қағидасын» (Chinese Wall principle) пайдалана алады.

Батыстағы көптеген ақпарат агенттіктері жарияланатын комментарийлерде тепе-теңдіктің сақталуына назар аударады. Мәселен, сайлау науқанында қандай да бір партияның өкілі газетке комментарий берсе, басқа жетекші партияларға да басылым бетінен комментарий үшін дәл сондай көлемдегі орын беріледі. Кейбір телерадиокомпаниялар негізгі саяси партияларға теңдей эфир уақытын бөлетін ережеге бағынады.

Комментарий жазу мүмкіндігі бар екен деп жала жабатын мәліметтерді таратып, экстремистік пиғылды көрсетуге немесе нәсілдік кемсітушілікке жол беруге болмайды. Редакциядағы аға қызметкер комментарийде кәсіби журналистиканың белгіленген стандарттары бұзылмауына кепілдік беруге міндетті.

Комментарий жазу мүмкіндігі бар екен деп жала жабатын мәліметтерді таратып, экстремистік пиғылды көрсетуге немесе нәсілдік кемсітушілікке жол беруге болмайды

ЖАТТЫҒУЛАР

Төмендегі ақпараттарды оқып, жаңалықты анықтаңыз. Тақырыпты әрі қарай өрбіту үшін репортер не істеуі қажет? Мысалы, сіз қандай мақала дайындаған болар едіңіз?

1. Жас босанушы аналарға лайықты медициналық жағдай жасалмайтындықтан, көптеген балалар дүниеге келмей жатып көз жұмады. Бұл әсіресе астанадан және ірі қалалардан жырақ жерлерге тән.
2. Үкімет тауарды шекарадан кедендік алым-салықтарды төлемей, жасырын тасымалдайтын контрабандашыларды ұстау мақсатымен ең маңызды деген сауда жолдарын күзетуге әскерді жұмылдырды.
3. Марафон нәтижесі бойынша, Білім министрлігі 10 миллион доллар жинады.
4. Биыл елге оралған көптеген бұрынғы босқындар өмір сүрудің қиындап кеткенін алға тартып отыр.
5. Кейбір босқындар тұрғын үй жағдайынан қысылғандарын алға тартып, муниципалитет алдында наразылық білдірді.

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Columbia Journalism Review-пен серіктестікте жұмыс істейтін журналистерді оқыту мен зерттеу жұмыстарын жүргізуге қатысты сілтемелер (Колумбиялық журналистикаға шолу):

www.powerreporting.com

Компьютерді пайдалану арқылы репортаждар дайындау жөніндегі нұсқаулық:

www.nicar.org

БАСПА СТИЛЬДЕРІ



Оқырман мен тыңдарманды шатастыратын немесе оларға кедергі келтіретін қарама-қайшылықтарға жол бермеу – жалпы стильге ортақ міндет

ОҚЫРМАН МЕН ТЫҢДАРМАНДЫ ШАТАСТЫРАТЫН НЕМЕСЕ ОЛАРҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕТІН ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАРҒА ЖОЛ БЕРМЕУ – ЖАЛПЫ СТИЛЬГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ.

Баспа стилі дегеніміз – газет, веб-сайт, өзге де баспа өнімдері мен телерадиокомпаниялардың ішкі келісімді қамтамасыз ету мақсатында барлық материалдар мен барлық авторлар үшін белгілейтін бірыңғай тілдік және грамматикалық ережелері.

Кез келген жарияланымның мақсаты – өте көп күш жұмсамай-ақ ақпаратты мейлінше түсінікті етіп жеткізу. Бірыңғай стиль осы мақсатқа жеткізетін құралдардың бірі. Бірыңғай стиль деген ойды бір мәнерде жеткізу деген сөз емес, сөзсіз, әрбір автор өзіндік жазу стиліне ие. Ең бастысы, оқырман мен тыңдарманға кедергі келтіретін қарама-қайшылықтар мен жаңылыс жайттарды болдырмау. Аудитория ақпараттың бірыңғай тәсілмен ұсынылатынын күтуге құқылы. Жарияланымдар «бір дауыспен» шықса, ол басылымға деген сенімді нығайта түседі.

Кейде өзіндік стиль мен мәнер басылымның дара ерекшеліктерінің бірі болуы мүмкін және ол мұқият сақталады. Мысалы, Британияда бульварлық баспасөз қысқа сөйлемдерді қолданады. Материалдардың атаулары да қысқа болып келеді. Ал «The Economist» журналында мазмұнына қарамастан, барлық айдарлар бойынша материалдарды баяндау барысы біркелкі мәнерге ие.

Тұрақты ережелер жиынтығы авторларға басылымның талаптарына сәйкес келетін нұсқаны ұсына отырып, уақытты да үнемдейді. Ал редакторларды орфография, грамматика және басқа да мәселелер бойынша жиі қайталанатын сұрақтарға дайын жауаптармен қамтамасыз етеді.

Өртүрлі диалектісі бар тілдерде басылым қандай да бір материалдың қай диалектіде шығатынын өздері анықтайды. Жалқы есімдер басқа әліпбиге жазу емлесін (орфография) өзгерту арқылы жеткізіледі. Барынша жүйелі және айқын болу үшін біркелкі жазуға тоқтау қажет.

Кейде мұндай шешім қабылдау саяси пікіталас тудырады: Косово (сөздің серб тілінде жазылуы) немесе Косова (албандық жазу) деп жазу керек пе? Редактор бірізділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, соңғы сәтте туындауы мүмкін келіспеушілікті болдырмауға да кепіл болуы керек.

Осындай себептерге орай барлық мерзімді басылымдар, агенттіктер мен телерадиокомпаниялар нақтылы белгіленген баспа стиліне бағынады.

Әдетте редакторлар бастапқы кезде стиль жөніндегі ішкі нұсқаулыққа жүгінеді; ондай анықтамалықтар көпшілікке мейлінше түсінікті жалпы жетекшілікпен қамсыздандырылады (мысалы, «Ассошиэйтед Пресс» пен «Экономист» басылымдарында кең танымал және көп қолданылатын анықтамалық бар). Яғни, қажет болған жағдайда алдын ала сайланып қойған сөздікке сілтеме жасалады.

Стиль үлгілері

Бірыңғай стильді қажет ететін ең қарапайым мысал даталарға қатысты. Көптеген елдер күн күнтізбесімен жүреді. Дегенмен, мұсылмандар, православтық христиандар мен еврейлер өз тарихының әртүрлі кезеңдеріне негізделген әркелкі күнтізбелерді пайдаланады.

Дәстүрлі ай күнтізбесін пайдаланатын мұсылмандар жылды өз бетінше белгілейді, ол Батыс күнтізбесінде қолданылатын халықаралық ауқымға сай келмейді. Сіздің аудиторияңыз үшін күнтізбенің қайсысы қолайлы болуы мүмкін? Сіздің басылым үшін қайсысы тиімді? Қандай жағдайда екі күнтізбеге бірдей сілтеме жасауға болады?

Батыс күнтізбесі жылды 2003 деп белгілеген кезде, мұсылмандық діни күнтізбе хижрадан кейінгі 1421/22 жыл деп жазады.

Батыс әдетте негізгі белгілер ретінде BC және AD белгілерін (Христос туылғанға дейін және Біздің Жаратқан иеміздің жылы) пайдаланады. Батыстық тарихшылар батыстық күнтізбені пайдалануда бейтарап бағытты ұстана отырып, б.д.д. (біздің дәуірге дейінгі) және б.д. (біздің дәуірдің) деген белгілерді пайдалана алады. Бұл христиандық символдардан арылуға көмектеседі.

Сіз жұмыс істейтін басылым қандай күнтізбені пайдаланады? Әлдекімнің дәйексөзін келтіру кезінде басылым әдетте пайдаланатын күнтізбеден басқасын пайдалануға тура келсе, оны өзгертуге немесе оған түсініктеме беруге болады.

Шетел тіліндегі сөздер де ерекше стилистикалық ережелерді қажет етеді. Бұл әсіресе арнайы қолданысқа ие сөздер мен жаңа атауларға немесе ғылыми лексикадан алынған сөздерге қатысты. Оларды аудару қажет пе? Әлде түсініктеме беру

арқылы (немесе түсініктемесіз) түпнұсқадағыдай етіп беру керек пе? Баспа стилдерін ретке келтіретін осындай бірқатар сауалдар бар.

Ағылшын тіліндегі басылым өз материалдарын Біріккен Корольдікте және Құрама Штаттар аумағында таратқан уақытта да белгілі бір мәселелер туындайды. «Англиялық ағылшын» тілі мен «американдық ағылшын» тілінің орфографиясы бір-біріне ұқсамайды әрі бұл елдердің журналистік стильдері де бір-бірінен өзгеше. Кейде қайсыбір ұйымдарға материалды баршаға түсінікті етіп жазу үшін екі нұсқада дайындауға тура келеді.

Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары айтарлықтай проблемаға алып келетін сөздер мен сөз тіркестерінен қашады. «Рейтерс» ақпарат агенттігі басқа адамның сөзін жеткізуде «уәде берді», «қорқытты» деген сөздерді пайдаланбауға тырысады. Бұл екі сөз екі түрлі мағынаға ие, бірі – оң, екіншісі теріс мағынада қолданылады. Дегенмен, мұндай сөздерді қолдану мақала авторының көтеріліп отырған мәселеге қатысты өзіндік пікірі бар екенін аңғартады. Ал «Рейтерстің» стилі материалдардың объективті әрі бейтарап стильде қабылдануына кепілдік беруге бағытталған.

«Рейтерс» «лаңкес» және «лаңкестік» деген сөздерді қолданудан қашады, мұндай саясатты IWPR да ұстанады.

«Лаңкес» және «лаңкестік» деген терминдер бұлдыр әрі экспрессивті болып табылады, сондықтан оларды барынша анық әрі түсінікті сөздермен алмастыру керек. Көпшілік аталған сөздердің кең таралғанын алға тарта отырып, стильге қатысты бұл ережені қайшылықты деп санайды. IWPR дәйексөз келтіруден басқа жағдайларда бұл терминдерді қолданбауға тырысады.

Стиль ұғымына пунктуация да жатады. Түрлі басылымдар тыныс белгілеріне қатысты әртүрлі стильге бағынуы

«Лаңкес» және «лаңкестік» деген терминдер бұлдыр әрі экспрессивті болып табылады, сондықтан оларды барынша анық әрі түсінікті сөздермен алмастыру керек

мүмкін. Мәселен, дәйексөз келтіргенде кей басылымдар бір (') тырнақшаны пайдаланатын болса, енді біреулері қос (") тырнақшаны қолданады. Англиялық және американдық басылымдардың тыныс белгілерін келтіруі екі түрлі. Ұлыбританияның басылымдарында дәйексөз тырнақшаға алынбайтын болса, АҚШ-тың редакторлары дәйексөзді тырнақшаға алуға бейім.

The Economist адамдарға қатысты үнемі «мырза» немесе «ханым» деген сөздерді қолданады. Кейбір басылымдар мұндай титулды ешқашан қолданбайды немесе есімі бірінші рет аталған жағдайда ғана қолданады.

Кейбір газеттер басылымдардың атын курсивпен жазады. Енді біреулері атауды тырнақшаға алады. Кейбіреулері аталған екі тәсілдің ешқайсысын пайдаланбайды.

Айтылған әңгіменің дені талғамға байланысты нәрселер. Соған қарамастан, бірізділікті қамтамасыз ету үшін басылым және газет ұжымы бастапқы кезде қабылдаған бір ғана стильді қолдануы керек.

ЖАТТЫҒУЛАР

Стильге қатысты кейбір мәселелерді әріптестеріңізбен талқылаңыз:

1. Сіз істейтін газетте баспа стилі бар ма?
2. Басылымдарыңызда ұдайы баспа стилін бірізділікпен қамтуды қажет ететін сөз қолданыстары бар ма? Бар болса, ондай мысалдарды еске түсіре аласыз ба?
3. labour/labor, homogenise/homogenize деген сөздерді жаған уақытта англиялық орфографияға бағынасыз ба, әлде американдық орфографияға жүгінесіз бе?
4. Мақаланың бейтарап және объективті стиліне сай келмейтін «арандатушы» сөздерді еске түсіре аласыз ба?
5. Үш басылымды салыстыратын болсаңыз, олардың баспа стиліндегі айырмашылықты тап басып таба аласыз ба?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

IWPR-дің баспа стиліне қатысты қосымша ақпаратты мына жерден қарауға болады:

www.iwpr.net/index.pl?development/resorces/training_styleguide.html

Қолыңызда жақсы сөздіктің болуы маңызды. Интернетте Халықаралық ағылшын тілінің *Кембридж сөздігінің электрондық нұсқасы* бар:

dictionary.cambridge.org

АҚШ-тың медиа нарығы үшін Ассошиэтед Пресстің баспа стилі жөніндегі кітап үлгі болып табылады:

www.ap.org/pages/order/html

Экономистің стилі жөніндегі анықтамалық:

www.economist.com/research/StyleGuide/index/cfm

Amazon.com. *Сөздік форматында ыңғайлы етіп құрастырылған Нью-Йорк Таймстің* стилін қолдану жөніндегі нұсқаулықтың сандық нұсқасын сатады.

Вильям Странк Мл. және Е.Б.Уайт Стиль негіздері атты оқулықта ағылшын тіліндегі жазу стилі туралы жалпы мағлұмат береді. Уайттың алғысөзі мен толықтырулары бар жетілдірілген нұсқа да көпшілік көңілінен шыққан. Оның түпнұсқасын мына сайттан табуға болады: **www.bartleby.com/141**

10 - тарау

ЖАЛА ЖАБУ ЖӨНІНДЕ

Сөз бостандығының ажырамас құқығы журналистің осы құқықты жауапкершілікпен қолдана білу талабымен реттеледі. Медиа-репортаж субъектілері өздеріне жала жабылған жағдайда сот төрелігіне жүгіне алады.

Жала жабудан қорғайтын заңдар әр мемлекетте әртүрлі болып келеді. Нақтылы өз еліңізде жала жабу дегеннің не екенін және адамның жеке өміріне қол сұғылмауын реттейтін қандай заңдар бар екенін анық білу қажет.

Репрессивті билік объективтілігіне қарамастан, жарияланымның өздеріне жала жапқанына айғақтар келтіре отырып, сын айтушылардың аузына құм құю үшін осы тараптағы заңдарға жүгіне алады. Сот органдарының тәуелсіз жүйесі қалыптаспаған елдерде мұндай процестердің ақыры жергілікті журналистердің ұзақ уақытқа түрмеге қамалуымен аяқталады.

Англияда жала жапқаны үшін жауапкершілікке тартатын заңдар тым қатал. Ал жаладан қорғану үшін кең көлемді еркіндіктерді ұсынады. Журналистерге толып жатқан қорғаныс құралдарын ұсына отырып, өздерінің кінәсіз екенін дәлелдеуді журналистердің өз құзырына қалдырады. Бұл елде азаматтық істер бойынша салынатын айыппұлдардың мөлшері тым көп екеніне қарамастан, жала жапты деген айыппен қозғалатын істер өте сирек кездеседі.

Құрама Штаттарда жала жабуға қатысты жауапкершілікті реттейтін заңдар сәл басқаша. Бұл елде жала жапты деп өтініш беруші шын мәнінде жала жабылғанын нанымды түрде дәлелдеуі тиіс. Әсіресе, қоғам қайраткерлерінің біраз тер төгуіне тура келеді (жеке тұлғалар үшін заңнама өзгеше).



Сөз бостандығының ажырамас құқығы журналистің осы құқықты жауапкершілікпен қолдана білу талабымен реттеледі

«Жала жапты» деген айыпқа қарсы ең жақсы қорғаныс – журналистік жұмысты адал атқару

Құрама Штаттарда жала жапты деп арыз беруші қоғам қайраткері репортердің жалған ақпаратты жариялап қана қоймай, мұндай әрекетке өрескел қателік салдарынан жол бергенін және оны қасақана жасағанын дәлелдеуге тура келеді. Мәселенің рас-өтірігін анықтауға талпынбағанын да дәлелдеуі керек. Шынында да, мұндай әрекет әдейі жасалуы мүмкін.

Қорғанудың ең жақсы құралы – бейтарап журналистика

Журналистер өсек таратып, жала жапқаны үшін жауапкершілікке тартылатынын білуі тиіс және жеке адамның өміріне қол сұқпау туралы заңдарды құрметтеуі тиіс. Ондай заңдар жеке тұлғаның «атына кір келтірмеу» құқығы мен жеке адам өміріне бөгденің араласпау құқығын қорғайды.

Алайда, кей жағдайда тепе-теңдік сақталмауы мүмкін. Жаңағыдай заңдар журналистердің өз жұмысын адал атқаруына кедергі келтіріп, оларға қысым жасамауы тиіс. «Жала жапты» деген айыпқа қарсы ең жақсы қорғаныс – журналистік жұмысты адал атқару: тыңғылықты, объективті және негізді репортаждар, мұқият және ұқыпты редакциялау, сондай-ақ, материалды бейтарап жеткізу.

Заңдар мен оларды қолдану тәсілдері ұдайы өзгеріп отыратындықтан, журналистер өз жұмысында өте мұқият болуы тиіс. Әрі материалдарының басқа елдерге таралуы

мүмкін екенін де естен шығармаған жөн. Мәселен, материал ағылшын тілінде таралатын болса, онда журналистер Англия мен Құрама Штаттардағы жала жабуға қатысты заңдарды білуі тиіс. Англияның қатал заңы осы тарауда егжей-тегжейлі талқыланатын болады.

«Қолайлы» сотты іздестіру

Көп жағдайда жала жабу туралы сот істері шетел соттарында тыңдалады, бұл олардың юрисдикциясы үшін әдеттегі жайт болуы мүмкін. Мерзімді басылым жарияланымдары жарияланған елдерде де, журналистер жұмыс істейтін жерлерде де емес, көбіне-көп баспа өнімі сатылатын және таралатын елдерде сот арқылы қудаланады. Интернет желісі кең қанат жайған сайын осындай «эксаумақтық» сот істері көбеюде. IWPR-дағы сіздің мақалаңыздың да бірнеше мемлекеттің сотында жала жапты деген айыппен шағым нысанына айналуы мүмкін.

Бұл «қолайлы сотты іздестіру» деп аталады, яғни шағымданушының жала жапты деген айыптау бойынша қозғалған сот ісінде жеңіп шығуға үлкен мүмкіндігі бар мемлекетте іс қозғауды қалауы.

Мысал ретінде соңғы жылдары эксумақтық юрисдикция бойынша бүкіл әлемде кең таралған Dow Jones & Company Inc v Gutnick (Доу Джонс энд Компани Инк Гутникке қарсы) ісін алуға болады. 2002 жылғы 10 желтоқсанда Австралияның Жоғарғы соты баспагер Доу Джонске оған тиесілі АҚШ-тың Barron's Online электронды сайтында басылған мақалаға орай Австралияның Виктория штатынан шағым жаса-

Өзіңіздің шығармаңызды он-лайн түрінде жариялайтын болсаңыз, сіздің жазғаныңызды ондаған елдерде оқитынын және сол елдердің кез келгенінде оған наразылық тууы мүмкін екенін естен шығармағаныңыз жөн

луы мүмкін деген қаулы шығарды. Рейтер және Amazon.com сияқты агенттіктердің Доу Джонсты қолдау үшін сотқа жасаған ұсыныстарына да, ақпаратты жариялаған сервердің орналасқан жеріне де қарамастан, шағымданушы Джозеф Гутниктің жала жабу туралы дәлелсіз айыптауына қатысты сот процесі Виктория штатында өтті.

Әлбетте, мұндай сот ісі кез келген жерде осылай табысты өтуі әбден мүмкін еді. Судьяның қаулысында былай делінген: «Менің жеке өзіме келсек, мен тікелей себепті көріп тұрған жоқпын. Неліктен десеңіз, егер қандай да бір тұлға бірнеше юрисдикцияның шеңберінде жала жапты деп есептейтін болса, сол юрисдикцияның ешқайсысында тараптардың бірі бола алмайтынына тікелей себепті көрмей отырмын».

Осы іске қатысты бұл қаулы Австралия мен басқа да елдердегі көптеген сот процестеріне жол ашуы мүмкін еді.

Интернет арқылы жала жабудың кәдімгі жала жабудан ешқандай айырмашылығы жоқ. Егер сіз біреуге жала жапсаңыз, онда сіз сол елдегі сот алдына келуіңізге тура келеді. Өзіңіздің шығармаңызды он-лайн түрінде жариялайтын болсаңыз, сіздің жазғаныңызды ондаған елдерде оқитынын және сол елдердің кез келгенінде оған наразылық тууы мүмкін екенін естен шығармағаныңыз жөн.

Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарына келешекте әр елдегі жала жабуға қатысты заңдарды білу қажеттілігі туады. IWPR жала жабу туралы көпұлтты және халықаралық сот

істері ережелеріндегі өзгерістерді мұқият қадағалап, кез келген маңызды өзгерістер туралы редакторлар мен басқа да қызметкерлерге кеңес береді.

Қазіргі таңда үшінші елдердің заңнамаға қатысты ұсыныстары айқын:

- өз елінің заңнамасын білу
- Англияның заңнамасын білу
- үшінші елдерде жала жабу туралы заң Англиядағыдай қатал болуы ықтималдығын ескеру

Байыппен ойлау тұрғысынан қарағанда

Түрлі заңнамалардың өзіне тән ерекшеліктеріне үңілместен бұрын мәселеге байыппен ойлау тұрғысынан қарау маңызды:

- Нақтылық пен объективтілікке қатысты шағымдарды мұқият қарап, қателіктерді тез арада түзету керек. Ашулы оқырманға сыпайылық танытсаңыз және қателіктеріңізді түзететініңізді жеткізсеңіз, әрі қарай әрекет етуге аса қатты тырыспауы мүмкін. Тез арада қателікті түзету сотта жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде де қарастырылуы мүмкін.

- Ешқашан сот процесінің қауіптілігіне елеусіз қарамаңыз. Болған жағдай жөнінде тез арада бас редактормен сөйлесіңіз. Ешқандай да салдары болмайды деп үміттенбеңіз.
- Бас редактордың кінәратты мәселелерге қатысты мақаланы жариялағанға дейін тексеру мүмкіндігі бар екеніне көз жеткізіңіз. Заң кеңесін қажет ететін жағдайларда (шағым беруі ықтимал тұлғадан қорғану талап етіле ме немесе белгілі бір жағдайларды алға тарта отырып, қатқыл арыздан құтылу мүмкін бе?) редактордың көмекшісі материал жарияланардың дәл алдында жеке-дара шешім қабылдамауы тиіс.
- Ниеті оң болғанына қарамастан, журналистикада қауіп-қатер міндетті түрде болады. Бірақ, ондай тәуекел әрдайым негізді болуы керек. Қауіп-қатерді бағалау дегеніміз – дұрыс заң кеңесін алу және жала жабуға қатысты сұрақтарды назарда ұстау деген сөз.

Кейбір елдерде жала жабу қылмыстық іс болып есептеледі. Бұл айыпталушы түрмеге қамалуы мүмкін екенін білдіреді. Кейбір елдерде жала жабу азаматтық заңнама тәртібінде қарастырылады, бірақ жеңілу қомақты материалдық шығынға душар етуі мүмкін. Кейбір шағымданушылар қылмыстық және азаматтық заңнамаға қатар жүгінуі ықтимал.

Кейбір елдерде мемлекеттік қызметтегі шенеуніктерді жамандау және олардың атына өткір сын айту олардың ар-намысына тиді деп есептеледі, ал кейде тіпті қылмыстық әрекетке жатады. Енді бір елдерде мемлекет қайраткерлерін сынау қоғам мен демократияны дамыту мүддесі үшін керек деп есептеледі. Бұл жөнінде әмбебап келісім жоқ, сондықтан журналистердің өздері жергілікті заңдармен және тәжірибемен таныс болуы қажет.

Лондонда орналасқан, бұқаралық ақпарат құралдары үшін сөз бостандығын дамытуға ықпал ететін Article 19 ұйымы әмбебап ұсыныстардың халықаралық заңнамаға, түрлі ішкі стандарттар мен жалпыға ортақ қағидаларға сәйкес жасалынуы тиіс ұсыныс жасады. Бұл «жеке тұлғаның сөз бостандығы құқығы» мен «жеке бастың беделін қорғаудың» ара-жігін ашып берер еді.

Кең көлемді анықтамалар

Қазірше мұндай әмбебап ұсыныстар жоқ. Дегенмен, диффамация мен жеке өмірді қамтитын ортақ элементтер бар. Ол журналистерге жақсы мәлім болса керек.

Кейбір елдерде мемлекеттік қызметтегі шенеуніктерді жамандау және олардың атына өткір сын айту олардың ар-намысына тиді деп есептеледі, ал кейде тіпті қылмыстық әрекетке жатады

Белгілі бір ақпарат көзінен алғаныңызға қарамастан, сіздің жазғаныңыз тәуелсіз дерек көздерімен сәйкес келмесе, «мен тек ақпаратты таратушы ғанамын» деп ақтала алмайсыз

Біріншіден, жала жабу дегеніміз не? Стандартты анықтама бойынша, жала жабу дегеніміз – қандай да бір тұлғаның немесе бизнестің беделіне нұқсан келтіретін, немесе ол тұлғаны күлкіге қалдыратын, немесе өшпенділік тудыратын қандай да бір тұлға туралы жарияланған жалған мәлімдеме. Жаланы ойдан шығару да сол сияқты. Ерекшелігі, ол қысқа уақыт аралығында тарайтын, баспасөзде жарық көрмейтін, жаланың ауызша айтылған түрі. Англияда радио мен теледидарда айтылған нәрсе ойдан шығарылған емес, кәдімгі жала болып есептеледі.

Көптеген елдерде шындық жала жабудан қорғанудың тәсілі іспетті. Дәлірек айтқанда, қандай да бір мәлімдеменің шындық екенін дәлелдеуге тура келуі мүмкін. Егер алдын ала тексермегендіктен немесе жалған ақпарат бергендіктен шындық екенін дәлелдей алмасаңыз, жауапкершілікке тартыласыз. Бәлкім, сіз оның шындық екенін білетін шығарсыз. Бірақ, білу аздық етеді, дәлелдеуіңіз керек. Ал енді бір елдерде жала жапты деп шағымданушы оның шындыққа жатпайтынын дәлелдеуі тиіс. Белгілі бір ақпарат көзінен алғаныңызға қарамастан, сіздің жазғаныңыз тәуелсіз дерек көздерімен сәйкес келмесе, «мен тек ақпаратты таратушы ғанамын» деп ақтала алмайсыз.

Аздаған адамға тарап кеткен хабар немесе қандай да бір мақаланың қысқаша мазмұны да, редакторлардың конференциясында пайдаланылған радио немесе телехабарға арналған материал да кейде «жарияланған» деп есептеледі. Жала жабу көптеген елдерде нақты бір тұлғаға немесе мекемеге қатысты қарастырылады.

Көбінесе бұл дерек пен дәрежеге қатысты мәселе. Алайда, кейбір мемлекеттерде мемлекет басшысы, министр немесе мемлекеттік шенеунік туралы жағымсыз сөздер сот алдына алып келуі мүмкін немесе оның ақыры түрмеге қамалуға әкеп соқтыруы да ықтимал. Керісінше, қоғамның игілігі мен мемлекет мүддесі үшін болатын ашық пікірталастарды қолдайтын елдерде ондай сын әділетті бағаланады.

Ұлттық, этностық, діни немесе басқа да осы тәрізді топ туралы арыз-шағымдар жала жабу болып есептеледі. Алайда, ол арандатушылыққа тыйым салатын немесе өшпенділік тудыратын заңнамаға сай келмеуі мүмкін. Кейбір мемлекеттер достас халықтарды немесе сол елдерді сынға алуға тыйым салады.

Мақалада сөз болатын адамдардың есімдері аталмаса да, көпшіліктің оларды тануы мүмкін екенін ұмытпаңыздар. Лауазымды тұлға беделі немесе лауазымы, кәсібі немесе мекенжайы бойынша танылады. Егер шағын топ (кішігірім кеңседегі қызметкерлер) болса, онда олардың мүшелерін жеке-жеке анықтау жеңіл – олардың барлығы да шағым жасай алады.

Көптеген елдерде сотқа жүгінгендер шын мәнінде беделіне нұқсан келтірілгенін дәлелдеуі тиіс. Кейбір елдерде соттар нұқсан келді деп болжауы мүмкін, мұндайда қорғаушыларға ешқандай нұқсан келмегенін дәлелдеуге тура келеді. Зардап шегушінің беделі немесе қоғамдағы орны неғұрлым жоғары болған сайын, келтірілген нұқсан да соғұрлым зор болады.

*Жекелеген тұлғаларға
қатысты мәлімет
таратқанда аса
абай болған жөн*

Қатерлі дабылдар

Адамның жеке басына қатысты мәселеде, атап айтқанда, кәсіби ұждансыздығы немесе білімсіздігі; адамгершілікке жат әдеттерге әуестігі; қылмыстық немесе өзге де лайықсыз әрекеттері; жеке тұлғаның шығу тегі немесе жыныстық қатынас арқылы берілетін аурумен ауыратынын, ақыл-есінің дұрыс еместігін дәлелсіз мәлімдеуде аса абай болған жөн.

Қалалық өзін-өзі басқару қызметіндегі шенеунік көлікті мас күйінде айдағаны үшін кінәлі деп танылса, ол қоғамдық айыптау нысанына айналуы мүмкін; сондай-ақ, тексерушілер санитарлық талаптардың бұзылғанын анықтаса, мейрамхана қожайыны бизнесінен айырылып қалуы мүмкін. Егер бұл мәлімдемелер рас болса, онда оларды жария еткені үшін жала жапты деген айып тағылмауы тиіс. Алайда, олардың кінәсі сотта дәлелденбесе, онда сіз оның дұрыс екенін қалай дәлелдейсіз?

Англияның жала жабу туралы заңы

IWPR сияқты ағылшын тілінде жаңалықтар тарататын ұйымдар англиялық жала жабу туралы заңның ерекшелігін және одан қорғану әрекеттерін білуі тиіс.

Ағылшын заңнамасындағы диффамацияның, яғни жала жабудың классикалық анықтамасы – «ниеті түзу адамдардың алдында жекелеген тұлғалардың беделін түсіретін мәлімдеме». Нақты анықтамасы жоқ, адамдарға қатысты ұғым көшедегі орта адамды білдіреді.

Жала жапты деген айыптан негізгі төрт түрлі қорғану әрекеті бар:

1. *Шындық.* Ең айқын қорғану осы. Алайда, біздің мантраны есте сақтаңыз: мәселе сіздің шындық деп неге сенетініңізде немесе шындық ретінде нені білетініңізде емес; мәселе – оның шындық екенін дәлелдей алуыңызда.

Мысал: 1993 жылы New Statesman (Нью Стэйтсмэн) журналында премьер-министр Джон Мэйджэрдің қызметші қызбен арасындағы қатынас туралы қауесет материал шықты. Қауесет жала жабу деп танылды, басылым өз жарияланымын ештеңемен дәлелдей алмады. Мэйджэр дау-дамайды соттың көмегінсіз реттеді. Өлбетте, оның сотқа шағымдануына толық құқығы бар еді. Тіпті, журналды жаптырып тастауына да болушы еді.

*Диффамацияның,
яғни жала жабудың
классикалық анықтамасы
– «ниеті түзу
адамдардың алдында
жекелеген тұлғалардың
беделін түсіретін
мәлімдеме»*

2. *Әділ комментарий.* Қорғанудың бұл түрі деректі емес, көзқарасты тұжырымдауда қолданылады. Оқырман үшін оның түсініктеме немесе көзқарас екені айқын болуы тиіс. Комментарийлердің негізін құрайтын деректер шынайы болуы тиіс.

Мысал: 80-жылдары «Би-Би-Си» радиосындағы әзіл-сықақ бағдарламаларының бірінде «Ньюсоф зе уорлд» газетіндегі «барлық сұлу бикештер – суретке жақсы түсетіндер, ал барлық жаңалықтар – ойдан шығарылған» деген сөздер айтылды. Газеттің редакторы Дерек Джеймсон «Би-Би-Сиді» сотқа берді. Сот айтылған сөздің тіл тигізетінімен келісті, бірақ мұның арзанқол, сенсациялық мазмұнға негізделген газетке берілген «шынайы комментарий» екенін алға тартып, «Би-Би-Сиді» жауапкершіліктен босатты.

3. *Айрықша құқықтылық (артықшылық).* Англияның парламентінде немесе соттарында жасалған шағым-мәлімдемелер «айрықша құқықтылықты» пайдалана алады. Дәл сол сияқты басқа жағдайларда жалған болып табылатын ақпаратты жариялау артықшылығы да берілуі мүмкін; бұл заңнаманың өте күрделі саласы және ол әр жағдайда дерекке қатысты мәселе. Англияда парламенттің мәлімдемесі даусыз басымдыққа (артықшылыққа) ие. Басқаша айтқанда, олар магнитофонға жазылуы мүмкін және сізге қарсы іс қозғай алмайды. Соттардағы шағым-мәлімдемелер жартылай артықшылыққа ие. Сотта айтылған нәрсені хабарлауыңызға болады, бірақ ол мәлімдеме шынайы бо-

луы керек. Кез келген жауап немесе қарсы айыптау жариялануы керек. Тіпті, келесі шығарылымда болса да. Бұл мәселе жөніндегі репортаж кезек күттірмеуі тиіс.

Мысал: 1980 жылы жұрттың қуанышына орай полиция бірнеше адам өлтірген «Йорк баскесерін» ұстады (оның автокөлігі елеусіз себеппен, кездейсоқ тоқтатылды). Полиция бастығы кімді ұстағанын білгеннен кейін баспасөз мәслихатын өткізіп, журналистерге: «Біз оны қолға түсірдік», – деп мәлімдеді. Көптеген газеттер, соның ішінде «Дарлингтон ивнинг деспатч» осы сөздерді өз мақалаларының атауы ретінде пайдаланды. «Баскесердің» соты дәл сол күні болды. Газеттер пресс-конференция барысында полиция учаскесінде айтылған сөздің «себебі бар артықшылыққа» ие екенін негізге ала отырып, сотты сыйламау және жала жабуға қатысты айыптауды қабылдаған жоқ. Сот мұнымен келісті. Шамасы, заң бұзушылық жаппай орын алғандықтан болса керек. Әйтпесе, мұндай жағдайда газеттерге жала үшін жауап беруге тура келер еді.

Өлген адам шағым жасай алмайды. Бірақ, өлген адамға жала жабу арқылы көзі тірі адамдарға кесіріңіз тиіп кетпеуін ойлаңыз

4. *Өлім.* Өлген адам шағым жасай алмайды. Бірақ, өлген адамға жала жабу арқылы көзі тірі адамдарға кесіріңіз тиіп кетпеуін ойлаңыз. Өлген адамға жала жабу оған байланысы бар тұлғаларға және мекемеге де қатысты болады.

*Жауапкершілігі шектеулі
компанияға қызмет
ету «жала жапты»
деген шағымнан
қорғай алмайды*

Ағылшын заңнамасы бойынша жауапкершіліктен босататын жағдайға не нәрсенің жатпайтынын білу де маңызды.

Әдетте төмендегі түсініктемелер кәдеге жарамайды:

■ «Бірақ мен Англияда тұрмаймын ғой...»

Басқа мемлекет: Материалыңыз жарыққа шығатын кез келген елде сізді сот қудалай алады. Мысалы, Ресей бизнесмені Борис Березовский Ресейде немесе АҚШ-та емес, Лондонда «жала жапқаны үшін» американдық журналға қарсы шағымданды. Бұл да мүмкін жағдай, өйткені журнал бірнеше данасын Лондонға жібереді.

■ «Мұны мен емес, менің баспагерім жасады...»

Шектеулі міндеттемелер немесе жеке жауапкершілік: жауапкершілігі шектеулі компанияда жұмыс істеу жеке тұлғаларды жала жапқаны үшін шағымданудан қорғай алмайды. Жала жабу туралы іс бойынша шағымдар бір мезгілде газетке, репортерларға және бұқаралық ақпарат құралдарын таратушыға (газетті жеткізетін тұлға, дүкен немесе интернет-провайдер) қарсы бағытталуы мүмкін. Бұл Англиядағы жауапкершіліктің шектеулігі туралы заңнама нормаларындағы ерекше жағдай.

■ «Бұл туралы басқа газет хабарлады...»

Бұрын жарияланған хабарды қайталау. Бұрын жарияланған жала жабылған ақпаратты қайталап басу жауапкершіліктен босатпайды. Парламенттің бұрынғы мүшесі Джеффри Арчер 1980 жылдардың соңында басқа газеттен көшіріліп басылған кішігірім мақалаға орай Daily Star (Дэйли Стар) басылымын сотқа беріп, жезөкшелерге ақша төледі деген жала үшін сотта жеңіп шығып, өтемақы алды. Алғашқы басылым жезөкшемен байланысқа шыққан, Старда ондай әрекет байқалмады және оның қорғануына ешбір негіз болған жоқ. Жұрттың бәрі жазып жатыр екен деп, жауапкершіліктен құтыла алмайсыз. Егер көзіңіз жетпесе, мақаланың астына аты-жөніңізді жазарда тағы бір рет ойланыңыз.

■ «Бірақ ол шын мәнінде айтты ғой...»

Ғайбаттауға жататын комментарийлерді хабарлау: кең таралған қате таныстыру дәл осылай жасалады. А есімді тұлға В есімді тұлға туралы бір әңгіме айтады. Газет А тұлғасының айтқаны негізінде комментарий береді. Бірақ, бұл қорғану бола алмайды. Сотты бұл комментарийдің дәл баяндалғаны емес, оның субъектіні ғайбаттағаны қызықтырады.

*Жұрттың бәрі жазып
жатыр екен деп,
жауапкершіліктен
құтыла алмайсыз.
Егер көзіңіз жетпесе,
мақаланың астына
аты-жөніңізді жазарда
тағы бір рет ойланыңыз*

Егер сот қандай да бір мәлімдеме жеке тұлғаның беделіне нұқсан келтірді деген шешім шығарса, ол мәлімдемеге терістеме беру арқылы жауапкершіліктен құтыла алмайсыз

- «Бірақ, ол мұны ашықтан-ашық теріске шығарды ғой...»

Теріске шығару: егер сот жұрт алдындағы абыройына нұқсан келді деген қаулы қабылдайтын болса, біреудің теріске шығаруын жариялау жауапкершіліктен босататын жағдай болып табылмайды. «Сарайда тұратын адамдар Чарльздің мысығына өз итін азық еткені жөніндегі фактіні теріске шығарды» деген мәлімдеме өте өрескел болып табылады.

- «Бірақ мен ол туралы емес, оның компаниясы туралы жаздым...»

Алдын ала ойластырылмаған байланыс: сіздің субъектіңізді белгілі бір тұлғамен байланыстыратын нәрсе де абыройға нұқсан келтірген деп есептелуі ықтимал. Британдық соттар жұмыс жасайтын мектебіне қатысты сынға орай мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының сотқа шағымдануына мұрсат береді. Бұл компания жетекшілері мен полиция бастығына да қатысты. Компаниялар, корпорациялар мен ұйымдардың да репутациясы бар, яғни олар да шағым жасауға құқылы.

- «Мен оның есімін пайдаланған жоқпын ғой...»

Есімдерін айтпасаңыз да, өте сақ болыңыз. Егер сіз футбол командасының қандай да бір мүшесінің (есімін атамасаңыз да) көмелетке толмаған қызбен жыныстық қатынаста болғаны туралы материал жарияласаңыз, сізге қарсы жала жапты деп бір емес, он бір шағым жасалады.

- «Бірақ, мен моральдық кодексті сақтадым ғой...»

Ережеге бағыну: көптеген журналистік қауымдастықтардың әрбір мақала нақты, объективті және байыпты болуы тиіс деп келетін ар-намыс кодекстері бар. Олар екі жақтың да көзқарасын қамтиды және журналист өз комментарийін бермеуі керек. Бұл жетекші қағидалар өте жақсы, бірақ олар сізді жала жапты деген айыптан қорғай алмайды.

- «Бірақ бұл адал ниетті адасу болды...»

Білместік: заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды. Сондай-ақ жарияланымдағы тараптардың бірі болып табылатын субъектімен байланысу үшін «қолдан келгеннің барлығын жасадық» деп айтуыңыз жеткіліксіз. Мақала объективті болып табылатынына сенімді болуыңызды нақты негіздемелермен дәлелдеуіңізге тура келеді.

Егер сот қандай да бір мәлімдеме жеке тұлғаның беделіне нұқсан келтірді деген шешім шығарса, ол мәлімдемеге терістеу беру арқылы жауапкершіліктен құтыла алмайсыз.

Заң талаптарына мән бермеу жауапкершіліктен құтқара алмайтыны есіңізде болсын.

*Заң талаптарына
мән бермеу
жауапкершіліктен
құтқара алмайтыны
есіңізде болсын*

- «Алайда мен «күмәнді» деген сөзді пайдаландым ғой...»

Мағынасы анық емес сөздер. «Күмәнді» және «сол айтқандай» деген сияқты сөздерді пайдалану қорғаныс болып табылмайды.

Қоғамдық мүдделерді қорғау

Кейбір елдерде қоғамдық мүдде жауапкершіліктен қорғайтын жайт болуы мүмкін. Бұл «қоғамды қызықтыратын нәрсе» емес, бірақ қоғамның игілігі мен пайдасы үшін жасалып жатқан әрекет екенін дәлелдейтін ең мықты дәйек. Бұл – кейбір соттардың қасақана жеке өміріне қол сұғу, құпиялылық пен қауіпсіздік құқықтарын бұзу кезінде жүгінетін нормасы. Барлығы оқиғаның нақты қай елде болып жатқанына және пікірталасқа көпшілік назарының қай деңгейде екеніне байланысты. Дегенмен, бұл жалпыға ортақ заң емес. Әділдік пен объективтілік бұл арада да керек. Өз еліңізде бұл жайттың жауапкершіліктен босататынын немесе босатпайтынын анық білуіңіз керек. Англияда, мысалы, қоғамдық мүдде және қоғам қайраткері сияқты ақтаушы жайттар жоқ.

Кейбір елдер деректің бұрмаланбағанын нақтылай түсетін көзқарастар мен комментарийлерге қатысты кең құқықтар береді. Шолушы жаңа пьесаны тамашалау үшін текке уақыт кетіріп, ақша шығындағанын айта алады. Бірақ нақты кейіпкерлердің ешқайсысы сынға алынбауы мүмкін. Әр адамның өз пікірі бар дегенмен де, оның өзі де бұлтартпас дерек бола алмайды.

Өртістер ондай пікірді өздерінің кәсіби деңгейіне қатысты сын ретінде қабылдап, шағымдана алады. Алайда олар бұдан ұтылуы да ықтимал, өйткені бұл олар үшін қатерлі және оның шешімі сыншының беделіне де байланысты болуы мүмкін.

Қандай да бір көзқарасты ұстанып, оны жария етпес бұрын ол көзқарастың жай ғана жорамал емес, сенімді бақылаудың нәтижесінде қалыптасқан шешім екеніне көз жеткізу қажет. Пікірді дерек ретінде ұсынуға тырыспау керек.

«Пьеса босқа уақыт шығын етті, өйткені онда біздің өміріміз жайлы жаңа ештеңе жоқ» деген – айқын көзқарас. Ал «жетекші өртіс мас болды» деп айту өте қатерлі. Бұл бұлтартпас дерек пе? Мұны дәлелдей аласыз ба? Бұл өртістің беделіне нұқсан келтіре ме?

Дегенмен, заңда айтылғаннан бөлек те айрықша маңызды фактор бар. Ол мәдени тұрғыдан қоғам үшін қолайлы болып табылатын нәрсе. Жағдай дау көтеруге тұра ма, соны ескеру қажет. Сондай-ақ, мәдениет мәселесінің соттарға ықпал ете алатынын да есте сақтау қажет.

Егер әзіл немесе қалжыңдау ретінде қабылданса, тым гипер-болалық тұжырымдар немесе сатира (мысқыл) қорғана алады. Алайда, мәдени заңдылықтар бұған да түзету енгізуі мүмкін. Біреулер үшін әзіл деп саналатын нәрсені екінші біреулер тіл тигізді деп бағалауы ықтимал. Көрнекті тұлғаға немесе аз ұлт өкіліне қалжыңдау оны қатты ренжітетін жайт ретінде бағалануы мүмкін. Яғни, журналист ерекше сақтық танытуы тиіс және кез келген жағдайға дайын болуы керек.

Қандай да бір көзқарасты ұстанып, оны жария етпес бұрын ол көзқарастың жай ғана жорамал емес, сенімді бақылаудың нәтижесінде қалыптасқан шешім екеніне көз жеткізу қажет

Егер таразы басында нақтылы тұлғаның беделі тұрса, онда аса мұқият болған жөн. Мұндай жағдайда тақырыптан бастап, фотосуреттерге дейін мұқият зерделенуі қажет

Қауіп-қатерді азайту

Төменде журналистің қауіпсіздікті барынша сақтауына қатысты ұсыныстар келтірілген:

- Егер таразы басында нақтылы тұлғаның беделі тұрса, онда аса мұқият болған жөн. 2000 сөзден тұратын материалды екі адвокаттың бірі ақтап шыға алады, бірақ тақырыптағы абайсызда айтылған бір ауыз сөз бен орынсыз бір ғана сурет бәрін бүлдіруі мүмкін.
- Егер әлдекім мәтіннің астарын сіз ойлағаннан бөлектеу етіп көрсететін өзгеріс енгізсе, онда жұмысыңызды қайтадан мұқият қарап шығыңыз. Егер фотосуретте «есірткі сатушылар» бейнеленсе, суреттегі әрбір адамның есірткі сатумен айналысушы еместігіне сенімдісіз бе? Фотосуреттегі кез келген адам, соның ішінде өтіп бара жатып, кездейсоқ түсіп қалған адам да өзі есірткі сатушы болмаған жағдайда, сотқа шағымдана алады. Олар есірткі сатушы болған күнде де, сіз оны дәлелдей аласыз ба?
- Қылмыс жасағаны үшін немесе заңсыз әрекеті үшін айыптаудан қорғауда «Х кездейсоқ пайда болды» және «А-ның айтуынша, Х кездейсоқ пайда болды» дегеннің арасындағы айырмашылық шешуші болып табылады. Егер сіз полицияның әлдекімді қылмыс жасағаны үшін айыптағанын хабарласаңыз және мәлімдемеңіз ресми құжатқа негізделсе, онда әрі қарай айыптау жалған болып, аталған тұлға ақталса да, сіз қауіпсіздікте болуыңыз мүмкін. Сіз кез келген айыптау үкіміне дейін тұлғаның қылмыс жасағаны туралы деректі хабарласаңыз, сізді ештеңе қорғай алмайды.

- Оқиға туралы зардап шегушілер мен куәлардан алынған ақпарат бұлтартпайтындай болуы мүмкін. Полиция мен сот құжаттарынан айырмашылығы, оларға айрықша құқықтылық берілмейді. Мәлімдемелер танылушы тұлғаның іс-әрекетіне қатысты болған жағдайда, әсіресе басқа дереккөзде жоқ мағлұмат айтылса, оларға сақтықпен қараңыз.
- Кенеттен көпшіліктің назары ауған адамдардың бұрынғы өмірі туралы көршілермен, әріптестермен, достармен немесе басқа адамдармен әңгімелесуде аса сақ болыңыз. Олардың аталған тұлға туралы алдын ала қалыптасып қойған пікірі болуы мүмкін.
- Қылмыс түрлері арасындағы айырмашылықты ажырата алатыныңызға көз жеткізіңіз, кейбір айыптаулар тым ауыр болуы ықтимал. Кейбір сот жүйелерінде кісі өлтіруді, кісіні қасақана өлтірмеу немесе кез келген түрдегі жазатайым оқиға адамды өмірмен қош айтыстыру ретінде қабылдануы мүмкін. Мұндайдың ақыры жайсыздықтарға алып келеді.

- Егер қайсыбір оқиғалар зілсіз түсіндірілсе, онда олар «интриганы» немесе «тіміскі іс-әрекетті» білдіреді деп санамаңыз. Деректер артықшылықпен қорғалса да, осы фактілер негізінде жасалған қорытындылар ондай артықшылыққа ие болмауы мүмкін.
- Кейбір елдерде заңнама мәдени құндылықтарға сүйенетін жергілікті халықтың ар-намыс туралы ұғымынан маңызды болмауы мүмкін. Кейбір елдерде адам өзінің абырой-атағы үшін кісі өлтіруге дейін баратын жайттар кездеседі.
- Жәбір көргендерге үнемі жауап беру немесе айыптаудан қорғану мүмкіндігін беру қажет.

Адамдардың жеке өміріне қол сұқпау заңдылықтары

Журналистер үшін адамдардың жеке өміріне қол сұқпау заңдылықтары да қауіпті жайттардың бірі. Кейбір елдерде ондай заң жоқ болса, енді біреулерінде олар тым қатал болады. Кейбіреулері адамдарды қоғамның көзінше қорғайтын болса, кейбіреулері керісінше, ерекше қорғауға алады.

Жұлдыздар мен футболистер басқа адамдарға қарағанда аз қорғалуы мүмкін. Өйткені, танымал болғандықтан олар бұқаралық ақпарат құралдарына тәуелді. Дегенмен, қайсыбір жағдайларда оларды көптеген заңдар қорғайды.

*Танымал адамның
да тыныш өмір
сүруге және оны талап
етуге хақысы бар*

Францияда, мәселен, адамның жеке өміріне қол сұқпау туралы заңнама Ұлыбританиядағы заңнамаға қарағанда қаталырақ. Заңдардың басым бөлігінде қоғамдық орындарда адамның қорғалмайтыны, папарацциден де қорғаудың қиындығы айтылады. Ал жеке меншіктегі аумақта, әсіресе өз үйлерінде олар толық қорғала алады. Сондай-ақ, балалардың көп жағдайда ерекше құқықтық қорғауға ие екендігін түсінуіңіз керек.

Сонымен қатар, танымал адамның да тыныш өмір сүруге және оны талап етуге хақысы бар. Журналистерге әдетте қоғамдық қызығушылық тудыратын оқиғалар туралы репортаждар жасауда көп еркіндік беріледі. Көптеген елдерде жергілікті журналистер қауымдастығы мен одақтар да кәсіби ар-намыс кодексіне бағынады. Ол кодекстер жеке өмір сияқты мәселелерді реттейді. Қашықтықтан әсер ету объективтерін пайдалануда сақтық жасап, суретке түсіремін деп ығырын шығарудан аулақ болу керек.

Назарларыңызға бірнеше тест ұсынамыз:

- Осы оқиға немесе тұлға шындығында да елеулі қызығушылық тудыра ма?
- Ол қоғамдық тұлға немесе мәселе ме?

Жақсы журналист өзі жазып отырған адамға аса мұқият болуы керек және жалған сенім ұялататын стильден бойын аулақ салғаны жөн

- Шын мәнінде бұл жаңалық па? «Қатып қалған» жаңалықтарға қарағанда жұлдыздар, футболистер туралы хабарлар, әлбетте, қызықты бола алады. Бірақ, олар даулы болуы да мүмкін. Ең бастысы, олар шынайы ма?
- Сіз рұқсатсыз біреудің есімін немесе суретін коммерциялық мақсатта пайдаланасыз ба? Немесе көшедегі қылмыс туралы репортажда оған қатысы жоқ қандай да бір адамның суретін пайдаланасыз ба?

Өшпенділікке арандату

Жақсы журналист өзі жазып отырған адамға аса мұқият болуы керек және жалған сенім ұялататын стильден бойын аулақ салғаны жөн.

Жала жабудан тыс кәсіби журналистер жалған сенім ұялататын тілдік стильді пайдаланбауға тырысады және өздері жазатын адамдарға көбірек назар аударуға ұмтылады. Бұл саяси әдептің мәселесі емес. Керісінше, сіздің әлгіндей стильді пайдаланбауыңыздың, өшпенділік немесе зорлық-зомбылық тудырмауыңыздың кепілі. Кейбір елдерде мұндай тілдік стильдерді пайдаланушылар жазаға тартылады. Өңгіме заңның қандай нәрсеге рұқсат беретіні жөнінде емес.

Мысалы, Ұлыбританияда нәсілдік кемсітушілікке қарсы заң бар. Мүгедек адамға күлу де заңға қарама-қайшы әрекет болып табылады. БҰҰ трибуналы Руандадағы геноцид (зұлмат)

мәселелерімен айналыса отырып, кісі өлтіруге итермелеген тілдік стильді пайдаланғаны үшін радио және телехабар таратушы компанияның бірнеше қызметкерін түрмеге қамады.

Әрбір ортада басқалардың ренішін тудыратын сөздер айтылады. Жақсы журналист белгілі бір тұлғаны немесе бір топ адамды суреттеуде осындай сөздерді пайдаланудан аулақ болуы тиіс.

Заң тұрғысынан қауіпсіз материал әділдік және объективтілік стандарттарына және талғамның талабына жауап бермеуі де мүмкін.

«Біз мұны жариялай аламыз ба?» деген сұрақ заңгерлерге арналған. Ал «Біз мұны жариялауға тиіспіз бе?» деген – журналистер мен редакторларға арналған сұрақ. Заңды бұзбаған жағдайда да қандай да бір материалды «қоғамдық мүдде» үшін жариялау мәселесіне қатысты дәл осындай шешім қабылдау қажет. Жауапты журналистер осы тәрізді қауіп-қатерді өз редакторының қарауына жібереді.

Заң тұрғысынан қауіпсіз материал әділдік және объективтілік стандарттарына және талғамның талабына жауап бермеуі де мүмкін

ЖАТТЫҒУЛАР

Осы тарауда қарастырылған жайттарды жадымызда сақтау үшін:

- Жала жапқаны үшін жауапкершілікке тартатын заңдар мен сөз бостандығын шектеудің басқа түрлері әр елде әртүрлі. Өзіңіз жұмыс істейтін елде қандай ереже қолданылатынын білетініңізге сенімді болуыңыз керек.
- Жала жабу, соның ішінде әсіресе идентификация мен диффамацияға қатысты жалған жала таратқаны үшін жауапкершілікке шақыратын ортақ заңдар бар.
- Жала жапты деп айыптауда шындық ең жақсы қорғану болып табылады. Жарияланым қоғамдық мүдде тұрғысынан маңызды болғандықтан қорғануға қандай да бір артықшылықтар берілетін болса, ол туралы анық білуіңіз керек.
- Редакциядағы жаңалықтар бөлімінде және өзіңіз репортаж дайындау барысында қауіпсіздіктің елеулі шараларын қолдануды естен шығармаңыз.
- Өзіңіз жүргізген зерттеу материалдарын сақтауыңыз керек, өйткені олар маңызды дәлел-айғақ болуы мүмкін.
- Заңдар, мораль және әдеп нормалары, тәжірибе бір-біріне ұқсамайды, сондықтан өз еліңізде солардың қайсысы кең қолданылатынын білуіңіз керек.

Төмендегі мысалдар мен сұрақтарды оқыңыз және жауапты әріптестеріңізбен талқылаңыз.

1. Сіз тұратын қалада сайлауалды науқаны жүріп жатыр делік. Заң шығару органының бір мүшесі бәсекелесін «сайқымазақ» ретінде суреттеп, оның құрылыс компаниясынан бірнеше рет пара алғанын алға тартып, оны «өз партиясын сатқан адам» деп атайды.

■ Жоғарыда келтірілгендер сөздердің біреуі немесе бірнешеуі мақалаңызда пайдалану үшін қауіпсіз бе? Материалыңызды қарап шығу үшін біреуге жіберу керек пе?

2. Сіз тұратын қаланың маңынан көптен күткен, жоғары жылдамдыққа арналған магистраль салу жұмысы басталуы тиіс. Бір күні кешкілік белгісіз біреу сіздің кеңсеңізге қоңырау шалып, магистральдың бас мердігері сапасы нашар материалдарды қолданып, үкіметті алдап жүргенін айтты. Қоңырау шалушы адам өз есімін айтпайды, бірақ та сол құрылыс магистралінде жұмыс істейтінін хабарлайды.

Телефон соққан азамат сіз бұл деректерді жарияламаған жағдайда оны бәсекелес басылымға беретінін мәлімдейді. Ол сіздің жауабыңызды білу үшін жарты сағаттан соң қоңырау шалмақ.

■ Сіз және сіздің басшылығыңыз тез арада қандай шешім қабылдауға тиіссіздер?

■ Құпия абонентке екінші рет қоңырау шалғанда қандай жауап қайтарасыз?

- Осы материалды алудың қандай да бір стратегиялық маңызы бар ма немесе сіз одан тез арада бас тартасыз ба?
 - Материалды сіздің бәсекелестеріңіз жариялайтыны туралы дерек сізге және сіздің басылымыңызға қалай әсер етеді?
3. Қалада бірнеше жаңа мейрамхана пайда болды. Сіз олардың ең танымалы туралы шолу жазу үшін журналистке тапсырма бересіз. Сізге оның шолуынан бірнеше сөйлемдер ұсынамыз:
- Мұндай кебабты мысығыма да бермес едім.
 - Менің ойымша, бұл кебаб жылы жерде ұзақ уақыт тұрып қалған.
 - Кебабқа қарағанда, тазалық департаментінің есебі қалыңдау.
 - Тазалық департаментінің инспекторлары осы кебабтардан егеуқұйрықтардың несебін тапқандығы туралы хабарлады.
 - Менің тазалық департаментінен алған деректерім шыннайы жағдайда мүлдем сәйкес келмейді.
 - Бұл дүниежүзіндегі ең нашар мейрамхана.
 - Сіз келтірілген мысалдардың біреуін немесе бірнешеуін қолданасыз ба? Әлде өзгертесіз бе? Неліктен?

Фактілер мен көзқарастар арасында өзгешелік болатынын ескеріңіз, ақпараттың қорғалған немесе қорғалмаған болуы мүмкін екенін есте ұстаңыз, жергілікті заңнама мен мәдени заңдылықтар арасындағы айырмашылықтар туралы ұмытпаңыз.

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Ағылшындық заңнама бойынша ең соңғы мәліметтерге шолу жасау үшін мына басылымдарға жүгіне аласыз: Butterworths Law баспасы жариялаған *McNae's Essential Law for Journalists*, Том Уэлш пен Уолтер Гринвуд.

ОҚИҒАНЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН БАЯНДАУ



Қақтығыстар кезінде бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның ашу-ызасын тудырып, халықты қолға қару алуға мәжбүрлеуі мүмкін, тіпті адам өлтіруге нұсқау арқылы да бұқаралық ақпарат құралын пайдаланушылар табылуы гажап емес

Бұқаралық ақпарат құралдары соғыспен күрделі байланыста. Алғашқы оқтың дауысынан кейін көбіне-көп шындық зардап шегеді. Қарама-қарсы екі жақ халықты жұмылдыру үшін және өлім мен қатыгездіктің қорқынышты көрінісін жасырып, бар кінәні қарсыластарына арту үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға тырысады.

Осындай кикілжіңде бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланылатын бірнеше тәсілді қарастырыңыз:

- Партизан жасақтары ауыл тұрғындарына қарсы арандаушы әрекеттер ұйымдастырады. Жасақтардың мәліметі бойынша, ауыл тұрғындары үкіметке қарсы қатаң шабуыл тудырып, кейіннен өз проблемаларына назар аударту үшін халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарына жүгінбек.
- НАТО-дан келген баспасөз мәслихатында қарапайым азаматтардың қазасын жасыра отырып, реактивті снарядтардың жоғары дәлдікке ие екенін айтты.
- Діни экстремистік топ Батыс елдеріндегі ірі астаналардың бірінде пойызда жарылыс жасап, лаңкестік арқылы елді қорқытып-үркіту үшін оқиға орнынан жедел түсірілім жасап, суреттерін дүниежүзі елдеріне таратып жіберді.

Ұрыс аяқталғаннан кейін партизандар радио немесе телеарналарда және газет беттерінде өз әрекеттерін ақтай отырып, басымдық таныту үшін жарысады. Өз пайдалары үшін қандай жолмен болса да бейбітшілік пен келісімге ұмтылады.

Кикілжің басталар алдында да соғысты тұтандырушы үкімет өздерінің бақылауындағы бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, өшпенділікке негіз қалау арқылы жағдайды ушықтырады. Ұлттық күрес (және сөзсіз үстемдікке ие оның көшбасшысы) «дұшпанға» деген қорқыныш пен өшпенділік тұтанған кезде белгілі бола бастайды. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның қауіпсіздігіне, соғысқа қабілеттігіне қатер тудыру үшін, сондай-ақ, кісі өлтірудің құралдары мен әдістеріне қатысты тікелей нұсқаулар беру үшін пайдаланылады.

Осы жауыздық сценарийлері қақтығыс пайда болған жерлерде қайталана береді. Қоғамда көптеген халықаралық әскери интервенция барысындағы батыстық бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне қатысты қызу кәсіби және академиялық дау-дамайлар бар. Соңғы онжылдықтағы оқиғалар кезінде, әсіресе Руанда мен Балкандағы зұлматқа (геноцидке) итермелеуде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану бұқаралық ақпарат құралдарының жауыздыққа жол беруін көрсете отырып, ерекше назарға ие болды.

Қақтығыстар кезінде бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның ашу-ызасын тудырып, халықты қолға қару алуға мәжбүрлеуі мүмкін, тіпті адам өлтіруге нұсқау арқылы да бұқаралық ақпарат құралын пайдаланушылар табылуы ғажап емес.

*Соғыспен тығыз
байланыстағы бұқаралық
ақпарат құралдары
бейбітшілік ісіне
де соншалық үлес
қоса ала ма?*

Егер бұқаралық ақпарат құралдары соғыспен тығыз байланыста болса, онда олар бейбітшілік ісіне де осылай үлес қоса ала ма?

Осы күрделі сауал зерттелу үстінде және журналистер арасында үлкен дау-дамай тудыруда. Дәстүрлі кәсіби күмәншілдік бұқаралық ақпарат құралдарының көптеген қызметкерлерін бұқаралық ақпарат құралдары қандай да бір рөл ойнайды дегенге қатысты кез келген тұжырымдамаға қарсы шығуға мәжбүрлейді. «Бейбітшілік туралы репортаждар» жөніндегі пікірталастарды редакторлар мен репортерлардың көпшілігі журналистиканы бейтарап қадағалаушы рөліне ығыстыру, әрекетсіз етіп көрсету ретінде бағалайды. Бұл ізгі ниетпен жасалса да, бұқаралық ақпарат құралдарын осылай «құралдандыру» негізгі кәсіби қағидаларды бұзуға жатады. Бейбітшілікке насихаттау насихат болып қалады.

Алайда журналистика жауапты әрі селқостықты көтер-мейтін кәсіп болуы тиіс, көптеген журналистер мен редакторлар, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуымен байланысты жұмыс істейтін IWPR сияқты бірқатар ұйымдар осы мәселе туралы ойланып, бұқаралық ақпарат құралдарының кәсіби стандарттарды ұстану принциптерін белгілеп, қақтығыстарды шешу ісіне белсенді үлес қосуына тура келеді.

Түрлі зерттеу нәтижелері жауаптарды бірнеше топқа бөлді. Үкімет қаржыландырушы Құрама Штаттардың Бейбітшілік институты ғылыми орталығын шолу бұқаралық ақпарат

құралдарының арнайы мазмұны мен агрессиялық араласуды қамтамасыз ететін құрылымдық араласуға қатысты. Канадалық Медиа-саясат және азаматтық қоғам (IMPACS) тобының есебі оң идеялардың ілгерілеуіне ықпал ететін «көп сериялы опералар» мен басқа да мәдени өнім арқылы БАҚ-тардың негізгі білім алудан бастап бейбітшілік орнатуға дейінгі араласуының бес түрін суреттейді. Негізгі бұқаралық ақпарат құралдары жергілікті журналистердің репортаждары мен қоғамдық журналистиканың мазмұнына қосатын үлесті көбейту үшін жаңа стратегияларға сай тәжірибелер өткізді.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт дағдарыс мәселелеріне қатысты жергілікті және халықаралық пікірсайыстардан тыс қалған дағдарыс аймақтарындағы жауапты жергілікті журналистерге тұғырнама жасау үшін құрылды.

IWPR бейбітшілікті жариялауға қатысты өз тәсілдерін үш категория бойынша топтастырады. Олар: жеке шеберлікті арттыру, төртінші билік ретінде БАҚ-тың ықпалын нығайту, қоғамның талқылауына шығарылатын оқиғаларды анықтау. Үшінші категория аталған тараудың жалпы мазмұнын қалыптастырады.

Жеке шеберлікті арттыру

Нақтылы деректерге негізделген, жеткізу мәнері салмақты және тақырыптар мен дереккөздерді таңдауда тепе-теңдікті қамтамасыз ететін байсалды журналистика қақтығыс туралы жаңалықтың жаршысы болып табылады.

IWPR осындай талқылаулардан тыс қалып жататын, жауапкершілік жүгін сезіне алатын жергілікті журналистерге қолдау көрсету мақсатында құрылған

IWPR осындай талқылаулардан тыс қалып жататын, жауапкершілік жүгін сезіне алатын жергілікті журналистерге қолдау көрсету мақсатында құрылған.

Осы тұрғыдан алғанда бұл нұсқаулық қақтығысты аймақтарда барынша дәл және құрылымды жұмыс істеу үшін негізгі кәсіби дағдыны дамытуға арналған.

Қақтығыс ауданында бола отырып, екі маңызды принципке бағыныңыз. Біріншіден, материал жазудан және камера алдына тұрудан бұрын кәдімгідей өмір сүріңіз, оқыңыз, ресми және ресми емес дереккөздермен танысыңыз, жергілікті азаматтармен әңгімелесіңіз, аймақ және оның адамдары туралы (егер мүмкін болса, олардың тілдері туралы) мүмкіндігіңізше көп білуге тырысыңыз.

Екіншіден, өз көзіңізбен көрмегеннің ешқайсысына сенбеңіз, әсіресе ресми мәлімдемелерге күдікпен қараңыз. Күнделікті баспасөз мәслихаттарында әскери жетекшілер шайқас даласындағы өздерінің ерліктері мен қарсыластарының айуандық әрекеттерін жария етуі мүмкін. Көзкөргендердің куәлігінсіз мұндайға ешқашан сенуге болмайды. Ең үздік және батыл тілшілер деп баспасөз мәслихаттарына жиі баратындарды емес, керісінше, өз өмірін оққа тігіп, шайқас даласында репортаждар жүргізетіндерді айта аламыз.

Төртінші билік ретінде бұқаралық ақпарат құралының ықпалын нығайту

Жауапты және конструктивті талқылау тудыра алатын кәсіби және креативті журналистика оған қолдау көрсететін күшті институттардың көмегінсіз өркендей алмайды. Бұл

институттар: 1) саяси бақылаудан азат, бұқаралық ақпарат құралдарының іскер ұйымдары; 2) бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын қолдайтын жауапты ресми және ресми емес органдар; 3) күшті азаматтық қоғам секторы. Соңғысы идеялар мен ақпараттар негізінде қоғамдағы қалың топ өкілдерімен пікірталасқа түсуді көздейді.

Осындай мүмкіндікті қалыптастыруға бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманы реформалау, медиа-ұйымдардың эмоциясын тудыру үшін кәсіби деңгейді арттыру, медиа-оқыту және мониторинг жүргізуге арналған ұйымдар, сөз бостандығы топтары мен журналистік қауымдастықтар сияқты оқытушы әрі ақпарат құралдарының мүддесін көздеуші органдарды құру жатады.

Бірқатар халықаралық ұйымдар медиа-компоненттердің мүмкіндіктерін кеңейту бойынша түрлі қызмет салаларында мамандандырылады; келісілген көзқарастарды білдіру бостандығының халықаралық қағидалары бар (Осы тарауға арналған анықтамалық жазбаны қараңыз). Бір ұйымдар радио немесе телевизиялық хабар тарататын ұйымдарға назар аударса, басқалары тәуелсіз немесе қоғамдық радиобекеттерге, үшіншілері журналистік одақтарды ұйымдастыруға немесе құқықтық көзқарастар жүйесін шығаруға көбірек назар аударады.

Журналистке шабуыл жасалған жағдайда тез арада дабыл көтеретін ауқымды желі қалыптастырып, қаржылық және құқықтық қолдау көрсету және саяси қысымды күшейту үшін сөз бостандығының маңызы зор. Медиа-мониторинг кейде цензура мен бақылауды енгізуге тырысқаны үшін сынға

ұшырайды, бірақ ол бәрібір жұмысты қадағалау үшін негіз болады және жауапты медиа-қауымдастықтардың жақсы жұмыс істеуіне көмектесу үшін сынды да қабылдайды.

Осындай құрылыс саласында IWPR-дың мүмкіндіктері бұрыннан келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары ұйымдарын реформалап, жаңа бұқаралық ақпарат құралдарын құруға, жергілікті сұраныстарды анықтауға және медиа-жобаларды бағалауға, медиа-оқытуды өткізуді жолға қою мен оқу, зерттеу және бақылау топтарын (мониторинг) нығайтуға, осы негізде ұзақ мерзімді дағдыларды дамытуды қамтамасыз ету үшін жергілікті жаттықтырушыларды оқытуға бағытталған.

Қоғамның талқылауына шығарылатын оқиғаларды анықтау

Дәл қай жаңалықтың бүгінгі күннің басты оқиғасы екенін нұсқауға бұқаралық ақпарат құралдарының күш-қуаты да, құдіреті де жетеді.

Негізгі журналистік дағдылар мен этикадан тыс тақырыпты іздестіруде, ақпаратты ұсыну стратегиясын әзірлеу мен мақалада айтылғанды ашуда пайдаланылатын қақтығысқа әсеретудің көптеген тәсілдері бар. Жоғарыда айтылғандардың негізгі мәні қақтығыстар туралы мақалаларды бөлу мен пессимизмнен жоғары тұру керектігіне келіп тіреледі. Балама

пікірлер мен IWPR пікірі бойынша, мүдде қайшылығынан қашу үшін қоғамдық диалог орнатып, қайшылықтан гөрі келісімге келуге тырысу, оқиға дамуының оң жақтарын беру басты мақсат болып табылады.

Әрекет ету бағдарламасын құрастыру әдісі насихатқа жатпайды. Бұл тараптардың біріне ғана қолдау көрсетуді немесе әскери емес пікірталастардың тікелей жақтаушысы болуды білдірмейді, шын мәнінде, соғыстың теориялық негіздерін түсіну маңызды.

Бұл БАҚ-тың жаңалықтарды хабарлап қана қоймай, оны жасайтынын білдіреді. Бұқаралық ақпарат құралдары нақтылы бір мерзімде тарихи материал жасайды.

Журналистика ядролық физика маманының құпиясымен бетпе-бет келеді: сіз атомды өлшей алмайсыз, себебі сіздің күш салуыңыз оны қозғалтуға тырысады, нәтижесінде, атомның мөлшері өзгереді. Сол сияқты оқиғаны жариялауда журналистер де өздеріне жауапкершілік алады:

- Өз әрекеттерінің оқиғаға қаншалықты ықпал ететінін түсіну;
- Сәйкеспейтін бағыттарды терең қазбалау;

*Дәл қай жаңалықтың
бүгінгі күннің басты
оқиғасы екенін нұсқауға
бұқаралық ақпарат
құралдарының күш-қуаты
да, құдіреті де жетеді*

Қақтығыстар әлемінде қандай да бір оқиғаны көпшіліктің талқысына салушылар қарама-қайшы көзқарастағылардың да өз пікірін жария етуіне мүмкіншілік жасауы керек. Сонда ғана болып жатқан оқиға туралы біржақтылыққа жол берілмей, тепе-теңдік принципі сақталады

- Бір жақтың әскери міндеттерін ілгерілету үшін медиа-ойынға қатысушылардың қақтығысты пайдаланып отырмағанын анықтау.

Соғыс мастандыратын әсер береді, өйткені ақпараттың негізгі ағымында соғыс тартымды, ал бейбітшілік қызықты емес болып көрінеді. Нью-Йорк Таймстың марапатқа ие болған тілшісі Крис Хеджес өзінің естеліктерін «Соғыс – біздің маңыздылығымызды арттыратын күш» деп атады.

Қақтығыстар әлемінде қандай да бір оқиғаны көпшіліктің талқысына салушылар қарама-қайшы көзқарастағылардың да өз пікірін жария етуіне мүмкіншілік жасауы керек. Сонда ғана болып жатқан оқиға туралы біржақтылыққа жол берілмей, тепе-теңдік принципі сақталады.

Қақтығысты түсіну

Қаржы тақырыбында жазатын журналист экономика бойынша біршама білімді болуы керек, ал юриспруденциямен жұмыс істейтін тілші заңнаманың негіздерін білуі тиіс. Осы сияқты соғыс мәселелерін жариялау үшін қақтығыстың сипатын түсінудің маңызы зор. Бұл оқиғаларды күнделікті жариялау шеңберінен шығып, қақтығысты қозғаушыны және қақтығысты шешуді түсінуге ұмтылуды білдіреді.

Қақтығысқа талдау жасау (немесе «бейбітшілікті зерттеу») қақтығыстың кәдімгі және табиғи іс екенін және оның ұдайы жәбір көрсетуді білдірмейтінін дәлелдеді.

Басқа процестерге шолу жасау үнемі болмаса да, қақтығысты бейбіт жолмен шешу мүмкіндігін көрсетеді. Қақтығыстың бақылаудан тыс қалмауы үшін күш салу оны шешуге жасалған қадам болып табылады; бітімгершілік мақсатында жүргізілетін жұмыстың өзі ұзақ мерзімді және берік бейбітшілік орнатуға мүдделі адамдар тобын құру үшін маңызды.

*Өте үлкен
қақтығыс болатынын
нық сеніммен айтқан
адамнан сақ болыңыз*

Сонымен қатар, өте үлкен қақтығыс болатынын нық сеніммен айтқан адамнан сақ болыңыз. Аяусыз қақтығыстар белгілі бір себептермен болады және оларды адамдар басқарады. Кейде мемлекеттің яки үкіметтің басшысы қауіпсіздікті немесе бақылауды сақтау құралы ретінде қақтығыс жасайды. Қақтығыстың бастапқы себебі билік пен байлықтың тең дәрежеде бөлінбеуінен, бұрыннан келе жатқан тарихи келіспеушіліктердің салдарынан туындайды. Бұл «тарихи жаулар» арасында қатігездіктің бар екенін көрсетеді, одан қорлардың әділ бөлінбеуіне немесе монополияның әркелкілігіне назар аударып, сол мәселелерді шешу арқылы құтылуға болады.

Аяусыз қақтығыстың болатынын нық сеніммен айтатын адамнан сақ болыңыз.

Келесі үзінді Канадалық IMPACS тобы ұсынған есептен алынған және ол қақтығыстан кейінгі болуы ықтимал салдарларды суреттеу үшін қолданылатын дәстүрлі мысал болып табылады.

Апельсин ағашы бір бақта өседі, алайда апельсиндер көршілес баққа иіліп тұрған бұтақта ілініп тұрады. Көршілердің әрқайсысы осы апельсиндерді өздерінікі деп санайды. Зерттеушілер оқиға өрбуінің төрт нұсқасы болуы мүмкін екенін көрсетеді:

НӘТИЖЕ	МЫСАЛДАР
<p>Бір жақ жеңіске жетуде</p> <p>а) кім күшті болса, сонікі дұрыс</p> <p>ә) сот шешімі</p> <p>б) кездейсоқтық</p> <p>в) өтемақы төлеу</p>	<p>а) көршілер апельсин үшін төбелесті</p> <p>ә) меншік туралы заң апельсинді кім алатынын анықтайды</p> <p>б) көршілер апельсин үшін тиын лақтырады</p> <p>в) біреу апельсин алады да, екіншісіне ақша төлейді</p>
<p>Келіспеушілікті тоқтату</p> <p>а) кетеді</p> <p>ә) жойылады</p> <p>б) кейінге қалады</p>	<p>а) екі жақ та апельсиннен бас тартады</p> <p>ә) олар апельсинді құртады немесе тарту етеді</p> <p>б) олар апельсинді мұздатқышқа салады</p>
<p>Мәміле</p> <p>Қорларды бөлу</p>	<p>Тараптар апельсиндерді бірге жинауға келіседі, олардан шырын жасап, теңдей етіп бөледі</p>
<p>Үздік нәтиже</p> <p>Инновациялық шешім</p>	<p>Апельсиндердің ұрығын алу, оларды егіп, есіре бастау – жаңа бизнес, жаңа табыс және қордың көбеюі</p>

Солтүстік Ирландияда қақтығыстың бейбіт жолмен шешілуінің жақсы көрінісі байқалады. Ұзақ мерзім бойы «католиктер протестанттарға қарсы» деген мақсат-мүдде қайшылығы шешілмейтін тайталас ретінде көрінді. Католиктер үшін өзін-өзі басқаруға қатысты кез келген қозғалыс (Ирландия Республикасымен түбегейлі қосылу) протестанттар үшін басқаруды жоғалтумен бірдей (Британ Одағын да) бағаланды. Сондай-ақ олар мұны мәдениеттеріне және жалпы өмір сүруіне қауіп төндіру ретінде қарастырды. Зорлық-зомбылық көрсету жалғаса берді.

1998 жылы пайда болған Жалынды Жұма келісімі республикалық қозғалыс пен британдық үкіметтен, сондай-ақ Юнионистер өзегінен алшақтатқан ирландтық үкіметтің өнімі болып табылды. Бұл кезде екі тараптағы орташа топтар бейбітшілікке табысты ілгерілеу жолында шабыттана отырып, қолдауға ие болды және заңдастырылды да. Өрі қарай тараптарға алдарынан шыққан мәселелерді шешуге тура келді. Қалай болғанда да, ешқашан түйіні табылмайтындай көрінген дағдарыс еңсерілді.

Қақтығысқа екі жақ қана қатысқан жағдайда, ол тез арада шешілмеуі мүмкін, өйткені олардың әрқайсысы жеңуге ұмтылады. Біреуі жеңсе, бұл екінші жақтың жеңілісін білдіреді. Бір жақтың кез келген табысына тікелей екіншісінің жеңілісі арқылы қол жеткізіледі. Ойыншылар немесе мүдделі тараптар көп болған жағдайда, қақтығысты бейбіт жолмен шешу мүмкіндігі көбееді.

*Қақтығысты
жариялаушы
журналистің өзі
зорлық жасау дегеннің
қандай болатынын
түсінуі қажет*

Қақтығысты жариялаушы журналистің өзі зорлық көрсету дегеннің қандай болатынын түсінуі қажет.

Сыртқы делдал қақтығыстың себебін жою жолында тараптарға зәбір-жапа көрсетуден қаша отырып (бұл екі жақтың да жеңілісін білдіреді), олардың негізгі талаптарын қанағаттандыру жолымен екі жақты бітімгершілікке әкелетін жолды анықтауға ұмтылады. Егер соғыс көбінесе саясаттың сәтсіздікке ұшырауы ретінде сипатталса, онда зорлық-зомбылықты кеңінен қолдану оның толық табысы болып табылады.

Зорлық-зомбылықтың түрлері

Қақтығысты жариялаушы журналист зорлық-зомбылық дегеннің мағынасын да түсінуі тиіс.

Кейбір зерттеулер зорлық-зомбылықты үш түрге бөледі: тікелей зорлық-зомбылық (ұрып-соғу, ату, зорлау және т.б.); мәдени зорлық-зомбылық (өшпенділікпен сөз сөйлеу, ксенофобия, соғысты дін тұрғыдан ақтау және т.б.); құрылымдық зорлық-зомбылық (апартеид, отаршылық, басқыншылық және т.б.).

Айқын және айқын емес зорлық-зомбылық бар. Журналист қаза болғандарды, жараланғандарды, зорланғандарды, азап шеккендер мен өз үйлерін тастауға мәжбүр болғандарды өз көзімен бақылай алады. Алайда, оның артында әрі қарай зорлық-зомбылыққа апаратын өшпенділік, ксенофобия, қа-

рымта қайтару мен бірқатар эмоция тұруы мүмкін. Тіл мен мәдениетті жою жолымен жүйенің өзгеруі (құрылымдық өзгерістер) санаға сіңуі қиын жайттар әрі ол ұзақ уақыт бойы жүреді.

Соғыс кезінің өзінде де зорлық-зомбылықтың белгілі бір түрлері халықаралық гуманитарлық құқыққа қарама-қайшы келеді. Әскери қылмыстар жобасы журналистерді келешекте тікелей куә болуы мүмкін жайттардан, яғни соғыстың ережелері мен осы бағыттағы заңдардың бұзылу шамасын анықтауға бейімдеу үшін оқытуға негізделген. Осы жобаның бастамашысы, журналистика саласындағы Пулицеров сыйлығының лауреаты Рой Гутманның түсіндіруінше, әскердің шіркеулерді талқандап, тұрғындарға пана бола алатын басқа да тарихи ғимараттарды қиратуын көру өте ауыр. Алайда, мұның Женева Конвенциясын бұзу екенін түсіну проблеманың маңызын арттыра түседі: Бір қарағанда қарапайым мақала секілді көрінгенімен, қақтығыстың тактикасы мен салдарын айтарлықтай өзгерткен жағдайда айрықша маңызды репортаж жасалуы мүмкін (12-тарауды қараңыз).

*Этникалық және
діни анықтамаларға
атүсті қарау
арандатушылықтың
алғышарты болуы мүмкін*

Қақтығыс шеңберін анықтау

Қақтығыс аймағындағы оқиғаны сипаттаған уақытта «қақтығыстың шеңберін қалай анықтау керек?» деген негізгі сұрақтан бастау керек. Журналистика саласында анықтамалықтардың жетіспеушілігі жиі кездеседі. Дегенмен, этникалық және діни анықтамаларға атүсті қарау арандатушылықтың алғышарты болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, «біз» және «олар» деп бөлуге болмайды. Әскери оқиғаларды баяндауда мұндай қысқарған терминологияны ойланбастан қолдануға мүлдем болмайды, ол бөлінуге ықпал етіп, қақтығыстан қашып құтылатын жол жоқ деген ойға жетелеуі мүмкін.

1990-жылдардың ортасында Балқан түбегінен жететін жаңалықтардың көпшілігі «сербтер», «хорваттар» мен «мұсылмандар» арасындағы қақтығысқа қатысты болды. Солдаттардың басым бөлігі этникалық құрамы бойынша сербтер немесе хорваттар, ал діни жағынан мұсылмандар болды. Сондай сәттерде ойды жеткізудің осындай қысқаша формасы өте үлкен қауіп-қатер төндіргенін жасыруға болмайды. Әсіресе, әңгіме тарихи бітіспес жаулар арасындағы «ежелгі этникалық дұшпандық сезімге» сүйенгендер үшін қауіпті көрініс тудырды.

Шындығында, көптеген сербтік және хорваттық азаматтар соғысқа қарсы шықты. Үкімет мұндайлардың ізіне түсті. «Мұсылман жағы» этникалық жағынан Босния астанасы Сараево қаласында халықаралық мойындалған үкіметте қызметте тұрған хорваттармен және сербтермен аз да бол-

са аралас-құралас болды. Бұрынғы Югославияның көптеген тұрғындары этникалық идентификациядан бас тартты, олардың көпшілігінің тегі аралас болатын. Жағдайда одан бетер күрделендіре түскен мұсылмандар «босниялық» деген жаңа терминге тоқтады, сол арқылы олар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін күшейтіп, дау-дамайға себепкер болған діни мотивацияны бұзуға әрекет етті. Ал діннен туындаған кикілжіңнің ақыры ел аумағын қорғау үшін соғысуға дейін алып келді.

Осылайша, жер үшін болған соғыс қалай аталуы керек деген мәселе қызу дау-дамай тудырды. Анықтаманың мәнін түсіну өзгергендіктен, шешімін табу мүмкіндігі де өзгеріске ұшырады.

Дұрыс әрі дәл репортажда журналист ешқашан басқаға зиян келтіре отырып, бір жақтың пікіріне мойынсұнбайды. Журналистердің басым көпшілігі геноцидке қатысты репортаж жасау кезінде де мұндай талапты орындаудың қиын нәрсе екенін алға тартып, талай рет дауласты да. Енді біреулер журналистер тасада қалған бейтарап жаққа, яғни соғысушы тараптарға қатысы жоқ қарапайым адамдарға жақтасуы керек деп шешті. Бұл материалды бастық, сарапшы немесе дипломаттың дәйектемесі негізінде емес, нақты адамдар контексінде құру керек дегенді білдіреді. Мұндай тәсіл күш көрсету салдарынан тараптардың әрқайсысына келтірілген зиянды анықтауға көмектесе алады.

Қалай болғанда да, ең маңыздысы шектеулі кеңістік пен белгілі бір журналистік стенография шеңберінде отырып та жағдайдың күрделілігін көрсетуге ұмтылу. Сіздің материалыңызды тараптардың ешбірі насихат құралы ретінде пайдалана алмауы керек. Әлбетте, материал аталған аймақтағы шынайы жағдайды дәл көрсетуі тиіс.

Тілдің эмоционалдық стилі

Соғыс жоғары эмоционалды сипатқа ие, сондықтан да журналистер басқа да адамдар сияқты сезімнің күшті әсеріне ұшырауға бейім келеді. Дегенмен, журналистиканың негізгі қағидалары журналистердің төменде келтірілген жайттардан аулақ болуын талап етеді:

- қоқан-лоққы мен жәбір көрсету
- тілдің дәрекі (қатігез) стилі
- зорлық-зомбылыққа арандатушылық

Журналист өз қауымдастығына қауіп төнгенін сезген жағдайда, бүкіл әлемге мәлім деңгейге дейін түсуі мүмкін. Бірақ, жаудың көзін жоюға шақыру, қарсыластармен адамшылыққа жатпайтын түрде қарым-қатынас жасау, халықты тікелей зорлық-зомбылық жасауға үгіттеу жауапкершілікті журналистиканың шеңберіне кірмейтін әдістер. Әскери қылмыстар жөніндегі халықаралық соттар да зорлық-зомбылықты қолдануға ықпал еткен бұқаралық ақпарат құралдары әскери қылмыстар туралы заң бойынша жауапкершілікке тарту мүмкіндігі туралы мәселе көтерген.

Кейде қарапайым ғана қолданыстағы сөздің өзі де арандатушылық деп қабылдануы ықтимал. «Лаңкес» немесе «бостандық үшін күрескер» деген қарапайым терминдердің жасырын мағынасы да бар. «Қарулы күресуші», «көтерілісші», «көтеріліске қатысушылар» немесе «партизандар» деген сөздердің эмоциялық реңкі төмен және олар анық сипаттауға мүмкіндік береді. Қандай да бір тарапқа жақтасудан аулақ болу үшін мүмкіндігінше бейтарап, кемсітпейтін сөздерді пайдаланыңыз.

*Әсіреэмоционалды
образдарды асқан
сақтықпен қолдану
қажет*

Әсіреэмоционалды образдарды асқан сақтықпен қолдану қажет. Телевизиялық немесе жарнамалық материалдарда қанды көріністерді көрсетудің маңызы жоқ. Журналистер екі жақтың құрбандарына да құрметпен қарап, жаңағыдай образдардың эмоционалды әсері болатынын, яғни зорлық-зомбылық әрекетімен жауап беру қаупі бар екенін түсінуі тиіс. Баспасөз кейде телевизиялық жарнамаларға еріп кетіп жатады. Алайда, басылымның «терең қазу» және кең мағынада көрсету мүмкіндігіне ие екенін естен шығармаған жөн. Яғни, сенсуализмге бой алдырып, еліктеуге тұрмайтын нәрсеге ерудің қажеті жоқ.

Мұндағы басты ережелердің бірі – тараптардың бірінің айуандығын әшкерелейтін суреттер мен мақалаларды жариялауда ерекше сақтық таныту.

Біз бұқаралық ақпарат құралдары бейбітшілікті насихаттаушы болуы керек демейміз. Бірақ, журналистер өз жауапкершілігін мойындап, қысымның көбеюіне жанама тосқауыл бола отырып, толеранттылықты дамытуға өз үлестерін қоса алады.

Цинизм тұзағы

Таң қылаң бергенге дейін тараптарды келісімге келтіре алмаған халықаралық делдалдар шарасыз күйде отырған уақытта бәсекелесуші жақтың шешені микрофонға қарай жүгіріп, қарсыластарының қырсықтығын сынға алады. Мұндайда газет мақалаларында «Күрестің ушығуына байланысты бейбіт келісімдер процесінің күлі көкке ұшқалы тұр» деген тақырыптар жиі кездеседі.

Алайда, бір апта, бір ай немесе екі ай өткен соң, кездесу өтіп, ортақ шешімге қол жетпесе де, мәселелердің басым бөлігі келісіледі.

Екі жыл бойы мәселені бейбіт жолмен шешу процесі жүріп келеді де, ішкі үкімет тығырыққа тірелген кезде жергілікті қақтығыс белең алады. Қайтадан «ел жаңа соғысқа қарай бет бұрды» деген мақалалар пайда болады. Алайда, көптеген дау-дамай мен түсінбеушіліктен соң қайтадан жаңа

бітімге қол жетіп, екінші фракцияның көшбасшысы премьер-министрдің міндетін атқарушы болып тағайындалады және бейбітшілік туралы жергілікті шарт келісіледі...

Қақтығысты жариялайтын журналистерден үнемі болашаққа болжам жасауды өтінеді. Алайда, қақтығыстың келешегіне пессимистік көзқараспен қарайтын мақалалардың тақырыбы әрдайым жер жарып тұрады. Сөзсіз, журналистер – кәсіби көзқамандар (циниктер).

БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің кей жағдайда әлдеқандай тәсілдерді алға тартып, зорлық-зомбылыққа қатысты қатаң жаза қолдана алмайтыны секілді бір қарағанда елеусіздеу көрінетін жағдайлардың қауіпті болуы мүмкін екенін де бағаламауға болмайды. Ал егер дәл оқиға болған жерде жүріп, соғысты тоқтатуға ешқандай себеп жоқ екенін білсеңіз, бұл жайлы қалайда хабарлаңыз.

Бірақ, әдетте кері тәсілдің пессимизмге жол ашып, қақтығысты тұтандыруы мүмкін екенін де ұмытпау керек. Сонымен қатар ол қақтығысты шешу процесіндегі кез келген сәтті процесті көзден тыс қалдырады.

*Қақтығыстың келешегіне
пессимистік көзқараспен
қарайтын мақалалардың
тақырыбы әрдайым жер
жарып тұрады*

*Бұлыңғыр болжам
жасай беретін арсыз
адамдардың тұзағына
түскіңіз келмесе, ақылмен
сақтық жасаңыз*

Қақтығыстың келешегіне пессимистік көзқараспен қарайтын мақалалардың тақырыбы әрдайым жер жарып тұрады.

Бейбіт үрдіс әрдайым көптеген сәтсіздіктерге душар болады. Қарым-қатынас орнату үшін тараптарды табыстыратындықтан, бұл үрдістің маңызы зор және қақтығыстың негізгі мәселелері бойынша ауқымды шешімге қол жеткізу мүмкіндігінің алдында сенім орнату үшін ол көбінесе қосымша мәселелерге жүгінеді.

«Директивті» бейбіт келісімнің тұрақтылығына күмәнмен қарау журналистердің назарын мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуында қол жеткен елеулі «көпдеңгейлі» табыстардан алшақтатады. Мысалы, көпір қайта ашылған сәтте, мемлекеттің орталығы қалпына келеді, ақырындап босқындар отбасыларымен үйлеріне орала бастайды. Бұл да соғысты табыстан айырып, бейбітшілікті қолдаушы адамдардың қатарын көбейту арқылы табысқа қол жеткізу процесінің бір бөлшегі болып қалады.

Бұлыңғыр болжам жасай беретін арсыз адамдардың тұзағына түскіңіз келмесе, ақылмен сақтық жасаңыз. Сонда ғана сіз бейбіт келісімдердің барысын шынайы сипаттап қана қоймай, тепе-теңдік принципін ұстана отырып, біртіндеп маңызды табыстарға қол жеткізесіз.

Дағдарысқа қарсы реакция

Жарылыстар жасалды, президент өлтірілді, аяусыз қатыгездік туралы ақпараттар пайда бола бастады. Мұндайда кәсіби нормаларды қатаң ұстану айрықша маңызға ие.

Құрбандар айтарлықтай азап шеккенін алға тартады, саяси қайраткерлер айыптайтын мәлімдемелер жасайды, бәсекелес бұқаралық ақпарат құралдары сенімді түрде кесімді материалдарды жариялай бастайды.

Бұл жауапкершілігі мол журналист үшін тәуекелге бас тігетін қауіпті кезең. Деректер объективті болмаса, жауапкершілік айқын емес болса, былық-шылық жағдайында оқиғаның нақты мағынасын түсіну мүмкіндігі де қалмайды.

Кейде кесімді пікір білдірушілер саны көп болған жағдайда «айқын қорытынды» жасаудан аулақ болу қиынға соғуы мүмкін. Мәселен, бір этникалық топ екінші топқа қасақана шабуыл жасағанымен, мұны дәлелдейтін факті болмауы мүмкін.

Мұндай жауапсыз мәлімдеме зорлық көрсетуге итермелеуі мүмкін. Өйткені, ашу-ыза кернаген қоғам мүшелері кек алуға әрекеттенуі ықтимал.

Азаматтық қоғам соғыс уақытында да өмір сүре береді, дами да береді, ешқашан келешектен үмітін үзбейді.

Азаматтық қоғам соғыс уақытында да өмір сүре береді, дами да береді, ешқашан келешектен үмітін үзбейді

Мұндай жағдайда өз репортаждарыңызда төмендегі жайттарды есте ұстауыңыз қажет:

- Белгілі фактілерге ғана арқа сүйеу, дәлелдеуге болмайтын нәрсені түсіндіру;
- Эмоцияны жұмсартып, осы бағыттағы қоғам өкілдерін бірінші шепке шығару;
- Барлық тараптың пікірін білдіріп, айқын кертартпалықтарды жеңу;
- Жеңіл қорытынды жасамай, материалдың күрделілігін зерттеу;
- Оқиға қаншалықты қайғылы болғанына қарамастан, оның келешегін қарастыру.

Оқиғаларды жауапкершілікпен көрсету

Азаматтық қоғам соғыс уақытында да өмір сүре береді, дами да береді, ешқашан келешектен үмітін үзбейді. Журналистің парызы мен табиғи инстинкт қақтығыста қатысушы «топтар» туралы мәлімдеуге мәжбүр еткенімен де, қоғамның басқа бөліктерін де естен шығармаған дұрыс. Ел ішіндегі халықтың тұтастай дерлік соғысты жақтаушылар одағын қолдауы өте сирек кездеседі. Ал болып жатқан қақтығысты және оның артында тұрған адамдарды тоталдық милитаризацияланған қоғам бейнесін жасауға ықпал етеді.

Жауапкершілікті журналистика соғысқа қарсы бағытталған қызметті көрсетеді, соғыс өртін тұтандыратын стереотиптен бас тартатын топтар мен тұлғаларды алғашқы шепке шығарады, қауымдастықтар арасында ынтымақтастық орнатуға, қақтығыс салдарынан бұзылған бейбітшілікті нығайту үшін қайта қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

Экстремистердің газеттердегі бірінші беттерді жаулап алары сөзсіз. «Сабырлылар» соңғы беттерде болады, БАҚ оларға онша көңіл бөлмейді. Зорлық-зомбылыққа шақыруды бірінші кезекке қоятын мақала жәбір көрсетуге қарсы жұмыс істейтін азаматтық қоғамның топтары туралы материалға қарағанда, көбірек назар аудартуы мүмкін. Бірақ, мұндай репортаждар радикалдар мен түсініксіз балама нұсқаларды ақтайды.

Шынайы репортаж салыстырмалы артықшылықтар беруді естен шығармайды, түрлі қайраткерлер мен олардың пікірлерін жария ете отырып, ортақ теңгерімге ұмтылуды мақсат тұтады. Ауқымды шешімге қол жеткізу қиын болған жағдайда да, бейбітшілікті нығайту процесі ұзақ мерзімді шешімге қол жеткізудің маңызды бөлігі болып табылады; жергілікті келісімдер, әрекет орнындағы жағдайды зерттеу жобалары, әрине, зорлық-зомбылықтың қысқаруы немесе болмауы оң нышанды білдіреді.

*Соғыс аяқталысымен,
халықаралық шолу-
шылар еліне қайтады.
Бірақ, олар «әлем ұдайы
қақтығыста болады» де-
ген әсер қалдырып кетеді*

Қақтығысты зерттеуші кейбір сарапшылар оқиғаны тепе-теңдікті сақтай отырып суреттеу мәселені бейбіт жолмен шешуге ықпал етеді деп есептейді. Журналистің жұмысы – өз міндетін тиісті дәрежеде атқару. Оқиғаны барынша жан-жақты суреттеу мен қақтығысқа қатысушы тараптарға тең жағдай туғызу бейбіт жолмен шешудің перспективасын түсінуге ықпал етеді.

Көп жағдайда соғыс аяқталысымен, халықаралық шолушылар еліне қайтады. Бірақ, олар «әлем ұдайы қақтығыста болады» деген әсер қалдырып кетеді. Жоспар бойынша жұмыс істей отырып, қайта құру мен дамуды көрсету үшін аймаққа қайта оралу қажет. Бұл ретте сәтсіздіктер мен қиындықтар болуы мүмкін екені де ескеріледі. Дегенмен, халықтың зорлық-зомбылықтан құтылғанын көрсетеді.

Бас мақаланы таңдау және орналастыру

Өзіңізді Таяу Шығыстағы күнделікті шығатын газеттің редакторымын деп есептеңіз. Газеттің дүйсенбілік нөміріне сенсациялық жаңалық табуға және оған ат қоюға кірісіп кеттіңіз. Демалыс күндері көптеген маңызды оқиғалар болды:

- Үш күннің ішінде өзін-өзі жарып жіберетін лаңкестер бес жарылыс жасады. Оның салдарынан тоғыз Израиль азаматы қаза тауып, ондаған адам жараланды;
- Израильдің қауіпсіздік күштері палестиналық қалалардың біразын қоршауға алды. Бұл мыңдаған палестиналықтың жұмыс орнына жете алмағанын білдіреді;
- Палестина мен Израильдің премьер-министрлерінің кездесуі өтті, нәтижесінде нақты нәтижеге қол жеткен жоқ. Бірақ, премьер-министрлер келешекте әрі қарай келіссөздер жүргізу міндеттемесін қабылдады.

Бас мақала үшін қандай хабар таңдау керек? Әдетте «Егер қан болса, басты ақпарат сол» деген ережеге бағынады. Бәсекелес бұқаралық ақпарат құралдары соңғы айуандық әрекеттер туралы жарыса жазып жатқанда күнделікті күәгер болып отырған зорлық-зомбылықты елемеу қиын-ақ. Бірақ, күнделікті зорлық-зомбылықты көрсеткеннен гөрі бейбітшілікті жариялауға күш салудың маңызы зор. Егер премьер-министрлер арасындағы кездесу бірнеше жыл ішінде бірінші рет өткенін назарға алсақ, онда оның маңыздылығы еш күмән тудырмайды.

Бас мақаланы таңдау мен жоспарлауға қатысты басқа да мәселелер бар, оларды да ескеру қажет. Күнделікті тақырыптарды жариялауға қарағанда, сенсациялық жаңалықтарды жариялау оңай болады. Соңғылары менмұңдалап тұрады. Сондықтан да журналистер соғысты, шайқас пен ашаршылықты көрсетуге көбірек көңіл бөлуге бейім, кейде олар қақтығыстан кейінгі өмірдің қайта қалпына келуін көрсетуге де дайын. Осы жағдайда, әсіресе, таңдау жасау қиын, өйткені дағдарыс аяқталғаннан кейінгі қайта қалпына келуді көрсету жұтаң редакциялық бюджеттің көп қорын талап етуі мүмкін.

Шын мәнінде, оқиғаларды көрсету үшін сіздің өз қорларыңызды қалай жұмсайтыныңызды шешу өте маңызды. Репортаж жүргізетін тілшілердің саны әрдайым шектеулі, бірақ жауапты журналист бөліністің субъективті шешім екенін түсінуі тиіс. Сонымен, журналистік қорларды қалай пайдалану туралы шешім қабылдауда сіздің қақтығысты көрсетуіңізге деген көзқарастар санын көбейту мен бейбітшілікті көрсетуді назарға алудың маңызы зор.

«Бөлінген» қоғам мәселесін жариялау

Соғыстан кейін міндетті түрде бөліну болады. Адамдар бір-бірінен алыстайды, көпірлер бұзылады, ел бөлшек-бөлшекке бөлініп кетеді.

Ақпараттық соғыс ғасырлар бойы бір-бірімен қоян-қолтық өмір сүрген адамдарды мақсатты түрде бір-бірінен алыстауға бағытталады. Байланыс арналары үзіліп, қарсы тұрған астанадан хабар болмаған кезде, жергілікті репортерлар үнсіз қалатын болса, үрей тудырушы Үшінші тараптар пайда болуы мүмкін.

«Бөлінген» қоғам мәселесін жариялауда дұрыс тәсілге жүгінетін болсаңыз, қоғамдағы бөлінген адамдарды біріктіруге әрекет ету керек. Стратегияға кешенді жариялау жобалары, түрлі этникалық, ұлттық және діни топтардың журналистерін біріктіру, бірлескен жан-жақты репортаждар мен майдан арқылы зерттеулер жүргізу жатады. Екі жақтан да адам құқығының бұзылуына арналған мақалаларды беру әрбір жақтың қасіреті мен өкінішін түсінуге көмектесе алады. Егер материалдарды екі қауымдастықтың журналистері жазатын болса, онда олар сенімді қайта қалпына келтіруге көмектеседі.

Сұхбаттар жүргізу түйткілді мәселелерді талқылап, келіспеушіліктерді ескеріп, бір шешімге келу үшін қақтығыстың қарсылас жақтарының жекелеген адамдарының басын қоса алады.

*Ақпараттық соғыс
ғасырлар бойы
бір-бірімен қоян-қолтық
өмір сүрген адамдарды
мақсатты түрде бір-
бірінен алыстауға
бағытталады*

Арнайы жарияланымдар немесе деректі фильмдер әртүрлі көзқарастарды пікір алмасу немесе диалог ретінде байланыстыра алады. Қоғам ішіндегі мәселелер туралы репортажды шекараның ар жағындағы ақпараттың, зерттеулер мен көзқарастардың оқшаулануын бұзу үшін қақтығысқа қатысушы елдердің немесе аймақтардың бірнеше басылымдарында жариялауға болады.

«Бөлінген» қоғамдар туралы репортаждың кез келген жобасы мұқият редакциялық қарастыру мен сыпайы қарым-қатынасты талап етеді. Осындай жобаларға қатысу үшін анықталған үміткерлерден оң тәсілге жүгінуді сұрайды, оған қарым-қатынастың байсалды екпіні, шектен тыс эмоционалдықтың және кертарпалықтан аулақ болу, әріптестер мен осы қақтығысқа тартылған барша адамдарға кішіпейілдік пен құрмет көрсету жатады.

Қоғам ішіндегі мәселелер туралы репортаж жобалары сенім көрсетуге жағдай жасау үшін мәселелерді талқылау және ортақ тәсілдерді анықтау үшін қатысушылар арасында жеке кездесулер өткізеді. Ақпарат құралдары көбінше өз қорытындыларын жария етуге тырысады, қоғамдық талқылаулар (қауіпсіздік пен қорғау мәселелері мүмкіндік берсе) жағдайды талқылау мен қарастыру үшін басқа азаматтық қоғамның қатысушылары мен өкілдерінің басын қосуға мүмкіндік береді, бұл жағдайда ақпарат құралдары азаматтық қоғамда делдалдық үшін алғышарт ретінде қызмет етеді.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың редакциялық стратегиясы қоғам ішіндегі мәселелерді көрсетуге, қатысушыларды тарту мен қақтығысқа тартылған барлық жақтар мен қоғамның барлық таптарының ықпалын білуге, оларға өзара сенім көрсету жағдайында жұмыс істеу мүмкіндігін беруге, қақтығыстың қамтыған барлық кеңістігінде олардың репортаждарын тарату арқылы тең перспективаларды қамтамасыз етуге құрылады.

Осындай тәсілді қолдана отырып, маңызды ақпарат алып қана қоймай, жаңа және оң перспективаларға қол жеткізуге болады. Ол жауласушы тараптардың бір-бірімен кәсіби деңгейде араласуы және көбінесе жанасу нүктесін табуы мүмкін екеніне сенімділік тудыра отырып, мысал ретінде қолданыла алады.

Оқу мысалы

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт келтіретін бірнеше мысалдар қоғам ішіндегі мәселелер туралы репортаждың креативті стратегиясын көрсетеді.

Македониядағы жаппай тәртіпсіздіктер. Бұрынғы Югославия республикасы болған Македонияда тұрақсыздық орнаған, халықтың аз бөлігін этникалық албандар құрайды.

Қақтығысқа тән қысымды суреттеген мақала репортаждан гөрі памфлетке көбірек ұқсайды және онда екінші тараптың көзқарасы көрсетілмейді.

Қақтығысқа тән қысымды суреттеген мақала репортаждан гөрі памфлетке көбірек ұқсайды және онда екінші тараптың көзқарасы көрсетілмейді

2001 жылы Битола қаласында македониялық әскерлердің өлімінен кейін жаппай тәртіпсіздік етек алды. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт үшін мақала жазған жергілікті македониялық журналист өз репортажында албандықтар туралы кең тараған кертартпаларды қолданып, Македония Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін қолдауға ұмтыла отырып, зорлық-зомбылықты ақтауға тырысады.

Бұл репортаждан гөрі памфлетке көбірек ұқсайды. Өйткені, репортер сауда нүктелері бұзылған бірде-бір дүкен иесінен (олардың барлығы да албандықтар) интервью алған жоқ. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың редакторымен бірнеше рет әңгімелесу «жұмыс орнындағы» сабаққа айналып, тиімді болды. Албандықтармен кездесуі журналисті оқиғаға басқа тұрғыдан қарауға мәжбүр етті. Македониялықтың албандықтармен байланысы жоқ болғандықтан, жергілікті қауымдастық оған күдікпен қарады, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың бас кеңсесі оны албандықтардың қабылдауына көмектесті.

Журналист осы кездесулерден қайтып келгеннен кейін мүлдем басқа қырынан кәсіби материал жазды. Редактор журналисті оқыту үшін көп уақыт жұмсады. Бірақ жергілікті репортерлармен жұмыс істеуді жалғастыру келешегі мақаладан бас тартып, басқаға көшуден маңыздырақ болды. Мақаланың соңғы нұсқасы тепе-теңдікті сақтай отырып, байсал-

ды мәнерде жазылды. Бұл ерекше жағдай болды, өйткені македондық журналистің мақаласы албан тіліне аударылып, албандық баспасөзде жарияланды, бұл сенім мен қарым-қатынас орнатуға ықпал ететін едәуір жетістік еді.

Кавказдағы диалог. Абхазия – мойындалмай бөлінген мемлекет, ол 1990 жылдардың басындағы кескілескен ұрысқа дейін Грузия республикасының құрамында болды. Сол кезден бастап шекара жабық, ал екі мемлекеттің астанасы Тбилиси мен Сухуми арасындағы ресми және ресми емес хабар тоқтатылды. Ақпараттың жетіспеушілігі сенімсіздік пен түсінбеушілік тудырады, бұл келіспеушілікті саяси реттеуге қол жеткізу үшін басты кедергі болып табылады.

2003 жылы жергілікті журналистермен және азаматтық қоғам топтарымен жұмыс істей отырып, «Бітім қорлары» атты халықаралық қақтығыстарды шешу топтарымен серіктестікте Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт ай сайын шығатын «Панорама» газетінің негізін қалады.

Бұл газет екі жақтың бірегей бірлескен жұмысы болды, бұл жұмысты абхаздармен қатар грузиндер де атқарды. Олардың міндеті бір газетті екі тілде – грузин және орыс тілдерінде шығару болды.

Жоба қарапайым адамдарға қақтығыстың басқа жағынан ақпарат алу мүмкіндіктерін беру тұрғысынан алғанда, табысты болды. Бұл қарапайым бастама болғанымен, газеттегі жарияланымдарды көбірек бағалай бастады. Әсіресе, Абхазияда.

Хорватиядағы әскери қылмыстар. Хорватиядағы Вуковар қаласы сербтік әскери құрылымдар мен югославиялық армия аяусыз шабуылға көшкен кездегі Сербияның Югославия құрамынан шығуы үшін туындаған соғыстың ерте кезеңінде болып жатқан қатігез жауыздықтың ошағына айналды.

Осы шабуылдардың 10 жылдығына орай Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт осы қылмыстарды және олардың ұзақ мерзімді ынтымақтастықтарын тергеу үшін сербтік және хорваттық журналистерді бірге жинай отырып, қоғам ішіндегі оқиғаларды жариялау бойынша үлкен жобаны жүзеге асыра бастады.

Команданы бірлесе отырып еріктілік рухында жұмыс істеуге ынталандыру үшін жоба көп уақыт пен мұқият сақтық тәсілін талап етті. Бірақ, нәтиже сарп еткен уақыт пен еңбекті ақтады.

Ең есте қаларлық жайт, Сербиядағы журналистер командасы шабуылға қатысқан бірнеше сербтік әскерді таба алды. Олар не істегендерін айтып, шын көңілмен өз өкініштерін білдірді.

Бірегей мүмкіндігі бар Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт осы туралы репортажды Сербия мен Хорватияның жетекші газеттерінде жариялауды қамтамасыз етті. Сербтік оқырмандар сербтік журналистер жазған олардың үкіметінің қылмыстары туралы мәлімдемені оқи алды, ал хорват оқырмандары бірінші рет қарапайым сербтік әскерлердің өкініштері туралы естіді.

Екі жақ та сербтер мен хорваттардың осындай тақырыпта бірлесе жұмыс істеуі мүмкін екеніне көз жеткізді, бұл екі жақтың арасында сенім орнатуға септігін тигізді. Бастапқыда жобаға қарсы болған сербтік редактор өзінің батылдығы және осындай тексеруді жариялағаны үшін марапатқа ие болды.

Бұл – қоғам ішіндегі мәселелерді дұрыс қарастыруда журналистиканы жоғары деңгейге көтеруге болатын, сондай-ақ қақтығыстарды шешіп, өзара ынтымақтастық көпірін орнатуға тікелей ықпал ететін креативті әдістің бір мысалы ғана.

Қоғам ішіндегі түйткілді мәселелер туралы репортаж журналистиканы жоғары деңгейге көтеріп қана қоймай, даулы жағдайларды шешуге де ықпал етеді

Әділетті соғыс

Көптеген әскербасылар соғыстың шешілуін айуандықты болдырмау, оқиғаның дамуын қайғылы жағдайларға жеткізбеу үшін жасалды деп ақтамақ болады. Көбінесе бұл себептер билікті немесе аумақты жаулап алу сияқты шынайы пиғылды жасыру үшін айтылады.

Қалай болғанда да, батыстың философиялық, діни және құқықтық теориялары белгілі бір критерийлерге бағынатын әділетті соғыс идеясының болуын дәлелдейді.

- **Соңғы амал** – күш қолдануды ақтау үшін оған дейінгі сатының барлығы пайдаланылып, нәтиже бермеуі тиіс.
- **Заңды билік** – әділ себептердің өзі де билікте отырмаған қоғам мүшелері мен бөгде адамдардың (оларға қоғамның өзге топтар заңды деп қарағанына қарамастан) билігі заңды негіз бола алмайды.
- **Шығынды өтеу** – әділетті соғыс келтірілген зиянды өтеу үшін, атап айтқанда өз-өзін қорғау үшін жүргізілуі мүмкін.
- **Табыс** – егер табысқа жетудің негізді себебі болса ғана, соғысты ақтауға болады; үмітсіз себептерді ақтауда өлім мен жанды жаралайтын жайттарды пайдалану ақылға қонбайды.

- **Бейбітшілік орнату** – соғыстың соңғы мақсаты бейбітшілікті қайта қалпына келтіру болуы тиіс, бейбітшілік орнаса, ол соғыстың алдындағы жағдайға қарағанда артықшылыққа ие.
- **Пропорционалдық** – көрсетілген зорлық-зомбылық келтірілген шығынға сәйкес болуы тиіс, заңды билік шектеулі мақсатқа немесе келтірілген зиянды қайтаруға қол жеткізу үшін қажетті күштің сәйкес деңгейін пайдалануы тиіс.
- **Кемсітушілік** – әскери іс-әрекеттерге қатысатын немесе қатыспайтын адамдар үшін қарудың айырмашылығы болуы тиіс, азаматтық тұлғалар ешқашан соғысқа қатыспауы керек, сондай-ақ азаматтық тұлғалардың өліміне жол бермеу үшін барынша күш салу қажет. Азаматтық тұлғалардың өлімін олардың әскери нысанға қасақана шабуыл жасаған жағдайында ғана ақтауға болады.

Бұл қағидалар зорлық-зомбылық көрсетуді ақтау үшін өте жоғары талап (критерий) қоятыны сөзсіз. Өз елдерін соғысқа душар еткен үкіметтердің ұсынатын талап-арыздарын бағалауда оларды басшылыққа алудың пайдасы зор. Аталған қағидалар қақтығыстың себептері мен салдарларын тексеру жұмыстары үшін берік негіз болып табылады.

Негізгі алты міндет

1. Қақтығысты түсіну міндеті:

- Біз басылымда жарияланғанына дейін қақтығысты және оның шешу жолдарын зерттеп, түсінуіміз керек.
- Қақтығыстың дамуын және оны қалай шешу мүмкіндігін түсінуіміз қажет; біз «соғыстың ережелері» туралы, сондай-ақ бейбітшілік және шешім әзірлеу ілімі туралы білуіміз тиіс.
- Кез келген арнайы немесе сенсациялық репортажға да осы қағидалар ортақ.

2. Репортажды бейтарап жүргізу міндеті:

- Біз қақтығысты бейтарап және салмақты көрсетуге тиіспіз.
- Біз қақтығыстың барлық топтары мен шағын топтарының мәселелері және пікірлері туралы хабарлау үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек.
- Біз әрдайым өз жақтаушымызды айқындауымыз керек. Журналист ретінде қандай да бір тарапты қолдасақ, онда оқырманға өз ұстанымымызды жеткізуіміз керек.
- Бұл журналист жүргізетін кез келген репортаж түріне қатысты.

3. Қақтығыстың алғышарты мен себептерін хабарлау міндеті:

- Біз барлық жақтардың наразылығы үшін заңды және субъективті негіздемелерді дәл ұсынуымыз қажет.
- Субъективті наразылықтың өзі қақтығысты мәңгі шешу үшін маңызды екенін оқырмандардың есіне салып, ескертуіміз тиіс.

4. Қандай да бір тарапты ұсыну міндеті:

- Адамдардың тарихы мен жапа шеккендердің алған жақаттарын суреттей отырып, біз мұны сабырлы, кәсіби мәнерде жасауға міндеттіміз.
- Бұл міндетіміз біздің хабарлайтын адамдарымызға ғана емес, сондай-ақ біздің оқырмандарға да қатысы бар.

5. Бейбіт акциялар туралы хабарлау міндеті:

- Біз қақтығыстарды ушықтырушылар туралы жазған сияқты, бейбітшілік пен келісімге қол жеткізу үшін аянбай жұмыс істейтін адамдардың қызметі туралы да сондай көлемде хабарлауымыз керек.
- Біз, әсіресе, оқиғаларды қарапайым, жіксіз түсіндіруден қалған негізгі соғысушы жақтардан тыс өз ақпарат көздерімізді белсенді түрде іздестіруіміз қажет. Бұл қақтығыс туралы біздің және біздің оқырманымыздың түсінігін кеңейтеді.

- Бұл қандай да бір жақтың ұстанымын қабылдауды немесе «бейбітшілікті насихаттауды» білдірмейді; бұл әскери акциялар сияқты бейбіт акциялар туралы да хабарлау керектігімізді білдіреді.

6. Біздің ықпалымызды түсіну міндеті:

- Біз әрдайым репортажымыздың қақтығысқа және оған тартылған адамдардың өміріне өз ықпалын тигізетінін түсінуіміз қажет.
- Қандай да бір жақтың әскери іс-әрекеттерінде пайдаланылмау, ақпарат құралдарының айла-шарғысын әшке-релеу мақсатында аса сақ болуымыз керек.

ЖАТТЫҒУЛАР

Бұл жаттығу ойдан шығарылған елге қатысты. Әрбір сценарийдегі алғышарттар мен ерекше оқиғаларды қараңыз. Содан соң сіздің көзқарастарыңыз бен осы туралы баспадағы мәлімдемелерді қалай елестететініңізді талқылаңыз.

Алдын ала мәлімет: абедалиандықтар мен седарундықтардың барлығы бірге кішкентай таулы елде тұрады. Соңғы уақытта егіндік жер мен ауыз су қорларының ұдайы қысқаруы салдарынан, қауымдар арасында жағдай қиындач кетті. Екі қауымның жастары арасындағы жұмыссыздық деңгейі өте жоғары, екі топтың жекелеген өкілдері арасында астана көшелерінде қақтығыстар пайда болды.

Бірінші сценарий: Астанада ірі қоғамдық митинг кезінде седарундықтардың көшбасшысы барша абедалиандықтардың «оңбаған» екенін айтады.

- Сіз ұлттық радиобекетте жұмыс істейтін журналистсіз. Осы жайлы сөз қозғадыңыз ба? Егер қозғасаңыз, қандай негізде? Ызаланған кезде және азғыру жағдайында айтылған сөздің арасында айырмашылық бар ма?

Екінші сценарий: Үкімет отырысында абедалиандықтардың үкімет министрі елді он төрт ғасыр бойы басқарған седарундықтардың ұрпағы, Королева Седарды седарундықтардың «барлық седарундықтардың анасы», «жезөкше» деп атайтынын айтады.

- Сіз осы нақты ескерту жайында мәлімдейсіз бе? Ол ескертудің нені білдіретініне байланысты ма (жәбір, әзіл және т.б.)? Бұл осы үкіметтік мәжілісті жариялауыңыздың қалған бөлігіне қалай сәйкес еді немесе сіздің мәлімдемеңіздің ең маңызды бөлігі бола ала ма?

Үшінші сценарий: Абедариандық көшбасшы барша абедариандықтарды «седарундық мәселені мәңгіге жоюға» шақыра отырып, жиналған көп адамның алдында сөз сөйлеп жатыр.

- Сіздің радиобекетіңіз осы сөзді қалай қабылдайды?

Төртінші сценарий: Седарундық көшбасшыдан алып жатқан жеке интервью кезінде ол этникалық абедариандықтар мекендейтін он ауылдан тұратын тізімді тапсырады және ол осы ауылдардың жуық арада «седариандық» болуы тиіс екендігін айтады. Сондай-ақ ол осы ауылдарда әрдайым седарундықтардың мекендегенін айтады.

- Журналист ретінде сіз осы интервьюге барасыз ба? Сіз осы тізім жайлы хабарлап, осы тізімдегі ауылдарды атап өтесіз бе?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛ- ДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың веб-сайтында бейбітшілік туралы ақпараттар ұсынуға қатысты жарияланымдарға көптеген сілтемелер бар. **www.iwpr.net** сайтынан қараңыз; баннер бойынша оқу туралы парақтарға ауысуға болады.

БАҚ, саясат және азаматтық қоғам институты (IMPACS) – қақтығыс жағдайлары мен БАҚ арасындағы өзара байланыс туралы құнды мәліметтер ұсынатын канадалық ұйым, олардың кейбіреулері мына тарауға енгізілген: **www.impact.org** Дағдарыс пен өтпелі кезең аймақтарында БАҚ сұраныстарын бағалаумен айналысатын Халықаралық ақпарат құралдарына қолдау көрсету Ұйымы қақтығыс оқиғалары туралы жаңа есеп жариялады, **www.i-m-s.dk** веб-сайтын қараңыз.

АҚШ-тың Бейбітшілік институты БАҚ-тың рөлін қосқанда, қақтығыс оқиғаларына қатысты жарияланымдар туралы жиі есептер шығарады. **www.usip.org** веб-сайтын қараңыз. БАҚ дамуы жөніндегі Интерьюс ұйымымен бірлескен соңғы есебінде бұқаралық ақпарат құралдарының араласқан іс-әрекеттеріне шолу жасайды. **www.internews.org** сайтын қараңыз.

19-бап – еркін БАҚ үшін заңнамалық негізде мамандандырылған Лондондағы штаб-пәтері бар ұйым. **www.article19.org** веб-сайтын қараңыз. Атап айтсақ, олардың БАҚ және Руанда мен Балканды қақтығыс оқиғалары туралы маңызды басылымдарын қараңыз.

Журналистерді қорғау жөніндегі комитет – баспасөз бостандығы бойынша көшбасшы ұйым: **www.cpj.org**

Халықаралық Журналистер Федерациясы бүкіл дүниежүзі бойынша журналистер одақтары үшін қорғау шараларын ұсынып, журналистік қауымдастықтар құруға көмектеседі: **www.ipj.org**.

Цензура индексі – беделді ұйым, сондай-ақ цензура мен сөз бостандығы туралы жарияланымдарды жарыққа шығаратын белсенді веб-сайт: **www.indexonline.org**.

Халықаралық журналистерге арналған орталық – халықаралық БАҚ-тарды дамыту бойынша басқа да бағдарламаларды оқыту мен жүзеге асыруды қамтамасыз ететін АҚШ-та штаб-пәтері бар ұйым: **www.irex.org**.

Халықаралық зерттеулер мен алмасулар жөніндегі кеңес (IREX) – БАҚ қызметінде мамандандырылған АҚШ-тың даму бағдарламаларын орындауды жүзеге асыратын ұйым: **www.irex.org**.

Жалпы негізді іздестіру – дүниежүзі бойынша БАҚ пен әлемдік жағдайды ұйымдастырудың көптеген жобаларымен айналысатын қақтығыстарды шешу жөніндегі топ: **www.sfcg.org**.

Хиронделль қоры БАҚ-тар мен әлемдік ахуалды ұйымдастыру бойынша жобаларды жүзеге асырады: **www.hirondelle.org**.

Паноус институты кең арнадағы зерттеулермен, оқытумен және журналистикаға қолдау көрсету бойынша басқа да бағдарламалармен айналысады: **www.panos.org.uk**.

Халықаралық дағдарыстық топ жоғары дәрежелі жүйелі аналитикалық есептер мен дүниежүзі бойынша қақтығыстық оқиғалар туралы жарияланымдарға нұсқаулар береді: **www.icg.org**. Ашық қоғам институты, филантроп Джордж Соростың қоры көпшілік халықаралық қор бағдарламаларынан алынатын көшпелі қоғамдар туралы кең ақпарат ұсынады: **www.soros.org**

Human Rights watch (Адам құқығын сақтау) (**www.hrw.org**) және Халықаралық амнистия (**www.amnesty.org**) – дүниежүзі бойынша дағдарыс аймақтарында зорлық-зомбылық туралы жиі есептер ұсынатын адам құқығы бойынша көшбасшы халықаралық ұйымдар.

Ұйымдардың көпшілігі дүниежүзі бойынша қақтығыс аймақтарында бейбітшілікті нығайтуға ұмтылады және бейбіт процестер, сондай-ақ жалпы қақтығыс оқиғаларын шешу туралы ақпарат пен талдаулар ұсынады. Оған Интернэшнл Элерт (**www.international-alert.org**), Консилэйшн Рисосиз (**www.c-r.org**) жатады.

Еуропалық қақтығыстарды өзгерту және алдын алу жөніндегі орталық (**www.conflict-prevention.net**), Осло, Халықаралық бейбітшілікті ғылыми-зерттеу институты (**www.prio.no**) және Оксфордтық зерттеу тобы (**www.oxfordresearchgroup.org.uk**).

Әлемде болып жатқан оқиғаларды көрсету халықаралық БАҚ-тарға жауапкершіліктерін едәуір арттыра отырып, БАҚ-тың әрекет ету аясы мен қақтығыстар жайлы жарыссөздерді ынталандырады: **www.reportingtheworld.org**.

Бұқаралық ақпарат құралдарына қатыгездік көрсету туралы Руанданың материалдарын қараңыз, авторы Филипп Гурьевич (Пикадор). Марк Томпсонның Ойдан шығарылған соғысын қараңыз: Сербиядағы, Хорватиядағы және Босния-Герцеговинадағы жайттарды жан-жақты зерттеулерді ұсынады.

Озық ақпаратпен, БАҚ-тың дамуымен және дағдарыс жағдайлары мен адам құқығына бағытталған мәліметтерді хабарлаумен айналысатын жүздеген тамаша ұйымдар бар, ал мына мұқият іріктелген тізім сіздің жұмысыңызға бастама болуға арналған. Атап айтсақ, осы тізімге майдан ішінде ержүректілік көрсеткен жүздеген адам құқығы жөніндегі жергілікті ұйымдар мен жергілікті медиа-ұйымдар енгізілмеген. Ең үздік ресурс – сіздің өз бастамашылдығыңыз және **www.google.com**.

12-тарау

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

Бұқаралық ақпарат құралдары биліктің іс-әрекеттеріне баға береді, ал шын мәнінде, БАҚ адам құқығын қорғаудың маңызы тірегі болып табылады. Дегенмен, ақпарат құралдары тиімді жұмыс жасауы үшін өздері де адам құқығына тәуелді.

Өз кәсібінің арқасында журналистер адам құқығының бұзылуына куә болады. Заңға қайшы келетін тәртіп бұзушылықтар немесе түрмедегілермен лайықты дәрежеде қарым-қатынас жасамау, депортация, үкімдерді заңсыз орындау немесе адамдарды жаппай өлтіру туралы мәлімдеу – журналистердің этикалық парызы. БАҚ арқылы мәселені бірінші орынға көтеру – тепе-теңдікке ие болуы мақсатында саяси ерік-жігерді жұмылдырудың маңызды механизмі.

Журналистер көп жағдайда адам құқығының өрескел бұзылуын бірінші болып білетіндіктен және оған куәгер болатындықтан, көбінесе сот билігінің тергеу жүргізіп, белсенді жұмыс істей бастауына солар ықпал етеді. Соңғы жылдары айыптаушылар Руанда мен бұрынғы Югославиядағы әскери қылмыстарға қатысы бар күдіктілердің үстінен тергеу жүргізу кезінде баспасөздегі репортаждарға жүгінді. Гаагадағы Халықаралық соттың құрылуы адам құқығы туралы баспасөз мәлімдемелерінің маңызын арттыра түспек.

Сонымен бірге журналистер, соның ішінде қақтығыс аймағында репортаж жасайтын журналистердің өздері адам құқығының қорғалуына тәуелді болады. Журналистерді гуманитарлық құқық шеңберінде айрықша қарым-қатынас үшін бөлмейді.



БАҚ арқылы мәселені бірінші орынға көтеру – тепе-теңдікке ие болуы мақсатында саяси ерік-жігерді жұмылдырудың маңызды механизмі

Қақтығысқа қатысы бар тараптар көп жағдайда журналистердің ізіне түсіп алады, тіпті оларды қамауға да алады

Адам құқығы жөніндегі конвенция белгілі бір дәрежеде барлық халықты қорғайды. Теориялық жағынан, қақтығысқа қатысушы тараптар журналистердің қақтығыс аймағында еркін жұмыс істеуіне мүрсат беріп, олардың ізіне түспеуге немесе ұстамауға міндетті.

Қағаз жүзінде осылай болғанымен, өкінішке қарай, шын мәнінде мүлдем басқаша болып жатады. Қақтығысқа қатысушы тараптар жиі-жиі журналистердің ізіне түседі немесе оларды қамауға да алады. Дегенмен, мұндай жағдайда жаңалықтар жариялаушы ұйымдар, үкімет және адам құқығы жөніндегі ұйымдар журналистердің азат етуге немесе оларды қорғау үшін адам құқығы шеңберінде қысым көрсетуіне болады.

Адам құқығы туралы келісімдер

Адам құқығына қатысты ілім тұжырымдама ретінде көптеген мәдениеттерде ұзақ жылдар бойында дамыды. Біздің дәуірімізге дейінгі алтыншы ғасырда қытай әскері Сан Цзу соғыс жүргізу тәсіліне шектеу қойды. 1215 жылы ағылшын королі Джон өз қарамағындағыларға мүлікке ие болу және оны тиісті құқықтық процедуралар мен заң алдындағы теңдік қағидалары негізінде мұра етуді ұсынатын Еркіндік Хартиясына қол қоюға мәжбүр болды.

Он сегізінші және он тоғызыншы ғасырларда түрлі еуропалық философтар адамға дүниеге келген сәтінен берілетін «табиғи құқық» тұжырымдамасын ұсынды. Өйткені ол – адамзат баласы, оған тек белгілі бір елдің азаматтығына немесе белгілі бір дінге не этникалық топқа жататыны тұрғысынан қарауға болмайды.

Қызыл Крестің негізін қалаушы Генри Данэнт соғыс уақытында ауырып-сырқаған немесе жараланған жандардың жағдайына алаңдауының негізінде 1864 жылы қол қойылған бірінші Женева Конвенциясын жасады. Он тоғызыншы ғасырдың соңында және жиырмамыншы ғасырда осы құқықтар әрі қарай дамыды, себебі саяси және діни топтар құлдықтың, крепостниктік право мен еңбекті қанаушылықтың тамырына балта шабу үшін жұмыс істеді.

Қазір біз адамның құқығы деп атайтын құндылықтар екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында бекітілген. Жарғының преамбуласында Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысы «іргелі адам құқығына, адам тұлғасының беделі мен құндылығына, ерлер мен әйелдердің, аз және көп ұлттардың теңдігіне деген сенімді қайта дәлелдеуге» арналғаны көрсетілген. Ол 1945 жылы өз күшіне енді.

Адам құқығы үшін халықаралық қозғалыс XX ғасырдың екінші жартысында үлкен қарқынмен өсті. 1946 жылы ұлтшыл әскерлер мен саяси көшбасшылар халыққа қарсы жасалған қылмыстары үшін Нюрнбергтегі сотта жауапқа тартылды. «Адамзатқа қарсы қылмыстар» атты жаңа құқықтық тұжырымдама сол кезде пайда болды. Бұл процесс 1949 жылы Женева Конвенциясының ауқымын кеңейтіп, әскери іс-әрекет кезінде азаматтарды қорғау аясын қамтып, азаматтарға шабуыл жасау мен олардың мүлкіне қол сұғудан қорғайтын болды.

1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қазіргі заманғы халықаралық қауымдастықтың бөлігі болуға ұмтылатын кез келген елге қатысты қажетті шарт ретінде негізгі адам құқықтарына құрмет көрсетуді бекіте отырып, адам құқығы туралы Бүкіләлемдік Декларацияны бекітті. Осы Декларацияның 19-бабында пікір еркіндігі мен сөз бостандығына кепілдік беріліп, «қай елде орналасқанына қарамастан, кез келген БАҚ арқылы ақпарат іздеуге, алуға және пікірлерді жариялауға құқық беріледі» делінген.

«Қырғи-қабақ соғыс» адам құқығы жөніндегі халықаралық ұйымдардың дамуын тежеді. Тек жұмыла көтерген жүктің арқасында жетекші тәуелсіз халықаралық ұйымдар адам құқығын белгіледі.

БҰҰ мысалына сүйене отырып, басқа ұйымдар да адам құқығы туралы өздерінің келісімін жасады. Мәселен, 1990 жылы Ислам конференциясы ұйымы былай деп мәлімдеді: «Адам баласы еркін болып туылады, оларды құлдыққа салуға, қорлауға, жәбірлеуге немесе қанауға ешкімнің де құқығы жоқ. Құдыреті күшті Алладан басқа ешкімге бас июге болмайды».

1993 жылы БҰҰ бүкіл әлемде адам құқығын нығайту мен мониторинг жүргізу үшін адам құқығы жөніндегі Жоғарғы Комиссар қызметін құрды. Сондай-ақ, ұйым адамзатқа қарсы жасалған қылмыстарға, бұрынғы Югославия мен

Руандадағы әскери қылмыстар мен зұлматқа сот тәртібінде тергеу жүргізу үшін трибуналдар ұйымдастырды. Кейіннен БҰҰ әскери қылмыстар жасады деген күдіктілерге қатысты сот ісін жүргізу үшін трибунал орнатуға талпыныс жасаған Камбоджаға, Шығыс Тимор мен Сьерра Леонға көмек көрсетті.

2002 жылдың шілдесінде адамзатқа қарсы қылмыстар мен зұлмат сияқты елеулі қылмыс үшін айыпталушыларға қатысты сот процесін жүргізу үшін тұрақты сот палатасын құрып, Халықаралық Қылмыстық соттың Рим Статуты (Заңдар жинағы) өз күшіне енді.

Адам құқығы туралы репортаждар жүргізу

Адам құқығы туралы репортаждар жүргізу кез келген басқа да тақырыптарға репортаждар жүргізу сияқты жоғары стандарттарды жақтауды талап етеді. Алайда, аса мұқият болу нәтижесінде журналистер ықтимал қауіпті жағдайлардан және тұзаққа түсуден сақ болуы қажет.

Журналистер кез келген топқа кіретін тұлғалардың қандай да бір құқық бұзушылығы туралы хабарлауға дайын болуы тиіс.

Журналистер кез келген топқа кіретін тұлғалардың қандай да бір құқық бұзушылығы туралы хабарлауға дайын болуы тиіс

Қақтығыстардың басым бөлігінде екі жақ та құқық бұзушылыққа барады, журналистердің қолында тараптардың біріне қарсы жасалатын құқық бұзушылықтар туралы ақпарат болуы мүмкін. Журналистер адам құқығын бұзушылық пен жекелеген іс-әрекеттердің арасындағы айырмашылыққа бас қатырмағанымен, кез келген топтың тарапынан адам құқығы бұзылғанын байқаса, оны хабарлауы тиіс.

Адам құқығының негізгі қағидасы жалпыға ортақ: әрбір адам өз өмірі мен бостандығын қорғауға, этникалық шығу тегіне, дініне немесе жынысына қарамастан, құқығына қол сұққан жайттардан қорғануға құқылы.

Қақтығысқа қатысы бар тараптардың өкілдері тегіс сот алдына келгенімен, бұрынғы Югославия үшін құрылған БҰҰ-ның трибуналы сияқты халықаралық соттардың заңдылығына, тепе-теңдікті сақтайтынына күмән тудырып, дауласуға тырысатындар да бар.

Құқық бұзушылықтар туралы хабарлай отырып, оқиғалардың жалпы көрінісін бұрмаламай, барынша мол дәлел жинау керек. Барлық жайттар жөнінде бірнеше реттен сұраңыз және барлық жауаптарды тексеріңіз. Егер мүмкіндік болса, фотокамераны немесе дыбыс жазушы қондырғыларды қолданыңыз, бірақ жеке тұлғаны куәландыратын құжаттарды, суреттерді, оқиға болған жердегі қандай да бір материалды

пайдаланбаңыз. Түрлі қайнар көздерді пайдалана отырып, мүмкіндігінше деректерді тексеріңіз, адам құқығы жөніндегі ұйымдар қорытынды есеп шығарудан бұрын көп адамнан пікір сұрайды.

Көбінесе адам құқығын бұзу фактілері қарсыластарға, үкіметке немесе аймақтағы кез келген басқа ықпалды күштерге қарсы күресте айғақ ретінде пайдаланылады. Қандай да бір жақтың пайдалануына жол бермеу үшін сақтық шараларын сақтаңыз, сіздің репортаждарыңыздың шынайы дәлелдерге негізделетініне көз жеткізіңіз.

Журналистер абай болуы тиіс және адам құқығының бұзылуы туралы мәлімдемелерге көзсіз сене беруге болмайды, өйткені олар көп жағдайда насихаттық күрестің бір бөлшегі болып шығады. Косоводағы соғыс кезінде белгілі ақпараттық ұйымдардан келген бірнеше тәжірибелі журналист болмаған көпшілік адам өлімі туралы қате хабар таратып, соның салдарынан олар өз дереккөздерінен өздері адасты. Соғыс аяқталған кезде ғана олар қаза болғаны туралы хабарлаған адамдарының тірі екенін білді.

Екінші жағынан, журналистер құқық бұзушылықтар немесе зұлымдық әрекеттер туралы хабарларды асығыс жоққа шығармауы тиіс. 1970 жылдың соңында Камбоджа тұрғындары «қызыл кхмерлердің» айуандықтары туралы әңгімелерімен

*Адам құқығының
бұзылғаны туралы
мәлімдемелер көп
жағдайда насихаттық
күрестің бір бөлігі
болып шығады*

шекара арқылы Тайландқа қаша бастаған кезде журналистер оларға сене қойған жоқ, себебі бұл әңгімелер айтса нанғысыз таңғажайып әңгіме секілді әсер тудырды. Осы ақпараттың шын екенін тексеруге бірнеше жыл қажет болды.

Адам құқығының бұзылғаны туралы мәлімдемелер көп жағдайда насихаттық күрестің бір бөлігі болып шығады.

Журналистер осындай ауыр жағдайларда ақпарат іздестірудің аса жауапты екенін түсінуі қажет. Түрлі этникалық және ұлттық топтардың тарихымен және саясатымен таныс емес кейбір адамдар сияқты қандай да бір топтың мүшелері болып табылатын журналистер де кейде шынайы емес ақпаратты тарату мақсатында әдейі пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен қатар тілші аймақтан кетуі мүмкін жағдайда (басқа елде орналасқан базаға қайта ұшып кететін болса), интервью берген адамдардың көпшілігі қиын жағдайға душар болады, интервью берушілер сол жерде қалатындықтан, олардың жеке басына қауіп төнуі мүмкін. Журналистер өздеріне ақпарат берушілерге, тілмаштарға, көлік жүргізушілері мен делдалдарға қауіп төндірмеу үшін барлық сақтық шараларын ескеруі тиіс.

Құрбандармен және куәгерлермен сұхбат жүргізу

Адамдардан интервьюді жеке-жеке алуға тырысыңыз. Тұтас бір топтың эмоционалдық қысымы өз ықпалын тигізіп, шынайы деректер асыра сілтеудің құрбаны болуы мүмкін.

Өзіңізді журналист ретінде таныстырыңыз. Кімге жұмыс істейтініңізді және неліктен жұмыс істейтініңізді жасырмай айтыңыз. Интервью берген адамдардың шындыққа жанасымсыз үмітін ынталандырмаңыз. Әңгімелесуші адамыңыз сізді шын мәнінде оған көмектесе алады деп есептеп отырған жоқ па? Сұхбат берушінің сізді адам құқығы жөніндегі ұйымнан келгендей қабылдауына жол бермеңіз.

Болған оқиғалар туралы мәлімдеудің маңыздылығын түсіндіріңіз. Негізгі мақсат – құқық бұзушылық туралы қалың жұртшылықты хабардар ету. Ал құрбан болғандар бұдан қорқуы мүмкін. Сіз олардың қалауын құрметтеп, альтернатива табуыңыз керек. Ә дегеннен интервью берген адамдармен олардың есімдерін пайдалануға болатын-болмайтынын сұраңыз. Жеке қауіпсіздігі үшін құпия қалуды қалай ма, оны да келісіп алыңыз.

Негізгі детальдарды нақтылаңыз. Мәлімдемеде пайдаланылмайтын болса да, шындыққа көз жеткізу үшін интервью беруші адамның толық аты-жөнін, мамандығын және жасын біліп алыңыз. Егер қажеттілік пайда болса, олармен кейіннен қалай байланысуға болатынын сұраңыз. Алдыңыздағы адаммен кездесу немесе ол туралы мәліметтерді білудің жалғыз ғана мүмкіндігі болуы мүмкін екенін есте сақтаңыз.

Қосымша детальдарды тексеріңіз. Оқиға орнының нақты сипаттамасын, қатысушылардың аты-жөнін, олардың қызметін, егер бар болса, атағын біліп алыңыз. Форма киген адамды көрсеніз немесе біреудің бойынан қылмыскер болуы мүмкін екенін аңғарсаңыз, оны да мұқият есте сақтаңыз. Қандай қару көргеніңізді де біліңіз.

Оқиғалардың уақыты мен бірізділігі туралы бірнеше рет сұрастырыңыз. Адам құқығын бұзу туралы фактілердің басым бөлігі былық-шылыққа толы болады. Құрбандар мен басқа да көптеген қатысы бар адамдардың оқиғалар тәртібін суреттей отырып, қатты адасатынын есте сақтаңыз. Интервью беруші адамдардан жүйесіздікті анықтау үшін айтқан әңгімесін қайталауын сыпайы түрде сұраңыз. «Сізге мұның қаншалықты ауыр екенін білемін, бірақ та барлық болған оқиғаны қайта суреттеп бере аласыз ба?» – деп айтудан қорықпаңыз.

Бірнеше куәгердің әңгімесін салыстырыңыз. Түйспейтін тұстарды іздей отырып, барлығының бір оқиғаны әңгімелеп жатқандығына көз жеткізіңіз; оқиға БАҚ үшін әдейі ойдан шығарылған деген күдік болмауы тиіс. Тұзаққа түспеу үшін толып жатқан детальдарды талдап, куәлардың әңгімелеріне мұқият болыңыз.

Құрбандардың күйзеліс жағдайында екенін ескеріңіз. Мүмкіндігінше үзіліс жасап, адамгершілік танытыңыз. Сұхбат берушіге темекі, шәй немесе көзінің жасын сүртетін майлық ұсынуды ұмытпаңыз.

Айыпталушылармен сұхбат жүргізу

Мүмкіндігінше адам құқығын бұзды деп айыпталушы адамдардан интервью алуға тырысыңыз. Бұл өте қауіпті. Алайда, оқиғаға қатысы бар барлық адамдардың түсініктемесі болған жағдайда ақпараттың маңызы салмақты болады.

Айыпталушылармен ашық және шыншыл болыңыз. Ешқашан басқа нәрсеге қызығушылық танытып жатқандай болып, өтірікке жол бермеңіз. Бұл әдептілікке жатпайды, әрі өтірік айтып отырғаныңызды біліп қойған жағдайда қауіп төндіруі мүмкін екенін де жоққа шығармаңыз. Шындықты анықтауға тырысатыныңызды түсіндіріңіз.

Оқиғаның егжей-тегжейіне дейін зерттегеніңізге көз жеткізіңіз және сұрақтарыңызды мұқият ойластырыңыз. Дәрекі және айғақсыз айыптаулар үлкен дау тудырады (немесе сізге үлкен проблема тудырады), ол аз болса, сіздің ақпарат іздестіруіңізді қиындатады.

Қылмыстық сот өндірісі жүйесінің негізгі ережесін естен шығармаңыз: қылмысы дәлелделгенге дейін адам кінәсіз болып табылады. Мұны есте сақтаңыз және айыптаушылардың мәлім-демелері секілді ақтауларына да күдікпен қараңыз.

*Қылмыстық сот
жүйесінің негізгі
ережесін естен
шығармаңыз, кінәсі
дәлелденгенге дейін
адам кінәсіз болып
табылады*

ЖАТТЫҒУЛАР

Объективті журналист болу дегеніміз – өз еліңізде және халықаралық аренада болып жатқан оқиғалардан хабардар болу деген сөз.

Төмендегі екі сұрақты әріптестеріңізбен бірге талқылаңыз:

1. Қазіргі таңда адам құқығы бойынша қандай халықаралық сот процестері болып жатыр?

2. Сіз өмір сүріп отырған қоғамда адам құқығы бойынша дереу хабарлануы тиіс даулы мәселелер бар ма?

Түрлі көзқарастарды назарға ала отырып, әрбір сұрақ бойынша мақаланың жоспарын құрастыруға тырысыңыз. Екінші сұрақ бойынша кімнен интервью алғыңыз келеді және осы интервьюге қалай дайындалар едіңіз?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Бұл тарау ең маңызды тақырып туралы жалпы түсінік береді, сондықтан да әрі қарай оқу үшін материалдар ұсынылады.

Тозақтан жеткен мәселе: Америка және зұлмат дәуірі, Сманта Рауэр (Харпер Коллинз).

Қоғам білуді тиіс әскери қылмыстар, Рой Гутман және Девид Рефф (В.В.Нортон). Кітап мына қордың құрылуына себепкер болған: www.crimesofwar.org

Халықаралық Қызыл Крест Комитеті өз сайтында негізгі келісімдер туралы мәтін материалдар жариялайды: **www.icrc.org**

Біріккен Ұлттар Ұйымы да негізгі келісімдер, соттар мен трибуналдар туралы толыққанды ақпаратқа ие, **www.un.org.law** сайтынан қараңыз. Сондай-ақ Адам құқығы бойынша БҰҰ Жоғарғы Комиссарының сайтын – www.ohchr.org/english қараңыз.

Хьюман Райтс Вотч (**www.hrw.org**) және Халықаралық амнистия (**www.amnesty.org**) – кең ауқымды ақпараттар мен ескертулер ұсынатын адам құқығы жөніндегі жетекші халықаралық ұйымдар.

Халықаралық Қылмыстық сот – халықаралық деңгейдегі әскери қылмыстарды сот тәртібінде қарастыру үшін құрылған жаңа көпжақты ұйым: **www.icc-cpi.int**.

Колумбия университетінің журналистика бөлімінде оқу жоспары он-лайн режимінде орналастырылған пайдалы библиографиясы бар адам құқығы бойынша репортаждар жүргізу туралы курс бар: **www.humanrightsreporting.com**.

«Дарт» журналистика және зақым орталығы зақым мен қылмыстардың құрбандары туралы сыпайы түрде репортаждар жүргізу үшін идеялар мен курстар ұсынады, **www.dartcenter.org** сайтын қараңыз.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Экономикалық мәселелер бойынша қоғамдық пікірталастар шын мәніндегі түйткілді мәселеге назар аудартып, оны шешудің жолдарын табуға көмектеседі

ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРТАЛАСТАР ШЫН МӘНІНДЕГІ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕГЕ НАЗАР АУДАРТЫП, ОНЫ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫН ТАБУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ.

Экономиканың ең қарапайым анықтамасы – адамдардың табысына ықпал ететін нәрсені зерттеу.

Сайлаулар экономикаға байланысты жеңіске жетеді немесе жеңіліс табады. 1992 жылғы Билл Клинтонның президенттік сайлау науқанындағы аңызға айналған сөзді еске түсіріңіз: «Бұл экономика дегеніңіз нағыз ақымақтың өзі». Көбінесе ұлттық, жергілікті және халықаралық әл-ауқат пен еліміздің тұрақты жай-күйі оның әлемдік рынокта қаншалықты жетістікке жеткендігіне байланысты.

Кедейшілік, шиеленіс немесе қақтығыс жағдайын бастан кешіріп отырған дамушы елдерге экономикалық мәселелер жөнінде жақсы, айқын мақалалар қажет, өйткені қоғамдық пікірталастар шын мәніндегі түйткілді мәселеге назар аудартып, оны шешудің жолдарын табуға көмектеседі. Құқықтық және реттеуші құрылымдар әлсіз болған кезде сыбайлас жемқорлықпен күресте баспасөздің назары қажет болуы мүмкін.

Экономикалық саясат пен экономикалық қызметті түсіну үшін және оны басқаларға анық түсіндіру үшін журналистерге айрықша еңбектену керек. Егер соғыстағы оқиғаларды көрсеткіңіз келсе, онда қақтығыстар теориясын оқуыңыз керек. Ал экономика туралы жазбас бұрын тілші осы пән бойынша бастапқы білім алуы тиіс.

Не қажет?

Экономикалық журналистикада кез келген басқа да материалдарды дайындау қабілетімен қатар, негізгі үш нәрсе керек:

1. Сандарды қалай пайдалануды білу
2. Экономикалық ұғымдармен жұмыс істеуді білу
3. Іскерлік ортамен және қаржы әлемімен қарым-қатынас орнату

Осы салада маманданып жүрген барлық жақсы журналистер сияқты сізге де тақырып бойынша көп оқуға, түсінбеген жерлеріңізді қорықпай сұрауға тура келеді. Егер тілші расымен де осы салада жоғары деңгейге жетуге тырысса, онда «орталық банкирлерден» бастап, экономист мамандарға дейін тілшінің түсінбеген сұрағын түсіндіруден қашпайды.

*Бір ғана санның
бүтін бір оқиганың
тууына себепші
болатын жағдайы көп*

Сандармен жұмыс істеу

Сізге тұтынушы бағалар индексін есептеуді немесе М3 ақша агрегатының өзгеру жылдамдығы туралы әңгімелеуді үйрету бұл тараудың мақсатына жатпайды. Бұл жерде экономикалық сандармен қалай жұмыс істеудің кейбір негізгі бағыттарын баяндауға ғана талпыныс жасалады.

Көбінесе бір сан бір оқиганың басталуына себепші болады. Мысалы, «зерттеу нәтижесі бойынша білім беруге қолдау көрсету үшін донор елдердің ұсынған құралдарының жеті пайызы ғана елге жетті». Немесе «жаңа зерттеу соңғы жыл ішінде баспана құны елу пайызға өскендігін көрсетті».

Бірақ, «пайыз» деген сөз дәйекті сандарсыз аз көрсеткішті білдіреді. Жоғарыда келтірілген мысалда «жеті пайыз» дегеніміз миллионның пайызы ма немесе жүз миллионның пайызы ма? Бұл үлкен айырмашылықты білдіреді! Оқырмандарға пайыздық өсім мен түсім түсінікті болуы үшін контекст ұсыну қажет.

Мәтінді қиындатпаңыз. Қажет болған жағдайда дәл айтыңыз, бірақ егжей-тегжей жазып, оқырмандардың миын қатырмау үшін негізгі мақалада сандарды дөңгелетіп беруге болатынын ұмытпаңыз. Шынайылықты көрсету үшін ақпарат көздерін дәл және өз уақытында көрсетіңіз және мақаланы түсінуге жеңіл, қарапайым етіп жазыңыз.

Мәселен, «ресми мәліметтер бойынша, өткен жылы 180,000 тоннаға жуық бидай сыртқа шығарылды». Бірақ, бұл «өткен жылы бидайды сыртқа шығару 177,823 тонна болды» деген сөз емес. Енді осы көрсеткішті салыстыра отырып беру маңызды. Алдыңғы жылы импорт аз ба еді, көп пе еді? Астық жетпей қалды ма? Импорттың жоспардан көп болуы неге әкеліп соқтырды? Елдің шетелдік валютасын сақтай отырып, сыртқа шығару көлемін қысқартатындай, астық соншалықты жақсы шықты ма? Осы сауалдардың жауабы экономикалық мақаланың салмағын ауырлатады.

Қандай да бір материалды жазбас бұрын өз еліңіздегі өлшем жүйесін білуіңіз және сол өлшем бірліктерінің біреуін ғана ұстануыңыз керек

Қандай да бір материалды жазбас бұрын өз еліңіздің өлшем жүйесін білуіңіз және сол өлшем бірліктерінің біреуін ғана ұстануыңыз керек. Бұл сандарды және бір өлшем жүйесінен екіншісіне ауыстыруды білдіреді. Мәселен, сізге АҚШ доллары және оның жергілікті валютадағы эквиваленті қажет болуы мүмкін. Бір өлшем бірлігінен басқасына көп рет ауыстыра беруде шатасудан сақ болу керек, айқындық енгізу үшін қажетті сандарды ғана қолданыңыз.

«Орта қызметтегі адам айына 1,500 лир (25 доллар) жалақы алатын болса, парацетамол сияқты сырттан келетін препараттың өзі 180 лир (3 доллар) тұрады».

Осылайша салыстырып беріңіз. Егер сіз инфляция (ақшаның құнсыздануы) туралы репортаж жазсаңыз, онда қазіргі бағаны өткен жылғы бағамен салыстыруға тырысыңыз, мәселен, бір ай немесе жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырыңыз.

Кез келген санды қайдан алғаныңызды көрсетіп отырыңыз. Ал ол санның дұрыстығы күмән тудырған жағдайда екі есе мұқият болыңыз

Кез келген санды қайдан алғаныңызды көрсетіп отырыңыз. Ал ол санның дұрыстығы күмән тудырған жағдайда екі есе мұқият болыңыз. Мысалы, «үкімет жұмысқа 5,000 аса қызметкер қабылданғанын мәлімдейді». Егер 5,000 қызметкерді зауыттағы жұмыстан босатса, онда бұл жалпы жұмыс күшіне қатысты нені білдіреді?

Экономикалық статистиканы қолданудың ең дұрыс ережесіне сай, егер сандардың дұрыстығына күмән тудырсаңыз немесе олардың шын мәнінде нені білдіретінін түсінбесеңіз, онда оларды қолданбаңыз.

Өзіміздің білмейтін нәрсемізді түсіндіру кейде аудиторияға кәдімгідей көмектесе алады. Мысалы: «Биыл елде қанша апиын өндірілетіндігін ешкім нақты білмейді. БҰҰ-ның бағалауы бойынша, 40,000 тоннадан 60,000 тоннаға дейін жетуі мүмкін».

Бір ғана «бұлтартпас» сан он болжамды санға тең келеді. Компаниялар, үкімет және үкіметтік емес ұйымдар болжамдар мен жобалардағы сандарды жұмыс, түсім және субсидиялар бойынша шығарады. Көбінесе бұл олардың дамуының, ақпаратты беру немесе ашық насихаттау стратегиясының бір бөлігі болып шығады. Олай болса, болжамдар мен ресми жарияланған статистиканы қолдануда абай болыңыз.

Экономикалық ұғымдармен жұмыс істеу

Саяси журналистикада объективті шындықты табу қиын: ақ пен қараның арасындағы нәрсе тым көп. Экономикада, керісінше, сіздікі дұрыс немесе сандардың көрсеткішіне байланысты дұрыс емес болуы ықтимал.

Сонымен, «инфляция» немесе «жаппай ішкі өнім» терминдерінің белгілі бір айқын мағынаға ие екенін түсіну маңызды. Көбінесе олар белгілі бір құрамдастары бар және дәл есептелген индекстерге негізделеді.

Сондықтан да сіз негізгі экономикалық ұғымдар мен жеке-леген терминдерді қолдануда оларды қателік жасамайтындай дәрежеде меңгеруіңіз қажет. Осы жерде «жалаңаш» сандардың артында тұрған тұжырымдаманы түсінудің маңыздылығын ескеру үшін әзірленген екі мысал келтірілген.

Төмендегі мәлімдемелерді қарастырыңыз және олардың дұрыс немесе қате екенін шешіңіз:

- Инфляция деңгейі түсуде, себебі орталық банк көп ақша шығаруда.

(Дұрыс емес: ақшаны көп шығару әдетте инфляцияның артуына әкеледі)

- Жалақы төмендеді, сондықтан да адамдардың көпшілігі жұмысқа тұрды.

(Бұл шындыққа жақын келеді, өйткені еңбектің құны арзандаса, онда көп адамдар жұмысқа тұра алады.)

Шынайы көрініс кейде сандардың артында қалады. Үкімет немесе қоғамның ой-пікіріне ықпал етуге тырысушы компаниялар ұсынатын сандардың артында кейде одан да қызық ақпарат тұрады. Журналистің шеберлігі осы сандардың жасырын контекстін анықтауға тіреледі.

Төменде келтірілген мысалға қараңыз және сол ақпарат негізінде қысқаша ақпараттық мақала жазыңыз:

Митхалистанның Қаржы министрлігі биыл темекіге салынатын салықтан 25 миллион американдық доллар жинауды ұйғарғанын жариялады. Министрлік Митхалистанда бес миллион адам темекі шегетінін, орта есеппен алғанда, олардың әрбірі күніне жиырма темекі тартатынын хабарлады. Жиырма темекіден тұратын бір қорапқа салынатын салық 2,000 риалды құрайды (АҚШ-тың бес центі – 40,000 риал бір долларды құрайды). Министрлік темекі өнімдерін сатудан түсетін табыс өткен жылғы 20 миллион доллар көрсеткішке қарағанда 25 пайызға өскендігін мәлімдеді.

Сандар арқылы негізгі ұғымдарды түсінген соң ғана мақала үшін тақырып табуға болады.

Қарым-қатынастар

Репортаждардың кез келген түрі сияқты экономикалық материалдар жазу кезінде де жазба кітапшаңыздағы қажетті байланыстарға тәуелдісіз.

Өнеркәсіптік елдерде ресми органдармен (Қаржы министрлігімен, орталық банкпен, статистика қызметімен және т.б.), өнеркәсіптік органдармен (қор биржасында тіркелген жетекші компаниялармен), сізге экономикалық жаңалықтарды түсінуге көмектесетін және оларға тәуелсіз комментарий бере алатын беделді экономистермен қарым-қатынаста болу қажет.

Дамушы елде қарым-қатынас орнатудың тәртібі де, жөні де бөлекше. Қаржы министрлігі мен орталық банк негізгі ақпарат көзі болады. Алайда, елде жұмыс істейтін даму жөніндегі ұйымдарға – Бүкіләлемдік банктің өкілдігіне, Халықаралық Қаржы Корпорациясының өкілдігіне, үкіметтік емес ұйымдар мен Батыс елдерінің үкіметтері қаржыландыратын жобаларға жауапты қайырымдылық ұйымдарына баруыңыз керек. Бүкіләлемдік банк сияқты ірі ұйым көптеген елдерде қызметкерлер ұстайды, дегенмен Вашингтонның Колумбия округінде орналасқан орталық кеңседегі саясатты бақылаушы адамдармен қарым-қатынас орнату да қажет. БҰҰ-ның Даму бағдарламасы адам дамуы туралы жыл сайынғы есеп шығарады.

Сауда қатынасы, қаржы және ауыл шаруашылығы салалары да дамушы елдерде жоғары маңызға ие бола алады. Егер ел экспортқа тәуелді болса (мәселен, шетел валютасы үшін бидай алу), Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі лауазымды тұлғалармен қарым-қатынас орнату қажет. Кейде ресми түсініктеме алу үшін министрмен сұхбат жүргізуге тура келеді, мұндайда аса мұқият дайындалған жөн; ал басқа уақытта астық түсімі туралы алғашқы мәліметтерді бере алатын министрліктегі өзге жауапты қызметкермен байланысып отыру жеткілікті (министр мұнан да гөрі маңызды мәліметтерді ғана беруі мүмкін).

Даму мәселелері

Соғыс кезінде ел экономикасының негізгі тірегі жедел көмек қана болуы мүмкін. Әрине, есірткі, жезөкшелік пен қару-жарақ саудасын қоспағанда.

Көптеген елдерде даму экономиканың маңызды бір бөлігі болып табылады. Мұндай елдерде бүтіндей оқулықтар мен университеттегі курстар даму экономикасы мен «тұрақты даму» тақырыбын зерттеуге арналады.

Алғашқы кезеңдерде, соның ішінде әсіресе мемлекет соғыстан кейінгі күйзеліс немесе табиғат апатынан кейінгі ес жию кезінде болса, даму үш кезеңнен тұруы мүмкін:

1. Жедел гуманитарлық көмек
2. Қайта құру (реконструкция)
3. Даму

Гуманитарлық көмек

Халықаралық ұйымдар әскери іс-әрекеттердің салдарынан баспанасыз қалған он мыңдаған адамдар үшін азық-түлік пен уақытша баспана ұсынады. Одан өзгені ойлауға уақыт та, жағдай да жоқ.

Соғыс кезінде ел экономикасының негізгі тірегі жедел көмек қана болуы мүмкін. Әрине, есірткі, жезөкшелік пен қару-жарақ саудасын қоспағанда

Қарым-қатынас орнату қажет. Елде өз қызметін жүзеге асырушы негізгі гуманитарлық ұйымдардың басшыларын танытыныңызға көз жеткізіңіз. Саяси мәселелерге қатысты түсініктеме алу үшін штаб-пәтерлердегі негізгі қызметкерлермен байланыс орнатуға ұмтылудың пайдасы зор.

Аудандағы қайырымдылық қызмет туралы жазған уақытта негізгі мәселелер мен сұрақтарға назар аударуға тырысыңыз. Төменде көмек көрсету жөніндегі материалды жазу кезінде қажет болатын барлық тармақтар келтірілген:

- Күнделікті қандай көлемде гуманитарлық көмек жасалады және ол қай жерге әкелінеді?
- Көмек көрсетудің дәл осы түрі оңтайлы ма? Бұл үкіметтің ұсынғаны ма, әлде одан мүлдем бөлек нәрсе ме? Үкімет сұрамаған нәрселер болса, арада келіспеушілік жоқ па?
- Гуманитарлық көмек шын мәнінде мұқтаж адамдарға дейін жетіп жатыр ма, әлде ол сыбайлас жемқорлықтың салдарынан басқа мұқтаждықтарға жұмсалып жүр ме? Гуманитарлық көмек азаматтық соғысқа қатысушы әскерилер тарапынан қаншалықты қатты қадағаланады?
- Қауіпсіздік мәселесі қалай? Аймақта көмек көрсететін қызметкерлердің қауіпсіздігі сақтала ма немесе бұл операцияға әскери қақтығыстар қауіп төндіре ме? Көмек көрсететін қызметкерлер ату нысанына жата ма? Олар елден кету мүмкіндіктерін талқылай ма?

Қайта құру

Қайта құру – елдің қақтығыс аяқталғаннан кейінгі кезеңде қол жеткізетін кезеңі. Негізгі инфрақұрылымдар, яғни жолдар, энергия, канализация, сумен қамтамасыз ету, жерді суландыру (иригация) және ауыл шаруашылығы тұтастай қайта қалпына келтіруді қажет етеді.

Кейде бұл бағыттағы жұмыстарды халықаралық қаржы ұйымдары немесе Бүкіләлемдік банк қаржыландырады. Кей жағдайларда көмек көрсететін халықаралық консорциумдар шақырылуы мүмкін.

Көмек көрсету бағдарламалары әртүрлі бағытта жүреді, атап айтқанда құрылыс жобалары мен минадан тазартудан басталып, денсаулық сақтау мен білім беру бағдарламаларына дейін түрлене береді. Демократия үшін маңызды шарт бар екенін білдіру мақсатында тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын ынталандыру бағдарламалары да болады.

Қайта құрудың негізгі элементтерінің бірі – мемлекеттің негізгі институттарын құру. Кейде ассамблеялар мен соттар құрылатын болса, енді бір жағдайларда жаңа конституция жобасы жасалады. Берлин қорғаны құлағаннан кейін бұрынғы Кеңестік Блокқа кіретін мемлекеттерде батыстық үлгідегі еркін нарықтық экономика ұсынылды. Алайда, алғашқы кездегі кейбір әрекеттер сәтсіздікке ұшырады. Өйткені, еркін нарықтық экономиканы ұстап тұру үшін негізгі институцио-

*Құқықтық шеңберді
нақтылы белгілей алмау
көп жағдайда сыбайлас
жемқорлықтың етек жа-
юына алып келеді*

налды құрылым, соның ішінде, мәселен, банкроттық туралы заң болмады. Құқықтық шеңберді нақтылы белгілей алмау көп жағдайда сыбайлас жемқорлықтың етек жаюына алып келеді.

Даму

Даму дегеніміз – қайта құру кезеңін артқа тастап, шын мәнінде экономикалық өсім басталатын кезең.

Даму кезеңінде бизнес көркейіп, денсаулық сақтау және білім беру қызметінің сапасы артады. Банк жүйесі дами түседі, несие алу жеңілдейді, ал қолда бар қорды мұқтаждықтарға сәйкес жұмсау жоғары қарқынмен жүреді. Елдің осы даму кезеңінде Бүкіләлемдік банк сияқты ұйымдардың экономикадағы орны айшықтала түседі, жеке қаржыландыру мен шетелдік инвестициялардың рөлі артады. Қаржы нарығы да дамиды, ал оларға қолдау көрсететін қор биржасының беделі арта түседі.

Сонымен бірге, мемлекеттегі құқықтық жүйе ашық болып, валюта тұрақтанады. Мұның барлығы ішкі инвестицияларды қолдай отырып, сырттан келетін инвесторлардың сенімін арттырады.

Дамудың осы кезеңі туралы жазған уақытта инвесторлардың өз табыстарын (бірлескен кәсіпорындардан түсетін табыстар немесе акционерлік инвестициялардың дивидендтері сияқты) қайтара алу мүмкіндігі мен валютаның тұрақтылығын сақтап қалу мүмкіндігі туралы білу маңызды. Шетелдік инвестиция тұрғысынан алғанда, елеулі бір сәт бар: елде жоғары табыс табу мүмкін, бірақ валюта айырбасталымды болмағандықтан, доллар, иен немесе еуро сияқты тұрақты валютаға ауыстыру да мүмкін емес.

Ақшалай даму дамудың осы кезеңінде көбірек маңызды болады. Валютаның тұрақсыз болуы импортталатын тауардың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын қалыптастыру үшін тым қымбатқа түсетінін аңғартады. Сондай-ақ, экономиканы басқару ісіне шетелдіктердің жеткілікті дәрежеде сенім артпауы валюта қорларына деген тапсырысты арттырып, девальвацияның қысымына әкелуі мүмкін.

*Бұқаралық ақпарат
құралдары ашықтыққа
ықпал етеді, ал ашықтық
сыбайлас жемқор-
лықпен күреседі*

Сыбайлас жемқорлық

Соңғы он жыл ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының сыбайлас жемқорлықпен күрес тәсілдері туралы көптеген зерттеулер жүргізілді және оның қорытындысы мынадай: Бұқаралық ақпарат құралдары ашықтыққа ықпал етеді, ал ашықтық сыбайлас жемқорлықпен күреседі.

Бүкіләлемдік банк дамушы елдердегі сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша алдыңғы қатарлы сарапшы болуы мүмкін. Банк дамудың барлық саласын қамтиды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалардың дамуына ықпал етеді. Ол, сондай-ақ, 50-ден аса мемлекетте үкіметтік реформаларды жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Дегенмен, банк басшылары уақыт өте келе «жергілікті дауыстарға» назар аудару керектігін түсінді. Сол арқылы азаматтар үкіметпен кері байланыс орнатады: БАҚ, ҮЕҰ және азаматтық қоғам топтары.

Осы тақырып бойынша есепте банк мынадай қорытынды жасады: «Дұрыс басқаруды ынталандыру үшін және сыбайлас жемқорлықты қадағалау үшін БАҚ маңызды рөл атқарады. Ақпарат құралдарының тиімділігі ақпаратқа қол жетімділік пен сөз бостандығына, сондай-ақ зерттеуші журналистердің кәсіби және этикалық құрамына тәуелді».

Басқа зерттеушілер де осы тәрізді қорытындыға келді. «Транспарэнси интернэшнл» тәуелсіз ұйымы өздерінің сыбайлас жемқорлық индексіні Бүкіләлемдік еркін баспасөз индексімен салыстырған уақытта екеуінің де БАҚ неғұрлым күшті және тәуелсіз болған сайын сол елде сыбайлас жемқорлық аз болады деген тұжырым жасағаны анықталған.

БАҚ көзге көрінетін және көрінбейтін пайда әкелуі мүмкін. Мысалы, министрді әшкерелеу арқылы жұмыстан кетіру немесе саясаткерлер арасында белсенді қоғамдық пікірталас тудыру.

Сыбайлас жемқорлықты жариялаушы журналистер фактілерге сүйенген репортаждар жүргізудің негізгі қағидаларынан бастайды, бірақ та бұл жағдайда қиындық пен тәуекелділік деңгейі артады. Ақпаратты қос дереккөзден алу, ерекше ақпаратты және интервьюлердегі комментарийлерді «аулау», атап айтсақ, жала жабуды таратқаны үшін жауапкершілік туралы заңдарға айрықша назар аудару – мұның барлығы да аса қажет. Соғыс аяқталғаннан кейінгі бірнеше жыл ішінде көптеген журналистер жергілікті алыпсатар саудагерлердің құдалау нысанына айналды. Тұрақты деген Батыс елдерінің өзінде сыбайлас жемқорлықты тексерген журналистер курбан болды.

Сыбайлас жемқорлық оқиғаларын жария етуші журналистер репортаж жасаған уақытта негізгі принциптерден аттамай, нақтылы деректерге сүйенеді. Соған қарамастан, қиындық пен қауіп арта түседі

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР МЕН АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Терминдер глоссарийлері:

moneycentral.msn.com/investo/Glossary/glossary.asr

Рейтерс жариялаған Рейтерстің Қаржы глоссарийі

Файнэншл Таймс Прентис Холл жариялаған Қаржы беттерін пайдалануға арналған Файнэншл Таймс анықтамалығы, ХВҚ (Халықаралық валюта қоры), Әлемдік экономиканы шолу:

www.imf.org/external/pubs/ft/weo/2000/01/index.htm

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастапқы беті: **www.worldbank.org**

БҰҰ даму бағдарламасы: **www.undp.org**

Транспарэнси Интернэшнл: **www.transparency.org**

14-тарау

Журналистердің қауіпсіздігі

Соңғы он жыл ішінде өз міндеттерін атқару барысында 346 журналист қаза тапты, оның ішінде 37 журналист 2003 жылы өлтірілді. Ирактағы қақтығыс адам өлімі мен шығынға алып келді де, кейін аса қатерлі қарқынмен өсе бастады.

Штаб-пәтері Нью-Йоркте орналасқан Журналистерді қорғау жөніндегі комитет ұсынған статистика көңілге қаяу түсіреді. АҚШ-тың Иракқа басып кіргенінен бастап, Саддам Хусейн режимі құлағанға дейінгі 21 күн ішінде он журналист көз жұмған екен. Олардың басым бөлігі шетелдік тілшілер (Басқа журналистік ұйымдардың мәліметі бұдан да жоғары).

2003 жылы әлемнің басқа бөліктерінде, шайқас даласына қатысы жоқ жерлерде бұдан екі есе көп журналистің қаза болғанын ұмытпау қажет. Кейбіреулері сыбайлас жемқорлықты жариялағаны үшін, тағы бірі әскери құрылымдардағы түйткілді мәселелер туралы репортаждар жасағаны үшін қаза тапса, енді біреулері тонаушылардың құрбаны болды.

Сондықтан да, журналистік қызмет – қауіпті кәсіп деген сөз аздық етеді: әншейін сөз ғана болып қалады. Әсіресе, заманауи қақтығыс аймақтарында. Шындығында, қауіп-қатердің бар екенін ұдайы біліп жүресіз. Дегенмен, қатердің деңгейін азайту үшін төмендегі қарапайым қағидаларды сақтап, нұсқауларға бағынуға тура келеді.



АҚШ-тың Иракка басып кіргенінен бастап, Саддам Хусейн режимі құлағанға дейінгі 21 күн ішінде он журналист қаза тапқан екен

*Ешқашан репортажды
жеке қауіпсіздігіңізден
жоғары қоймаңыз*

- Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге және қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдарын алып жүруге дайын болыңыз;
- Өзіңіз бара жатқан, жүретін аумақты білетін болыңыз, өзіңіздің жолсеріктеріңіз бен делдалдар турасынан да хабардар болғаныңыз жөн. Үйден шықпай тұрып-ақ мұқият дайындық жүргізіңіз;
- Ашушаң болмаңыз, өзіңіздің физикалық және психикалық күйіңіздің дұрыс екеніне көз жеткізіңіз;
- Бірінші кезекте өз өміріңізге көңіл бөліңіз – ешқашан репортажды жеке қауіпсіздігіңізден жоғары қоймаңыз: бірде-бір ақпар адам өміріне тең келмейді; басқаша айтқанда, өлген адамға репортаж жүргізетін мүмкіндік берілмейді.

Көптеген халықаралық БАҚ ұйымдары әскери тілшілер үшін міндетті оқу жүргізеді. Ондай оқулар негізінен жеке қауіпсіздікке құрылады. Қақтығыс аймақтарын түсіну, негізгі заттарды қарау және жабдықтаумен қатар, негізгі шұғыл медициналық жәрдемнің қандай болатыны үйретіледі. Қажет болған жағдайда, ұйымдар күйзеліске түскен репортерлер мен жарақат алу мәселесі бойынша да журналистерге кеңес беруді қамтамасыз етеді.

Кішігірім ұйымдарға жұмыс істейтін журналистер мен фрилансерлер көбіне-көп мұндай оқулардан тыс қалып жатады. Алайда, мұндай курстарды қаржыландыру мақсатында бөлінетін стипендиялардың көлемі жылдан-жылға артып келе жатқанын естен шығармау керек.

Кейбір ұйымдар журналистердің қауіпсіздігін ынталандыру бойынша көмек көрсетеді, ал күйзеліске түскен немесе жарақат алған журналистермен жұмыс істейтін ұйымдар осы тараудың соңында келтірілген.

Төменде толыққанды және дұрыс оқытудың орнын алмастырмаса да, ненің болатынын немесе не нәрсенің болмайтынын көрсететін ережелер беріліп отыр.

Негізгі ережелер

Шайқас даласында ешқашан да ойланбастан біреудің артынан еріп кетуге болмайды, мейлі ол журналист болсын, мейлі сарбаз болсын. Әрдайым өз бетіңізбен шешім қабылдаңыз: нақтылы жағдайда неден қауіптену керек және не істеуге болады?

«Мақалаға қажетті материалды қалай алуға болады және өзім материалға айналып кетпеуім үшін не істеу керек?» деген сұрақты ұдайы өзіңізге қойып отырыңыз. Сіз жазғалы отырған мақала тәуекелге бел бууға тұра ма, тұрмай ма, оның да жауабын өзіңізден сұраңыз.

Көшедегі шеруде де, шайқас даласында да адреналиннің әсерімен ақыл-ойдан адасып қалу оп-оңай. Ешқашан басқа адамдардың сіз туралы не ойлайтындығына назар аудармаңыз. Өз өміріңіз өзіңіздің қолыңызда, сондықтан да өзіңіз шешім қабылдаңыз. Ешқашан қорқыныш сезімі үшін

*Шайқас даласында
ешқашан да ойланбастан
біреудің артынан
еріп кетуге болмайды,
мейлі ол журналист
болсын, мейлі
сарбаз болсын*

*Ешқашан қорқыныш
сезімі үшін ұялмаңыз,
сақтықтың ең дұрыс
белгісі – қорқыныш*

ұялмаңыз, сақтықтың ең дұрыс белгісі – қорқыныш. Бір топ солдат майдан сызығымен келе жатып, сізді шақырды делік. Бару немесе бармау туралы шешім қабылдағанда олардың сіз туралы не ойлап қалатынын ойламаңыз. Тәуекел етуге тұра ма? Соны ойлаңыз. Репортаж немесе суреттер осындай қатерге бас тігуге тұра ма? Егер бармасаңыз, не жоғалтасыз? Ақпаратты жариялап қана қоймай, кез келген қатерді азайту жолдарын ойластырыңыз. Қобалжымауға тырысыңыз, әйтпесе ойыңызды жинақтай алмайсыз.

Бұл жеке адамның батырлығына қатысты мәселе емес. Сіздің жұмысыңыз әскерилердің жұмысына ұқсамайды. Олардың жұмысы – өліспей беріспеу. Сіздің міндетіңіз – тірі қалып, әлемге көрген-білгеніңізді хабарлау. Кейде журналистер өз бастарын өздері қатерге тігеді. Бір мақала үшін өмірмен қош айтысуға тұра ма, тұрмай ма, мәселе сонда.

Әскери іс-әрекеттерге жақын болу

Қатерге қарсы жүру репортажға септігін тигізе ме? Әрдайым осы тұрғыдан ойланыңыз. Көп жағдайда оның түкке қажеті жоқ екенін аңғарасыз. Бейнежазбалар жасап, фотосурет түсірушілер үшін бұл сұраққа жауап беру соншалықты оңай емес. Бірақ, принцип біреу: түсірілім қатерді ақтай ма?

Журналистің жұмысы – болып жатқан оқиғаны жан-жақты білу, жалпы көріністі бажайлап, репортаж жасау. Тәжірибелі әскерлер шайқастың алдыңғы шебінде жүргендердің сол сәтте тура алдында немесе дәл танауының астында не болып жатқанын білмейтінін жақсы біледі. Қозғалыс та, шу да көп. Олар кең ауқымды қақтығыстың көп сәттерінің біріне ғана куә бола алады.

Қандай да бір қашықтықта, мәселен, командир лауазымында отырып, жағдайды терең түсінуге болады.

Халықаралық жаңалықтар жасайтын ірі ұйымдар шайқас далаларынан, жергілікті жердегі штаб-пәтерлерден, саясаткерлерден ақпарат жинау мүмкіндігіне ие. Бұл кез келген ұйымның қолынан келе бермейді, сондықтан да сіз ең жақсы репортажды қай жерден алуға болатындығын өз-өзіңізден сұрауыңыз тиіс.

*Жеке басыңызды
қуәландыратын
құжатты жаныңыздан
тастамаңыз, ал қару
ұстауға әуестенбеңіз*

Репортер жұмысының фотограф жұмысына ұқсамайтынын есте сақтаңыз. Фотограф немесе оператор түсірілімдерді қақтығыстың мәнін көрсету үшін жасайды. «Түсірілімдер мен ақпаратты алған соң, тез арада кетіп қалыңыз» деген ұранды сіз де ұстаныңыз.

Тағы да қайталап айтайық, әлдекімдерге өз батылдығыңызды көрсетудің түкке керегі жоқ. Көпшіліктің артынан ергеннен гөрі, өзіңіз тәуелсіз шешім қабылдаудың үлкен ерлік екенін ұмытпаңыз.

Міндетті түсіну

Өрқашан өзіңізбен бірге жеке басыңызды қуәландыратын құжат алып жүріңіз. Қару ұстауға әуестенбеңіз. Егер сізді әскерлер ұстап алса, қолыңыздан қару көрсе, журналистпін деген сөзіңізге қалай сенеді? Қарсы тараптың қолдаушысы еместігіңізді қалай дәлелдейсіз? Бұл халықты қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияларға да қайшы келеді.

Журналист екеніңізді бірден айтыңыз, өйтпеген жағдайда, сізді тыңшы деп қалуы мүмкін. Әдетте қасақана өтірік айтудан гөрі, бақылау-рұқсат беру бекетінен өткен дұрыс. Дегенмен, белгілі бір журналистік себептерге орай осы ережені бұзуға тура келетін жағдайлар болады. Жергілікті жағдайдан хабардар болу және тәжірибелі әріптестеріңізбен бірге тексеру сізге дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Әрқашан бос жатқан жолдарға сақтықпен қараңыз. Неге олар босаңсып қалған? Айнала туралы көбірек мағлұмат білуге тырысыңыз, екінші жақта ату нысанасы болатындай не бар екенін қарап шығыңыз. Алайда, жан-жақта снайперлер болса немесе демонстранттар ақпарат құралының өкіліне наразылық тудырған жағдайда, тым ашық киім де сізді оңай нысанаға айналдыруы ықтимал.

Қою жасыл түсті, яғни әскерилердің формасына немесе әскери топ мүшелерінің киіміне ұқсас түсті киім кимеуге тырысыңыз. Әскерилер оқ атқан тұсқа жақын тұрсаңыз, олардың қайтадан оқ атуы мүмкін екенін назарда ұстаңыз.

Алыстан адамның жанында тұрған бейнекамера зымыран құрылғысы немесе снайпердің қаруы сияқты көрінуі мүмкін. Егер қауіпті сезсеңіз, онда қарсы жақтың көруі үшін иығыңыздан камераны алып, оны жан-жаққа көрсетіңіз.

*Қою жасыл түсті,
яғни әскерилердің
формасына немесе
әскери топ мүшелерінің
киіміне ұқсас түсті киім
кимеуге тырысыңыз*

*Көлік мәселесінде
әскерлерге тәуелді
болудан қашыңыз, көлік
құралдарының әскери
нысана екені
есіңізде болсын*

Майдан даласында неғұрлым аз уақыт болыңыз

Көлік мәселесінде әскерлерге тәуелді болудан қашыңыз, көлік құралдарының әскери нысана екені есіңізде болсын.

Алдыңғы шепке тек нақты мақсатыңыз болған жағдайда ғана барыңыз. Мысалы, қақтығыстың мәнін түсіну үшін әскерлерден немесе майдан даласында жүргендерден интервью алу үшін баруға болады. Майдан сызығының әрдайым дәл белгіленуі мүмкін емес екенін есте сақтаңыз, екі жақтың ортасындағы аумақта қолға түсуден сақтаныңыз. Сапарыңызды алдын ала ойластырыңыз және қалаған уақытыңызда кете алатыныңызға көз жеткізіңіз. Майдан сызығына жай ғана қыдырып баруға немесе тәжірибе жинау үшін баруға болмайды.

Көлік құралыңыздың қауіпсіздігіне, оның қалай жұмыс істейтініне, қайтып келуге жанармайдың дәл жететініне көз жеткізіңіз. Көлік мәселесінде әскерлерге тәуелді болудан қашыңыз, өйткені олардың көлік құралдары әскери нысана болып табылады. Егер сізге асығыс кету керек болса, онда құтқарудың немесе орын ауыстырудың (эвакуация) жақсы тәсілдерін білетініңізді анықтаңыз.

Қоршаған адамдарыңыздың сіздің сапарыңыздың жоспары туралы білетініне көз жеткізіңіз, егер жазатайым жағдай болса дер уақытында дабыл көтеру үшін айналаңыздағыларға сапарыңыздың жай-жапсарын тегіс түсіндіріп, жиі есеп беріп отырыңыз. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған көлік құралдарымен және басқа журналистермен бірге жол жүрген қауіпсіз. Тәжірибелі адамдарға құлақ асыңыз және тым тәуекелшіл болып көрінгендерден бойыңызды аулақ ұстаңыз.

Қару-жарақтарды танып білу

Әскери іс-әрекеттер болып жатқан аумақта оқиғаға әскердің көзқарасы тұрғысынан қарауға тырысыңыз. Жағдайдың қаншалықты қауіпті екеніне талдау жасау үшін қару-жарақ туралы кейбір қарапайым жайттар мен заманауи шайқастың қару-жарақтары туралы білгеннің артығы жоқ.

1. Ауыр калибрлі қару

Арнайы киім қорғайтынына қарамастан, ауыр калибрлі қару әрдайым қауіп төндіреді. Ауыр калибрлі қарудың артиллериялық немесе минометті екенін де ажырата білу қажет. Артиллерия – дала қару-жарағының артиллериялық снарядтары. Оның траекториясы аса жоғары емес. Одан төбешіктің артына тығылып та қорғана аласыз. Минометтер қысқа әсер ету радиусына ие, бірақ олардың жоғары траекториясы анауымынаудың артына тығыла алмайтыныңызды білдіреді.

Қарсы оқтың тіке атылғанын, шолу сәулесі бар-жоғын немесе тіке еместігін анықтауға тырысыңыз, бұл үшін көздеу (дәлдеу) механизмі қолданылады. Егер ол тіке емес болса, онда ерекше нысанаға туралау баяу жүреді. Жетілдірілген басқару жүйесі болмаса, зақымдау дәлдігі 100 метр шамасында ғана болады, яғни бұл межеленіп отырған нысаннан 50 метр қашықтықта болған жағдайда, тура тиюі мүмкін екенін білдіреді.

*Көлік құралдарының
көмегіне жүгінген
уақыттарда көштің
басындағы және көш
соңындағы көлікке
мінбеуге тырысыңыз*

Автомат кезегінің түсу қағидасын есептеңіз. Бірінші оқ алыс жерге түседі, өйткені ол алысты көздеуге бағытталған. Егер келесісі жақынырақ болса, үшінші оқ өз нысанасына жеткенге дейін ол жерден кетіп үлгеруіңіз керек.

Ауыр калибрлі қарудың автоматты кезегі әртүрлі болып келеді, ол әр жерде әрқалай түрленеді. Қатты әрі жазық жерде әсері көбірек болады. Ең дұрысы, қиылыспаған жерде тұру. Себебі оқ ондай жерге тисе, қиғаш кетеді де жарықшақтар ұшады. Егер сіз оқ атылған мезетте тасадан алыс жердегі жазықтықта болсаңыз, онда келесі оқ атылғанша бірінші снарядтың шұңқырына түскеніңіз дұрыс. Түйсікке салса, қашып кеткіңіз келеді. Бірақ, қашқаннан гөрі, атылып жатқан жерде жатқаныңыз дұрыс болады.

Ғимараттың ішінде болған жағдайда, баспалдақтың немесе бөрененің артына тығылған қауіпсіздеу. Әйнек терезелерден алыс болыңыз. Жарықшақтары ұшпасын десеңіз, терезені сындырған дұрыс.

Көлік құралдарының көмегіне жүгінген уақыттарда көштің басындағы және көш соңындағы көлікке мінбеуге тырысыңыз. Артиллерияның немесе тікұшақтың дәстүрлі тәсілі – бірінші немесе соңғы көлік құралын зақымдауға тырысу, осылайша, қалғандарының барлығын қақпанға түсіруге болады.

Көлік құралының сыртында қалып қойсаңыз, мүмкіндігінше жолдан шетке қарай қашыңыз. Ал қалып қойсаңыз снайперлердің нысанасына айналатыныңыз сөзсіз. Дегенмен, жолда жүргенде миналардан абай болыңыз.

2. Жеңіл калибрлі қару

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жеңіл калибрлі қарудың (винтовкалар мен пулеметтар) миллиондаған түрі шығарылды, оларды әрбір өлген жан басына шағуға болады.

Арнайы оқудан өткен әскерлер тәжірибесі жоқ әріптестеріне қарағанда жақсы атады. Батыс елдерінің армиясы арнайы оқу-жаттығудан өткен солдаттардың 100 метрге дейін дәл ататынын есептеп шығарыпты. Басқа армиялар мен милицияның ату дәлдігі бұдан төмен.

Калашников автоматы (АК-47 және одан кейінгі үлгілері) дүниежүзі бойынша көптеген қақтығыстарда қолданылатын жеңіл калибрлі қару болып табылады. Ол өте танымал қару. Себебі, пайдаланылуы қарапайым және сенімді әрі әсер ету диапазоны да тиімді. Дегенмен, Калашников автоматы «бетпе-бет қақтығысқа арналған қару», алыс қашықтықта дәл тигізе алмайды. Мұндай қаруды қолданған уақытта оқ 1,000 метрден нысанаға дөп түссе, ол елеулі зиян келтіретінін естен шығармаған жөн.

Калашников автоматының оң жағында сақтандыратын ілмегі бар, адамдардың басым бөлігі оңқай болғандықтан, ілмекті көре алады. Жоғарғы қалып автоматтың сақтандырғышта тұрғанын және оның атпайтынын білдіреді. Бірінші төменгі қалып – толық автоматты кезек үшін, ең соңғы төменгі қалып бірді-екілі оқ атуға арналған. Сақтандыруға қатысты қателік жіберуге болмайды.

3. Фугастар

Екі тарап та мина қоюы мүмкін, ал мина едәуір қауіп төндіреді. Оның үстіне, қақтығыс аймақтарында олар көбінесе белгіленбейді. Соған қарамастан, үнемі белгілерді іздестіріп, миналардың болуы ықтимал жерлерді тап басып тануға тырысыңыз. Әдетте, жабық жолда «дақтарды» оп-оңай көресіз. Басқа жерлерде, әсіресе далалық жерде оларды байқау қиындау. Мұндай аймақтарда ештеңеге тиісуге немесе жерде жатқан затты алуға болмайды.

Миналанған учаскелер әрқашан қорғаныс нүктесіне немесе қараусыз қалған жерлерге жақын орналасады. Өңделген учаскеге жақын орналасқан айдалмаған дала миналардың болуы мүмкін екенін көрсетеді, бірақ жеке құрамды жою үшін тұзақтар өңделген учаскелерде де болуы мүмкін.

Фугастардың екі түрі бар: жаяу әскерге қарсы және танкілік әскерге қарсы. Танкілерге қарсы фугастардың көлемі үнемі үлкен болады. Олар көбінесе кез келген әсердің салдарынан жарылуы мүмкін жаяу әскерге қарсы миналармен қорғалады.

Миналар уақыт өте келе деқаупін жоғалтпайтынын есте сақтаңыз. Қақтығыс аяқталғаннан кейін де талай жылдарға дейін ол миналар өз күшінде жата береді.

Алғашқы жәрдем

Бұл тақырыпқа арнайы анықтамалық шығару қажет. Дегенмен, алғашқы жәрдем көрсетудің қаншалықты маңызды екенін бағалау қиын емес. Кейде жазатайым жағдайлар мен кездейсоқ қауіптердің салдарынан зардап шеккенде сіздің аман қалуыңызға дәл осы алғашқы жәрдем әсер етуі мүмкін.

Соғыс кезінде қаза болғандардың көпшілігі тікелей шайқастан емес, ауру-сырқаудан немесе жарақаттардың салдарынан көз жұмған. Жазатайым жағдайдан немесе жарақат салдарынан зардап шеккен уақытта алғашқы бес минуттың ішінде жаныңыздағылардың өлі не тірі екенін анықтап алуыңыз қажет. Алғашқы жәрдем көрсетудің екі күндік курсы қан жоғалтуда, жаралануда, сынықта, күйікте және басқа да жағдайларда не істеу керектігін үйрете алады. Яғни, өз-өзіңізге және басқаларға көмектесе аласыз деген сөз.

*Жазатайым жағдайдан
немесе жарақат
салдарынан зардап
шеккен уақытта алғашқы
бес минуттың ішінде
жаныңыздағылардың өлі
не тірі екенін анықтап
алуыңыз қажет*

*Журналистік
қызмет түрлі
заттарды шамадан
тыс алып жүруге
мәжбүрлейді*

Ішімдік немесе есірткі пайдалану

Журналистерге арналған анықтамалықтарда ішімдікті немесе есірткіні пайдаланудан сақтандырудың мәні зор. Әсіресе, қақтығыс аймақтарында сақ болу керек. Журналистер көбінесе темекі шегеді, ал Батыста спирттік ішімдікке де құмарлық байқалады. Енді біреулері есірткі пайдаланады.

Кез келген жұмыста кәсіби ауыртпашылық болады, оған төтеп беру әркімнің жеке басына байланысты. Дегенмен, журналистің ішімдік немесе есірткіге әуес болуы оның табысына едәуір зиян келтіреді және өміріне қауіп төндіреді.

Кәсіби әскери тілшілерді ерекше тапқа жатқызуға болады. Олар әлемнің бір шетіндегі қақтығыс аймағынан екіншісіне сапар шеге жүріп өз бастарын қатерге тігеді. Күн сайын қансырап жатқан адамдарды көреді, күніге өліммен бетпестеліп келіп жатады. Соған орай олардың арасында ішімдікпен немесе есірткімен әуестенетіндер де болады.

Әскери әрекеттер жүріп жатқан аудандарда адамдар өмірдің ауыртпалығынан күйзеліске түседі, есеңгіреуді бастан кешіреді. Және мұндай жерлерде қалаған нәрсеңізге оңай қол жеткізудің де мүмкіндігі бар. Қалай болғанда да, мұндай жағдайда күш-қуатыңыз бен денсаулығыңызды сақтап, сабырлы болған жөн. Майдан даласынан ұзап шыққаннан кейін де көп нәрсе көз алдыңызға елестеуі мүмкін. Осындай жағдайлар кейбіреулерді әр нәрсеге итермелейді. Дегенмен, бөтелкенің түбінен құтқарушы іздеу – дұрыс шешім емес.

Журналист кез келген жерде қоғамдық ережелерді білуі керек және құрметтеуі тиіс, бұл баршаға аян. Олай болса, дін мен мәдениет ішімдік ішуге тыйым салатын жерлер де бар екенін есте сақтаған жөн.

Көтерілістер мен шерулер

Әрбір репортаждың қауіпті екенін ұмытпаңыз. Адамдар күдікшіл әрі күмәншіл келеді, кейде олар репортерлар мен жаңалық жаршыларына жау көргендей қарайды: кейде өздері әлденеден қуыстанса, кей жағдайда халық журналистер қызмет ететін ұйымдарға өш болады. Сондықтан, кез келген оқиғаны жарияламастан бұрын соның салдарынан төнуі мүмкін қауіп туралы ойлау қажет.

Өсіресе, баспасөзде көтерілістер мен шерулердің нәтижесін жариялау кезінде абай болған жөн. Тобырдан бәрін күтуге болады, дегенмен кейде олардың жариялылығы қалайтынын да жоққа шығаруға болмас. Мұндайда тобыр ызаланып, жаңалық жаршыларына қауіп төндіруі мүмкін. Ал қауіпсіздік органдары өздерінің әрекетінің таспаға түсіп, тасқа басылғанын қаламайды. Кейде шерушілер мен журналистерді ажырата алмайды. Журналистер өздері үшін қай жердің қауіпсіз болатынын алдын ала ойлауы маңызды.

Егер мүмкін болса, дүйім жұртқа үстіңгі жағынан қарауға тырысқан жөн. Мүмкіндігінше шерушілер мен қауіпсіздік органы қызметкерлерінің арасында болмаңыз. Бұл майдан даласында бейтарап аумақта қалып қойып, нысана көзіне айналумен бірдей нәрсе.

*Қажетті материалдарды
алғаннан кейін дереу
кейін қайту үшін
қайтар жолыңыздың
сызбасын алдын ала
ойластырғаныңыз жөн*

Егер көзден жас ағызатын газды қолданулары мүмкін екенін байқасаңыз, оған да дайын болыңыз.

Қажетті материалдарды алғаннан кейін дереу қайту үшін қайтар жолыңыздың сызбасын алдын ала ойластырғаныңыз жөн. Құрал-жабдықтарға қатысты сақтық шараларын қолдандудың қажеттілігі туралы ойланыңыз, кейде құрал-жабдықтарды жасырып қойған дұрыс. Егер қолыңыздағы құрал-жабдығыңыз бен жеке өміріңіз таразыға тартылса, онда алдыңғысынан бас тартуыңыз шарт!

Көліктеріңізді оқиға болып жатқан жерден алыс қойыңыз. Бұл көлік құралының зақымдалмауы үшін ғана емес, оқиға болып жатқан жерден тез арада кетіп үлгеру үшін де керек. Көбінесе елеусіз көлікті пайдаланған дұрыс. Қақтығыс аймақтарындағы нысана сияқты көзге түспеу үшін киім туралы да алдын ала ойластыруға тура келеді.

Қауіп-қатерлерді бағалай білу соншалықты құпия емес, ықтимал қауіп-қатердің барлығын алдын ала ойластырып, салқынқанды әрі сабырлы болуға үйрену керек. Өз әріптестеріңіздің қай жерде жүргенін білу де маңызды, кез келген уақытта оларға көмек қолын созуға дайын болу қажет.

«Сенімсізсің бе, онда дереу кетіп қал» деген ережеге арқа сүйеу керек.

ЖАТТЫҒУЛАР

Репортаж дайындау үшін белгілі бір мемлекетті таңдаңыз және қажет болған жағдайда қандай сақтық шараларын қолдану керектігін әріптестеріңізбен бірлесе отырып талқылап, сценарий құрыңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз:

- Қандай киім кигеніңіз дұрыс? Сізге газдан қорғаушы бас киім немесе басқа да қауіпсіздік құралдары қажет пе?
- Қолыңыздағы құрал-жабдықтарды қалай қорғар едіңіз?
- Қандай көлік түрін қолдану тиімді?
- Көлік құралы туралы нені білуіңіз керек және оны қалай тексересіз?
- Сіз қай жерге тұрақтайсыз және ол жер қаншалықты қауіпсіз?
- Төтенше жағдай болған күнде қалай құтылу қажеттігін білесіз бе?
- Алғашқы медициналық жәрдем көрсету курсынан өттіңіз бе? Медициналық аптечкаңыз бар ма? Оның ішінде не болуы керек?

ОҚУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

Журналистерді қорғау жөніндегі комитет: www.cpj.org

«Қауіпті жағдайларда репортаждар жүргізу бойынша тапсырма»:

Cpj.org/Briefings/2003/safety/journo_safe_guide.pdf

Халықаралық баспасөз институты: www.freemedia.at/index.html

Шекарасыз журналистер: www.rsf.org/

Халықаралық Ньюс Сэйфти институты:

www.newssafety.com/index01.html

«Дарт» журналистика орталығы:

www.dartcenter.org/index.html

және Дарт Юроп: www.dartcenter.org/europe/

Роури Пек Траст: rorypecktrust.org/

Курт Шоркты еске алу қоры: www.ksmfund.org/

Қауіпсіздік шараларын оқытатын кейбір ұйымдар:

- АКЕ – www.akegroup.com
- Центурион – www.akegroup.com
- Пилигримс – www.piligrimgroup.co.uk/index.html

Әскери тілшілердің қолынан шыққан түрлі мақалалар майдан сызығынан репортаж жүргізудің қауіптілігі мен қысымдарды көрсетеді:

«Бау-бау» клубы: Жасырын соғыстың түсірілімдері, авторлары: Грег Маринович пен Жуау Силва (Негізгі кітаптар)

Менің соғысым өтіп кетті, мен оны сағынамын, авторы: Энтони Лойд (Пингвин)

Чарли Джонсон от пен оқтың ортасында, авторы: Майкл Игнатъефф (Гроув Пресс), Косоводағы әскери тілші туралы роман

IWPR ҮШІН ҚАЛАЙ ЖАЗУ КЕРЕК?



Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт дағдарыс және қақтығыс аймақтарындағы жергілікті журналистерге қолдау көрсету мақсатында құрылған

СОҒЫС ПЕН БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАРИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ИНСТИТУТ көбіне-көп қақтығыс пен дағдарыс мәселелері бойынша жергілікті және халықаралық талқылаудан сырт қалған аймақтардағы жергілікті жауапкершілігі мол журналистерге қолдау көрсету мақсатында құрылды.

Бұл жұмыстың мақсаты:

- Демократия мен азаматтық қоғамды күшейту;
- Қауымдастықтар арасында сенім орнату;
- Халықаралық көзқарастан хабардар ету.

Біздің бағдарламаның негізгі салалары:

- Оқиғалар мен зерттеулерді суреттеу;
- Оқыту;
- Кең ауқымды мүмкіндіктер туғызу.

Бір мезгілде бірнеше басылымда жариялау үшін газеттердің қосымшалары мен мақалаларды сату, бұқаралық ақпарат құралдарына шығу, конференциялар, семинарлар және басқа да қоғамдық маңызы бар оқиғалар қоғамдық пікірталас пен диалогқа үлес қоса отырып, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың материалдарын кеңінен таратады.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт тәжірибелік тәсілді қолданады. Біз журналистиканы оқудың ең дұрыс тәсілі – онымен айналысу деп есептейміз. Бастапқы біліктілігіңіз бен қабілетіңізді шыңдау үшін семинарларға қатысу немесе біз жариялап отырғандай журналистика

саласының нұсқаулығына сүйене отырып, өз бағытыңызды айқындау – мәселенің бастамасы ғана. Нағыз оқу журналистің жазба кітапшасын алғаш бастаған кезіңізден немесе алғашқы репортажды жазуға отырған сәтіңізден басталады.

IWPR-дың көптеген штаттық қызметкерлері – журналистер. Біз барлық мәліметке өз тәжірибеміз арқылы қол жеткіземіз. Біз әрдайым көмек қолын созуға дайын үзеңгілес әріптестен және кейде тым қатал көрінетін білікті редактордан көп нәрсе үйрендік. Осылайша, өзіміздің біліктілігімізді арттырып, қабілетімізді жетілдірдік.

Ұдайы қателесу және сынақ жасау, егжей-тегжейлі комментарийлер алу, конструктивті ұсыныстар, тіпті дәл сол оқиға туралы үздік репортаж жасаған әріптеске қызғанышпен қараудың өзі де сіздің көңіліңізге қаяу түсіреді және көп уақытыңызды алады. Бірақ, бұл сабақ алудың ең жақсы тәсілі. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың қамтамасыз ететін оқу ордасы дегеніміз де осы.

Нақтылы фактілерге негізделген журналистік ұстанымдар бұқаралық ақпарат құралдарының дағдарыстан шыққан аймақтарда демократияны қалыптастыруына мүмкіншілік туғызады

Халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс істеу

Жергілікті журналистер үшін Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтпен бірге жұмыс істеу тәжірибесі бұқаралық ақпарат құралымен жұмыс істегеннен өзгеше болуы мүмкін. Қырағы қадағалау, оқиға болған жерлерден репортаж жүргізу, бір репортажды қайта жасау, деректерді тексеру және кейде адамды зеріктіріп те жіберетін экстенсивті редакциялау... Бұл мәселелерге қатысты сауалдар журналистер тарапынан көп қойылады. Біздің айтарымыз, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың жүйесі шын мәнінде көптеген халықаралық және соның ішінде англо-американдық бұқаралық ақпарат құралдарының стандартты әдіс-тәсілдері мен дағдыларын қолданады.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт редакциялаудың осы жүйесі мен журналистиканың негізгі халықаралық стилі басқа елдер үшін де негізгі ұстаным болуы керек деуден аулақ. Себебі, сөз басында айтқанымыздай, әлемнің әр түкпірінде әртүрлі қалыптар мен дағдылар қолданылады.

Дегенмен, нақтылы деректерге сүйене отырып сенімді репортаж жүргізу жұмысы жалпыға ортақ принциптер негізінде жүреді. Қолдарыңыздағы анықтамалықтың бас жағында айтылғандай, бұл жұмыс қақтығыс пен дағдарыстан шыққан (немесе осындай қауіп төніп тұрған) аймақтарда демократияны қалыптастырып, сенім орнатуға үлкен көмегін тигізеді.

Репортаждар жүргізу мен редакциялаудың халықаралық стилі – осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған басым бағыт.

Жазылмаған заңға сай, жұмыс істеу тәжірибесі – кез келген журналист үшін ең құнды сабақ. Әрине, БАҚ қызметкерлері осы ережелерді өздерінің жұмыс жасау жағдайы мен ортала-рына бейімдеуі мүмкін.

Репортаждар жүргізу/оқу қарқыны

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт мақала жазу процесін бірнеше құрамдас бөліктерге бөледі және осы жолдың кез келген қадамында жергілікті журналистерге қолдау көрсетуге тырысады.

Алғашқы қадам баспасөзде жариялайтын жергілікті түйткілді мәселені анықтап алуға тіреледі. Яғни, оқиғаның жаңашылдық құндылығын түсіну (8-тарауды қараңыз), оқырманның бағасы, басқа ақпарат құралдарында оқиғаның қалай көрсетілгенін анықтау және жалпы редакторлық қызығушылық деген сөз. Бұл процесс журналистің құрастыруымен жазылатын қысқаша түйіндемемен немесе мақаламен аяқталады. Бұл процесс барысында көтерілетін мәселенің немесе болып жатқан оқиғаның жалпы көрінісі, тәсілі, деректер, кейбір мән-жайлардың ашылуынан бастап, мақаланы жазуға берілген уақыт пен оның көлемін сақтауға дейін маңызды.

Екінші қадам – жазылатын материалды жоспарлау. Бұл дереккөздер мен негізгі материалды анықтауды, шектеулі мерзім ішінде ақпарат алу үшін стратегия жасауды білдіреді (4-тарауды қараңыз). Бұл процеске тепе-теңдікті сақтау, екі жақты комментарийлер беру, екі дереккөз ережесі бойынша сенімділікті қамтамасыз ету жатады.



Репортажды жүргізудің динамикасы

*Ұдайы кеңес сұрап
отыру және тексеру –
жолма-жол, сөзбе-
сөз редакциялау
процесінің бейнетті
жұмыстарының бірі*

Үшінші қадам – ең маңызды қадам, яғни оқиғаны суреттеу. Осы кітапта көрсетілген жайттарды мүлтіксіз орындаған сайын процесс оңай өтеді. Дегенмен, басқа халықаралық ақпарат құралдарының редакторлары сияқты Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың редакторлары да сізге материалыңызды қайтадан толықтыру, деректерді тексеру немесе дәл ақпаратты әрі қарай іздестіру жұмысын тапсырып, кері қайтаруы мүмкін. Бұл өте қиын процесс, кейде оның түкке қажеті жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Әрине, жоспарыңыздың быт-шытын шығарған редакторға да «түк түсінбегені үшін» ренжисіз. Бірақ, олардың міндеті – материалыңыздың кәсіби болуы, онда тепе-теңдік принципінің сақталуы, оқырман үшін бәрінің түсінікті болуы. Редакторлар осы шараларды жүзеге асыру арқылы сіздің жұмысыңызды мазмұнды ете түседі.

Ұдайы кеңес сұрап отыру және тексеру – жолма-жол, сөзбе-сөз редакциялау процесінің бейнетті жұмыстарының бірі. Бұл белгілі бір дәрежеде күш-қуатты қажет етуі мүмкін, сонымен бірге тығыз қарым-қатынасты талап етуі мүмкін. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтта бұл процесс әдетте екі кезеңді қамтиды: біріншісінде негізгі деректер мен мақаланың құрылымын тағайындалған редактор (көбінесе бағдарламалар менеджері немесе кейде сізбен бірге жергілікті тілде жұмыс істейтін елдегі жаттықтырушы) редакциялап шығады; бұдан кейін редакциялаудың келесі сатысы жүзеге асырылады. Әдетте ағылшын тіліндегі меңгеруші редактор немесе ассистент-редактор стиль мен жалпы түсініктілігіне қатысты жұмыс істейді (сондай-ақ олар жала

жабу белгілері мен мәтіндегі басқа да елеулі мәселелер туралы атқарушы директорды, адвокатты хабардар етеді). Осы кезең финалдық редакциялау деп аталады.

Қайталап айтайық, осы нұсқаулықтағы ережелерді неғұрлым мұқият орындасаңыз, редакциялау процесі де соғұрлым жеңіл болады. Қысқаша кіріспе жазбаға, соның ішінде оның көлеміне назар аударыңыз: 800 сөзден тұратын мәтін жазу тапсырылып, сіз оның орнына 2000 сөз жазсаңыз, әрине, репортажыңыз айтарлықтай қысқартылады немесе толығымен жарамсыз деп табылады. Өте өкінішті жайт, дегенмен шыдамды болыңыз: редактордың жұмысы – мәтіннің айқын әрі түсінікті болуын қамтамасыз ету, сіздің материалыңыздың сапасын арттыру және аудиторияңызды көбейту.

Мақаланы жазуға жұмсаған күш-жігеріңіз мақала жарыққа шыққан соң-ақ ақталады: барлық журналистердің талпынатыны да осы. Сонымен қатар, мақала IWPR сайты мен электронды таратуға шыққан соң редактор сізбен еңбегіңіз үшін ақшалай сыйақы төлеуге келісім жасайды.

(Төлем бір ай ішінде жүргізілуі тиіс екенін есте сақтаңыз; қандай да бір сауалдар туындаған жағдайда, Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттағы өз әріптестеріңізбен сөйлесу керек). Электронды ақпарат құралы арқылы тараған материал елшілердің, журналистердің, академиктердің және осы мәселемен жұмыс істейтін аналитиктердің қолына тиеді. Қысқаша, ауқымды аудиторияны қамтиды. Бұл жергілікті

журналистерге өздерінің елдеріне қатысты халықаралық пікірталастарға ықпал ете алуы үшін қажетті жағдай туғызуды көздейтін Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт жұмысына да арқау болады.

Алайда, журналистика жергілікті сипатқа да ие. Бұл ретте Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың басты мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарының жергілікті болуын күшейту. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт жергілікті және аймақтық ақпарат құралдарымен өзара байланыс орнатып, сіздің репортаждыңыздың өз еліңізде кеңінен таралып, үлкен мәнге ие болуына ықпал етеді. Сіздің материалыңыз жергілікті баспасөзде жариялануы үшін жергілікті тілге аударылады немесе сол тілде дайындалады. Тек финалдық шығарылымды қайтадан ағылшын тіліне аудару немесе ағылшын тіліндегі нұсқаның қандай да бір өзгерістерін жергілікті тілдегі сіздің мақалаңыздың нұсқасымен «араластыру» аздаған қиындықтар тудыруы ықтимал.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт халықаралық синдикацияны арттырады. Бұл мүмкіндік жергілікті журналистерге өз репортаждарын ірі ұлттық және аймақтық газеттерде, әсіресе Солтүстік Америка мен Еуропада басып шығаруына септігін тигізеді, яғни жергілікті журналистер үшін халықаралық платформа құрады. Түсініспеушілікті болдырмау үшін Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт синдикация үшін ақыны сирек алады, ал алған жағдайда институт синдикация бойынша шығындарды төлеу бойынша теңгерімді сақтай отырып, бастапқы авторға соманың жартысын төлейді.

Мықты азаматтық қоғам шынайы пікірталастарға мүдделі, ал Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт сіздің репортажыңызды осындай талқылаудың негізіне айналдырып, әлемдегі түйткілді мәселелер мен демократия жағдайын жергілікті деңгейде талқылауға жұмыс істейді. Ол аймақтық конференция, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз жұмыс немесе Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың өкілдіктерінде жергілікті билік өкілдерімен, ҮЕҰ өкілдерімен, журналистермен және редакторлармен өткізілетін семинар болуы мүмкін.

*Мықты азаматтық
қоғам шынайы
пікірталасқа зәру,
ал мұндайда сіздің
репортажыңыз қоғамдық
диалогты қамтамасыз
етеді*

Сіздің жұмысыңызды бағалау өткен сабақтарды бекіте түседі, кез келген қателікті немесе түсінбеушілікті (Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт тарапынан), сондай-ақ жарияланымның салдарын анықтайды. Бұл бағалау редактордың қысқа жазбасы немесе сіздің жаттықтырушыңызбен немесе тағайындалған редакторыңызбен әңгімелесу ретінде болуы мүмкін. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың академиясы арқылы қашықтықтан оқытуға арналған Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың баяндамалары қатысушы журналистерге он-лайн режимінде редакциялық нұсқаларды қайта қарастыруды, кері байланыс орнатуды және ортақ даму курстарын белгілеуді ұсынады (Баға беру екіжақты болуы керек, егер сіз Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың жұмысы туралы әлдене айтқыңыз келсе, оған жол ашық).

Мықты азаматтық қоғам табиғи пікірталастарға мүдделі, ал сіздің репортажыңыз осы қоғамдық сұхбатты қамтамасыз етеді.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтпен жұмыс істеудің негізгі кілті репортаждар жасау кезінде нақтылы фактілерге сүйеніп, оны үйлесімді жеткізу білуге негізделеді

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтпен жұмыс істеуге арналған кеңестер

Жоғарыда атап көрсетілгендей, редакторлық жұмыс – өте күрделі процесс. Кейде тез және оңай, кей уақытта күрделі де азапты болуы мүмкін. Осы жұмысты неғұрлым жиі орындаған сайын, мақсатқа жету соғұрлым оңайырақ болады.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институтпен жұмыс істеудің негізгі кілті репортаждар жасау кезінде нақтылы фактілерге сүйеніп, оны үйлесімді жеткізу білуге негізделеді. Егер сіздің материалыңыз кіріспе жазбаға сәйкес келіп, түзетілген қысқаша мазмұнды қамтып, репортаждар мен журналистиканың басқа да қағидаларын басшылыққа алса, онда айтарлықтай проблема туындамауы тиіс.

Сіз өз қалаңыздан, еліңізден немесе аймағыңыздан да ауқымды, кең аудитория үшін жазатыныңызды естен шығармаңыз. Негізгі фактілерді суреттеңіз, ә дегеннен тұлғалар мен тараптарды белгілеңіз, оқырманға жай уағыз оқып қана қоймай, оқуға қызықты болатындай етіп жазыңыз. Әділетті және ізетті болыңыз, сабырлы қалыпты ұстаныңыз. Редакторлар мәтінді түсінікті және үйлесімді жасауға тырысып, көп уақыт жұмсайды. Ал сіз мұны өз бетіңізше жасауды үйренген жағдайда, материалыңыз әлдеқайда жақсы шығады.

Редакторлардың бір ғана материалмен жұмыс істемейтінін түсіну қажет. Олар өз жұмысын қолдарынан келгенше тез жасайды. Сондықтан, жазған мәтініңіз неғұрлым жақсы және анық болса, соғұрлым редакторлардың жұмысы азаяды.

Өкінішке қарай, кез келген материал сәтті шықпайды. Тәжірибелі журналист уақыт өте келе материалдың «жарамсыз» (қолданусыз) болатынын түсінеді. Әлбетте, бұл жағымсыз жайт, бірақ ол да мамандықтың бір қыры. Кей уақытта бұл материалдың жақсы өңделмеуі салдарынан болады. Алайда, көбінесе материал келіп түскен кезде басқа бір жаңа оқиғалар өрбіп, алдыңғы материалдың ескіруі себебінен де болады.

Егер мақала пайдаланылмаса, онда сіз тағайындалған редактордан ол үшін төлемақы берілетінін не берілмейтінін сұрауыңыз қажет. Егер материалдың сапасы нашар болуынан, кеш дайындалуынан емес, редакциялық шешім немесе жаңалықтар шешімі салдарынан басылмай қалса, ол үшін негізінде жартылай ақы төленеді.

Алайда, осының өзінен сабақ алыңыз, ал кейіннен оны естен шығарыңыз. Сіз поэзиямен емес, журналистикамен айналысасыз; ертеңгі күн де, ол күннің жаңалығы да басқа болады.

*Соғыс пен бейбітшілікті
жариялау жөніндегі
институттың
қоры майдан далалары мен дағдарыс
аймақтарындағы
жергілікті журналистер-
ге жәрдем
жасауға жұмсалады*

Қорлар

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың қоры майдан далалары мен дағдарыс аймақтарындағы жергілікті журналистерге жәрдем жасауға жұмсалады.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың оқыту бағдарламаларына далалық тәжірибе сабақтары мен семинарлар, репортаждар жүргізу туралы бірлескен жобалар негізінде жұмыс орнында оқытудың жан-жақты стилі, он-лайн режимдегі оқыту жұмыстары, қолдарыңыздағы нұсқаулық секілді жарыққа шыққан материал, сондай-ақ Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың он-лайн қашықтықтан оқыту жүйесі жатады (www.iwpr.net қараңыз).

Веб-сайт басқа да салалардың кең диапазоны мен негізгі дағдылардан бастап қоршаған орта мен әскери қылмыстар туралы оқиғаларды суреттеуге дейінгі қамтитын оқыту веб-сайттарына сілтеме береді. Бұл – түрлі мамандықтар мен негізгі оқыту анықтамалықтарының ауқымды библиографиясы, олардың көпшілігі он-лайн режимінде беріледі.

Негізгі және мамандандырылған оқыту бойынша семинарларды жергілікті және халықаралық жаттықтырушылар мұқтаждықтарға сәйкес жүргізеді; біз кері байланыс пен біздің жергілікті қатысушылардың және серіктестердің идеяларын қуана қабыл аламыз. Сондай-ақ, аталған нұсқаулықтың жаңа шығарылымдарын дайындаймыз және бағдарламаларымыздың пайдалы болуы үшін қатысушылардың олармен танысуын асыға күтеміз.

Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың жобалары мүмкіндігінше жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары мен медиа ұйымдарды нығайтуға бағытталған. Мейлі ол оқытушы ұйым болсын, сөз бостандығын қолдаушы топ немесе жергілікті газет пен ақпарат агенттігі болсын, бәрібір. Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың бағдарламалары туралы толық ақпарат алу үшін, сондай-ақ, бізбен бірге қалай жұмыс істеуге болатынын білі үшін Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институттың веб-сайтын қараңыз.

Қосымша мәліметтер үшін

*Өзгерістер жолындағы репортаждар:
Дағдарыс аймақтарындағы жергілікті
журналистерге арналған жетекшілік*



Дағдарыс аймақтарындағы журналистерге басқа жермен салыстырғанда көбірек қауіп төнеді. Алайда, қазіргі таңда көптеген елдер демократиялық даму жолына түсіп, жергілікті журналистердің рөлі ерекше маңызға ие болуда.

Қолдарыңыздағы кітап жергілікті журналистерге дағдарыс кезеңіндегі елдердің бастан кешіріп отырған оң өзгерістеріне елеулі үлес қосуда көметесетін практикалық құрал болып есептеледі.

Бұл жетекшілік дүниежүзі бойынша қақтығыс аймақтарында жергілікті БАҚ-тарға қолдау көрететін үкіметтік емес ұйым – Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт (IWPR) журналистерінің оқуы мен тәжірибелік жұмысындағы бай тәжірибесіне негізделген.

Репортаждар дайындау, жергілікті медиа-ұйымдарды оқытып, оларға қолдау көрсету IWPR-дың қызметіне жатады. IWPR-дың электронды жарияланымдарында жергілікті авторлар Еуропадағы, Азиядағы, Таяу Шығыс пен Африкадағы оң өзгерістер қатарында болып жатқан оқиғаларды егжей-тегжейлі көрсетеді. Қосымша толығырақ ақпарат алу үшін және он-лайн-таратуға жазылу үшін келесі сайтты қараңыз: www.iwpr.net

IWPR-Еуропа, 48 Gray's Inn Road, London WC1X 8LT

IWPR (АҚШ), 1616 H Street, Washington, DC 20006

IWPR-Африка, P.O. Box 3317, Johannesburg 2121

2004 Соғыс пен бейбітшілікті жариялау жөніндегі институт